

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ

1 (44) 2017
ISSN 2412-2149

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

ХАБАРШЫСЫ

“ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ”
сериясы

Алматы

© “Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті” Акционерлік қоғамының “Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы-Известия” ғылыми журналының “Педагогика ғылымдары” таралымы, Қазақстан Республикасының Инвестициялар мен даму жөніндегі министрліктің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркелу куәлігі 10.04.2015 жылғы № 15195-Ж

Бас редактор
Құнанбаева С.С.,

филология ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, Алматы, Қазақстан

Жауапты редактор

Ұзақбаева С.А., п.ғ.д., профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Алматы, Қазақстан

Редакция алқасы мүшелері

Сефика Суле Эрчетин, доктор Ph.D., Хаджеттепе университеті, Анкара,
Түркия

Мехмет Ташпинар, доктор Ph.D. Гази университеті, Анкара, Түркия

Тряпицина А.П., п.ғ.д., профессор, А.И. Герцен атындағы Ресей
Мемлекеттік Педагогикалық Университеті, Санкт-Петербург, Ресей

Чекалева Н.В., п.ғ.д., профессор, Омск Мемлекеттік педагогикалық
университетінің проректоры, Омск, Ресей

Нұрғалиева Г.К., п.ғ.д., профессор, “Ұлттық ақпараттандыру орталығы”
АҚ директорлар Кеңесінің төрайымы, Алматы, Қазақстан

Акиева Г.С., п.ғ.д., профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік
университеті жанындағы кадрлар біліктілігін көтеру және қайта даярлау
Институтының директоры, Бішкек, Қырғызстан

Кульгильдинова Т.А., п.ғ.д., профессор, Абылай хан атындағы
ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан

Шеръязданова Х.Т., п.ғ.д., профессор, ҚазМемҚызПУ, Алматы,
Қазақстан

Тажиев М.Т., п.ғ.д., профессор, Өзбекстан Республикасы ЖОАКБМ
жанындағы жоғары және арнайы орта кәсіби білім беруді дамыту
орталығының бөлім басшысы, Ташкент, Өзбекстан

Жауапты хатшы

Әбілова З.Т., магистр, аға оқытушы, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Алматы, Қазақстан

Рецензенттер

Қонақова К.Ө., п.ғ.д., профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Алматы, Қазақстан

Абильдина С.К., п.ғ.д., доцент, Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ,
Қарағанды, Қазақстан

© Научный журнал “Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана”, серия “Педагогические науки” Акционерного общества “КазУМОиМЯ имени Абылай хана” зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан. Регистрационное свидетельство № 15195-Ж от 10.04.2015 г.

Главный редактор

Кунанбаева С.С.,

доктор филологических наук, профессор,
член-корреспондент НАН РК, Алматы, Казахстан

Ответственный редактор

Узакбаева С.А., д.п.н., профессор, КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан

Члены редакционной коллегии

Сефика Суле Эрчетин, доктор Ph.D., университет Хаджеттепе, Анкара,
Турция

Мехмет Ташпинар, доктор Ph.D., университет Гази, Анкара, Турция

Тряпицина А.П., д.п.н., профессор, Российский Государственный
Педагогический Университет им. А.И. Герцена, Санкт-Петербург, Россия

Чекалева Н.В., д.п.н., профессор, проректор Омского Государственного
педагогического университета, Омск, Россия

Нурғалиева Г.К., д.п.н., профессор, Председатель Совета директоров АО
“Национальный центр информатизации”, Алматы, Казахстан

Акиева Г.С., д.п.н., профессор, директор Института повышения
квалификации и переподготовки кадров, при Кыргызском государственном
университете им. И. Арабаева, Бишкек, Кыргызстан

Кульгильдинова Т.А., д.п.н., профессор, КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан

Шеръязданова Х.Т., д.псих.н., профессор, КазГосЖенПУ, Алматы,
Казахстан

Тажиев М.Т., д.п.н., профессор, центр развития высшего и среднего
специального, профессионального образования при МВССО Республики
Узбекистан, Ташкент

Ответственный секретарь

Абилова З.Т., магистр, ст.преп. КазУМОиМЯ имени Абылай хана,
Алматы, Казахстан

Рецензенты

Кунакова К.У., д.п.н., профессор, КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан

Абильдина С.К., д.п.н., доцент, КарГУ им. Е.А. Букетова, Караганда,
Казахстан

© Bulletin “Ablai khan University of International Relations and World Languages”. Series “Pedagogical sciences” of JSC “Ablai khan Kazakh University of International Relations and World Languages” is registered in Communication, Informatization and Information Committee of Ministry for Investment and Development, Republic of Kazakhstan. Certificate N 15195 – G, 10.04.2015.

Chief Editor

Kunanbayeva S.S.,

Doctor of Philology, Professor,

corresponding member of NAS of the RK, Almaty, Kazakhstan

Executive Editor

Uzakbayeva S.A., d.of ped. sc., professor, Kazakh Ablai khan UIRandWL, Almaty, Kazakhstan

Editorial team members

Sefika Sule Ercetin, doctor of Ph.D., Hacettepe University, Ankara, Turkey

Mekhmet Taspinar, doctor of Ph.D., Gazi University, Ankara, Turkey

Tryapitsina A.P., d.of ped. sc., professor of Herzen State Pedagogical University of Russia, St.Petersburg, Russia

Chekaleva N.V., d.of ped. sc., professor, Prorector of Omsk State Pedagogical University, Omsk, Russia

Nurgaliyeva G.K., d.of ped. sc., professor, Chairman of the Board of Directors in National Informatization Center, JSC

Akiyeva G.S., d.of ped. sc., professor, Director of Institute of Advanced Training and Retraining, I.Arabayev Kyrgyz State University, Bishkek, Kyrgyzstan

Kulgildinova T.A., d.of ped. sc., Professor, Kazakh Ablai khan UIRandWL, Almaty, Kazakhstan

Sheryazdanova Kh.T., doctor of psychological sciences, professor, Kazakh State Women’s Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Tazhiyev M.T., d.of ped. sc., professor, Center of Development of Higher and Secondary Specialized, Vocational Education at MHSSE, Republic of Uzbekistan, Tashkent

Executive Secretary

Abilova Z.T., master’s, senior Lecturer, Kazakh Ablai khan UIRandWL, Almaty, Kazakhstan

Readers

Kunakova K.U., d.of ped. sc., professor, Kazakh Ablai khan UIRandWL, Almaty, Kazakhstan

Abildina S.K., d.of ped. sc., assistant professor, E.A. Buketov KarGU, Karaganda, Kazakhstan

М А З М Ұ Н Ы

1 Бөлім

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

| | |
|--|----|
| Қалиева К.М., Боданова А. Болашақ мұғалімнің кәсіби даярлық үдерісіндегі инклюзивті құзырлығын қалыптастыру мәселелері | 11 |
| Жансугурова К.Т. Болашақ мұғалімнің кәсіби педагогикалық қасиеттерді меңгеру шарттары | 20 |
| Бердишаев. Э.А., Кузнецова Т.Д. Студенттердің, екі шетел тілі болашақ мұғалімдерінің сыни ойлау технологиясының дидактикалық мүмкіндіктерін пайдалана отырып рефлексивтік–бағалаушылық құзіреттілігін қалыптасыру | 28 |
| Баякеева Г.Б. Студенттердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудағы оқу-танымдық іс-әрекеттің ролі | 36 |
| Сақтағанов М.С. Интернет ресурстарының білім беру үдерісіндегі маңызы | 44 |

2 Бөлім

ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

| | |
|--|-----|
| Гмызина Г.Н., Бондарчук В.В. Шетел тілдік лексикалық дағдыларды қалыптастырудағы когнитивті-коммуникативті тәсіл | 51 |
| Тұңғатова Ғ.Ж., Хамимұлыдинова Л.Ж. Қазақ тілі сабағында жеке тұлғаға бағыттап оқыту аяққылы қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру | 60 |
| Сембина Д. Бастауыш сынып оқушыларына ерте жастан шетел тілін оқытудағы оқу-танымдық мотивацияның ерекшеліктері | 69 |
| Қызайбай Г.А. Шетел тілі оқулықтарындағы қатысымдық кешендер мазмұнының пәндік – процессуалдық аспектілері | 82 |
| Сарсенбаева Д.Х. Интернет материалдарын пайдалану - диалогтық дискурсты дамыту жолы | 91 |
| Кайыржанова Н.С. Мәдениетаралық қатысымды коммуникативтік жағдаяттар негізінде дамыту жолдары | 100 |

3 Бөлім

ЭТНОПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ

| | |
|---|-----|
| Головчун А.А. Қазақ ертегілерінің дуалистік көрінісі | 109 |
|---|-----|

| | |
|---|------------|
| Жуплатова Н.А., Лобина Ю.А. Үшінші мәдениеттегі балалардың өзара ықпалдасу стратегиясы..... | 120 |
| Кусаинова М.А., Есімғалиева Т.М. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту жағдайын жүзеге асыру жолдары | 130 |
| Жетекбай Ж.Б. Жалпы мәдени құзіреттілік - жоғары сынып оқушыларының базалық мәдениетінің құрамды бөлігі..... | 135 |
| Нұрғазы А.Р. Шетел тілі мұғалімінің бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарымен өзара әркеті | 145 |
| Ушкempiров Б.М. Колледж оқушыларының коммуникативтік іскерлігін қалыптастыру барысындағы оқу жобалық іс-әрекеттегі құзырлық тәсілі | 150 |
| Әлметова Ә.С., Жиенбаева А.С. Стереотип ұғымы және оның түрлері..... | 157 |
| Ұзақбаева З.Ә. Мәдени құндылықтар және олардың ерекшеліктері.... | 167 |
| Әлметова Ә.С., Сүйішева Г.Х. Мәдениет ұғымы және оның өлшемдері..... | 174 |

СО Д Е Р Ж А Н И Е

Раздел 1

ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ

| | |
|---|----|
| Калиева К.М., Боданова А.Е. Проблемы формирования инклюзивной компетенций в профессиональной подготовке будущего учителя | 11 |
| Жансугурова К.Т. Условия усвоения профессионально педагогических качеств будущего учителя | 20 |
| Бердишаев Э. А., Кузнецова Т. Д. Дидактические возможности технологии критического мышления в формировании рефлексивно – оценочной компетенции студентов – будущих учителей иностранного языка | 28 |
| Баякеева Г.Б. Роль учебно-познавательной деятельности в формировании у студентов исследовательской культуры | 36 |
| Сактаганов М.С. Значение интернет ресурсов в процессе образования | 44 |

Раздел 2

СОВРЕМЕННЫЕ

ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ

| | |
|--|-----|
| Бондарчук В.В., Гмызина Г.Н. Когнитивно-коммуникативный подход при формировании иноязычных лексических навыков ... | 51 |
| Тунгангатов Г.Ж., Хамимурдинов Л.Ж. Формирование коммуникативной компетенции через личностно-ориентированное обучение на уроке казахского языка | 60 |
| Сембина Д. Особенности учебно-познавательной мотивации младших школьников при обучении иностранного языка | 69 |
| Кызайбай Г.А. Предметно–процессуальные аспекты содержания коммуникативных комплексов в учебниках иностранного языка | 82 |
| Сарсенбаева Д.Х. Использование интернет материалов как способ развития диалогического дискурса | 91 |
| Кайыржанова Н.С. Развитие межкультурной коммуникации на основе коммуникативных ситуаций | 100 |

Раздел 3

ЭТНОПЕДАГОГИКА И ПЕДАГОГИКА ШКОЛЫ

| | |
|---|-----|
| Головчун А.А. Дуалистические репрезентация в казахских сказках | 109 |
|---|-----|

| | |
|---|-----|
| Жуплатова Н.А., Лобина Ю.А. Стратегии аккультурации детей третьей культуры | 120 |
| Кусаинова М.А., Есимгалиева Т.М. Способы реализации личностно-ориентированное обучения | 130 |
| Жетекбай Ж.Б. Общекультурная компетентность как элемент базовой культуры старшеклассников | 135 |
| Нургазы А.Р. Организация взаимодействия учителя иностранного языка с родителями младших школьников | 145 |
| Ушкемпиров Б.М. Компетентностный подход в учебной проектной деятельности в контексте формирования коммуникативных умений учащихся колледжа | 150 |
| Альметова А.С., Жиенбаева А.С. Понятие стереотипа и его виды | 157 |
| Узакбаева З.А. Культурные ценности и их особенности | 167 |
| Альметова А.С., Суйишева Г.Х. Понятие культуры и его параметры | 174 |

C O N T E N T

Part 1

| | |
|--|----|
| A THEORY AND PRACTICE OF PROFESSIONAL PREPARATION OF SPECIALISTS IS AT HIGHER SCHOOL | |
| Kaliyeva K. M., Bodanova A. The problems of forming inclusive competencies in the professional training of the future teacher ... | 11 |
| Zhansugurova K.T. The importance of professional - situational texts in foreign language education | 20 |
| Berdishaev E. A., Kuznetsova T. D. Didactical possibilities of critical thinking technology in formation of students - future english teachers' reflexive evaluative competence | 28 |
| Bayakeyeva G.B. The role of educational-cognitive activity in forming in students of research culture | 36 |
| Saktaganov M.S. The importance of the internet of resources in the education proces | 44 |

Part 2

| | |
|---|-----|
| MODERN EDUCATIONAL TECHNOLOGIES OF TEACHING | |
| Bondarchuk V.V., Gmyzina G.N. Cognitive-communicative approach to teaching vocabulary | 51 |
| Tungatova L.Zh., Khamimuldinova L.Zh. Formation of communicative competence through student-centered teaching on the lesson of the kazakh language | 60 |
| Sembina D. Peculiarities of educational-cognitive motivation of young schoolchildren in foreign language training | 69 |
| Kyzaibay G.A. Subject – procedural aspects of the content of communicative complexes in foreign language textbooks | 82 |
| Sarsenbayeva D.K. Using internet materials as the way of developing dialogic discourse | 91 |
| Kaiyrzhanova N.S. Formation of intercultural communication on the basis of communicative situations | 100 |

Part 3

| | |
|--|-----|
| SCHOOL OF PEDAGOGICS AND ETHNOPEDAGOGICS | |
| Golovchun A.A. Dualistic representations in kazakh fairy tales | 109 |
| Zhuplatova N.A., Lobina Yu. A. Acculturation strategies of third culture kids | 120 |

| | |
|--|-----|
| Kusainova M.A., Esimgalieva.T.M. Ways of personal- oriented learning enviroment | 130 |
| Zhetekbai Zh.B. The cultural competence as a element of the basic crops of the old schools | 135 |
| Nurgazy A.R. Organization of the interaction of foreign language teacher with parents of primary school pupils | 145 |
| Ushkempirov B.M. The competence-based approach in the educational – project activities in the context of the formation of communicative abilities of college students | 150 |
| Almetova A.S., Zhienbayeva A.S. Concept of stereotype and its types.... | 157 |
| Uzakbayeva Z.A. Cultural values and their peculiarities..... | 167 |
| Almetova A.S., Suiisheva G.Kh. Concept of culture and its notions..... | 174 |

1 Бөлім
ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ТЕОРИЯСЫ
МЕН ПРАКТИКАСЫ

Раздел 1
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ
СПЕЦИАЛИСТОВ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ

Part 1
A THEORY AND PRACTICE OF PROFESSIONAL PREPARATION OF
SPECIALISTS IS AT HIGHER SCHOOL

THE PROBLEMS OF FORMING INCLUSIVE COMPETENCIES IN THE
PROFESSIONAL TRAINING OF THE FUTURE TEACHER

Kaliyeva K. M., c.p.s., associate prof.,
Bodanova A., master student, Kazakh Ablai khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: kaliyeva.k.m@mail.ru

Keywords: professional training, competence, professional competence of the teacher, inclusive education, inclusive competence, the formation of inclusive competence.

Abstract. The wide introduction of the ideas of integration and inclusion into the general education schools of Kazakhstan largely depends on the qualifications of the staff, which requires making changes in the process of preparing future teachers.

The article analyzes various approaches to determining the content and structure of the teacher's professional competence. The place of inclusive competence of the future teacher in the integral structure of the teacher's professional competence has determined. After examining the current state of the problem of inclusive education for children with disabilities, the author comes to the conclusion that only teachers who are competent in this field will be able to effectively carry out this activity in a general-educational school. The author tries to reveal the essence of the inclusive competence of the future teacher as an integrative personal education, which determines the ability to perform professional functions in the process of inclusive education.

ӘОЖ 37.043

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҚ ҮДЕРІСІНДЕГІ
ИНКЛЮЗИВТІ ҚҰЗЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қалиева К.М., п.ф.к., доцент,
Боданова А., магистрант,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: kaliyeva.k.m@mail.ru

Тірек сөздер: кәсіби даярлық, құзырлық, педагогтың кәсіби құзыреттілігі, инклюзивті оқыту, инклюзивті құзыреттілік, инклюзивті құзыреттілікті дамыту.

Аңдатпа. Мақалада жоғары оқу орындарында студенттің кәсіби даярлықта

инклюзивтік құзырлығының қалыптасу мәселесі жөнінде жүргізілген зерттеу нәтижелері қарастырылған. Студенттердің денсаулықтарында кемшіліктері бар балаларды жалпы білім беретін мектептерде қалыпты балалармен бірге оқыту туралы, яғни инклюзиялық білім беру ерекшеліктері туралы толық түсініктерінің қалыптасу деңгейі көрсетілген. Авторлар жоғары кәсіби дайындық деңгейі, қарым-қатынас пен сөйлесу мәдениеті, кәсіби өсу мен дамуға деген ынтаның болуы инклюзивті білім беруде мұғалім бойында қалыптасуы тиіс басты кәсіби қасиеттер болуы керек деген қорытындыға келеді.

Педагогтың кәсіби даярлығы жүйесіне кәсіби бағыттылықтың қалыптасу деңгейі, жұмысқа қызығушылықтың болуы, өзін дамытуға, өздігінен білім алуға қажеттілік, кәсіби ойлауды дамыту, психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдерді енгізетін ғылыми-теориялық даярлық, кәсіби біліктер мен дағдылардың қалыптасу деңгейін білдіретін практикалық дайындық, кәсіби-мәнді қасиеттердің қалыптасуы енеді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті оқытудың қазіргі жағдайын талдау орта білім жағдайында бұл іс-әрекетті осы саладағы білікті маман ғана атқара алатынын көрсетеді.

Болашақ мұғалімнің инклюзивті құзырлығын қалыптастыру мәселесін зерттеу жағдайында біз бұл құзырлық мұғалімнің кәсіби құзырлығының бір бөлшегі болып табылатындығына назар аудартқымыз келеді. Соңғы уақыттарда құзырлықтың дамуына баса назар аударылуда. Егер де бүгінгі құзырлық аясын алатын болсақ, ақпараттық және коммуникативті дағдылармен, сыни және креативті ойлаумен бірге әлеуметтік және эмоционалды құзырлықтар да өте маңызды болып саналады. Құзырлық аясына ақпаратты сараптай білу, коммуникативтік дағдылар, сыни және инновациялық ойлау, этиканы түсіну, мәдениетаралық түсіну кіреді.

Құзырлық ұғымы (латынның *competentis*-бейім сөзінен) қандай да бір оқу пәнін оқыту процесінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі ретінде сипатталады. Латын тілінде *competence*-сәйкес, жарамды, ағылшын тілінде *competence* - қабілет, компетенция, француз тілінде *competent*-құзырлы, құқықты, *competere* - сай болу, қабілетті болу деген мағына берсе, орыс тілі сөздіктерінде құзырлық- «белгілі бір сұрақтарды, мәселелерді біреудің жетік білуі» деген мағынаны берсе, қазақша сөздіктерде біреуге тиесілі істер, сұрақтар шеңберінде белгілі бір адамның немесе мекеме өкілдігінің құқықты болуын білдіреді. Өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған, негізгі ой тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды белгілі бір

саладағы құзырлықты меңгерген адам деп есептеуге болады.

Құзырлық ұғымының мән-мағынасын анықтауға қатысты мәселелер көптеген ғылыми, ғылыми әдістемелік басылымдарда, педагогика саласындағы зерттеулерде жалпы педагогикалық, дидактикалық әдіснамалық деңгейде көрініс беруде.

Мәселен, И.Я.Зимняя құзыреттілікті ішкі білім, іс-әрекеттілік бағдарламасы адамда қалыптасатын құзырлық құндылық жүйесі ретінде қарастырып, оны

- жеке тұлғаға қатысты іс-әрекет субъектілігі қарым - қатынастық құзыреттілік;
- әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік ортаға қатысты құзыреттілік;
- адам іс - әрекетіне қатысты құзыреттілік деп топтастырады.

XX ғасырдың соңында Еуропа кеңесінде өткен «Еуропа ішіндегі негізгі компетенциялар» атты симпозиумда қазіргі заманғы тұлғалар үшін төменгі 5 негізгі құзыреттіліктер белгіленді:

- саяси және әлеуметтік құзыреттіліктер, яғни, жауапкершілікті өз мойнына алу қабілеті, өзара шешім қабылдауға қатысу, жанжалды бейбіт жолмен, күш қолданбай шешу;
- көпмәдениетті қоғамдағы өмірмен байланысты құзыреттіліктер (әртүрлілікті, ерекшеліктерді қабылдау, өзгелерді сыйлау, өзге мәдениет, тіл, дін өкілдерімен қарым- қатынас жасау қабілеттігі);
- бір тілден артық ауызша және жазбаша қарым-қатынасты жасауды меңгеруге қатысты құзыреттіліктер;
- ақпараттық қоғамның пайда болуымен байланысты құзыреттіліктер (жаңа технологияларды меңгерумен, оларды қолдану мүмкіндігін түсіну, бұқаралық ақпарат құралдары мен жарнама арқылы таралатын ақпаратқа сын көзбен қарау);
- кәсіби даярлық контекстінде үздіксіз білім алу негізгі сапасында бүкіл өмір бойы оқу қабілеттілігіне қатысты құзыреттіліктер [1].

Құзырлықты дамытуға қатысты педагогикалық мақсаттар ерекшелігі олардың оқытушы әрекеті түрінде қалыптасуында емес, білім алушы қызметінің нәтижелері, яғни білім алушының белгілі бір әлеуметтік тәжірибені игеру процесіндегі алға жылжуы мен дамуы тұрғысында қарастыруы болып табылады.

Оқытудың мақсаты мен нәтижесі ретіндегі құзырлық тәсіл түрлі деңгейдегі маңызды құзыреттілікті қалыптастыруды анықтайды және ол кәсіби іс-әрекеттегі біліктілік ретінде көрініс береді.

Соңғы жылдардағы кәсіби құзырлыққа қатысты жарияланымдарда (О.М. Бобиенко, Г.В. Никитина, А.П. Тряпицына және т.б.) [2-4] қазіргі адамға, яғни оқушыға, студентке, маманға қажет

негізгі құзыреттіліктер құрылымы мен құрамы жөнінде түсіндірмелер берілгенмен, болашақ мұғалімнің инклюзивтік құзырлығын қалыпта-су үдерісіне жеткіліксіз көңіл бөлінбей келеді.

ЮНЕСКО инклюзивті білім беруді балалардың әртүрлілігі мен бірегейлігін ескеру бағытындағы оң қадам ретінде қарастырады. Бұл жағдайда балалардың айырмашылықтары проблема ретінде емес, оқыту үдерісін дамыту мүмкіндігі ретінде қарастырылуы қажет. Сондықтан инклюзивті білім беру тек техникалық және ұйымдастырушылық өзгерістер ғана емес, сонымен қатар білім беру философиясы өзгерістер болып табылады [5].

Сонымен, біз студенттердің кәсіби даярлықтағы инклюзивтік құзырлығының қалыптасу жағдайын талдауға алып көрейік.

Инклюзивті құзырлықтың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі - мотивациялық-құндылықтық көрсеткіші болып табылады. Мотивациялық-құндылықтық көрсеткіштің даму деңгейі болашақ педагогтың инклюзивті білім беру шарттарына дайындығының көрсеткіші болып анықталады.

Құндылық ретінде адам үшін белгілі бір материалдық, рухани және табиғи объектілердің маңыздылығы мен оның жеке адам мен жалпы қоғам мүдделеріне сәйкестігі ретінде қарастырамыз. Осылайша, құндылықтар адамның белгілі бір іс-әрекеттер жасауға итермелейтін маңызды факторлардың бірі бола отырып, сонымен қатар, адамның іс-әрекетінің бағытын айқындайды. Осы мәнде «құндылық» термині «субъективті маңыздылық», «өмірлік ұстам», «өзіндік мән» терминдерімен мағынасы жағынан іспеттес болмақ. Инклюзиялық білім беру шарттарында педагогтың тұлғалық және кәсіби құндылықтарын қамтитын құндылықтар жүйесі оның аталмыш іс-әрекетін сәтті жүзеге асыруына әсер етеді. Тұлғалық құндылықтар адамның іс-әрекетке деген мотивациялық және құндылықтық бағытын айқындайды.

Ал кәсіби (педагогикалық) құндылықтар адамның белгілі бір мамандықты таңдауына және таңдаған саласында жұмыс істеуге итермелейтін факторлар жүйесі. Инклюзивті жағдайда педагог бойында қандай қасиеттердің болуы маңызды екендігін білу үшін біз мектеп әкімшілігіне, мектеп оқушыларының ата-анасына және мұғалімдерге мынадай сұрақ қойдық: «Сіздің пікіріңізше, инклюзивті білім беру шарттарында мұғалім бойында қандай тұлғалық қасиеттер болуы керек?». Кейін тізбектеліп көптеген тұлғалық қасиеттер нұсқалары берілді, сол нұсқалардың ішінде ең маңызды деген қасиеттерді 1-ден

10-ға дейінгі рет бойынша жазу ұсынылды (Кесте 1).

Кесте 1 - Маңызды тұлғалық қасиеттер реті

| | Мектеп әкімшілігі | Ата-аналар | Мұғалімдер |
|-----|--------------------------|----------------------|--------------------------|
| 1. | Шыдамдылық | Мүқияттылық | Шыдамдылық |
| 2. | Дипломатиялылық | Кеңпейілділік | Кішіпейілділік |
| 3. | Альтруизм | Шыдамдылық | Эмоционалдық лобильділік |
| 4. | Кеңпейілділік | Көңілшендік | Ұстамдылық |
| 5. | Кішіпейілділік | Түсіністікпен қарау | Кеңпейілділік |
| 6. | Жанашырлық | Спорттық шыныққандық | Коммуникативтілік |
| 7. | Толеранттылық | Коммуникативтілік | Белсенділік |
| 8. | Тартымдылық | Белсенділік | Объективтілік |
| 9. | Әнге әуестігінің болуы | Еңбекқорлық | Жанашырлық |
| 10. | Дарындылық | Жинақылық | Сезімталдық |

Аталған қасиеттердің барлығын бірнеше топтарға жіктеуге болады: *адамдарға деген толерантты қарым-қатынас* (шыдамдылық, дипломатиялылық, түсіністікпен қарау, ұстамдылық); адамдарға құрметпен қарау (кеңпейілділік, жанашырлық, кішіпейілділік); кәсіби іс-әрекет барысында шығармашылық айқындалуы (коммуникативтілік, белсенділік, еңбекқорлық, жинақылық, дипломатиялылық).

Кесте 2 - Кәсіби қасиеттер

| | Мектеп әкімшілігі | Ата-аналар | Мұғалімдер |
|----|--|---|--|
| 1. | Компетентілік | Білімділік | Арнайы білімнің болуы |
| 2. | Білімділік | Еңбек өтілі | Әлеуметтік бейімділік |
| 3. | Педагогикалық іс-әрекет барысында инновациялық бағыттылықты ұстану | Медициналық және физикалық дайындық бойынша білімінің болуы | Арнайы әлеуметтік-медициналық білімнің болуы |
| 4. | Коммуникативтілік | Дамыған шығармашылық қабілеттіліктер | Жалпы мінез-құлық мәдениетінің болуы |
| 5. | Педагогикалық такт | Өз жұмысына деген ынталық | Білім алушыға деген тұлғалық бағыт |
| 6. | Педагогикалық интуицияның болуы | Бейімділік | Нәтижеге бағытталушылық |
| 7. | Таймменеджмент | Коммуникативтілік | Педагогикалық такт |
| 8. | Жауапкершілік | Педагогикалық такт | Қағаздармен жұмыс істей алуы |
| 9. | Ойлау ұшқырлығы | Уақытты ұтымды пайдалану | Кәсіби өсуге деген ынтасының болуы |

Аталған нәтижелерді талдай отырып, біз аралас сынып мұғалім бойында мынадай кәсіби қасиеттер болуы керек деген қорытындыға келе аламыз. Олар: педагогтың кәсіби дайындығының жоғары деңгейі, қарым-қатынас мен сөйлесу мәдениетін білуі, кәсіби өсу мен дамуға деген ынтасының болуы.

Осылайша, инклюзивті құзыреттіліктің құндылықтық-мотивациялық көрсеткіштеріне мыналарды жатқыза аламыз:

- кәсіби іс-әрекетіне деген құндылықтық қатынас, яғни айналысып жатқан ісінің өзі үшін жоғары маңыздылығының болуы
- толеранттылық
- барлық балаларды оқыту маңыздылығын түсінуі
- кәсіби дамуға деген ұмтылыс пен осы салаға қажетті арнайы білім мен дағдыларды меңгеру
- жұмыс барысында өзіндік шығармашылық жетілуі мен айқындалуы.

Болашақ педагогтердің, яғни студенттердің бойында инклюзивті құзыреттіліктің құндылықтық-мотивациялық көрсеткіштерінің даму деңгейін анықтау мақсатында, біз арнайы анкеталар құрастырдық. Анкета студенттердің өз бойында инклюзивті құзыреттіліктердің дамуын өзіндік бағалау мен психофизиологиялық ерекшеліктері бар тұлғаларға деген құндылықтық қарым-қатынастың қалыптасқандығын айқындауға бағытталған сұрақтардан құралған. Алынған мәліметтерге сәйкес, студенттердің бойындағы инклюзиялық құзыреттіліктің мотивациялық-құндылықтық құрамдас бөліктің, студенттердің өзіндік бағалауы бойынша, жоғары екендігін көре аламыз. Дегенмен, инклюзия шарттары негізінде педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру дайындығы туралы сұрақ болғанда, бұл көрсеткіштің салыстырмалы түрде төмен екенін байқаймыз. Жоғарыда ұсынылған сарапшылардың пікіріне сәйкес, инклюзия жағдайында жұмыс істейтін педагог бойында толеранттылық қасиеттің болуы міндетті болып табылады. Психофизиологиялық ауытқулары бар адамдарға деген толеранттылық деңгейі туралы мәліметтер 3-кестеде көрсетілген. Респонденттерге ұсынылған жауап нұсқалары ішінен «өздерінің психофизиологиялық ауытқулары бар адамдарға деген қатынасын» сипаттайтын нұсқаларын таңдау еркіндігі берілген [6].

Кесте 3 - Студенттердің психо-физиологиялық ауытқулары бар адамдарға қатынасы (пайыз көрсеткішімен)

| Сұрақ | Толығымен келіспеймін | Келіспеймін | Келіспеуге жақынмын | Келісуге жақынмын | Келісемін | Толығымен келісемін | Жауап беруге киналамын |
|--|-----------------------|-------------|---------------------|-------------------|-----------|---------------------|------------------------|
| Сіздің пікіріңіз бойынша, психикалық дамуында ауытқулары бар барлық адамдарды қоғамнан шеттету қажет пе? | 5% | 45% | 20% | 15% | 0% | 0% | 15% |
| Мен психо-физиологиялық кемшілігі бар адамды, өз отбасыма мүше ретінде қабылдап алар едім | 10% | 25% | 15% | 10% | 5% | 0% | 35% |
| Мен психикалық және физиологиялық кемшіліктері бар адамдармен қарым-қатынасқа және араласуға, сөйлесуге дайынмын | 0% | 0% | 20% | 35% | 25% | 10% | 10% |
| Психикалық және физикалық кемшіліктері бар адамдар қалыпты сау адамдармен бірдей құқықтарға ие болуы қажет | 0% | 5% | 10% | 25% | 40% | 5% | 15% |
| Мен басқа адамдарға, әсіресе, дамуында ауытқулары барларға, толеранттылық деңгейімді одан әрі дамытқым келеді | 0% | 0% | 15% | 10% | 40% | 35% | 0% |

Алынған мәліметтердің талдамасы көрсетіп отырғандай, психикалық ауытқулары бар адамдардың қоғамнан шеттету қажеттілігін әр түрлі деңгейге қолдаған респонденттердің үлес салмағы - 15% болды. Психикалық және физикалық кемшілігі бар адамды өз отбасы мүшесі ретінде қабылдау дайындығын білдіргендер 15% болды. Психикалық және физикалық ауытқулары бар адамдармен сөйлесу мен араласуға дайындығы бар екендігін сауалға қатысқан респонденттердің 70%-ы растады. Ауытқулары бар адамдардың құқықтары бірдей болу қажеттілігін сұрауға қатысқан студенттердің 70%-ы қолдайды. Ал, өз бойындағы толеранттылық қасиетін студенттердің көп бөлігі одан әрі де дамытқысы келетінін білдірді (85%). Зерттеу барысында, студенттердің адамдарға деген толеранттылық қасиетінің деңгейін

бағалауға талпыныс жасадық. Толеранттылық деңгейін анықтау үшін біз Г.У. Солдатованың «Толеранттылық индексі» әдістемесін қолдандық [2].

Алынған мәліметтерге негізделетін болсақ, студенттердің көп бөлігі толеранттылықтың орташа дейгейін көрсетті. Орташа деңгей адамдарға деген толеранттылық пен толерантты болмаудың араласы қатынасымен сипатталады.

«Келіспеуге жақынмын», «Келісуге жақынмын» секілді нақты емес жауаптардың көптігі, және біршама респонденттердің жауап беруге қиналғандығы оларға толеранттылық пен қатар толеранттылық емес қасиеттер тән екендігінің көрсеткіші.

«Сіз қалыпты дамып келе жатқан баламен қатар психо-физикалық кемшіліктері бар балалар бірге оқитын сыныпта жұмыс істеуге дайынсыз ба?» деген сұраққа, өкінішке орай, сауалға қатысқан студенттердің 50% -ға дейінгісі «жоқ» деп жауап қайтарған. Осындай жауаптың себебін сұрағанда, «менің қажетті дайындығым жоқ» деп жауап берген.

Келесі сұрақта, респондент студенттерге өздерінің аралас сыныпта жұмыс істеуге деген кәсіби дайындықтарын өзіндік бағалау ұсынылды. Бағалау 10 баллдық шкала бойынша жүзеге асырылды. Интеграцияланған сыныпта педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға келісім білдірушілердің саны аз болғанымен, респонденттердің өзіндік бағалауы жоғары болды. Осылайша, интеграцияланған сыныпта сабақ беруге келіскендердің деңгейі мен кәсіби дайындығын өзіндік бағалау деңгейі арасында өзара сәйкессіздік байқалады. Интеграцияланған сыныпта жұмыс істеуге деген кәсіби дайындықтарын орташа және жоғары бағалағандар (7-10 баллдар) сауалға қатысқан респонденттер ішінде үлес салмағы 79%-ды құрайды, ал осындай сыныпта жұмыс істеуге өз келісімдерін білдіргендер 45%, ал өздерінің инклюзия шарттарында жұмыс істеуге кәсіби құзыреттіліктерін төмен және жеткіліксіз деп бағалағандар 22%-ды құрайды, ал инклюзия шарттарында жұмыс істегісі келмейтіндер 45%-ды құрайды.

Қорытындылай келгенде, зерттеу барысында алынған мәліметтерге сәйкес болашақ ұстаздар бойында аралас сыныптарда білім беруге қажетті инклюзиялық құзыреттіліктерді жеткіліксіз деп айтуға болады. Студенттер денсаулықтарында кемшіліктері бар балаларды жалпы білім беретін мектептерде қалыпты балалармен бірге оқыту туралы, яғни инклюзиялық білім беру ерекшеліктері туралы толық түсініктері қалыптаспаған. «Ұстаздың инклюзиялық құзыреттілігі» қандай

компоненттерден тұру керектігін толық түсіне бермейді және мұндай білімнің болуы мен дамыту қажеттілігі мен маңыздылығын түсінбейді. Мұның өзі болашақ мұғалімнің инклюзивті күзiреттілігін кәсіби даярлықтың қажетті мақсаты ретінде қарастырудың маңыздылығына көз жеткізе түседі және оны тиімді қалыптастыру шарттарын белгілеу талабын қояды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Зимняя И.А. Педагогическая психология. - М.:Логос, 1999. – 384 с.
[2] Бобиенко О.М. Ключевые компетенции личности как образовательный результат системы профессионального образования. - Казань, 2005. - 155 с.
[3] Никитина Г.В. Педагогические условия развития ключевых профессиональных компетенций будущего учителя в педагогическом колледже. - Иркутск, 2005. - 178 с.
[4] Тряпицына А.П., Акулова О.В., Мосина А.В., Писарева С.А. Функциональная полнота компонентов содержания университетского педагогического образования. Педагогика в вузе как учебный предмет. - СПб.: Изд-во РГПУ им А.И.Герцена, 2001. - С. 10-17.
[5] Бадарч Д. Образование для всех. – М., 2006. – С. 12-15.
[6] Боданова А. Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім берудің қазіргі жағдайы //Известия КазУМОиМЯ им.Абылай хана, Серия «Педагогические науки». – 2016. – 4 (43). – С. 54-62.

REFERENCES

- [1] Zimnyaya I.A. Pedagogicheskaya psikhologiya. M., 1999, 384 s. [in Rus.].
[2] Bobiyenko O.M. Klyuchevyye kompetentsii lichnosti kak obrazovatel'nyy rezul'tat sistemy professional'nogo obrazovaniya. Kazan', 2005. 155 s. [in Rus.].
[3] Nikitina G.V. Pedagogicheskiye usloviya razvitiya klyuchevykh professional'nykh kompetentsi Irkutsk, 2005, 178 s. [in Rus.].
[4] Tryapitsyna A.P., Akulova O.V., Mosina A.V., Pisareva, S.A. Funktsional'naya polnota komponentov soderzhaniya universitetskogo pedagogicheskogo obrazovaniya Pedagogika v vuze kak uchebnyy predmet. SPb., Izd-vo RGPU im A.I.Gertsena, 2001, S. 10-17 [in Rus.].
[5] Badarch, D. Obrazovaniye dlya vsekh. M., 2006, S.12-15 [in Rus.].
[6] Bodanova A. Kazakstanda mymkindigi shekteuli balalarga inklyuzivti bilim berudin kazirgi zhagdayy. *Izvestiya KazUMOiMYA im. Ablay khana. Seriya «Pedagogicheskiye nauki»*. 2016, 4 (43), S. 54-62 [in Kaz.].

ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ИНКЛЮЗИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИЙ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ

Калиева К.М., к.п.н., доцент,
Боданова А.Е., магистрант,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан, e-mail: kalieva.k.m@mail.ru

Ключевые слова: профессиональная подготовка, компетенция, профессиональная компетентность педагога, инклюзивное обучение, инклюзивная компетентность, формирование инклюзивной компетентности

Аннотация. Широкое внедрение идей интеграции и инклюзии в общеобразовательные школы. Казахстана в значительной мере зависит от квалификации кадров, что требует

внесения изменений в процесс подготовки будущих учителей.

В статье анализируются различные подходы к определению содержания и структуры профессиональной компетентности педагога. Определено место инклюзивной компетентности будущего учителя в целостной структуре профессиональной компетентности педагога. Рассмотрев современное состояние проблемы инклюзивного обучения детей с ограниченными возможностями здоровья, автор приходит к выводу, что эффективно осуществлять эту деятельность в условиях общеобразовательной школы смогут только учителя, компетентные в данной области. Авторы пытаются раскрыть сущность инклюзивной компетентности будущего учителя как интегративного личностного образования, обуславливающего способность их осуществлять профессиональные функции в процессе инклюзивного обучения.

Статья поступила 15.02.2017 г.

THE IMPORTANCE OF PROFESSIONAL - SITUATIONAL TEXTS IN FOREIGN LANGUAGE EDUCATION

Zhansugurova K.T., c.p.s., associate prof.,
Kazakh Ablai Khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: kulaisha61@mail.ru

Keywords: culture, professional pedagogical culture, pedagogical erudition, competence, creativity

Abstract. In this article, it is considered to substantiate the effectiveness of the person-oriented attitude toward students in the whole pedagogical process as the basis for professionally mobile training of the personality of the future specialist. The main methods of work on the article were theoretical analysis of sources, generalization and comparative analysis of the work of teachers and students, observation, conversation, analysis of the behavior and behavior of students. Pedagogical professional culture - mastering the teacher mastering the social experience of education, using qualification experiments, the ability to contribute to a person's gummy relationship. Pedagogical professional culture is personally significant qualities manifested in the systematic nature of education.

ӘОЖ 37.025

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ МЕҢГЕРУ ШАРТТАРЫ

Жансугурова К.Т., п.ф.к, доцент,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: kulaisha61@mail.ru

Тірек сөздер: мәдениет, кәсіби педагогикалық мәдениет, педагогикалық эрудиция, құзыреттілік, шығармашылық, қоғамдық мәдениет.

Аңдатпа. Бұл мақалада болашақ мамандардың тұлғалық кәсіби белсенді дайындықтарын біртұтас педагогикалық процесті негізге ала отырып, оқушы мен мұғалім арасындағы тұлғалық – бағдарлық қарым – қатынас негізі көрсетілген. Мақаладағы жұмыстың негізгі әдістері теориялық сараптама деректері, оқытушылар мен студенттердің жалпылама және салыстырмалы жұмыстары, бақылау, әңгімелесу, студенттердің жасаған іс – әрекеттері мен тәртібі алынған.

Кәсіби педагогикалық мәдениет – білім берудің қоғамдық тәжірибені тиімді меңгеру, кәсіби маман тәжірибесін қолдану, тұлғалық ізгілік қарым – қатынас қабілетті меңгеруі.

Кәсіби педагогикалық мәдениет - тұлғалық мәнді сапа яғни бұл білім беру сапасынан көрінеді.

Кәсіби педагогикалық мәдениет - мұғалімнің әлеуметтік тәжірибені меңгеру, игерген білім, білікті тәжірибеде қолдана білу, адамдармен ізгілік тұрғысында қарым-қатынас жасай білу қабілетімен сипатталады.

Кәсіби педагогтың мәдениеті ол тұлғаның мәндік сипаттамасы ретінде жүйелі білім беру түрінде көрінеді.

Болашақ мұғалімдердің педагогикалық кәсібилігінің бір шарты - мәдениет болса, "мәдениет" ұғымының мәніне тоқталайық.

Мәдениет – адамның іс-әрекетін ұйымдастыру түрлері және әдістерімен, сондай-ақ олар жасаған материалдық, рухани құндылықтармен сипатталған қоғам дамуының, шығармашыл күштердің және адам қабілеттерінің тарихи анықталған деңгейі. Ол іс-әрекет (білім, білік, дағды, интеллект деңгейі, көзқарас, адамгершілік, эстетикалық дамуы, қарым-қатынас жасаудың тәсілдері мен түрлері) кезінде жүзеге асырылатын адам күші мен қабілеттерінен тұрады.

Мәдениет адамның тыныс тіршілігі оның әрекетін ұйымдастыру тәсілінен, материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі тарихи даму дәрежесі іспетті , яғни оқу-білім, ғылым, өнер салаларындағы қол жеткізген жетістіктері.

Рухани байлықтың көзі - мәдениетте. Адам өзінің даму барысында қоғамдағы мүмкіншілігін, рухани дамуын мәдениеті арқылы көрсетеді. Ол қоғамның дамуының түрлі мазмұнынына сәйкес. Олай болса, мәдениет өзгермейтін, өзгеріске ұшырамайтын нәрсе деп қарауға болмайды.

Кең мағынада мәдениет дегеніміз қоғамның, шығармашылық күштердің және адам қабілеттерінің дамуының тарихи белгілі бір деңгейі, ол адам өмірінің және іс-әрекетін ұйымдастыру формасы мен типі түрінде, материалдық және рухани құндылықтар түрінде көрініс табады.

Тар мағынада мәдениет дегеніміз бұл адамның рухани өмірінің бір саласы, ол кәсіби және басқа іс-әрекетті жүзеге асыру тісілі.

Мәдениеттің мәні өмірлік іс-әрекеттерді жүзеге асыру тәсілдерімен анықталады. Соның ішінде педагогикалық мәдениет ұғымын қалай түсінуге болады?

Педагогикалық мәдениет педагогикалық теория мен практиканы,

қазіргі заман педагогикалық технологияларын, педагогикалық іс-әрекеттегі тұлғаның шығармашылық өзін-өзі реттеу тәсілдерін меңгеру тәсілдері ретінде қарастырылады.

Мұғалімнің мәдениеті-білім ошақтарында ғана емес, күнделікті жүріс-тұрысынан, өзін қай ортада болсын ұстай білуден, өзгелер қызығатын жан дүниесі бай, кең, көпшіл, білімді, адамгершілігі мол, жан-жақты жарасымды болғанда ғана нағыз ұстаз екенін дәлелдейді.

Педагогикалық ғылым мәдениетті негіз ретінде алып қарастырады, себебі, арнайы зерттеулер мамандардың жоғары дәрежедегі іс-әрекетін біріншіден, оның мәдениеттілігіне байланысты деп санайды.

Педагогтың жеке дара мәдениеті - тұлға әлемі. Мұғалім мәдениеті өзін-өзі жетілдіру үшін педагогикалық еңбектің мақсатын және оларға жету тәсілдерін еркін таңдауға мүмкіндік беретін кәсіби іс-әрекет яғни өзіндік сана - сезім негізінде қаланады.

“Педагогикалық мәдениет” ұғымның құрылымын зерттей келе, құрамдас көбейген сайын біз осы ұғымға тән нақты маңыздылықты ашып көрсете аламыз.” Кәсіби педагогикалық мәдениет” ұғымының тағы бір ұлттық құрылымын педагогикалық тәжірибе барысында М.В. Прохоров ұсынған. Педагогикалық мәдениет-өзіндік мазмұны бойынша кең таралған және арнайы категория. Педагогикалық мәдениеттің тасымалдаушысы жеке әрекеттің мотиві ретінде рөл атқаратын белгілі бір тұлға.

Отандық педагогикада педагогикалық мәдениеттің мысалдары шексіз көп. Оны педагогика тарихынан, көркем сурет шығармаларынан көптеп кездестіруге болады. Педагогтар педагогикалық мәдениетті этикамен де, эстетикамен де, педагогикалық шеберлікпен де теңестірмейді. Олар бұл ұғымды әр алуан қасиеттердің бірігуі ретінде қарастырады. Олар мына қасиеттерді маңызды деп санайды: адамға деген махаббат, оқушыларға әрекет ете білу дағдысы (ой шақыру, ойын толғандыру, сезімін ояту, қажетті бағытта бұра білу) және т.б.

Педагогикалық мәдениет негізінде терең психологиялық-педагогикалық танымдар, әр бағыттағы білімділік, үнемі педагогикалық ойды жетілдіру өзіне емес жұмыс нәтижесіне іштей қанағаттанушылық, өзіндік сыншылдық, жүйелі кәсіптік әрекетке ұмтылыс (оқытуға, тәрбиелеуге, дамытуға, мәжбүрлеусіз оқу-тәрбие ісіне толық берілу жатады да, ал ішкі қажеттіліктерге назар аударсақ, өзіндік еркіндік; рухани байлық, ұнамды тазалық, педагогикалық этика, шығармашылық, жаңашылдық, іздемпаздық жатады.

Сондықтан, педагогикалық мәдениет формальды - мазмұнды жоспарында-педагогикалық дәлелдер мен шеберліктің, педагогикалық этика мен кәсіптік-педагогикалық қасиеттердің, оқу-тәрбие жұмысы

мен мұғалімнің өз-өзіне және жұмысына деген қатынасы стимулының синтезі. Оның маңызды жақтары: әлемдік көзқарас, ұнамдылық, кәсіптік, интеллектуалды, эмоционалды-еркін, эстетикалық және физикалық.

Педагогикалық мәдениет мазмұны өзіндік жоспарға ие: білімді тарату, оқыту, мәжбүрлеу т.б. Педагог жұмысы - кәсіп емес, оны таңдаған адамның өмірлік бейнесі. ал өзге адамдар көзқарасында ол әлеуметтік жетілудің рухани бейнесін елестетеді. Оны оқушы әлемге деген көзқарасына, әрекет ету стилін, өміріне, әрбір құбылысқа қатынасына қарай қабылдайды. Талантты мұғалімнің оқушысы өзіне ұқсайды. Ойшыл көзқарастары, еңбекке деген қатынасы, ғылыми білімдарлығы, тіл табысу әдісі және т.б. Жоғары дәрежелі педагог бос сөзбен сөйлемеуге, тереңірек тілдесуге тырысады және сонымен қатар алдыңғы қатарлы ойларды тарату жолымен оқушылар арқылы оның қолдану аясын кеңейтеді.

Е.В.Бондаревская, С.В.Кульнеевич бойынша, мұғалімнің жалпы базалық мәдениеттінің мазмұнына жатады:

- ақыл-ой және еңбек мәдениеті;
- өзін-өзі тәрбиелеу, өзіндік білім алу;
- өзін-өзі ұйымдастыру мәдениеті;
- тұрмыс мәдениеті;
- қарым-қатынас және демалыс мәдениеті [1].

Педагогтың ақыл-ой мәдениеті - педагогтың іс-әрекеті кезіндегі өзіндік ойлауы мен шығармашылық ойы және икемділігінің деңгейі; түрлі педагогикалық жағдаяттардағы педагогикалық, сол сияқты жаңа, күтпеген және даулы мәселелерді шешудің жолдарын талдау мен құралдарын таңдаудағы педагогтың ойлау процесінің тиімділігін туындататын және қамтамасыз ететін сапалар жиытығы.

Өздігін білім алу мәдениеті - өздігінен білім алудың барлық құрылымдарының дамуы мен жетілуінің жоғары деңгейі. Өздігінен білім алу қажеттілігі дамыған тұлғаға тән қасиет, оның рухани өмірінің қажет элементі болып табылады. Тұлғаның танымдық қажеттілігінің қанағаттандыруының жоғары формасы болып санала отырып, өзіндік білім алу адамның елеулі ерік күшінің көрінуіне, жетілу үшін іштей жауапкершілік қабылдау даярлығына байланысты.

Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті - педагог пен оқушының арасындағы адамгершілікті саналы қарым-қатынасы, оның мазмұнында сөз мәдениеті, сыртқы өзіндік безендіру мәдениеті мен педагогикалық мақсатты өзара қатынас мәдениеті бар.

Қарым-қатынас пен мәдениеттің ажырамас тұтастығын көрсететін негізгі жол - тұлғаны дамыту, тәрбиелеу, қалыптастыруда оның қоршаған

дүниені қабылдауы, меңгеруі және табиғи, әрекеттік, әлеуметтік қатынасы [2].

Теориялық зерттеулер бұл тұрғыда әртүрлі бағыттар ұсынады, яғни тұлғаны дамытуда мәдени дамуды қарым-қатынас реттейді, оларды басқаратын және жіктейтін механизмдерін, заңдылықтарын анықтайды.

Қарым-қатынас мәдениеті ұғымының теориясы және оны жан-жақты талдаудың қажеттілігін көрсетеді. Ғылыми әдебиеттерде терминнің мағынасы зерттеушілердің теориялық позициясына және ұғымының тереңдігіне тәуелді.

Ғылыми теориялық бағытта, қарым-қатынас мәдениеті-рухани және қатынастық материалдық құндылықтар байлығы, адамзат санасы, тұрмысты, өткені мен бүгіні.

Мәдениеттің өзі материя қозғалысының “әлеуметтік ортаның қажетті шарты”, тұлғаның өмір сүру әдісі, әрекетінің сапалық сипаты.

Ғылымда “қарым-қатынас мәдениеті” ұғымы бір жағынан дәлелдеуді қажет етпейтін қисынды ұғым болса, екіншіден көп мағыналы тіл мәдениеті, этикеті, мінез-құлқы тұрмысы, салты т.б. болып жіктеледі.

Алайда қарым-қатынас мәдениеті, қарым-қатынас және мәдениет ұғымы синтезінде төмендегідей логикалық анықтамаға сүйенеді: “қарым-қатынас мәдениеті - адамзаттың мәндік сапаларын жақындастыруға бағытталған адамгершілік, саналылық әрекеттер”.

Зерттеуде О.Араковская берген бұл тұжырымы қарым-қатынас мәдениеті ұғымын білім беруде болашақ мұғалімдердің кәсіби қасиеттерін қалыптастыруда педагогикалық мазмұнмен толықтыруға бетбұрыс жасайды.

Қарым-қатынас мәдениетті кәсіби мамандар үшін әртүрлі деңгейде, әртүрлі кезеңде қалыптастыруды қажет ететін құбылыс.

Болашақ кәсіпті игеру жолында да оның өзіндік ерекшеліктері, өлшемдері, бағыттары бар. Осыған орай, қарым-қатынас мәдениеті ұғымын жалпы құндылықтардан ажырата қарастыру үшін болашақ мұғалімдердің кәсіби қарым-қатынас мәдениеті ұғымын қолдануға болады [3].

Қазіргі қоғам сұраныстары рухани және материалдық сфералар аясында қарым-қатынас проблемасын өте маңызды етіп көрсетеді. Қарым-қатынас адамның өмірлік іс-әрекеттің, әсіресе білім, ғылым, өнер салаларында бөлінбейтін бөлшегі болып табылады. Оның дәлелі ретінде білім мен мәдениеттің терең байланысын айтуға болады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби мәдениетін дамыту қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық зерттеу мәселесіне айналууда. Көптеген ғылымдардың көзқрасы бойынша, болашақ маман даярлауда студенттерге педагогикалық кәсіби қасиеттерді: әдеп, іскерлік, дағдыны қалыптастырудағы басты компоненттерінің бірі-педагогикалық кәсіби мәдениет шарттарын айқындау болып табылады.

Кәсіби педагогикалық мәдениет - мұғалімнің әлеуметтік тәжірибені меңгеру, игерген білім, білікті тәжірибеде қолдана білуі адамдармен ізгілік тұрғысында қарым-қатынас жасай білу қабілетімен сипатталады.

Кәсіби педагогтың мәдениеті ол тұлғаның мәндік сипаттамасы ретінде жүйелі білім беру түрінде көрінеді.

Кәсіби мәдениетті жоғары деңгейде меңгерген мұғалімнің шешуге тиісті міндеттері:

1. Жаңаша ойлауға, таным және өзіндік ұйымдастыру әдістеріне оқыту;

2. Оқушыны құбылысқа тұтастай және қозғалыс кезінде қарауға үйрету;

3. Оқушыны өзін-өзі ұйымдастыруға үйретіп, өз бетінше өмір сүрудің нақты жолын көрсету;

Педагогикалық кәсіби мәдениетті жоғары деңгейде меңгерген мұғалім:

- ғылыми теория,гносеология,әдістеме негіздерін білуі тиіс;
- мамандықты және пәнін жақсы білуі керек;
- мұғалімнің өзінің сенетіндігін көрсететін және шығармашылық таным процесін дамытатын энергияның болу қажет.

Кәсіби педагогикалық мәдениетті жоғары деңгейде меңгерген мұғалімге тән мінез-құлық:

- балаларды сүйе білу-ізгілікті қағида мұғалімнің адами маңызды сапасы;

- баланы, адамды құрметтеу-әр адамның бойынан тұлғаны көре білу қасиеті;

- балаға, адамға сену - оқу процесіндегі жетістік кепілі,ізгіліктілік пен өзіне өзі сенім;

- баланы, адамды білу - тұлғаның жан дүниесін білмейінше тәрбие жүйесіз жүргізіледі; гуманист болу-адамды тани білуі;

- баланы, адамды түсіну - оның орнына өзінді қоя біліп, қошаған дүниені соның көзімен көре білу қабілетті;

Кәсіби педагогикалық мәдениеттің компоненттері төмендегідей:

- мұғалімнің балаларға қатынасындағы гуманистік ұстанымы;
- кәсіби мінез-құлық мәдениеті – өзін - өзі дамыту, өз әрекетін

өзіндік реттеу және қарым-қатынас іскерлігі;

- шығармашылық кәсіби іс - әрекет тәжірибесі;
- психологиялық-педагогикалық құзыреттілік және педагогикалық ойлауды дамыту;
- ғылыми эрудиция, құндылық бағдарлар;
- пән ойынша білімді болу, педагогикалық технологияны меңгеру [4].

Сондай-ақ, кәсіби педагогикалық мәдениеттің компоненттері былайша жіктеледі: аксиологиялық; эвристикалық; тұлғалық.

Аксиологиялық компонент-педагогикалық еңбектің құндылықтарын меңгеру және қабылдаудан тұрады:

- Кәсіби педагогикалық білім мен дүниетаным.
- Педагогикалық ойлау және рефлексия.
- Педагогикалық такт және этика.

Кәсіби педагогикалық мәдениеттің құрылымында дүниетанымдық компонент маңызды рөл атқарады.

1) Дүниетанымдық компонент педагогикалық тұжырымдарды қалыптастыру процесі мен нәтижесін, мұғалімнің қызығушылықтары, құндылық-бағдары, ұстанымдарын анықтау процесіне тұрады.

2) Педагогикалық ойлау мәдениеті педагогикалық талдау және синтездеуді дамыту қабілеттерінен және ойлаудың сапаларын (сыни ойлау, дербістік, белсенділік, жылдамдық, байқағыштық, есте сақтау, шығармашылық елестету) дамытудың құралады.

Мұғалімнің адамгершілік мәдениеті-кәсіби педагогикалық этиканы зерттеу пәні болып табылады. Ол адагершілік сана, адагершілік сезімдерден құралады.

3) Адамгершілік мәдениеттің негізгі компоненттерінің бірі - педагогикалық такт. Педагогикалық такт - бұл мұғалім мен оқушы арасындағы адамгершілік қатынастар мақсатына сәйкес ұйымдастырылған мұғалімнің өзін-өзі ұстауы және оларға әсер етуі.

Технологиялық компонент қарым-қатынас мәдениеті барысында білім беру процесіне қатысушылардың өзара әсер ету тәсілдері мен жолдарынан, сөйлеуден, ақпараттық және беру технологияларын қолданудан құралады.

Технологиялық компоненттің құрамдас бөліктеріне жатады:

- оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, жоспарлау туралы білім, іскерліктер;
- педагогикалық ойлау;
- педагогикалық іскерліктер (гностикалық, перцептивті, конструктивті, жобалау, болжау, коммуникативті, ұйымдастырушылық);
- педагогикалық техника;

- педагогтың өзі - өзі реттеу [5].

Педагогикалық мәдениеттің эвристикалық бөлігі мұғалімнің шығармашылығы негізделеді. Эвристикалық білім беру іс-әрекеті төмендегілермен сипатталады:

- мұғалімнің тұлғалық білім беру потенциалы, жеке ерекшеліктері, мотивтері, мақсаттары негізінде жүзеге асады;

- мұғалімнің іс-әрекетіне сәйкес жаңа білім беру өнімін жасап шығаруына әкеледі.

- Мұғалімнің іс-әрекетінде оны орындауға қажетті әдістер, құралдар және тағы басқа жағдайларды меңгеруіне байланысты субъективті қиындықтар мен мәселелер туындатады.

Кәсіби педагогикалық мәдениеттің тұлғалық компоненті педагогикалық іс-әрекетті орындаудағы педагогтың өзінің қажеттіліктерін, қабілеттерін, қызығушылықтарын іске асыру барысында көрінеді. Өзін-өзі іске асыру процесі өзін-өзі танудан, өзін-өзі бағалаудан құралады, олар мұғалім тұлғасының кәсіби-адамгершілік, интеллектуалдық потенциалын ашады.

1. Тұлғалық компоненті өзін-өзі ұстау, кәсіби этикет, сөйлеу мәдениеті, киіну мәдениеті сияқтылардан құралады.

Мұғалім кәсіби этикет сақтай отыра, белсенді түрде кәсіби қарым-қатынасқа түсу іскерліктерін де білуі тиіс.

Мұғалімнің сырт іскерліктерін де білуі тиіс.

Мұғалімнің сырт келбеті мұғалім мамандығына сәйкес ұқыпты, әсем, көрікті болуы тиіс.

2. Педагогикалық мәдениет компоненттерінің бірі құндылық бағдарлар болса, негізіне құндылықтық бағдарлар тұлғаның қоғамдағы және әлеуметтік топтағы белгілі бір орнын анықтауға әсерін тигізеді, сонымен бірге топтағы адамның ойлауын, оның қоғамдық келбетін анықтайды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Бондаревская Е.В., Кульневич С.В. Творческое мышление в профессиональной деятельности учителя. - М., Просвещение, 2000. - 159 с.

[2] Прохоров М.В. Человек и мир культуры: введение в культурологию. – М.: Издательство МГУ, 2001. – 104 с.

[3] Зязюн. Основы педагогического мастерства. - М., 2000. - 98 с.

[4] Успанов К.С. Научно-практические основы воспитания профессионально значимых качеств у будущих учителей. - Алматы: Ғылым, 2001. – 144 с.

[5] Жансүгірова К.Т. Болашақ мұғалімдердің тұлға ретінде оқушыларды қабылдаудағы педагогикалық ерекшеліктері //Известия КазУМОиМЯ им.Абылай хана, Серия «Педагогические науки». – 2016. – 1 (40). – С. 36-44.

REFERENCES

[1] Bondarevskaya Ye.V., Kul'neyevich S.V. Tvorcheskoye myshleniye v

professional'noy deyatel'nosti uchitelya. М., 2000, 159 s. [in Rus.].

[2] Prokhorov M.V. Chelovek i mir kul'tury: vvedeniye v kul'turologiyu. М.: Izdatel'stvo MGU, 2001, 104 s. [in Rus.].

[3] Zyazyun. Osnovy pedagogicheskogo masterstva. М., 2000, 98 s. [in Rus.].

[4] Usanov K.S. Nauchno-prakticheskiye osnovy vospitaniya professional'no znachimykh kachestv u budushchikh uchiteley. Almaty: Gylym, 2001, 144 s. [in Rus.].

[5] Zhansygirova K.T. Bolashak mugalimderdin tulga retinde okushylardy kabyldaudagy pedagogikalyk yerekshelikteri. *Izvestiya KazUMOиMYA im. Aбыlay khana. Seriya «Pedagogicheskiye nauki»*. 2016, 1 (40), S. 36-44 [in Kaz.].

УСЛОВИЯ УСВОЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАЧЕСТВ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ

Жансугурова К.Т., к.п.н., доцент,

КазУМОиМЯ им. Абылай хана,

Алматы, Казахстан, e-mail: kulaisha61@mail.ru

Ключевые слова: культура, профессионально–педагогическая культура, педагогическая эрудиция, компетентность, творчество.

Аннотация. В данной статье рассматриваются обосновать эффективность личностно-ориентированного отношения к учащимся в целостном педагогическом процессе как основу профессионально мобильной подготовки личности будущего специалиста. Основными методами работы над статьей были теоретический анализ источников, обобщение и сопоставительный анализ работы педагогов и студентов, наблюдение, беседа, анализ поступков и поведения студентов.

Педагогическая профессиональная культура – усвоение учителя овладение социальный опыт образование, использовать квалификационные опыты, умение способствовать человеком гумманном отношения. Педагогическая профессиональная культура это личностно значимые качества проявляется систематичности образования.

Статья поступила 15.02.2017 г.

DIDACTICAL POSSIBILITIES OF CRITICAL THINKING TECHNOLOGY IN FORMATION OF STUDENTS - FUTURE ENGLISH TEACHERS' REFLEXIVE EVALUATIVE COMPETENCE

Berdishaev E. A., master student,

Kuznetsova T. D., c.p.s. prof.,

Kazakh Ablai khan UIRandWL,

Almaty, Kazakhstan, e-mail: berdishaev@mail.ru

Keywords: reflexion, reflexive thinking, reflexive evaluative competence, critical thinking, paradigm of education.

Abstract. The article deals with the problem of the formation of students' reflexive evaluative competence on the basis of critical thinking technology in terms of Modern Methodology of Foreign language education. The peculiarities of critical thinking in the

treatment of foreign and domestic researchers, types of reflection, its mechanisms and examples of reflective type tasks in the formation of reflexive – evaluative sub competences as a component of intercultural - communicative competence.

УДК 377.1

**ДИДАКТИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ТЕХНОЛОГИИ КРИТИЧЕСКОГО
МЫШЛЕНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ РЕФЛЕКСИВНО – ОЦЕНОЧНОЙ
КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ – БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ
ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА**

Бердишаев Э. А., магистрант,
Кузнецова Т. Д., к.п.н проф.,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан, e-mail: berdishaev@mail.ru

Ключевые слова: рефлексия, рефлексивное мышление, рефлексивно-оценочная компетенция, критическое мышление, парадигма образования.

Аннотация. В статье обсуждаются дидактические возможности технологии критического мышления в формировании рефлексивно – оценочной компетенции студентов – будущих учителей ИЯ как основы самообразовательной компетенции в контексте современной методологии иноязычного образования. Рассматриваются особенности критического мышления в трактовке зарубежных и отечественных исследователей, типы рефлексии, её механизмы и примеры заданий рефлексивного типа в формировании рефлексивно–оценочной субкомпетенции как компонента межкультурно-коммуникативной компетенции.

Подготовка специалистов новой формации с инновационно – аналитическим типом мышления, с готовых и способных работать в условиях современного компетентностного контекстно – базируемого образования выдвигает в качестве основного приоритета центрацию образования на личность учащегося, его самостоятельность, саморазвитие и самоконтроль, что с неизбежностью предполагает использование новых педагогических технологий обучения, включая технологию критического мышления, как способа формирования рефлексии и ее рефлексивно – развивающей, рефлексивно – оценочной функции как основы самообразовательной деятельности будущего специалиста, обеспечивающих способность и готовность оценить себя и окружающих, оценивать важность и новизну представленной информации, проводить аналогии и сравнения используемых методов и подходов с имеющимися профессиональным и коммуникативным опытом, способность и готовность к самокоррекции и самоанализу, к рефлексивно – оценочному анализу своей учебной деятельности на основе оценки достигнутых и недостигнутых уровней в личностном самообразовании.

Как известно, в XXI веке изменяется парадигма образования: знаниецентрированная парадигма уступает место компетентностной, ориентированной на личности обучающегося. Так как дальнейшее накопление информации ведёт к перегрузке и демотивации учащихся, то задача педагога заключается не в простом наращивании знаний, а в вооружении учащегося инструментом, который можно использовать для получения знаний самостоятельно.

Изучение научной литературы и опыта подготовки специалистов в системе иноязычного образования показало, однако, что одной из наиболее существенных причин недостаточного уровня профессиональной готовности выпускников ВУЗа, по мнению большинства ученых, является преимущественная направленность обучения на усвоение теоретических знаний без должного внимания к рефлексивно - развивающей деятельности и рефлексивно-оценочных умений в самостоятельной работе как основы самообразовательной деятельности.

Следует отметить, что рефлексия, рефлексивная саморегуляция как многогранная, но внутренне синтезированная деятельность индивида по самотворчеству и саморазвитию, самоорганизации и самосовершенствованию, а также самоконтроля и самокоррекции выступают активным компонентом образовательного процесса в контексте новой парадигмы, образовательные результаты которой состоят в следующем:

- умение работать с увеличивающимся и постоянно обновляющимся информационным потоком в разных областях знаний;
- умение пользоваться различными способами интегрирования информации;
- умения задавать вопросы, самостоятельно формулировать гипотезу;
- умение решать проблемы самостоятельно;
- вырабатывать собственное мнение на основе осмысления (рефлексии) различного опыта, идей и представлений;
- умения рефлексивно-оценочного анализа своей учебной деятельности на основе достигнутого и недостигнутого;
- выражать свои мысли (устно и письменно) ясно, уверенно и корректно по отношению к окружающим;
- аргументировать свою точку зрения и учитывать точки зрения других;
- способность самостоятельно заниматься своим обучением (академическая мобильность);

- ставить новые цели учебной деятельности;
- брать на себя ответственность за результат учебной деятельности;
- участвовать в совместном принятии решений;
- умение самоконтроля и самокоррекции;
- умение сотрудничать и работать в группе и выстраивать конструктивные взаимоотношения с другими людьми:

Анализ литературы показывает, что критическое мышление носит рефлексивный характер и имеет отношение к общению, к психологии личности, связано не только с познавательной (когнитивной), но и с мотивационной сферой, с самопознанием.

Процесс познавательной деятельности человека характеризуется обобщенным опосредованным отражением её, т.е. мышлением, разными его видами. Критическое мышление в когнитивной психологии рассматривается как способность оценивать, анализировать, критиковать и синтезировать информацию в процессе решения мыслительных задач [1]. Итак, критическое мышление – это поиск здравого смысла: как рассудить и поступить логично, с учетом как своей точки зрения, так и других мнений, отказавшись от собственных предубеждений.

Д. Клаустер выделяет следующие параметры критического мышления:

1. Критическое мышление есть мышление самостоятельное.
2. Информация является отправным, отнюдь не конечным пунктом критического мышления.
3. Критическое мышление начинается с постановки вопросов и выяснения проблем, которые нужно решить.
4. Критическое мышление стремится к убедительной аргументации.
5. Критическое мышление есть мышление социальное [2].

Критически мыслящий человек задается вопросами: Что я знаю? Что я узнал нового? Как изменились мои знания? Что я буду с этим делать? Критическое мышление определяется американской философской ассоциацией как целеустремленное, саморегулирующееся суждение, которое завершается интерпретацией, анализом, оценкой и интерактивностью, а также объяснением очевидных, концептуальных, методологических или контекстных соображений, на которых основано это суждение.

Критическое мышление человека обычно связано с: любознательностью, целенаправленностью, хорошей осведомленностью, непред-

взятостью, непредубежденностью, гибкостью, аргументированностью суждений, желанием пересматривать, прояснять проблемы и сложные вопросы, тщательностью в поиске нужной информации, обоснованностью в выборе критериев.

По Д. Халперн критическое мышление – это использование когнитивных техник или стратегий, которые увеличивают вероятность получения желаемого конечного результата в решении задач [3]. Это характеризует критическое мышление как нечто отличающееся контролируемостью, обоснованностью и целенаправленностью, к которому прибегают при решении задач, формулировании выводов, вероятностной оценке и принятии решений. Другие определения дополнительно указывают, что для критического мышления характерно:

- построение логических умозаключений;
- создание согласованных между собой логических моделей;
- принятие обоснованных решений, касающихся того, отклонить ли какое – либо суждение, согласиться с ним или временно отложить его рассмотрение;
- оценка самого мыслительного процесса – ход рассуждений, которые привели к нашим выводам, или тех факторов, которые мы учли при принятии решения и поэтому это – рациональное, рефлексивное мышление, которое направлено на решение того, чему следует верить или какие действия предпринять, по мнению М. В. Кларина [4].

При таком понимании критическое мышление включает как способности (умения), так и предрасположенность (установки).

Нельзя не согласиться с мнением Темпл Ч., Мередит К. и Стил Дж, которые считают, что думать критически означает проявлять любознательность и использовать исследовательские методы: ставить перед собой вопросы и осуществлять планомерный поиск ответов. Критическое мышление работает на многих уровнях, не довольствуясь фактами, а вскрывая причины и следствия этих фактов. Критическое мышление предполагает “вежливый скептицизм”, сомнение в общепринятых истинах, означает выработку точки зрения по определенному вопросу и способность отстаивать эту точку зрения логическими доводами. Критическое мышление предусматривает внимание к аргументам оппонента и их логическое осмысление. Критическое мышление не есть отдельный навык или умение, а сочетание многих умений и их последовательность [5].

Справедливо будет отметить, что критическое мышление предполагает наличие рефлексии относительно собственной мыслительной деятельности, умение работать с понятиями, суждениями, умозаключениями, вопросами, развитие способностей к аналитической деятельности, а также к оценке аналогичных возможностей других людей.

Понятие "рефлексия" прошло сложный эволюционный путь развития со времён И. Канта, Е. Фихта и Г. Гегеля. Это - инструмент самооценки и саморазвития. Именно поэтому критическое мышление, предполагающее наличие рефлексии, можно отнести к "рефлексивным технологиям обучения", среди которых Зеер Э. Ф. называет метод диалога, кейсы, интерактивные лекции и семинары, видеотренинги, дискуссии [6]. При этом выделяют ситуативную рефлексия, ретроспективную рефлексия, перспективную и межличностную рефлексия. Рефлексия – важная профессиональная черта личности учителя. Критическому мышлению в целом свойственна теоретико-практическая ориентация. В силу этого оно может быть определено как преобразование собственной мыслительной и деятельности через психологические механизмы рефлексии, рассмотренной внутри и в зависимости от контекста рассуждения и индивидуальных особенностей рассуждающего субъекта, его опыта. Выход в рефлексивную позицию – это построение нового знания "живого знания" (в терминологии Зинченко В. П).

Как известно, механизм критического мышления включает мыслительные операции (синтез, анализ, дедукция, индукция), определяющие процесс рассуждения и аргументации: постановка цели, выявление проблемы, выдвижение гипотез, приведение аргументов, их обоснование, прогнозирование последствий, принятие альтернативных точек зрения. Он включает способность применять разные типы знаний и базовые интеллектуальные умения для синтеза анализа и оценки сложных и неоднозначных ситуаций и проблем в самостоятельной работе. Сюда можно отнести умения выявления проблемы прояснения ситуации, анализ и аргументацию, всестороннее изучения вопроса, разработки критериев для оценки решений и надежности источников информации, избегание обобщений.

Педагоги, работающие в рамках критического мышления, отмечают следующие преимущества данной технологии:

- работа в паре и малой группе удваивает интеллектуальный потенциал участников, значительно расширяется их словарный запас;

- совместная работа способствует лучшему пониманию трудного, информационно насыщенного текста;
- развивает диалог по поводу смысла текста (как перекодировать текст для презентации полученной информации другим участникам процесса);
- вырабатывается уважение к собственным мыслям и опыту;
- появляется большая глубина понимания, возникает новая, еще более интересная мысль;
- обостряется любознательность, наблюдательность;
- учащиеся становятся более восприимчивы к опыту других;
- в ходе обсуждения обнаруживается несколько трактовок одного и того же содержания, а это работает на понимание;
- развивает активное слушание и чтение;
- предоставляется случай “заблестать” в глазах одноклассников и учителей, развеять стереотипы восприятия того или иного учащегося, повысить самооценку учащихся.

Примерами использования технологии критического мышления могут служить типовые задачи, прагмопрофессиональные задачи и задания рефлексивного типа:

1. Составьте SWOT analysis по одному из учебников для бакалавриата по специальности – ИЯ: 2 ин. языка и дайте заключение о его актуальности и методической ценности в соответствии с требованиями образовательной программы.

2. Сравните существующие модели общения и дидактические возможности использования их в современном иноязычном образовании. Определите свои приоритеты.

3. Прочитайте статью методического содержания и составьте 5 вопросов для организации дискуссии в группе и спрогнозируйте ожидаемые результаты.

4. Прочитайте текст лингвокультурологического характера и, используя ретроспективную рефлексию, назовит трудности в понимании и использованные вами стратегии для их преодоления.

5. Вы планируете интерактивную лекцию. Определите способы когнитивного вовлечения студентов и спрогнозируйте ожидаемые результаты.

Заключая данную статью, мы хотим подчеркнуть, что в контексте новой парадигмы иноязычного образования методическая модель формирования рефлексивно-оценочной компетенции как основы самообразовательной педагогической деятельности на основе

рефлексивных заданиях для самостоятельной работы с использованием современных технологий критического мышления, обеспечивающих реализацию всех видов рефлексии и рефлексивности как центрирование на личность, развитие его потенциальных возможностей и собственной стратегии познания, самооценки и саморазвития [7], должна регулироваться системой методологических, методических и специальных принципов. Рассмотрение этой модели представляется в следующей нашей статье.

ЛИТЕРАТУРА

- [1]. Лобанов А. П. Когнитивная психология. - М., 2014. - 376 с.
- [2] Клустер Д. Что такое критическое мышление. – М., 2005. – С.5-13.
- [3] Халперн Д. Психология критического мышления. - Спб., 2000. - 512 с.
- [4] Кларин М.В. Инновационные модели обучения в зарубежных педагогических поисках. - М., 1994. - 223 с.
- [5] Темпл Ч., Мередит К., Стил Дж. Как учатся дети: Свод основ. - М., 1997. - 18 с .
- [6] Зеер Э. Ф. Психология профессионального образования. - М., 2009. – 378 с.
- [7] Кунанбаева С.С. Компетентностное планирование профессионального иноязычного образования. - Алматы, 2014. - 219 с.

REFERENCES

- [1] Lobanov A.P. Kognitivnaya psihologia. M., 2014, 376 s. [in Rus.].
- [2] Kluster D. Chto takoe kriticheskoe mishlenie. M., 2005, S.5-13. [in Rus.].
- [3] Halpern D. P. Psihologia kriticheskogo mishlenia. Spb., 2000, 512 s. [in Rus.].
- [4] Klarin M.V. Innovacionnie modeli obuchenia v zarubezhnih pedagogicheskikh poiskah. M.,1994, 223s. [in Rus.].
- [5] Templ Ch., Meredit K., Stil Dzh. Kak uchatsiya deti: Svod osnov. M., 1997, 18 s. [in Rus.].
- [6] Zeer E. F. Psihologia professionalnogo obrazovaniya. M., 2009, 378 s. [in Rus.].
- [7] Kunanbayeva S. S. Kompetentnostnoe planirovanie professionalnogo inoyazichnogo obrazovaniya. Almaty, 2014, 219 s. [in Rus.].

СТУДЕНТТЕРДІҢ - ЕКІ ШЕТЕЛ ТІЛІ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ СЫНИ ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП РЕФЛЕКСИВТІК – БАҒАЛАУШЫЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСЫРУ

Бердишаев.Э.А., магистрант,
Кузнецова Т.Д., п.ғ.к. профессор,
Абылай хан атындағы ҚазХКжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: berdishaeв@mail.ru

Тірек сөздер: рефлексия, рефлексивті ойлау, рефлексивтік–бағалаушылық құзіреттілігі, білім беру парадигмасы.

Аңдатпа. Ұсынылып отырған мақалада студенттердің рефлексивтік–бағалаушылық құзіреттілігін сыни тұрғыда ойлау технологисын заманауи шетел тілдік әдіснамада қолдану туралы айтылған. Шетелдік және отандық зерттеушілердің

баяндамаларында сыни ойлау технологиясының ерекшеліктері, рефлексия түрлері, оның механизмдерімен өзін-өзі бағалау түріндегі рефлексивтік тапсырмалардың мысалдары, рефлексивтік-бағалаушылық субкүзінділіктерді қалыптастыру, мәдениетаралық қатысым күзінділігінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Статья поступила 17.02.2017 г.

THE ROLE OF EDUCATIONAL-COGNITIVE ACTIVITY IN FORMING IN STUDENTS OF RESEARCH CULTURE

Bayakeyeva G.B., master student,
Kazakh Ablai Khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: b.guni_92@mail.ru

Keywords: culture, research, activity, research culture, teaching and cognitive activity, formation of research culture.

Abstract. Formation of the research culture of the future teacher becomes not only the most important indicator of the formed basic culture of the individual, but also an indicator of the level of readiness for professional activity. In this connection, an expert who operates information that provides a way out of normative activity and is ready for self-education and self-improvement becomes more and more popular. The article defines the concept of “the formation of a student’s research culture in educational and cognitive activities”, understood by the author as a purposeful activity of teachers in the organization of an educational and educational process that ensures the involvement of students in educational and cognitive activities, which is oriented toward the acquisition of research experience, process and results of the study, their awareness of the importance of research and improving general educational skills; The stages of formation of students’ research culture are disclosed and the content of students’ activity at each stage of the process under consideration is characterized.

ӘОЖ 37.013

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ РӨЛІ

Баякеева Г.Б., магистрант,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: b.guni_92@mail.ru

Тірек сөздер: мәдениет, зерттеу, іс-әрекет, зерттеушілік мәдениет, оқу-танымдық іс-әрекет, зерттеушілік мәдениетті қалыптастыру.

Андағпа. Болашақ педагогта ғылыми-зерттеу мәдениеттің қалыптасуы маңызды тұлғалық базалық мәдени көрсеткіш қана емес, сонымен қатар оның кәсіби іс-әрекетке әзірлігі деңгейінің де көрсеткіші. Осыған байланысты, қалыпты іс-әрекет шеңберінен тыс ақпараттан хабардаржәне өздігінен білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге дайын маманға барған сайын сұраныс артауда.

Мақалада «студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттегі зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру» ұғымына анықтама беріліп, ол студенттерді оқу-танымдық іс-әрекетке тартуды қамтамасыз ететін, олардың зерттеушілік тәжірибені игеруіне, зерттеу үдерісі мен нәтижесіне жағымды қарым-қатынасына, олардың зерттеушілік

іс-әрекеттің мәнін жете ұғынуына және жалпы оқу біліктерін жетілдіруге бағытталған тәрбиелік-білімдік үдерісті ұйымдастыру бойынша оқытушының мақсатты іс-әрекеті ретінде баяндалады; оқу-танымдық іс-әрекеттегі зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру кезеңдері ажыратылып, әрбір кезеңдегі студенттер іс-әрекетінің мазмұнына сипаттама беріледі.

Студенттердің зерттеушілік іс-әрекеттері жөнінде сөз болғанда зерттеу мен кәсіби іс-әрекеттің өзара байланысын ашудың маңызы зор, себебі зерттеушілік іс-әрекет студенттердің болашақ кәсіби қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда студенттердің зерттеу іс-әрекеттерінің профильді бағытқа ие екендігіне назар аударта келе, оны кәсіби білімнің тиімділігін арттыруға, студенттердің қызығушылығы мен танымдық қабілеттерінің дамуына, тұлғалық ерекшеліктерге бейімдеуге қабілетті іс-әрекет ретінде қарастырылатын зерттеу нәтижелерімен толық келісуге болады [1]. Алайда, студенттер кәсіби салада зерттеу жүргізе алу үшін зерттеудің функционалды дағдысын қалыптастыру қажеттігі туындайды.

Зерттеу мәдениетін қалыптастыру үшін зерттеу мен оқу-танымдық іс-әрекеттің өзара байланысын ескерген жөн. «Оқу-танымдық іс-әрекет білім алушылармен арнайы ұйымдастырылған немесе адамзат жинақталған мәдениет байлығына ие болу мақсатымен ұйымдастырылған сыртқы таным» ұстанамын ескере отырып біз, зерттеу іс-әрекеті таным үдерісінің бір жолы болып табылатынын атап өткіміз келеді. Мұның өзі зерттеу іс-әрекеті оқу-танымдық іс-әрекеттің құраушысы болып табылатындығына көз жеткізе түседі.

«Студенттердің зерттеушілік іс-әрекеті» терминін анықтаудағы авторлар көзқарастарының айырмашылықтарына қарамастан ғалымдар зерттеушілік іс-әрекеттің мақсаты оны қолдану саласына қарай өзгеретіндігін бір ауыздан мойындайды. Осыдан шығарып, оқу үдерісінде орындалған зерттеушілік іс-әрекеттің оқыту сипатында болатындығына көз жеткізе түсеміз және студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін білім беру үдерісіндегі субъектілердің өзара әрекетіне негізделген мақсатты бағытталып, құрылымдалған үдеріс ретінде қарастыруға болады. Нәтижесінде олар жаңа білімге ие болады, зерттеудің функционалды икемделіктері мен дағдыларын меңгереді, болашақ кәсіби қызметі мен өмірінде өзін-өзі шыңдау мақсатымен тұлғалық және кәсіби мәнді сапаларын дамытады.

Студенттердің зерттеушілік іс-әрекеті құрылымын былайша ажыратып көрсетуге болады: зерттеу мақсатының дұрыс қойылуы; зерттеу объектісін анықтау; объект туралы, оның элементтері мен арасындағы байланыс туралы ақпарат жинау; болжамдарды ұсыну; зерттеу жоспарын құру; эксперименталды жұмыс болжамдарын

тексеру; нәтижені өңдеу; бастапқыда алынған мәліметтермен салыстыру және талдау; зерттеуден алынған нәтижелердің тәжірибелік маңыздылығын анықтау.

Студенттердің зерттеу әрекетінің түрлендіргіш сипаты оны іске асыру барысында дербестігі мен белсенділігін көрсетуіне тікелей байланысты. Проблеманың зерттелу барысы студенттердің зерттеушілік қызметін сәтті атқаруы оларда проблеманы көру, болжамды тұжырымдау, бақылай алу, эксперимент жүргізу, ұғымдарға анықтама беру және т.б. біліктердің қалыптасуына байланысты екендігін көрсетеді.

Осыған орай студенттердің зерттеу мәдениеті қалыптастыруға ықпал ететін зерттеушілік іс-әрекетті іске асыру үшін қажет біліктерді анықтау қажеттігі туындайды. Ал ол үшін «білік» ұғымының анықтамасы туралы ғалымдар көзқарасын талдау және олар ұсынған біліктілік жіктемесін қарастыру керек.

Мәселен, «біліктілік» ұғымын іс-әрекеттік тұрғыдан қарастыра келе, оны іс-әрекет категориясы ретінде анықтаған Ю.К. Бабанский, И.Я. Лернер көзқарастарын ілгері дамыта келе, А.М. Новиков мұның өзі біліктілікті дамытудың мазмұнды және операциялық тұстарын ашуға мүмкіндік беретіндігіне назар аудартады. Біліктілікті іс-әрекеттегі білім ретінде түсіндіріп, оның даму үдерісі психологиялық әрекеттің сыртқы үдерістермен бірлігінде және үздіксіз байланысында қарастырылады [2].

Студенттердің зерттеушілік мәдениеті мен танымдық іс-әрекеттің өзара байланысына қатысты еңбектерді талдау біліктілікті білім алушылардың қойылған мақсатқа саналы түрде жету қабілетімен мақсатты бағытталған әрекетке негізделген тұлғалық сапа ретінде түсінуге көмектеседі.

Мәселен, біліктілікті тұлғалық іс-әрекеттік тұрғысынан қарастырған бірқатар авторлар (В.А. Беликов, Н.И. Запорожец, Е.А. Милерян, А.В. Усова) әлеуметтік-маңызды іс-әрекеттердің біліктілікті қалыптастыруға ықпалын ашып көрсетеді және мақсатты бағытталған іс-әрекетті іске асыруда тұлға қабілетін қамтитын психологиялық ерекшеліктерді анықтаушы білімге негізделген әрекет әдісінің маңызына ерекше назар аударылады [3].

Біліктіліктің қабілеттіктер, ойлау, эмоционалды-ерік саласы енетін тұлға психологиясы іске қосылған таным негізінде зерттеу әрекетін іске асыруға тұлғаның қабілетін айқындайтын әдіс ретінде анықталуы тұлғалық іс-әрекеттік көзқарасты басшылыққа алуға міндеттейді және ол когнитивтік, пәндік, психологиялық аспектілер-

ді қамтитындығына көз жеткізе түседі.

Оқыту үдерісінде жалпы оқу білігінің қалыптасуы аса маңызды, өйткені ол кең тасымалдау қасиетіне ие болғандықтан студенттердің кәсіби білімді, ептіліктерді, дағдыларды меңгеруде елеулі роль атқарады, сондай-ақ кәсіби іс-әрекетті тиімдііске асыруға мүмкіндік береді. Жалпы оқу білігі – міндеттерді шешуде кеңінен қолданылатын біліктіліктер. Олар өзіне іс-әрекеттің әмбебап әдістерін біріктіреді: жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, іс-әрекетті реттеу және талдау, анықтау, қандай да бір міндеттерді шешу үшін ақпаратты пайдалану мен қайта өңдеу; үдерістер мазмұнын құрылымдау, қалыптастыру және міндеттерді шешу.

Ғалымдар жалпы оқу білігінен өзге жеке оқу пәні аясында қалыптасатын арнайы біліктібөліп көрсетеді. Әдетте арнайы біліктер жалпы оқуға қатысты қолданылу мүмкіндігі мен олардың қалыптасу шарты бойынша тар мағынада қарастырылады. Алайда біліктіліктің басқа да жіктемелері бар. Мәселен, И. Шамова біліктілікті интеллектуалды, жалпы және арнайы депуш топқа ажыратады. Олардың арасында интеллектуалды біліктілік жетекші болып саналады. Автордың көрсетуінде, оның қалыптасу деңгейі студенттердің танымдық дербестігінің дамуы үшін үлкен мәнге ие.

Біз Т.И.Шамованың бұл ұстанымымен келісеміз, себебі студенттерде интеллектуалды біліктілік қалыптасса, олар ойлау операциясын меңгерсе онда зерттеу біліктіліктерінен қиындықсыз іске асыра алады. Т.И.Шамова интеллектуалды біліктіліктің астарынан зерттеу біліктілігін дербес тип ретінде қарастыратын Л.И.Фридманның, Н.Ф.Талызиннің көзқарастарын тұспалдайтынын байқаймыз [4].

Жалпы оқу біліктіліктері ғылым мен өндірістің ары қарай жақындасу үдерісінің, кәсіби іс-әрекетте зерттеу сапасын таныту қажеттіліктерінің объективті айнасы болып табылады. Мәселен, С.И.Брызгалова ғылыми зерттеудің логикасына байланысты зерттеу біліктілігінің топтарын былайша ажыратып көрсетеді: ғылыми-ақпараттық, әдістемелік, теориялық, эмпирикалық, жазбаша-сөйлемдік, коммуникативті-сөйлемдік. Зерттеу біліктілігінің бұл топтарын автор зерттеудің өткізу кезеңдеріне сай бөліп көрсетеді. Бастапқыда ақпарат жинау керек, зерттеу әдістері анықтап алу керек, алынған ақпаратты өңдеу қажет, егер қажеті болса эксперимент жүргізу керек, алынған мәліметтерді жинақтап, оны сипаттау керек, зерттеу қорытындысын шығару, жұрт алдында қорғау және өзінің көзқарасын дәлелді қорғап қалу керек [5].

Біз С.Т. Брызгалова ұсынған зерттеу біліктілігі тобына зерттеуді жоспарлау, яғни, зерттеу мақсатын, міндетін, әдістерін оны жүргізу

формасын анықтау біліктерін біріктіретін ұйымдастырылған тобын көрсету қажет деп есептейміз. Проблемалы тапсырманы орындауда студенттердің зерттеуді жоспарлау біліктілігі маңызды болып табылады, себебі, олар тапсырманы орындау кезеңін бөлуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде олардың рефлексивті әрекеттері үшін қажет, алайда бұл біліктіліктер кез-келген іс-әрекетті орындауда қолданылады. Сәйкесінше, олар жалпы оқу біліктері болып табылады.

Ал И.А.Зимняя, Е.А.Шашенков зерттеу білігінің жіктемесін іс-әрекет тараптарына байланысты ажыратады:

- интеллектуалды-зерттеу тарабы: ақпаратты талдау білігі, оған баға беру, фактілерді, құбылыстарды, тұжырымдамаларды, көзқарастарды салыстыру және белгілеу, мәселені көре алу білігі, маңыздыны айқындау, мәселелерді тұжырымдау, жұмыстың мақсатын, міндетін қоя білу;

- ақпаратты-перцептивтік тарап: мәліметтерді бақылау, жинау өңдеу білігі, құбылыстар мен фактілерді жіктеу, жүйелеу білігі, ақпаратты алу және шолу, ақпаратты түсіндіру білігі, ғылыми ақпаратпен жұмыс істеу білігі;

- өнімдік тарап: мәліметтерді жинау мен өңдеу білігі, эксперимент жүргізу білігі, зерттеудің практикалық бөлімін нақты бір жүйеде орындау.

Талдау барысы көрсеткендей бұл жіктемеде зерттеу нәтижесін ұсынатын және қорытынды шығаратын зерттеу іс-әрекетінің қорытынды кезеңі жоқ. Зерттеу нәтижесін ұсыну және қорытынды шығару білігі кез келген зерттеудің қажетті және ажырағысыз бөлігі болып табылады, өйткені ол студенттерге зерттеу үдерісін қайта ой елегінен өткізуге мүмкіндік береді. Алайда біздің пікірімізше, ұсынылған біліктер кез келген іс-әрекеттің орындалуын сипаттайды және сондай-ақ жалпы оқу біліктері болып табылады.

Қорыта келгенде, зерттеушілік біліктіліктер – бұл студенттердің зерттеу тапсырмасын орындау үдерісіндегі оқу-танымдық іс-әрекетін іске асыру барысында белсенділікпен қолданылатын жалпы оқу, әмбебап біліктер деп тұжырымдауға болады: яғни, түрлі дерек көздерінен ақпараттарды жинау білігі, оны ғылыми әдістермен өңдеу, эксперимент жүргізу білігі, жинақтау және қорытынды шығару және т.б.

Оқу-танымдық іс-әрекетте студенттердің зерттеу мәдениетін қалыптастыру үдерісін ұйымдастыру үшін зерттеу мәселесі бойынша дерек көздерін талдау негізінде оқу-танымдық іс-әрекет міндеттерінен шыға отырып, зерттеу іс-әрекетін іске асыруға ықпал ететін жалпы оқу біліктерін былайша жіктеп көрсетуге болады:

- «ақпарат жинау» біліктері тобы, яғни студенттердің таңдаулы дерек көздерінен, кітаптардан, журналдардан, хаттардан, құжаттардан, ғаламтордан ақпарат жинау біліктері; лекция тыңдау, сұхбат, интервью үдерісінде жиналатын, аудио дерек көздерінен, вербалды (дыбысты), визуалды дерек көздерінен ақпарат жинау;

- «ақпаратты өңдеу» біліктері тобы, яғни ақпаратты құрама бөліктерге (негізгі, екінші дәрежедегі) бөлу біліктері: фактілерді, құбылыстарды, тұжырымдамаларды, көзқарастарды салыстыру және арақатынасын белгілеу; ақпарат құрылымын бөліп көрсету, ақпаратты таңдаулыдан вербалдыға, визуалдыны, керісінше ауыстыра алу; оқыған мәтінге жазба жүргізе алу; сұрақтарға жауап беру, сипаттамалар, конспектілер, таблицалар, графиктер, диаграммалар құру;

- «зерттеуді жоспарлау және іске асыру» біліктері тобы, яғни проблема мен мәселені құрастыра алу білігі: зерттеудің мақсаты мен міндеттерін анықтау; зерттеуді орындау әдістемесін әзірлеу; эксперимент жоспарлау және жүргізу; эксперимент қорытындысын шығару, зерттеу қорытындысын жасау;

- рефлексивтік біліктер тобын зерттеудің өзін-өзі бақылауы мен бағалауын іске асыратын біліктер құрайды.

Зерттеушілік іс-әрекеттің іске асуына ықпал етуші жалпы оқу біліктері жіктелісі оқу зерттеуін іске асыру үдерісінде жетілдіру қажеттілігіне және біліктерді өзара толықтыруға негізделген. Осылайша, «ақпарат жинау» біліктері тобы базалық болып табылады, өйткені, ақпаратсыз ары қарай оқу зерттеушілік білігін дамыту мүмкін емес, алынған ақпарат ғылыми әдістердің (талдау, жинақтау, және т.б.) көмегімен өндеуді талап етеді, ал ол үшін қалыптасқан «ақпаратты өңдеу» зерттеу білігі қажет. Оқу зерттеуін жүргізу үшін жоспар құру қажет, яғни мәселені құра алу, зерттеу мақсаты мен міндетін анықтай алу, болжам құру, зерттеу объектісі мен пәнін таңдау, оны орындау технологиясы мен әдістемесін әзірлеу қажет. Оқу зерттеуін іске асыру мына біліктерді біріктіреді: эксперимент жүргізу, эксперимент қорытындысын жасау, зерттеу қорытындысын жасау, оқу зерттеу үдерісінде өзін-өзі бақылау мен бағалауды іске асыру.

Студенттер зерттеу тапсырмаларын орындай отырып, қандай да бір білімді, біліктерді біріктіретін зерттеу тәжірибесін жинақтайды, яғни іс-әрекет әдістерін таңдау, функционалды тәуелділікті, жеке және бүтіндей арақатынасты анықтау және т.б.. Осылайша тапсырманы өз бетінше орындауда игерілген біліктер мен білімдерді зерттеудің функционалды дағдысын меңгере отырып, басқа да тапсырмаларды орындағанда қолдануға болады.

Алайда, студенттердің зерттеу мәдениетінің қалыптасуы, оларда зерттеу туралы білімнің, жалпы оқу білігінің құрылымдалу деңгейінің болуы, зерттеу іс-әрекеті тәжірибесінің жинақталуы негізінен оқытушылармен бірігіп ұйымдастырылған арнайы тәрбиелік-оқу үдерісінде іске асырылады. Мұның өзі студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттегі зерттеу мәдениетінің қалыптасуын кезеңдеп қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді. Оларды диагностикалық, мәселелі-бағытталған және түзету кезеңдері ажыратуға болады.

Бірінші кезең оқу зерттеуін іске асыруға ықпал ететін дағдылар, біліктер, ғылыми зерттеулер туралы білімнен тұратын студенттердің зерттеу тәжірибесін айқындауды бейнелейді. Бұл кезеңде студенттер зерттеу тапсырмаларын орындайды, зерттеу мәдениетінің қалыптасу деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін сауалнамадан өтеді (диагностикалық кезең).

Екінші кезең үш сатыны біріктіретін студенттердің тәжірибелік іс-әрекетімен сипатталады: бірінші сатыдағы әрекеттер оқытушымен басшылығымен игеріледі; екінші сатыда студенттердің өзін өзі бағалау мен бақылауды іске асыру және зерттеу тапсырмаларының әр түрін орындау барысындағы үлгі бойынша зерттеу әрекетінің амалдары мен әдістері өз бетінше қолданылады; үшінші сатыда өзіндік зерттеу ұстанымын дәлелдей отырып, тапсырманы орындау барысында алынған нәтижелерді ұсыну, зерттеу жүргізу жоспарын құрастыру, әдістерді өз бетінше таңдау, зерттеу тапсырмасын орындау үдерістерінде зерттеу іс-әрекетінің амалдары мен әдістері жетілдіріледі (мәселелік-бағытталған кезең).

Үшінші кезең тәжірибелік іс-әрекеттің әр сатысында зерттеу тапсырмасын орындау үдерісіндегі студенттердің зерттеу мәдениетінің қалыптасу деңгейінің анықталуымен, зерттеу тапсырмасының орындалу амалдары мен әдістерін, зерттеу тапсырмасының мазмұнын түзетумен сипатталады (түзету кезеңі).

Оқыту үдерісінде зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру біріншіден, болашақ маманның мақсаттылық, белсенділік, дербестік, ұтқырлық секілді тұлғалық және кәсіби қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. Екіншіден, қалыптасқан зерттеушілік мәдениет маманның болашақ кәсіби іс-әрекеттегі қызметтік міндеттерін сапалы орындауға, кәсіби біліктілігін көтеруге және әрі қарай кәсіби тұрғыдан өсуіне мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Андреев В.И. Педагогика творческого саморазвития. - Казань, 1998. – 72 с.
- [2] Новиков А.М. Основание педагогики. – М., 2010. - 208 с.
- [3] Беликов В.А. Образование учащихся на основе учебно-познавательной деятельности. - М., 2006. - 394 с.

- [4] Шамова Т.И. Управление образовательными системами. – М., 2002. – 320 с.
[5] Брызгалова С.П. Формирование в вузе готовности учителя к педагогическому исследованию: теория и практика. - Калининград, 2004. - 237 с.

REFERENCES

- [1] Andreyev V.I. Pedagogika tvorcheskogo samorazvitiya. Kazan', 1998, 72 s. [in Rus.].
[2] Novikov A.M. Osnovaniye pedagogiki. M., 2010, 208 s. [in Rus.].
[3] Belikov V.A. Obrazovaniye uchashchikhsya na osnove uchebno-poznavatel'noy deyatel'nosti. M., 2006, 394 s. [in Rus.].
[4] Shamova T.I. Upravleniye obrazovatel'nymi sistemami. M., 2002, 320 s [in Rus.].
[5] Bryzgalova S. P. Formirovaniye v vuze gotovnosti uchitelya k pedagogicheskomu issledovaniyu: teoriya i praktika. Kaliningrad, 2004, 237 s. [in Rus.].

РОЛЬ УЧЕБНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ФОРМИРОВАНИИ У СТУДЕНТОВ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Баякеева Г.Б., магистрант,
КазУМОиМЯ им.Абылай хана
Алматы, Казахстан, e-mail: b.guni_92@mail.ru

Ключевые слова: культура, исследование, деятельность исследовательская культура, учебно-познавательская деятельность, формирование исследовательской культуры.

Аннотация. Формирование исследовательской культуры будущего педагога становится не только важнейшим показателем сформированной базовой культуры личности, но и показателем уровня готовности к профессиональной деятельности. В этой связи все более востребованным становится специалист, оперирующий информацией, обеспечивающей выход за пределы нормативной деятельности и готовый к самообразованию и самосовершенствованию.

В статье дано определение понятию «формирование исследовательской культуры студентов в учебно-познавательной деятельности», понимаемого автором как целенаправленная деятельность преподавателей по организации воспитательно-образовательного процесса, обеспечивающего вовлечение студентов в учебно-познавательную деятельность, которая ориентирована на приобретение ими исследовательского опыта, положительного отношения к процессу и результату исследования, осознание ими значимости исследовательской деятельности и совершенствование общеучебных умений; раскрыто этапы формирования исследовательской культуры студентов и охарактеризовано содержание деятельности студентов на каждом этапе рассматриваемого процесса.

Статья поступила 14.02.2017 г.

THE IMPORTANCE OF THE INTERNET OF RESOURCES IN THE EDUCATION PROCESS

Saktaganov M.S., master student,
Kazakh Ablai Khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: just-mm@mail.ru

Keywords: Information, multimedia, technology, information technology, Internet, Internet resources, information education.

Abstract. In the modern world, the role of Internet is increasing in the lives of students. The Internet and satellite audio-visual media, like television channels, play an important role in the orientation of upbringing and the formation of creative and creative skills, abilities and increasing the public consciousness of students.

The article is being considered the problem about the Internet influencing on the moral and spiritual values of students, reveals the pedagogical potential, characterized by such features of the Internet environment as: accessibility, mobility and efficiency, relative security and anonymity, freedom of expression. Describes the types of Internet resources that are widely used in education.

ӘОЖ 372.862

ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Сақтағанов М.С., магистрант,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: just-mm@mail.ru

Тірек сөздер: ақпарат, мультимедиалық құралдар, технология, ақпараттық технология, интернет, интернет ресурстары, ақпараттық білім беру.

Андағна. Қазіргі кезеңде Интернеттің студенттер жастар өмірінде алатын орны барған сайын артуда. Интернет пен спутниктік аудио-визуалды құралдардың телеканалдар секілді студенттерге тәрбиелік бағдар беруде және олардың шығармашылық дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыруда, қоғамдық санасын дамытуда маңызды рөл атқарады.

Мақалада Интернеттің студенттердің моральдық-рухани құндылықтарына ықпалы мәселесі қарастырылады. Интернет ортасының қол жетімділік, ұтқырлық және тиімділігі, салыстырмалы қауіпсіздік және анонимдік, пікір білдіру еркіндігі секілді педагогикалық әлеуетін сипаттайтын ерекшеліктері, олардың тәрбие мен оқыту үдерістеріне ықпалы ашып көрсетіледі. Интернет ресурстарының білім саласында кеңінен қолданылып жүрген түрлеріне сипаттама беріледі.

Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың дамуы оқу-ағарту саласында технологиялық жаңа әдістерді кең көлемде қолдануды қажет етеді. Күнделікті сабақта мультимедиалық құралдарды пайдалану – заман талабы. ХХІ ғасырда қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олар: білім сапасын көтеру, компьютерлендіру, интернет, компьютерлік желі, электрондық телекоммуникация, электронды оқулықтар даярлау.

Оқытудың дәріс-семинар формасы өзінің тиімділігін жоғалтты, оқу уақытының 50% текке кететінін тәжірибе дәлелдеді. Шетелдік тәжірибені зерттей келе, келесі маңызды аспектіні көрсетуге болады: мұғалім ақпаратты таратушы рөлінде емес, кеңесші, кейде тіпті әріптес ретінде болады, бұндай іс-әрекеттің мынадай жағымды жақтары бар: студент оқу процесіне активті түрде қатысады, өз бетімен ойлауға бейімделеді, өз көзқарасын айтып шын жағдаяттармен үлгілейді.

Ю.К. Бабанскидің теориясын қолданушылар оқытудың тиімділігін үйретуге келесі тәсілдермен жетуге болады деп есептейді.

- оқыту мен оқушылардың еңбегін ғылыми түрде ұйымдастыру формасын жетілдіру жолымен;
- оқытудың интенсификациялану тәсілін қолдану арқылы;
- оқытудың қазіргі заманғы технологиялық құралдарын жасап, қолдану арқылы [1].

Ал, мұндай өзгеріс студенттің білімге деген ынтасын арттырып, сабақтың нәтижелік бақылаудың жаңа модельдерін (баяндама, есеп беру, жұрт алдында жобаларды топ болып бірге отырып қорғау) ізденуге итереді, оқытудың жеке оқушыға бағытталған қызықты түрлерін енгізуге көмектеседі.

Ақпараттық білім беру технологияларын оқыту үдерісінде тиімді пайдалану, өз кезегінде, оқытудың қарқынын арттыруға бейнелік және теориялық ойлауын дамытуға, студенттердің ақпараттық қоғамның жағдайларына бейімделуіне ықпал етеді. Ақпараттық технологияларды қолданудың негізгі бағыттары электронды оқулықтармен интернет технологиясын пайдалану болып табылады, сонымен қатар дүниежүзілік интернет желісі студенттердің білім өрісін кеңейтуге ықпал етеді. Сонымен қатар, қазіргі оқыту құралдары: компьютерлер, телекоммуникациялық байланыс құралдары, қажетті интерактивті бағдарламалық және әдістемелік жабдықтар әр түрлі оқыту үдерісін қамтамасыз ете отырып, студенттердің өздігінен білім алуын ұйымдастыруда, өзіндік жұмыстарды орындауда әдістемелік құрал ретінде де маңызды.

Білім беруді ақпараттандыру – ұзақ үдеріс. Осы бағытта кеңестік дәуірде және беріректе еліміздің егемендігін жаңа алған тұстарындағы қоғамды ақпараттандыруға көз жүгіртсек, онда оны бір-бірімен байланысқан үш кезеңге бөліп сипаттайды.

- Бірінші кезеңде ақпараттық технологияларды және компьютерді жалпылай меңгерумен, оларды педагогикалық игерумен байланысты зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Оқытуға байланысты ұйымдастыру түрлері мен оқу әдістерінің бұрыннан белгілі оқыту технологияларының бүгінгі күнге дейін қолданылмауы,

білім берудің жаңа мазмұнын іздеу; қоғамның ақпараттандыру үдерісін түсінуімен сипатталады. Осы үдерістің негізгі күші үздіксіз білім берудегі информатика саласы мамандарының базалық дайындығының тиянақтылығында болды.

- Ақпараттық ортаны жетілдіруге бағытталған техникалық базаның дамуына және оқу орындарында арнайы техникалық құралдардың пайдаланылуы келесі кезеңді бастайды. Оның негізгі мазмұны: оқу пәндеріне ақпараттық технологияларды енгізуді белсенді түрде жүзеге асыру, соның негізінде педагогтардың жаңа әдістер мен ұйымдастыру түрлерін жалпылай меңгеруімен сипатталады; білім берудің, оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұнын түпкілікті өзгерту туралы сұрақтың көтерілуі, оқу үдерісін оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілу жүйелерін құру және меңгеру (бағдарламалық-әдістемелік кешендер, компьютерлік курстар). Екінші кезеңнің өзіне тән ерекшелігі, барлық салада оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жан-жақты түрлерін қолдайтын, ақпараттық технологиялар құралдарының пайдаланылуымен сипатталады.

- Үшінші кезеңде үздіксіз білім беру жүйесінің барлық саласында қоғамды ақпараттандыру үдерісіне сай, білім мазмұнын түпкілікті қайтадан құрумен сипатталады. Оқытудың әдістемелік негізінің ауысуы, әрбір педагогтың оқытуды ұйымдастырудың жаңа түрлерін кең қолданылып, оны толықтырып жүрген ақпараттық технологиялар құралдарының қолдануымен жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеруімен байланысты.

Ақпараттық технологиялардың дамуы сабақ өткізуге – қашықтан оқу формасын кіргізуге мүмкіндік жасады. Бұл, біріншіден, студенттің оқу уақыты мен орнын өзі таңдауына мүмкіншілік жасайды, екіншіден, дәстүрлі білім алу мүмкіншілігінен айырылған адамдарға білім алу мүмкіндігін береді, үшіншіден, жаңа ақпараттың оқуға кеткен шығынды азайтады. Сонымен қатар, қашықтан білім алу жеке түрде білім алу мүмкіндігін күшейтеді.

Ереже бойынша, қашықтан оқыту формасында электронды оқулықтар қолданылады. Бұл оқулықтардың тиімділігі, біздің ойымызша: біріншіден олардың мобильдігі, екіншіден, компьютер желілерінің дамуына байланысты кез келген жерде қолдану мүмкіндігінің болуы. Электронды оқулықтардың жасау ақпарат материалдарын үнемі жаңартып тұруға мүмкіндік жасайды. Электронды оқулықтарда жаттығулар мен мысалдар түрлері көптеп қарастырылады (беріледі). Сонымен қатар, электронды оқулықтар көмегімен білімді бақылау – компьютер арқылы тестілеу жүзеге асырылады.

Қазірге кезеңде қашықтан оқыту дүние жүзінде өте белгілі білім беру формасы болып табылады. Қазіргі кезде көптеген университеттер мен колледждерде қашықтан оқыту әдісі қолға алынып отыр. Халықаралық ақпараттық академия құрылды, бұл жерде 1998 жылы дүниежүзілік университет жұмыс жасайды, бұл университет үш елде – Ресей, Қазақстан және Бельгияда бар. Электронды оқулықтарды қолдану – берілген материалды студенттің саналы игеруіне көмектеседі. Сонымен, ақпараттық технологияның дамуы білім беруде әдістеменің жаңа әдістерін ойлап табуға мүмкіндік жасайды және сапасын арттырады.

Қашықтықтан оқыту – білім берудің кешенді түрі, елде және шет елдегі халықтың басым бөлігіне арнайы ақпараттық жүйе арқылы (спутникті теледидар, радио, компьютер байланысы және т.б.) іске асады. Қашықтан оқытудың ақпаратты білім жүйесі студентті ақпараттық ресурстармен, бағдарламалық, ұйымдастыру-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етеді.

Қашықтан оқыту жұмыс істей жүріп білім алу формасының бір түрі, адамның білім және ақпарат алуға деген құқығын жүзеге асырады. Яғни қашықтан оқыту білім берудің бір түрі, студент пен оқушының уақыты мен орны бір уақытқа сәйкес келмесе де, білім алу мүмкіндігінің болуы. Егер де бұл анықтамамен келіссек, сырттай оқу қашықтан оқытуға ұқсас, бірақ жеке ерекшелігі жоқ.

Мультимедиялық компьютер – бұл ақпаратты жеткізуші жаңа құрал ғана емес, бұл «face to face» моделін көрсететін қондырғы. Сонымен қатар, тек компьютерде ғана ақпараттық - анықтама жүйесі ерекшелігін (индивидуализация) көрсетеді.

«Электронды оқулық» деген не және оның кәдімгі оқулықтан қандай айырмашылығы бар? Көбіне электронды оқулықтың құрамына білім беретін, тексеретін, модельдейтін және басқа бағдарламалар кіреді. ПЭВМ дисктерінде, оқу пәндерінің негізгі мазмұны көрсетіледі. Электронды оқулық көбінесе кәдімгі оқулықты толықтырады, әсіресе мынадай жағдайларда тиімді:

- кері байланысты тез қамтамасыз етеді;
- керекті ақпаратты тез табуға көмектеседі, ал кәдімгі оқулықта бұл қиын;
- уақытты үнемдейді;
- қысқа мәтінмен қатар көрсетеді, әңгімелейді, модельдейді және т.б. (осы жерде мультимедия-технологиясының мүмкіндіктерімен артықшылығы байқалады) жеке адамды белгілі бір бөлім бойынша білімін тексеруге мүмкіндік жасайды.

Электронды оқулықтың 3 негізгі жұмыс тәртібін көрсетуге болады

1. Тексерусіз оқу;
2. Тексерумен оқу, әр тақырыптың (параграфтың) соңында оқушыға бірнеше сұрақтар қойылады, бұл сұрақтар материалдың игерілуі деңгейін анықтайды;
3. Тестілеу арқылы бақылау.

Оқулықтың электронды варианты бақылау құралдарын да қамтиды, себебі, білімді бақылау оқытудың негізгі мәселелерінің бірі. Отандық оқыту жүйесінде көп уақыт білім тексеру, ережеге сәйкес, ауызша формада өтті. Қазіргі кезеңде тестілеудің түрлі әдістері қолданылуда. Көп адамдар, әрине, бұл көзқарасты, олардың ойынша, тестілер қажетті дағдыларды, мысалы, анализ жасау, салыстыру және т.б. қалыптастырмайды. Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану оқудың тиімділігін көрсетеді, сонымен қатар, студенттің бірден-бір өз бетімен жұмыс істеу құралы болып табылады. Белгілі бір пәнді игеру үшін, теорияны ғана емес, практикалық дағдыларды жинақтау керек екендігі белгілі. Бұл үшін оқытылып жатқан процестер мен құбылыстардың математикалық модельдерін құрып үйрену керек, шешімнің алгоритмін жобалап және бағдарлама түрінде жүзеге асыру керек. Бұл мақсатқа жету үшін электронды оқулық құрамына модельдік бағдарламалардың сериясы енгізілді, бұл модельді бағдарламалар структуралардың графикалық иллюстрациясын және алгоритмдердің жұмысын қамтамасыз етеді. Бұл оқушылардың түсіну деңгейін көтеріп қана қоймай студенттің ойлау және сезу қызметін дамытуға септігін тигізеді.

Жасалған жұмыс нәтижесі – электронды оқулық екі вариантта жасалған: компьютерлік интернет желісі арқылы және аудиторияда оқыту процесі кезінде қолдану үшін. Ол заман талабына сай, компьютер арқылы оқыту құралы талаптарына сай. Біріншіден, заманға сай мультимедиялық ақпараттарды алу жолдарын (амалдарын) кіргізу мүмкіндігін кіргізеді, оқыту бағдарламасы ретінде. Екіншіден, білімді тексеру үшін интерактивті құралдарды кіргізу мүмкіндіктері, сонымен қатар, өзін-өзі тексеру мүмкіндігі және үшіншіден, қазіргі кезде оқулықтардың жетіспеуіне байланысты электронды түрін дискетаға түсіріп, үй жағдайында компьютерде қолдануға болады. Егер де оқулықты серверге қойса, онда оның қолданылуына шек қойылмайды.

Интернет ресурстарын қолдану мүмкіндіктері өте үлкен. Студенттер интернет желісі арқылы өткізілетін тестілеуге, викториналарға, конкурстарға, олимпиадаларға қатыса алады, басқа елдердегі құрбыларымен хат алмасып тұруларына болады.

Ақпаратты технологияларды қолдану интернеттің үлкен мүмкіндіктері оқыту құралы ретінде ашады. Әлеуметтік-мәдени компетенцияның тиімді жолдарын іздестіруде зерттеушілер арасында

бұрын болмаған үлкен мүмкіндіктері бар компьютерлік технологиялар үлкен қызығушылық тудыруда. Атап айтқанда, виртуалды кеңістікке, аутентті виртуалды интерактивті тілдік орта болып табылатын Интернетке ену көптеген зерттеуші-әдіскерлермен аталған компетенцияны дамытудың тиімді құралы ретінде қарастырылады.

Қазіргі заманғы компьютерлік бағдарламалар мен Интернет желісінің оқыту тиімділігінің әлеуетінің жоғары болуына қарамастан, оқытудың нәтижелері күткендей болмайды. Көптеген әдіскерлер компьютерлік оқытудың өзін ақтамай жататындығын, көптеген бағдарламалардың, Интернет сайттарының әдістемелік көзқарас тұрғысынан әлсіз болуымен, оқытудың міндеттеріне жауап бере алмайтындығына, елеулі шектеулері болуы мен дәстүрлі оқыту технологиясымен бәсекелесе алмайтынығымен байланыстырады. Басты мәселе, жаңа құралдардың кемшіліктерінде емес, компьютер мен соған сәйкес бағдарламалық қамтамасыз етулердің болуымен қатар, оқытушының олардың пайдалану әдістемесін меңгергендігінде және осы әдістемені практикада іске асыра алуында.

Оқу процесіндегі орнына қарай оқу құралдары орын басу құралдарына кейбір жеке жұмыстарда оқытуылардың орнын ауыстыра алатын ереже, табилца, көрнекі құралдар, оқу материалдары және оқытудың көмекші құралдары (тақта, магнитофон және теледидар) жатады. Бірақ бұдан да күрделі оқыту құралдары бар. Бұл оқытудың кешенді құралдары, оларға фонограммалар, фильмдер және әрине компьютер бағдарламалары жатады.

Оқытудың мультимедиялық құралдары оқытудың күрделі құралдарына жатады, бұл мұғалім еңбегінің жаңа қаруы.

Компьютер бағдарламаларының қасиеттері көп екендігін практика көрсетті. Олардың ішінде жеке оқыту және оқушылардың өздік жұмыстарын дамыту.

Дегенмен, Е.С. Полаттың көрсетуі бойынша, «қандай да болмасын оқыту құралы, ақпараттық-тақырыптық ортаның қандай да қасиеттеріне ие болғанына қарамастан, дидактикалық мәселелер, білім берудің нақты мақсаттарымен шартталған танымдық қызметтің ерекшеліктері бірінші кезекті болып табылады» [2]. Демек, Интернет өзінің барлық мүмкіндіктері және қорларымен қоса, осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырудың құралы болып табылады.

Ж.А. Қараевтың пікірінше «компьютерлік оқыту технологиясы өзіндік танымдық іс-әрекетті дамытуға арналған әдіснамалық, психолінгвистикалық бағдарламалы-техникалық, ұйымдастырушылық құралдардың жиынтығы» болып табылады [3].

Оқытудың компьютерлік технологиясы оқытушы мен оқытудың арасындағы қатына формасын өзгертеді. Бұл өз кезегінде оқу мотивациясын күшейтеді, оқытудың оқытудың қарқындылығын арттырады. Оқу мотивациясы дегеніміз - танып білуге ұмтылатын қозғаушы күштерді дамытудың әдістері, құралдары мен тәсілдері.

Қорытындылай келсек, қазіргі қоғамдағы ақпараттандыру жағдайында жеке тұлғаны қалыптастырып, оның ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табуына, оларды пайдалану қабілеттілігін қалыптастыруда оқу орындарында ақпараттық-қатынастық технологияларды, соның ішінде Интернет ресурстарды пайдаланудың маңызы зор.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса. – М., 1982. – 192 с.
[2] Полат Е.С. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования. – М., 2007. – 131 с.
[3] Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода. – Алматы, 2005. – 200 с.

REFERENCES

- [1] Babanskiy YU.K. Optimizatsiya uchebno-vospitel'nogo protsessa. M., 1982, 192 s. [in Rus.].
[2] Polat Ye.S. Sovremennyye pedagogicheskiye i informatsionnyye tekhnologii v sisteme obrazovaniya. M., 2007, 131 s. [in Rus.].
[3] Karayev Zh.A., Kobdikova Zh.U. Aktual'nyye problemy modernizatsii pedagogicheskoy sistemy na osnove tekhnologicheskogo podkhoda. Almaty, 2005, 200 s. [in Rus.].

ЗНАЧЕНИЕ ИНТЕРНЕТ РЕСУРСОВ В ПРОЦЕССЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Сактаганов М.С., магистрант,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан, e-mail: just-mm@mail.ru

Ключевые слова: информация, мультимедийные средства, технология, информационная технология, интернет, интернет ресурсы, информационное обучение.

Аннотация. В современном мире Интернет обретает все большее значение в жизни студенческой молодежи. Интернет и спутниковые аудиовизуальные средства коммуникации, как телевизионные каналы играют важную роль в ориентации воспитания и формирования творческих и созидательных навыков и способностей и повышении общественного сознания студенческой молодежи.

В статье рассматривается проблема влияния Интернета на морально-духовные ценности студенческой молодежи, раскрывается педагогический потенциал, характеризующийся такими особенностями интернет-среды, как: доступность, мобильность и оперативность, относительная безопасность и анонимность, свобода самовыражения. Описываются типы интернет-ресурсов, которые широко используются в области образования.

Статья поступила 19.02.2017 г.

2 Бөлім
ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Раздел 2
СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ

Part 2
MODERN EDUCATIONAL TECHNOLOGIES OF TEACHING

**COGNITIVE-COMMUNICATIVE APPROACH
TO TEACHING VOCABULARY**

Gmyzina G.N., c.p.s., associate prof.,
Bondarchuk V.V., master student,
Ulyanovsk State Pedagogical University,
Ulyanovsk, Russia, e-mail: gng13@mail.ru

Keywords: teaching ESL, teaching vocabulary, cognitive approach, communicative approach.

Abstract. The current research explores the relationship between second language vocabulary skills and cognitive processes during spoken and written language production by Russian college students learning English as a foreign language. The results show that applying cognitive-communicative approach results in better memorizing of target vocabulary by students. Those students, who were taught vocabulary according to cognitive-communicative approach, were able to recall this vocabulary effectively three months later. The tasks based on this approach can be used to teach students in other countries where students' first language is Russian.

УДК 327

**КОГНИТИВНО-КОММУНИКАТИВНЫЙ ПОДХОД
ПРИ ФОРМИРОВАНИИ ИНОЯЗЫЧНЫХ ЛЕКСИЧЕСКИХ НАВЫКОВ**

Гмызина Г.Н., к.п.н., доцент,
Бондарчук В.В., магистрант,
УлГПУ им. И.Н. Ульянова
Ульяновск, Россия, e-mail: gng13@mail.ru

Ключевые слова: лексический навык, когнитивный подход, коммуникативный подход.

Аннотация. Данная статья посвящена проблеме эффективного формирования иноязычных лексических навыков у студентов языкового вуза. Разработан и апробирован комплекс упражнений по формированию лексических навыков у студентов 3 курса факультета иностранных языков по теме «Человек и кино» в соответствии с принципами когнитивно-коммуникативного подхода. Результаты

исследования подтверждают гипотезу о лучшем усвоении студентами лексического материала в условиях использования когнитивно-коммуникативного подхода к обучению. Задания, основанные на данном подходе, могут быть использованы при обучении и в других странах, где родным языком студентов является русский.

Одной из базисных категорий в методике обучения иностранному языку является подход к обучению. Будучи компонентом системы обучения языку, подход, по мнению И.А. Зимней, «служит теоретической основой, на которой создается определенный метод обучения иностранным языкам».

Овладение устной и письменной речью на иностранном языке невозможно без коммуникативного (коммуникативно-деятельностного) подхода, который в современной методике рассматривается в качестве теоретической базы обучения языку и для которого характерны «деятельностный характер обучения с ориентацией на овладение разными видами и формами речевого общения, максимальный учет индивидуальных особенностей и интересов учащихся, выступающих в качестве активного субъекта учебной деятельности».

Опыт научной и практической работы И.Л. Бим доказывает и убеждает в том, что для практики работы большое значение приобретает соотнесенность коммуникативного подхода с познавательным (когнитивным). Когнитивный подход к обучению иностранным языкам основан на использовании данных когнитивной психологии и теории социоконструктивизма. Обучающийся, согласно этой теории, является активным участником процесса учения, а не объектом обучающей деятельности преподавателя. И.Л. Бим объясняет важность такого соотнесения еще и тем, что у учащегося должна одновременно формироваться в сознании система языка. Такая работа должна проводиться на сознательной основе. Одновременно предусматривается и достижение планируемого результата в области обучения общению [1].

Н.В. Барышников считает, что преимущества когнитивного подхода в обучении иностранному языку состоят в том, что он «развивает обобщительные и речевые способности учащихся, обостряет их внимание к языковым формам выражения мысли на иностранном и родном языках, делает обучаемых лингвистически интересными личностями» [2].

В.Я. Ляудис отмечает, что когнитивный аспект должен быть включен в коммуникативный и подчинен ему, но вместе с тем, должен проявляться там, где для этого есть основание: где необходимо найти какие-либо аналогии, облегчающие усвоение, или, наоборот, выявить различия, чтобы избежать уподобления (интерференции) [3].

С.Ф. Шатилов отмечает, что при сочетании данных подходов «требуется правильное использование практических знаний в нужном месте и в должном объеме». Объем и место знаний при этом подходе зависят от характера материала, стадии обучения языку, этапа работы над материалом. Чем сложнее материал, чем старше стадия обучения, тем заметнее становится потребность учащихся опираться на знания при овладении языком. Получаемые учащимися в ходе такой работы знания создают у них прочную когнитивную базу.

Другие авторы придерживаются мнения о равнозначности коммуникативного и когнитивного подходов в обучении. Т.Г. Юсупова подчеркивает, что «данный подход представляет собой, с одной стороны, теоретическое обоснование коммуникативной методики обучения иностранным языкам, то есть решение таких методических вопросов, как отбор, организация, последовательность изучения языкового и речевого материала и способов его предъявления и тренировки, учитывающих коммуникативные потребности студентов. С другой стороны, с точки зрения когнитивного подхода, он обеспечивает сознательное усвоение знаний и сведений языкового характера, в связи с чем обучаемый становится активным участником процесса иноязычного обучения и социализации, а не просто объектом обучающей деятельности преподавателя»

Мы разделяем точку зрения Т.Г.Юсуповой и считаем, что для повышения эффективности процесса обучения иностранному языку в целом и более прочному усвоению лексических единиц в частности целесообразно опираться на сочетание коммуникативного и когнитивного подходов.

Эксперимент по формированию лексических навыков у студентов языкового вуза с использованием когнитивно-коммуникативного подхода проводился в течение трех месяцев (ноябрь 2016 года – февраль 2017 года) и включал в себя три этапа:

- 1) проведение опытного обучения по дисциплине «Практика устной и письменной речи» (ноябрь);
- 2) проведение контрольного среза (ноябрь);
- 3) проведение повторного контрольного среза, отсроченного по времени (февраль).

В эксперименте приняли участие две учебные группы 3 курса факультета иностранных языков ФГБОУ ВО «УлГПУ им. И.Н.Ульянова». В экспериментальной группе занятия по дисциплине «Практика устной и письменной речи» проводились в русле когнитивно-коммуникативного подхода, в контрольной группе - в рамках системного и коммуникативного подходов.

При разработке комплекса упражнений в соответствии с когнитивно-коммуникативным подходом мы постарались учесть следующие положения:

1. Важным условием владения лексическим аспектом речи на иностранном языке является создание разветвленной системы связи у слова. Такие связи образуются за счет включения в познавательный процесс комплекса действий аналитического характера: классификация, категоризация, аргументация, обобщение, выражение оценки и своего отношения к сказанному, прочитанному, услышанному.

2. Развитие навыков иноязычного общения и когнитивных навыков неразрывно связаны и реализуются посредством включения в процесс обучения приемов, способствующих активизации внимания, памяти и воображения. На этом акцентирует внимание Г.Пухта, известный австрийский преподаватель английского языка как иностранного, тренер и исследователь.

3. В соответствии с таксономией Б. Блума образовательные цели делятся на три сферы: когнитивную, аффективную и психомоторную. Особый интерес для нас представляет первая сфера, умения и навыки которой касаются знаний, понимания и критического мышления.

Уровни когнитивной сферы и типы соответствующих заданий представлены на Рисунке 1.



Рисунок 1 – Таксономия Б.Блума

Раздел «Topical Vocabulary» в учебнике под редакцией В.Д.Аракина «Практический курс английского языка. 3 курс» содержит около 150 слов и словосочетаний по теме «Человек и кино» («Man and the Movies»),

обязательных для усвоения на данном этапе обучения иностранному языку. Для активизации речемыслительной активности студентов на протяжении трех занятий, в ходе которых они должны были работать над усвоением необходимого количества лексических единиц, им было предложено погрузиться в атмосферу кинофестиваля. Так, первое занятие было посвящено обучению лексике в международной школе кинокритиков, второе – подготовке к написанию отзыва на просмотренный фильм, третье – проведению круглого стола с целью обсуждения актуальных вопросов киноискусства.

С целью выявления уже известных студентам лексических единиц по данной теме было выполнено следующее задание: студенты разделились на мини-группы, каждая группа получила лист с одной из подтем (Partsoffilms, Cinemaworkers, Cinemagoers, Actorsandacting, Effect/impression). Через каждые 2 минуты группы обменивались листами и продолжали работу по следующей подтеме, дополняя ее лексическими единицами, не указанными предыдущей группой. Далее студенты сравнили получившиеся у них списки слов со списком, представленным в учебнике В.Д. Аракина. Таким образом, каждый из студентов получил возможность оценить свой словарный запас по изучаемой теме, а преподаватель – списки известных и неизвестных студентам слов и словосочетаний.

С целью раскрытия значения неизвестных студентам лексических единиц были использованы такие беспереводные способы семантизации как дефиниция (определение) на иностранном языке и синонимы.

Все последующие задания первого занятия были направлены на осознанное запоминание новой лексики и перевод ее в долговременную память посредством активизации познавательных процессов, таких как мышление, память, внимание. Использованные приемы были заимствованы из книги "Imagine that! (Mental imagery in the EFL classroom)" и адаптированы с учетом темы занятия:

Упражнение "Learning a word". Студентам предлагается закрыть глаза, прослушать список слов (open-airtheatre, cast, newsreel, cameraman, comedian, mutefilm, star-studded film, subtitle, miscast) с интервалом в 20-30 секунд и затем описать чувства и/или ассоциации, которые вызвали у них данные лексические единицы.

Упражнение “Internalising a poem”. Данное упражнение проводится в несколько этапов:

1. На разных столах расположены перевернутые текстом вниз карточки со строками из стихотворения, включающего в себя новую лексику (1 карточка – Comedy; 2 – Comedy Full-length, dubbed; 3–; 4 - 5- Comedy Full – length, dubbed Amusing, gripping, absorbing Hit with the public Amazing!). Студенты выстраиваются в шеренгу перед первой карточкой. Первый студент берет карточку, внимательно читает строку и старается ее запомнить. При этом поощряется безмолвное проговаривание (артикуляция) данной строки. Запомнив слова, студент переходит к следующей карточке. Упражнение длится до тех пор, пока все студенты не запомнят текст стихотворения.

2. Вернувшись на места, студенты хором диктуют стихотворение, а преподаватель записывает его на доске, но не полностью, а только первые буквы слов.

3. Используя опорную схему стихотворения, записанную на доске, студенты зачитывают стихотворение в парах.

4. Далее студенты вновь зачитывают стихотворение хором, но при этом каждый раз с доски стираются буквы одной из строк до тех пор, пока студенты не прочитают стихотворение без опор.

5. Для закрепления четвертый этап повторяется через 30 минут.

Игра “Alias”. Цель игры заключается в объяснении партнеру слов, написанных на карточке.

Упражнение “Flipping the picture over”. Упражнение нацелено на развитие внимания у студентов. За определенное время студенты должны запомнить как можно больше деталей на фотографии. Упражнение проводится в несколько этапов: от называния отдельных слов до развернутого монологического высказывания.

Второе занятие было посвящено подготовке к роли киноcritика. Система упражнений по подготовке к написанию отзыва на фильм выстроена в соответствии с таксономией Б. Блума (узнать → понять и объяснить → сравнить, вывить различия и доработать → разработать → оценить).

Работая в малых группах, студенты располагают в правильной последовательности абзацы отзыва. Далее студенты объясняют свой выбор, составляют план написания отзыва, сравнивают его с образцом и вносят необходимые изменения.

На следующем этапе студенты знакомятся с клише, необходимыми для написания отзыва на фильм. Затем корректируют предложенный им

отзыв и приступают к самостоятельной работе по уже составленному и отредактированному плану. В заключении студенты обмениваются работами с целью их оценки. При обсуждении отзывов «критики» должны четко аргументировать свою точку зрения.

Во время круглого стола на заключительном занятии студенты обсуждают ряд актуальных вопросов о кинематографе:

- Cinema can help a lot in the field of education.
- Violence should not be shown on the screen.
- Films should not be remade.

Для организации дискуссии был выбран метод организации мышления «Шесть шляп мышления», разработанный английским писателем, психологом и специалистом в области творческого мышления Эдвардом де Боно. В своей книге «Шесть шляп мышления»/«Six Thinking Hats» он описывает приемы помогающие структурировать как коллективную, так и личную умственную деятельность, сделать ее более продуктивной и понятной. Применение данного метода позволило активизировать не только умственную, но и речевую деятельность студентов, включить их в оживленную дискуссию и рассмотреть проблемную ситуацию с разных точек зрения.

По окончании проведения экспериментального обучения студентам обеих групп было предложено выполнить задания контрольного среза.

Задание 1. Сопоставление понятия и определения. С целью минимизации вероятности угадывания верного ответа в задание были включены 8 понятий и 10 определений.

Задание 2. Заполнение пропусков в предложениях. В каждом из 8 предложений были пропущены от одного до пяти изученных слов. При проверке учитывалось явление синонимии, поэтому в некоторых предложениях были возможны несколько вариантов правильных ответов.

Задание 3. Перевод 7 изученных слов и словосочетаний и написание с ними текста объемом 50 – 60 слов.

Результаты контрольного среза отображены в таблице 1.

Таблица 1 - Результаты контрольного среза

| | Задание 1 | Задание 2 | Задание 3 | Средний % |
|--------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| Экспериментальная группа | 94,4% | 75% | 76,1% | 81,8% |
| Контрольная группа | 92,8% | 62,5% | 61,2% | 72,1% |

Обе группы успешно справились с заданиями контрольного среза. Но средний процент верно выполненных заданий в экспериментальной группе выше, чем в контрольной на 9,7%. Спустя три месяца студентам было предложено выполнить те же самые задания. Результаты отсроченного по времени среза отображены в таблице 2 «Результаты повторного среза».

Таблица 2 - Результаты повторного среза

| | Задание 1 | Задание 2 | Задание 3 | Средний % |
|--------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| Экспериментальная группа | 96,8% | 78,1% | 82,1% | 85,6% |
| Контрольная группа | 76,5% | 53,1% | 14,2% | 47,9% |

Студенты экспериментальной группы справились с заданиями так же успешно, как и почти три месяца назад, и даже незначительно улучшили свой результат (на 3,8%).

Средний процент верно выполненных заданий у студентов контрольной группы снизился на 24,2%. Особое затруднение вызвало задание 3 (перевод слов и словосочетаний с русского языка на английский).

Результаты исследования отображены в диаграмме 1.



Диаграмма 1 - Результаты эксперимента

По окончании опытного обучения студентам экспериментальной группы было предложено ответить на 4 вопроса:

1. Какие упражнения вы запомнили?
2. Помогают ли эти упражнения быстрее, эффективнее запомнить слова? Если да, то какие именно упражнения? Почему?
3. Какие из упражнений вы использовали бы на уроках или для самостоятельного изучения слов иностранного языка? Почему?
4. Какие из перечисленных упражнений были для вас новыми?

В опросе приняли участие 8 студентов. К наиболее эффективным для них упражнениям большинство из них отнесли такие, как: создание мысленных образов слов, упражнение “Internalising a poem”, метод “Шесть шляп мышления”. Студенты отмечали, что многократное

применение новой лексики в разных видах деятельности помогло им довольно быстро и легко запомнить новые слова без заучивания, а непривычные им задания вызвали интерес и способствовали тем самым концентрации их внимания.

Таким образом, на основании вышеизложенного можно сделать вывод о том, что применение когнитивно-коммуникативного подхода в формировании иноязычных лексических навыков обеспечивает не только произвольное запоминание лексических единиц, но и их перевод в долговременную память, так как данный подход предполагает не только максимальный учет индивидуальных особенностей и интересов обучающихся, но и стимулирует активную умственную деятельность через воздействие на их эмоциональную и интеллектуальную сферы.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Бим И.Л. Теория и практика обучения немецкому языку в средней школе. – М.: Просвещение, 1988. – 256 с.
[2] Барышников Н.В. Методика обучения второму иностранному языку в школе. – М.: Просвещение, 2003. – 159 с.
[3] Ляудис В.Я. Инновационное обучение: стратегия и практика. – М.: Изд-во МГУ, 1994. – 286 с.

REFERENCES

- [1] Bim I.L. Teoriya i praktika obycheniya nemetskomy yazyku v sredney shkole. M.: Prosveshcheniye, 1988. 256 s. [in Rus.].
[2] Baryshnikov N.V. Metodika obucheniya vtoromy inostrannomy yazyku v shkole. M.: Prosveshcheniye, 2003. 159 s. [in Rus.].
[3] Lyaudis V. Innovatsionnoe obuchenije: strategiya i praktika. M.: Izd-vo MGU, 1994, 286 s. [in Rus.].

ШЕТЕЛ ТІЛДІК ЛЕКСИКАЛЫҚ DAҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КОГНИТИВТІ-КОММУНИКАТИВТІ ТӘСІЛ

Гмызина Г.Н., п.ғ.к., доцент,
Бондарчук В.В., магистрант,
И.Н.Ульянов атындағы УлМПУ,
Ульяновск, Ресей, e-mail: gng13@mail.ru

Тірек сөздер: лексикалық дағды, когнитивті тәсіл, коммуникативті тәсіл.

Аңдатпа. Бұл мақалада жоғары оқу орындарының тіл мамандарына шетел тілінің лексикалық дағдыларын қалыптастырудың тиімді тәсілдері қарастырылады. Шетел тілі факультетінің 3-курс студенттерімен «Адам және кино» тақырыбына байланысты когнитивті-коммуникативті тәсілдерінің ұстанымдары лексикалық дағдыны қалыптастыруға арналған кешенді жаттығулар жасалынып, олар апробациядан өткен. Зерттеу когнитивті-коммуникативті дағдыларын оқыту барысында қолданғандықтан студенттер лексикалық материалдарды жоғары деңгейде меңгерген. Негізгі берілген тапсырмаларды басқа елдің өкілдеріне қолдануға болады.

Статья поступила 19.02.2017 г.

FORMATION OF COMMUNICATIVE COMPETENCE THROUGH STUDENT-CENTERED TEACHING ON THE LESSON OF THE KAZAKH LANGUAGE

Tungatova L.Zh., senior lecture,
Khamimuldinova L.Zh., senior lecture,
Kazakh Ablai Khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: tungatova@mail.ru

Keywords: communicative competence, development of the personality, increase in interest, spiritual qualities, understand each other.

Abstract. The article discusses formation of communicative competence. The main direction of reorganization in an education system is development of the personality. Now importance of knowledge of Kazakh has increased. Kazakh can observe increase in interest as a state language. And, the most important, people of different age, and pupils want to teach language. Therefore at the present stage the main objective of training is forming of communicative competence. Communicative competence creates spiritual qualities at the personality, helps people to understand each other.

ӘОЖ 378.14

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖЕКЕ ТҮЛҒАҒА БАҒЫТТАП ОҚИТУ АРҚЫЛЫ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тұңғатова Ғ.Ж., аға оқытушы,
Хамимұльдинова Л.Ж., аға оқытушы,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: tungatova@mail.ru

Тірек сөздер: қатысымдық құзыреттілік, жеке тұлғаны дамыту, жеке тұлғаға бағытталған, мемлекеттік тіл, белсенді қызығушылық, рухани өсу, сөйлеп үйрену

Аңдатпа. Мақалада студенттерде қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру қарастырылады. Білім беру жүйесіндегі қайта құрудың негізгі бағыты – жеке тұлғаны дамыту. Қазіргі кезде қазақ тілін білудің маңыздылығы жоғарылай түсті. Қазақ тіліне мемлекеттік тіл ретінде қызығушылықтың артқанын байқауға болады. Әр түрлі жастағы тіл үйренушілер, ең бастысы, сөйлеп үйренгілері келеді. Сондықтан да қазіргі кезеңде тілді үйретудегі негізгі мақсат қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады. Қатысымдық құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдардың бір-бірін түсіне білуіне көмектеседі.

Білім беру жүйесіндегі қайта құрудың негізгі бағыты – жеке тұлғаны дамыту. Ф.Ш.Оразбаеваның айтуынша, «жоғары мектепте сапалы білім беру нәтижесінде қалыптасатын дара тұлға – қазіргі заман талаптарына жауап беретін, халықаралық стандартқа сай білімді меңгерген, өз ана тілі мен өзінің тарихын жетік білетін, коммуникативтік қарым-қатынасты бірнеше тілдерде емін-еркін жүзеге асыра алатын» жеке тұлғаны дамыту бүгінгі күннің талабы [1]. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту – топтағы әрбір жеке адамның білігі, қабілеті ескеріле отырып, тілді меңгеруіне, лингвоелтанымдық

өрісінің кеңеюіне қолайлы, оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ететін әдістердің, ұйымдастыру формаларының, технологиялардың жиынтығын оқытуда пайдалану дегенді білдіреді, яғни топта қанша адам болса да, олардың әрқайсысының тұлғалық ерекшелігіне қарай сабақтың барысын, әдістемелік тәсілдерді бейімдеу керек болады. Сонымен қатар педагог өз жұмысында заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана білуі керек, ал білім алушы өз кезегінде өзін тұлға ретінде сезініп, оқытушының назарында болуы тиіс. Тек қана пікірлес педагогтар осы тұлғаны, тұлғалық қасиеттерді, тұлғалық дамуды және өзін-өзі дамытуды бір-бірімен байланыстыруға қабілетті болады [2].

Жеке тұлғаға бағыттап оқытудың басты мақсаты – студенттердің өзін-өзі жүзеге асырудың, өзін-өзі дамытудың, өзін-өзі тәртіпке келтірудің және өзін-өзі тәрбиелеудің негіздерін дамыту болып табылады, мұның өзі олардың өздігінен жеке тұлға болып қалыптасуына және адамдармен, табиғатпен, мәдениетпен, өркениетпен өзара сұхбаттасуына қажет. Жеке тұлғаға бағыттап оқыту төмендегідей ұстанымдарға негізделеді:

- жеке белсенділігі;
- жеке даралығы;
- субъектілігі;
- таңдай алуы;
- шығармашылығы мен табысы;
- сене білуі және қолдай білуі.

Қазіргі кезде қазақ тілін білу маңыздылығы ешкімде күмән туғызбайды. Сонымен бірге қазақ тіліне мемлекеттік тіл ретінде қызығушылықтың артқанын байқауға болады. Әр түрлі жастағы тіл үйренушілер, ең бастысы, сөйлеп үйренгілері келеді. Сондықтан да қазіргі кезеңде тілді үйретудегі негізгі мақсат қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады. Қатысымдық құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды бірін-бірі түсіне білуіне көмектеседі. Қатысымдық құзыреттілігі қалыптасқан студент екінші адамға, жолдастарына белгілі бір ақпаратты жеткізіп қана қоймай, өз ойын түсіндіре алады, олардың пікірін ұға, түсіне біледі. Ертеңгі заман талабы - жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан «жеке тұлғаны» тәрбиелеу. Студент «жеке тұлға» болып қалыптасуы үшін оның бойында әртүрлі жағдаят бойынша берілген мәселелерді анықтай алатын, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзін-өзі бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге

септігін тигізетін құзыреттіліктер, жалпы алғанда, жеке адамның құзыреттіліктері қалыптасуы қажет.

Қатысымдық құзыреттілік тілдік, сөйлеу, әлеуметтік-мәдени, компенсаторлық және оқу-танымдық құзыреттіліктердің белгілі бір деңгейі ретінде қарастырылуы тиіс, бұл студенттерге жағдаятқа сәйкес өзінің мінезін өзгертуге мүмкіндік береді [3].

Заманауи оқытушының алдында күрделі міндет тұр: студентті тек қана сөйлеуге емес, сонымен бірге сол тілде ойлауға да үйрету. Қатысымдық тәсіл ауызша сөйлеу және жазба, тыңдау және оқу дағдыларын, яғни барлық тілдік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, сонымен бірге грамматика оқытылып, лексикалық қор толықтырылады. Алайда оқытудың мақсаты тілдік жүйені оқыту емес, сөйлеу әрекетін мәдениетаралық қатысым ретінде меңгерту болып табылады, өйткені тіл - мәдениеттің бір бөлігі, ол белгілі бір мәдениет шеңберінде қызмет етеді [4]. Сондықтан, тілді үйрету барысында үйреніп жатқан тілдің мәдени ерекшеліктерімен, тілдің мәдениеттегі қызметімен таныстыру қажет. Бұл жерде елтану құзыреттілігін қалыптастыру туралы айтылады. Өйткені әлеуметтік мәдени білімді бермейінше, қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру мүмкін емес. Тілді үйретудің негізгі мақсаты - мәдениетаралық қатысымда қарым-қатынас жасағысы келетін және оған қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Сөйлесуге, тек сөйлеу кезінде, тыңдауға тыңдай отырып, оқуға оқи отырып үйренуге болады.

Қатысымдық әдістің негізгі ұстанымдарының бірі - оның функционалдылығы, студенттердің тілді үйренуі оған не беретінін жете түсінуі. Тілдік әрекеттің сөйлеу әрекетімен тығыз байланысты үш: лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жағы бар. Яғни сөздерді олардың осы болмысынан тыс меңгеруге болмайды: сөздер де, грамматикалық формалар да олардың қызметі кезінде меңгеріледі. Мысалы, тіл үйренушілерге біреуден бір нәрсені сұрау, наразылығын немесе ниетін, таңданысы мен қарсылығын, ойды құптауы немесе құптамауы ұсынылады, осылайша ол сұхбаттасушыны әрекетке итермелейді. Осындай сұхбаттар барысында қажетті лексикалық және грамматикалық материал меңгеріледі, яғни лексикалық бірліктер мен грамматиканы меңгерту барысында оның формасы емес, олардың атқаратын қызметі маңызды болып табылады [5].

Тілді үйрету кезіндегі негізгі мақсат - сабақ үстінде қолайлы психологиялық ахуал туғыза отырып, ынтымақтастықта сұхбаттасу, тілдік кедергілерді жою, студенттерді еркін және дұрыс сөйлеуге

үйрету. Адамдар бір-бірінен қабілеттерімен, оқу және сөйлеу әрекеттерін жүзеге асыра алу шеберлігімен, жеке қасиеттерімен ерекшеленеді. Сондықтан да сабақта студенттердің жеке қасиеттерімен олардың ерекшеліктері, тілді білу деңгейі ескерілуі тиіс. Белгілі бір тапсырманы орындау кезінде студенттерге жұмыс түрін таңдап алуға мүмкіндік берілуі керек. Кейбір студенттер жеке өзі жұмыс істегісі келеді де, кейбір студенттер өздерін топтық жұмыс барысында жақсы сезінеді. Тәжірибе көрсеткендей, көбінесе студенттер топтық жұмыс түрін таңдайды, өйткені жұмыстың бұл түрінде топтың алдында ортақ мақсат, ортақ міндет тұрады, жеке жауапкершілік пен жетістікке жету үшін бірдей мүмкіндік бар. Өйткені оның мақсаты - жарыс ұйымдастыру емес, студенттерді ынтымақтастықта жұмыс істеуге үйрету. Топтағы ортақ жетістік әрқайсысының қосқан үлесіне байланысты, яғни әр студент жұмысының өз бөлігіне жауапкершілігін сезінуі тиіс және сұхбаттастарынан көмек сұрауға мүмкіндігі бар. Топтық жұмыс барысында студенттердің жауабын бағалау кезінде оларды бір-бірімен салыстырып қана қоймай, әрқайсысының өз мақсатына жету жолы бағаланады. Топта тапсырма студенттің қабілетіне қарай беріледі. Егер топтағы студентке жазбаша тапсырма берілмесе, онда ол материал табуға көмектеседі немесе ауызша айтады, т.б. яғни топ жұмыс жасаған кезде студенттерге ортасында суреті бар қиындылар немесе қағаздар таратып беріледі, студенттер суреттің қиындыларын жинақтап, толық бір сурет жасайды. Соның нәтижесінде шағын топтар құрылады. Шыққан сурет тапсырманың басы ғана. Енді әр топқа тақырыппен байланысты суреттер беріледі. Сол жерде берілген сөздер мен сөз тіркестерді пайдалана отырып, сұхбат құрастырулары керек. Топтағы нашар оқитын студентке сөздікпен жұмыс істеуге мүмкіндік беріледі, ал жақсы оқитын балалар құрайтын сұхбат туралы өз идеяларын айтады. Олар тек сұхбат құрастырып қана қоймай, сұхбат бойынша көрсетілім әзірлейді. Басты шарт: сұхбатқа барлық студенттер қатыстырылуы тиіс. Топ сұхбатты айтып болған соң, оларға сол жағдаят бойынша ақпаратты анықтаңыздар деген тапсырма беріледі. Мәселен, «Спорт» тақырыбын оқытқан кезде студенттерге спорттың нақты түрі бейнеленген сурет, сондай-ақ тірек сөздер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер жазылған үлестірмелі карточкалар ұсынылады. Жұмысты аяқталған соң спорттың нақты бір түрі туралы ақпарат беріліп, қорытынды жасалады.

Жеке тұлғаға бағыттап оқыту әр студентке өзін көрсетуге мүмкіндік береді, ал бұл шынайы уәждеме тудырады. Осылайша, сабақ үстінде уәждеме тудыруға болады. Уәжді қалыптастыру дегеніміз ең алдымен, студенттерде оқуға деген ішкі қызығушылықтың тууына жағдай

жасау, студент оны өзі де сезінуі керек. Уәжді қалыптастыру үшін сабақ үстінде тапсырма түрлерін өзгертіп тұру, жаңа нәрселерді ұсыну керек. Мысалы, жаңа сөйлеу жағдаяттарын, жаңа ақпаратты беру, студентті ізденуге, шығармашылыққа итермелеуі әбден мүмкін. Жаңа нәрселер (айтылыстар, сұхбаттар, мәтіндер және т.б.) жаттандылықтан бас тартуға үйретеді, студенттің сөйлеу шеберлігін дамытады, оқуға қызығушылығын арттырады. Бұрын шет тілін тек жаттау арқылы үйренуге болады деген пікір қалыптасқан. Егер біз үнемі: «Жаттап келіндер», «Сұхбатты жаттап алыңдар», «Мәтінді оқып мазмұнын айтып беріңдер», т.с.с. тапсырмаларды бере берсек, студенттер сабаққа деген қызығушылығын тез жоғалтып алады. Көп материалдарды механикалық түрде жаттап алу сөйлеуге үйретпейді. Бұның басқа жолы бар – бұл еріксіз немесе өздігінен есте сақтау. Студенттер жаттап алыңдар деген тікелей тапсырма алмайды– ол өздігінен материалмен жұмыс істеу барысында жанама түрде іске асады. Сөйлеуге үйрету барысында өмірде кездесетін кез келген жағдайға бейімдеу үшін үнемі сөйлеу жағдаяттарын, мысалы, қатысушыларды, міндетті, сұхбаттасушыны, тақырыпты және т.б. өзгертіп тұру керек .

Тәжірибе көрсеткендей, қазіргі заманғы жоғары оқу орнының студенттері пайдаланылған әдебиеттермен өздігінен жұмыс істеуге шорқақ болып келеді, көбінесе олар мәтіннің мазмұнын айтумен шектеледі. Алайда жоғары оқу орнында оқитын студент тек берілген мәтіндерді ғана оқып қоймай, өздігінен көп ізденіп, зерттелетін материал туралы толық ақпарат алуы тиіс, өз ойын, көзқарасын нақты мысалдар келтіре отырып дәлелдей алуы, сондай-ақ әртүрлі көзқарастарды салыстыра білуі, айтылған көзқарасқа қатысты жағымды пікір айтуы, мәтіндегі негізгі басты ойды көрсете білуі, айтылған көзқарастарды сынай білуі тиіс.

Берілген жағдаяттар шынайы, шартты, қияли, ертегілер сюжетінен алынуы мүмкін. Ең бастысы, олар тіл үйренушілердің жасына және олардың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келуі тиіс. Жағдаяттар нақты болса, онда студенттің жауаптары да нақты болады. Студенттерге абстрактілі және түйткілді жағдайларды жиі ұсыну қажет. Студенттер сөйлеу клишелерін пайдалана отырып, берілген жағдаяттармен кейде келісе, кейде қарсы шыға отырып, өз пікірлерін айтады, көзқарастарын білдіреді. Сондықтан сабақ үстінде мәселені талқылау шынайы өмірде кездесетін жағдайларға ұқсас болып келгені жөн. Оны нақтылау үшін белгілі бір орынды немесе уақыты көрсетілген жағдаятты суреттерді іліп немесе интерактивті тақта арқылы көрсетіп қоюға болады. Студенттер жағдаятты жандандырып, «өзі арқылы өткізу» маңызды болып табылады, яғни берілген жағдаяттар тұлғаға

бағытталу керек. Бұл тілді үйрену тиімділігін арттырады, өйткені бұл жерде зиялылықпен қатар эмоциялар да қатысады. Жағдаятты жандандыратын да, оны тұлғалық тұрғыдан маңызды ететін де сол рөлді ойнайтын студент. Сөйлеуге үйретудің тағы бір барабар тәсілдерінің бірі әр түрлі көріністерді (дайындалып, дайындалмай көрсету, ролдік ойындар) ұйымдастыру болып табылады.

Оқытудың негізгі түрі – бірлескен жұмыс, ортақ мүдде. Тәжірибелер көрсеткендей, тек өзі қызығып жұмыс істейтін адам ғана басқаларды қызықтыра алады. Елтанымдық және тілдік материалдардың көлемі өте үлкен, сондықтан барлығын меңгерту мүмкін емес. Осыны ескере отырып, оқытушы материалды дұрыс таңдап, студенттер болашақта өз өмірлерінде пайдалана алатын, мазмұнды, болашақта барлығына бірдей танымның көзі бола алатын қажетті нәрселерді ұсынуы керек. Сабақ үстінде тіл үйренушіге қатысы жоқ, олар өмірде қолданбайтын ақпараттардан гөрі олардың әрқайсысының жеке өмірі және қызметімен тығыз байланысты мәселелерді талқыласа, ол тіл үйренушілердің қызығушылықтарын арттырады, қажеттілік тудырады. Тілді меңгеру үшін, тілді оқып-үйрену емес, оны қолдана білуге дағдылана білу керек. Сабақтың мазмұндылығы қатысымдық мәселелерді шешуге бағытталған сөйлеу әрекетінің барлық түрлеріндегі қарым-қатынастың мазмұнын үлгілеу арқылы қамтамасыз етіледі. Ұсынылатын мәселелер студенттің жас ерекшеліктеріне және жеке қызығушылықтарына сай болуы тиіс. Бұлардың негізінде жаттығулар жатыр. Қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру барысында жаттығулар сипатына қарай сөйлеуге бағытталған жаттығулар болуы тиіс. Яғни сабақтарда шартты-тілдік және тілдік жаттығуларды көптеп беруге болады.

Шартты-тілдік жаттығулар – дағдыны қалыптастыруға арналған арнайы жаттығулар, мұндай жаттығулардың ерекшелігі - тақырыпқа қажетті сөздердің қайталануы. Осындай жаттығуларды орындағанда студенттер, бірінші кезекте, тілдік міндетті шешулері тиіс. Мысалы, «Қазақстанның көрнекі жерлері» тақырыбын өткен кезде студенттерге белгілі бір көрнекі жер бейнеленген сурет және сол суретке тапсырма беріледі. Бірінші студентке мынадай тапсырма: досыңызға бұл не, ол қай жерде орналасқан, ол несімен әйгілі /қызықты/ екенін айтыңыз. Екіншісіне: «Рас па?», «Шын айтасың ба, ол ...?», «Солай ма?» деген сұрақтарды пайдалана отырып, досыңыздың айтқандарына өз күдігіңізді білдіріңіз.

Тілдік жаттығуларда студент ойлауға бағытталған тапсырмалар беріледі. Онда студенттер белгілі бір оқиғаны немесе іс-әрекетті баяндап, кейіпкердің жүріс-тұрысын, сыртқы келбетін немесе мінезін сипаттап, оларға өз көзқарасын білдіреді. Әрине қатысымдық

құзыреттілікті қалыптастыру үшін бұндай тек қана шартты-тілдік және тілдік жаттығуларды орындау жеткіліксіз екенін естен шығармау керек. Студенттерге өз пікірін, ойын, жеке көзқарасын тудыратын белгілі бір мәселелерді, түйткілді мәселелерді, оны шешу жолдарын табуға мүмкіндік берілуі тиіс. Студент жауап берген кезде мазмұнына баса назар аударуы тиіс: не айту керек, ақпаратты қалай жеткізу керек, жауапты қалай қайтару керек, тіпті осы мәселеге жауап қайтару керек пе еді.

Сабақты жоспарлаған кезде шынайы жағдаяттар жасалуы тиіс. Шынайы өмір жағдайындағы сияқты емін-еркін сөйлесе алу – тілді жақсы меңгергендіктің белгісі.

Қатысымдық әдістеме сөйлеу дағдысын тез меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл әр түрлі тақырыптарда жеке өзі сөйлеу, типтік сұхбаттарды және сөйлеу үлгілерін меңгеру арқылы жүзеге асады. Мұнда бірінші орында нақты сөйлеу үлгілері тұрады. Сабақтың негізгі бірліктері мен бұл әдістеменің оқыту стратегиясы - сөйлеу актісі.

Сабақ үстінде оқулықтағы жағдаяттардан да басқа қосымша үлестірмелі материалдар беріледі: диалог, монолог құрастыруға арналған жағдаяттар жазылған карточкалар (топтық жұмысқа); тақырыпқа сай суреттер (жеке өзі); жаңа сөздер мен грамматиканы жаттықтыру үшін сөйлеу үлгілері жазылған сызбалар, т. б.; қосымша аутентикалық материалдар (карталар, плакаттар, фотосуреттер, газеттер, журналдар, аудиожазбалар және т. б.). Сабақ үстінде жұптық, топтық жұмыстар жиі ұйымдастырылуы тиіс, шығармашылық тапсырмалар, жобалар жиі берілгені жөн, сабақтың мақсаты мен түріне қарай студенттер бір орнында отырмай, дәрісхананың ішінде еркін жүреді, сұхбаттасу кезінде серіктесін ауыстыра алады. Сабақта барлығы бірдей белсенді жұмыс істейді. Мысалы, «Ойлан, тап» деген ойынды жиі ойнатқан дұрыс. «Ұлы адамдар» тақырыбын өткен кезде образға еніп, атын атамай, белгілі бір адам туралы айтып беруге тапсырма беріледі, ал қалғандары оны табуы тиіс.

Қатысымдық тәсіл ғылымилық, жүйелілік, саналылық, белсенділік, теорияның тәжірибемен байланыстылығы, көрнекілік және қолжетімділік үдерістеріне жауап береді. Студенттің жас, жеке, тұлғалық ерекшеліктері ескеріледі. Студенттер белсенділік танытып, тақырыпты ойындар, еліктеу және емін-еркін қарым-қатынас үстінде меңгереді. Жетістікке жету үшін барлық жағдай жасалады, тілдік білімнен гөрі тұлғаның өзін-өзі көрсете алуы маңызды, студенттер сынға ұшыраймын, қате жіберемін деп қорықпайды, өйткені жекелеген жағдайларда ережеден ауытқу немесе кездейсоқ қателер жіберуі әбден мүмкін. Тұлғаға бағыттап оқыту студенттерге ынтымақтастықта,

жағымды ахуалда жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Жаңашылдық және жағдаяттық оқытуды пайдалану студенттерге белсенділік, шығармашылық танытуға, монологтік және диалогтік сөйлеу дағдысын дамытуға, жетілдіруге мүмкіндік береді және қарым-қатынас және мәдениет деңгейін арттырады. Нәтижесінде, студенттердің оқуға уәждемесі артып, қызығушылық туындайды.

Оқытушы да, өз кезегінде, жаңа әдістемелік міндеттерді шеше отырып, үнемі шығармашылық ізденісте болады, сонымен кәсіби деңгейін көтереді.

Сонымен, қатысымдық әдістің артықшылықтары көп және оң нәтиже береді: тілді үйренуге қызығушылық тудырады, сабақты түрлендіруге септігін тигізеді, студенттердің мәдениетаралық білімін арттырып, қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға негіз болады.

Қатысымдық міндеттер қамтылған тілдік жаттығулар:

Хабарлау

1. Ата-анаңызға өзіңіз жақында ғана мүшелікке өткен жастар ұйымы туралы айтып беріңіз.

2. Өз топтастарыңызға кейінгі кезде баспасөз құралдарында белсенді түрде талқыланған оқиға туралы ақпарат беріңіз.

3. Өзіңіздің сүйікті (әртіс, сазгер, жазушы, ғалым т.б.) әншіңіздің өмір жолы мен шығармашылығымен таныстырыңыз.

4. Шетелдік достарыңызды Қазақстан Астанасының көрікті жерлерінен хабардар етіңіз.

5. Өзіңіздің ініңізге (қарындасыңызға) біздің университетте оқу қалай өтетіні туралы айтып беріңіз.

Түсіндіру

1. Әңгімелесу кезінде өзіңіздің ауырып қалған досыңызға дәрігердің кеңесіне құлақ асудың қаншалықты маңызды екенін оған түсіндіріңіз.

2. Тауға барғыңыз келді. Өзіңіздің кішкентай ініңізді тауға бірге алып бара алмайтыныңызды оған түсіндіріңіз.

3. Өзіңіздің топтасыңызға университеттің ішкі тәртіп ережелерін сақтау қажеттігін түсіндіріңіз.

4. Ұлыбританиядан келген достарыңызға өз қалаңызды, өз еліңізді неге мақтан ететініңізді түсіндіріңіз.

Құптау

1. Сіздің топтасыңыз Студенттік бастама орталығына мүшелікке енгенге шешім қабылдады. Оның жасаған таңдауын мақұлдаңыз.

2. Университетте оқу кезінде кәсіпті меңгеруде өте қиналған досыңыз алғашқы жетістікке жетті. Оны мақтаңыз.

3. Сіздің достарыңыз салауатты өмір салтын ұстануға бел байлады. Олардың шешімін құптаңыз.

4. Осы телехабардың ойлы әрі танымдық екендігі туралы пікір айтқан достарыңызды қолдаңыз.

5. Осы фильмді жасаған адамдарға тамаша қойылым мен сипатталған тартымды оқиға үшін алғыс білдіріңіз.

Айыптау

1. Осы көрнекті адамдардың аты жақын арада ұмытылады деген достарыңызбен пікір таластырыңыз.

2. Сіздің кәсібіңіз қызық емес және болашағы жоқ деген туысқандарыңыздың пікіріне қарсы дау айтыңыз.

3. Тек қана көңіл көтеретін телехабарларды тамашалайтын немесе көретін танысыңызды сынаңыз.

4. Қыздар мен жігіттердің арасында нағыз достық болмайды деп ойлайтын құрдастарыңыздың пікірін жоққа шығарыңыз.

5. «Денсаулыққа ерте кезден көңіл бөлу керек» дейді ата-бабаларымыз, ал сіздің достарыңыз басқаша ойлайды. Олармен дауласыңыз.

6. Өзіңіздің таныстарыңызбен ауылдағы өмірдің көлеңкелі және күнгей тұстарын талқылап жатырсыз, ауылдағы өмірді түкке тұрғысыз деп сынаған олардың пікіріне қарсы дау айтыңыз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Шоган В.В. Технология личностно-ориентированного урока. – Ростов-на-Дону, 2007. – 78 с.

[2] Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі. - А., 2009. – 98 б.

[3] Пасов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М., 1988. – 17 с.

[4] Коньшева. А.В. Современные методы обучения английскому языку. – Минск, 2007. - 186 с.

REFERENES

[1] Shogan V.V. Tehnologie lichnostno-orientirovannogo uroka. Rostov-na-Donu, 2007. 78 s. [in Rus.].

[2] Orazbaeva F.Sh. Til alemi. A., 2009. 98 b. [in Kaz.].

[3] Konysheva A.V. Sovremennje metodi obuchenia angliskomu jaziku. Minsk, 2003. 17 s. [in Rus.].

[4] Passova E.I. Kommunikativnyi metod obuchenia inoyazichnomu govorenyu. M., 1988. 186 s. [in Rus.].

**ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ЧЕРЕЗ
ЛИЧНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ НА УРОКЕ
КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА**

Тунгангатов Г.Ж., ст. преп,
Хамимильдинова Л.Ж., ст. преп,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: tungatova@mail.ru

Ключевые слова: коммуникативная компетентность, развитие личности, повышение интереса, духовные качества, понять друг друга.

Аннотация. В статье рассматривается необходимость формирования у студентов коммуникативной компетентности. Основным направлением реорганизации в системе образования является развитие личности. В настоящее время важность знания казахского языка увеличилась. Можно наблюдать повышение интереса казахскому языку как государственному языку. И, самое главное, люди разных возрастов, и ученики хотят учить язык. Поэтому на современном этапе основной целью обучения является формирование коммуникативной компетентности. Коммуникативная компетентность формирует у личности духовные качества, помогает людям понять друг друга.

Статья поступила 18.02.2017 г.

**PECULIARITIES OF EDUCATIONAL-COGNITIVE MOTIVATION OF YOUNG
SCHOOLCHILDREN IN FOREIGN LANGUAGE TRAINING**

Sembina D., master student,
Kazakh Ablai Khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: dina@mail.ru

Keywords: motivation, educational and cognitive motivation, motivation of junior schoolchildren, educational activity, teaching, foreign language, internal motivation, external motivation.

Astract. The article examines the peculiarities of the educational and cognitive motivation of younger schoolchildren in the teaching of a foreign language. Specific features of the educational and cognitive motivation of younger schoolchildren in the early learning of a foreign language are: the prevalence of broad social motives that gradually lose their significance. The formation of innate motives for learning aimed at acquiring new knowledge, mastering new ways of acting in the field of study subjects.

ӘОЖ 378.147

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЕРТЕ ЖАСТАН ШЕТЕЛ ТІЛІН
ОҚЫТУДАҒЫ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ МОТИВАЦИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Сембина Д., магистрант,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: dina@mail.ru

Тірек сөздер: мотивация, оқу-танымдық мотивация, бастауыш сынып оқушыларының мотивациясы, оқу іс-әрекеті, оқыту, шетел тілі, ішкі мотивация, сыртқы мотивация.

Андатпа. Мақалада бастауыш сынып оқушыларына ерте жастан шетел тілін оқытудағы оқу-танымдық мотивацияның ерекшеліктері қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларына ерте жастан шетел тілін меңгерудің оқу-танымдық мотивациясының ерекшеліктері болып: бірге-бірге өз мәнін жоғалтып отырған кең әлеуметтік мотивтерді меңгерту болып саналады. жаңа білімді және оқылып жатырған оқу пәндерінің аясында жаңа әрекет тәсілдерін меңгеруге бағытталған оқудың ішкі мотивтерін қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мекемелеріндегі шетел тілінің оқытылуы 2015-2016 оқу жылына дейін екінші сыныптан басталды, тек 2016-2017 оқу жылынан бастап қана бірінші сыныпта ағылшын тілі оқытыла бастады. Алайда, біз өз зерттеуімізде бұл проблеманы екінші сыныптан бастап қарастырамыз, өйткені, осы жастағы оқушылар тілді меңгеруге үлкен ықыласпен кіріседі, ал бұл оларға басқа жас топ ерекшеліктеріндегі оқушылармен салыстырғанда аз күш пен уақыт жұмсай отырып, жаңа тілде сөйлеудің ерекшеліктерін меңгертуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар шетел тілін оқыту бастауыш сынып оқушыларының ана тілінде сөйлеуінің дамуына, танымдық қабілеттерінің дамуына, жалпы оқу іскерліктерінің қалыптасуына жағымды әсер ететін коммуникативтік қабілеттерін дамытуға ықпал жасайды.

Шетел тілі пәнінің әрекеттік сипаты әлемді тұтас, эмоционалды, белсенді қабылдайтын бастауыш сынып оқушыларының табиғатына сәйкес келеді. Бұл осы жастағы балаларға тән іс-әрекет түрлеріне шеттілдік сөйлеу әрекетін қосуға және әртүрлі пәнаралық байланысты орнатуға мүмкіндік береді.

Шетел тілінің негізгі міндеті коммуникативті құзыретті, яғни тілді меңгерушілердің тілдік тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынасты жүзеге асыруға дайындығы пен қабілеттілігін қалыптастыру болып табылады.

Бастауыш сыныптағы ағылшын тілінің пән ретіндегі ерекшеліктері:

- пәнаралық (шетел тілінде сөйлеу түрлі білім салаларынан ақпарат алуға мүмкіндік береді, мысалы әдебиет, өнер, тарих, география, математика және де баланың ой-өрісін кеңейтетін басқа да салалар);

- көпдеңгейлік (бір жағынан тілдік аспектілермен байланысты әртүрлі тілдік амалдарды меңгеруі қажет: лексикалық, грамматикалық, фонетикалық; екінші жағынан сөйлеу әрекетінің төрт түріндегі іскерліктерді меңгеруі қажет);

- функционалдық (білімнің түрлі салаларындағы білімді меңгеру құралы ретінде және оқыту мақсаты ретінде алға шығады).

Шетел тілі – осы тілді меңгеруші халық мәдениетінің маңызды


элементі және оны басқаларға таратушы құрал бола отырып, оқушыларда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді. Шетел тілін меңгеру оқушылардың гуманитарлық білім деңгейін жоғарылатады, жеке тұлғаның қалыптасуына және оның әрдайым өзгеріп отыратын әлемнің шарттарына әлеуметтік бейімделуіне ықпалын тигізеді.

И.А.Зимняя өз жұмысында шетел тілінің ерекшеліктерін қарастыра отырып, оны басқа оқу пәндерімен салыстырады [1]. Ол шетел тілінің оқу пәні ретінде бірнеше ерекшеліктерін бөліп көрсетеді (Кесте 1).


Шетел тілі оқушылардың лингвистикалық ой-өрісін кеңейтеді, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылардың жалпы сөйлеуінің дамуына көмектеседі. Бұл жерде оқушылардың филологиялық білімінің негіздерін қалыптастыратын барлық тілдік оқу пәндерінің өзара байланысы көрініс алады.

Бастауыш сыныпта шетел тілін оқытудағы негізгі мазмұндық үш бағытты бөліп көрсетуге болады (Кесте 2).

Кесте 1 – Ағылшын тілінің пән ретіндегі ерекшеліктері



Кесте 2 - Бастауыш сыныпта шетел тілін оқытудағы негізгі мазмұндық үш бағыт



Аталған мазмұндық бағыттар өзара тығыз байланысты. Оқытудың белгілі бір кезеңінде шетел тілін меңгерудің нәтижесін көрсететін коммуникативтік іскерліктер негізгі бағыт болып табылады. Коммуникативтік іскерліктер тілдік дағдыларды, сонымен қатар, сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу барысында оларды қолдана білу дағдыларын меңгеруді талап етеді. Сонымен тілдік білімдер мен дағдылар жоғарыда айтылған күрделі коммуникативтік іскерліктердің бір бөлігі болып табылады. Коммуникативті құзыретті қалыптастыру әлеуметтік мәдени білімдермен тығыз байланысты болып келеді.

Барлық аталған үш негізгі мазмұндық бағыт өзара байланысты және олардың біреуі болмаса «Шетел тілі» пәнінің бірлігі бұзылады. Шетел тілін оқыту үдерісінде бірнеше мақсаттар жүзеге асырылады (Кесте 3).

Кесте 3 – Шетел тілін оқыту процесінде жүзеге асатын мақсаттар



Бастауыш сыныпта шетел тілін топтық оқыту оқушының оқуға мотивациясының қалыптасуына әрдайым оң әсер ете бермейді. Осыған байланысты ұлы оры педагогы К.Д.Ушинскийдің: «Шетел тілін оқыту баланың бойына, рухани табиғатына туған тілі терең тамыр жаймай тұрып,

ешқашан тым ерте басталмауы қажет. Бұл тұрғыдан келгенде шетел тілін үйретуде қандай да бір уақытты белгілеуге болмайды» деген ой-пікіріне тоқталуға болады. К.Д.Ушинскийдің бұл көзқарасы қазіргі таңға дейін өз мәнін жоғалтпай отыр. Бала шетел тілін үйренуде, яғни сөйлеу әрекетінің жаңа түрімен танысу барысында бұрын соңды кездестірмеген жаңа проблемалармен кездесіп отырады.

Егер бұрын оқушылар тарапынан шетел тілін оқуға қызығушылық байқалмаса, соңғы жыдары өмірдің өзі шетел тілін үйренуді талап етіп отыр. Әлемді өз бетінше тану, аудармашысы бар топтардың саяхатының кереметтілігі, сондай-ақ халықаралық бизнесті бірігіп жүргізу және интернетті пайдалану шетел тілін үйренудің қажеттілігін арттыра бастады. Шетел тілін білу кәсіби іс-әрекеттің негізгі компоненті болып табылады және демалысты қызықты өткізуді қамтамасыз етеді. Шетел тілін білу адамның шығармашылық қалыптасуында және саяхатта, қарым-қатынаста, еңбекте толық қанағаттануына ықпалын тигізеді. Шетел тілін білу адамның шетел компанияларына жұмысқа орналасуына көмектеседі. Осы себептен мектептегі тілдің оқытылуы оқушылардың да, ата-аналардың да назарын аудартып отыр және мұғалімнің білім беруге жауапкершілік деңгейін жоғарылатып отыр.


Дегенмен ересек адамның тілді оқуға деген ынтасы баланың тілді меңгеруіне ықпал ете бермейді. Білімді қолдана білу мотиві күнделікті оқудағы қиындықтарды жеңуде әрдайым көмекке келе бермейді. Оқушылар шетел тілін үйренуге кіріскенде бірде бір мұғалім оқушылардың ағылшын тілі пәніне қызығушылығы жоқ деп айта алмайды. Бірақ оқытудың екінші жылында қызығушылық бәсеңдей түседі. Осыдан келіп, оқушылардың әр сабақ сайын, тіпті сабақтың әр кезеңі сайын мотивтерінің маңыздылығы жөнінде мәселе туындайды.

Бастауыш сынып оқушыларының мотивтерінің тұрақталу деңгейін білу мақсатында анықтау эксперименті жүргізілді. Құнды тұрақты бағыттарды анықтау үшін бірін-бірі толықтыратын әдістемелер қатары қолданылды: әңгіме, анкета, бақылау. Анкета нәтижесі бастауыш сыныпта оқу мотивациясы негізгі болып табылмайтындығын, оқушылардың материалдық және отбасылық құндылықтарға мән беретіндігін дәлелдейді. Сол себепті бастауыш сынып оқшыларының құндылық бағдары жүйесінде кең әлеуметтік мотивтер басты орын алады.

Л.И.Божовичтің көзқарасы бойынша «Бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінің негізгі түрткісі болып оқушылардың іс-әрекетке жағымды көзқарасын анықтайтын әлеуметтік мотивтер ерекше орын алады» [2]. Бастауыш сынып оқушыларының санасын қалыптастыруда мынадай кең әлеуметтік мотивтер маңызды: өзін-өзі жетілдіру мотиві (мәдениетті болу), өзін-өзі анықтау мотиві (мектептен кейін оқуды жалғастыру, жұмыс істеу). Бала оқудың қоғамдық маңызын түсінеді және бұл жағдай мектептегі оқуға тұлғалық даярлықты қалыптастырады. Бұл мотивтер – әлеуметтік ықпалдың нәтижесінде дамып отырады.

Анықтау экспериментінің келесі кезеңі жеке пәндерді оқытудағы мотивация деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді. Бірінші кезекте бізді бастауыш сынып оқушыларына оқытылатын пәндер арасындағы шетел тілі пәнінің орны туралы мәселесі қызықтырды. Зерттеу ашық сауалнама әдістемесі бойынша жүргізілді. Сауалнама нәтижесі оқушылардың шетел тілін үйренуге қызығушылығы жоғары емес екендігін көрсетті. Бірінші орында математика пәні, одан кейінгі орындарда ақыл-ойға үлкен күш салмайтын дене шынықтыру, сурет салу пәндері, төртінші орында – мәтінді оқу, бесінші орында – ритмика сабағы, тек алтыншы орында ғана – ағылшын тілі сабағы тұр.

Жеке пәндерді оқуға деген мотивациясының өсу деңгейінің жалпы қорытындысы келесі диаграммада көрсетілген (Сурет 1).



Сурет 1 – Бастауыш сынып оқушыларының аса жоғары бағалайтын пәндері (%)

Өткізілген зерттеудердің нәтижесінде мынадай қорытынды шығаруға болады:

Бастауыш бастауыш сынып оқушыларының жалпы тұлғалық бағдар жүйесіндегі оқу мотивациясы өте жоғары орын алады. Бірақ шетел тілін оқуға деген мотивация өте төмен деңгейде, мотивтердің төмендеуі тілді үйренуге қызығушылықтың азаюын, сабақтың әдістемелік өңдеуінің жеткіліксіздігін дәлелдеп отыр.

Мұғалім оқушыға білім беруде оқушының білімді меңгерудегі іс-әрекетіне жете мән бермейінше, білім беру процесі жақсы нәтижеге қол жеткізбейтіндігін психологтар дәлелдеп берді. Оқушылардың оқу әрекетіндегі негізгі мотив қоршаған әлемді тану мотиві болуы керек. Сол себепті оқушылар қоршаған әлемді танудың амалдары мен әрекеттерін меңгеруі тиіс және олардың өзін тұлға ретінде жетілдіру мотивтері бірінші орында тұруы керек. Сондықтан адамның ішкі қажеттіліктерін, оның қызығушылықтарын, эмоциясын, мақсат-міндеттерін іс-әрекетті белсендіруге бағытталған мотивтер санын көрсететін мотивацияның рөлін атап өткен жөн.

Ағылшын тілін оқытудағы мотивацияның жетекші рөлін мойындай отырып, мұғалім мектеп қабырғасында мотивацияны қалыптастырудың амалдары мен тәсілдерін нақты ұғынуы қажет. Мотивация проблемасын қарастыруда және оны қалыптастыру жолдарын іздестіруде оны қарапайым ұғынуға жол берілмеуі керек. Мотивацияны қалыптастыру – бұл мұғалімнің оқушыларға оқытудың мақсаты мен мотивтерін дайын күйінде беру емес. Мотивтерді қалыптастыру – бұл ең алдымен оқушының оқуға деген ниетін оятуға жағдай жасау және оқушылардың оны түсінуі, болашақтағы мотивациялық сферасының дамуы болып табылады. Шет тілдік мәдениетті меңгеруде ешқашан немқұрайлылық танытпау керек, ол үшін іс-әрекетті атқаруға оқушыларға қандай мотивтер ықпал ететінін анықтап отырған жөн. Оқушыларға қозғаушы

күш беретін аса құнды мотивтерді толық түсінетіндей жағдайға жеткізу маңызды.

Мотивацияның қалыптасуы – оқытудағы өте маңызды және күрделі процесс болып табылады, оны үздіксіз құрудың шарты болып оқу іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру, яғни ағылшын тілін оқыту процесін, әсіресе, оның дұрыс ұйымдастырылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Жетістікке жету мотивінің қалыптасуына алғышарттар мектеп жасына дейінгі кезеңде басталады. Бастауыш сынып кезеңінде қажетті мотивация бекітіліп, тұлғалық тұрақты мінездің қалыптасуымен аяқталады. Бірақ бұл бірден пайда болмайды, тек бастауыш сынып кезеңінің соңына қарай, шамамен үшінші-төртінші сыныптарда көрініс береді. Оқыту барысында бұл мотивті іске асыруға қажетті басқа да тұлғалық мотивтер қалыптаса бастайды. Осылайша, бастауыш сынып балаларының ересек адамдарға, мұғалімдерге кіршіксіз сенімі, оларға бағынуы және еліктеуі мектепке келген сәттен ұлғая бастайды. Бұл жастағы балалар ересек адамның беделін толығымен мойындайды. Сөзсіз оның бағаларын қабылдайды. Бастауыш сынып оқушысы өзіне жеке тұлға ретінде сипаттама беруде ересек адамның өзіне берген сипаттамасын қайталайды.

Бұл осы жаста қалыптасатын өзін-өзі бағалау сияқты маңызды тұлғалық қасиетке тікелей байланысты. Ол үлкендердің балаларға берген бағасына және оның іс-әрекеттегі жетістіктеріне тікелей қатысты болып келеді. Бастауыш сынып оқушылары мектепке дейінгі балаларға қарағанда өзіне-өзі баға берудің бірнеше түрлерімен кездеседі, атап айтар болсақ, олар адекватты, жоғары және төмен.

Сыртқы өзара әрекетке сенімділік пен ашықтық, тыңдаушылық пен орындаушылық баланы жеке тұлға ретінде тәрбиелеуге жақсы жағдай жасайды, бірақ ересек адамдар мен мұғалімдерден үлкен жауапкершілікті, өздерінің сөздері мен әрекеттеріне мұқият болуды талап етеді.

Баланың жетістікке жетуіне мүмкіндік беретін мақсат қоя білу мен мінез-құлықты ерікті реттеу көптеген балалар үшін маңызды болып табылады. Бастауыш сынып кезеңдерінде баланың әрекеттерін саналы бақылау – балаларды мінез-құлқын басқара алатын, ұзақ мерзімді мақсат қоя білетін деңгейге жетеді. Әсіресе, бұл жағдай балалар ойынында немесе өз қолымен дүниелер жасауда анық көрінеді. Сонда олар бірнеше сағаттар бойы тартымды және сүйікті іспен айналыса алады. Мұнда іс-әрекет мотивтеріне бағынатын тенденциялар көрініс алады: мақұлданған мақсат пен туындап отырған талап балаларды басқа істерге назар аударқызбай, мінез-құлқын реттеп отырады..

Бастауыш сынып оқушыларының жетістікке жету мотивациясының даму ерекшеліктерін түсіну барысында жетістікке жету мотивациясын

өлшеудің теориясы мен әдістемесінде көрініс табатын жағдайды ескеру керек. Адамның табысқа жетуінде бір емес екі мотивтің байланысы бар екені байқалады: *олар жетістікке жету мотиві және сәтсіздікті болдырмау мотиві*. Бұл аталған екі мотив мектепке дейінгі балаларда ойын кезінде, ал бастауыш сынып оқушыларында оқу процесінде қалыптасады.

Жетістікке жету мотивіне ықпал ететін екі тұлғалық сапаны атап өткеніміз жөн: олар өзін-өзі бағалау және талаптар деңгейі. Жалпы психологиялық эксперименталды зерттеулер жетістікке жету мотиві басым және сәтсіздіктен болдырмау мотиві төмен мүмкіндігі шектеулі балалардың өзін-өз жоғары бағалай алатындығын және өзіне жоғары деңгейде талаптар қоя білетіндігін көрсетіп отыр. Сол себепті балалардың жетістікке жету мотивін дамыту процесінде өзін-өзі бағалауға және баланың өзіне қоятын талаптар деңгейіне мән берген жөн.

Баланың өзіне талап қою деңгейі сабақтағы немесе қандай да бір іс-әрекеттегі жетістіктерімен ғана шектелмейді, сонымен қатар баланың ұжымда және балалар тобында құрдастарымен өзара әрекет барысындағы алатын орнына тікелей байланысты болып келеді.

Бастауыш сынып оқушыларында ойын, оқу, еңбек әрекеттері негізінде жинақталған тәжірибе жетістікке жету мотивін дамытады. Алты және он бір жас аралығындағы балалардың кейбір кемшіліктерін басқа бір әрекетке қызықтыру арқылы толықтыруға болады. Өте күрделі жағдай 10-12 жастағы балалардың ойлау процесін зерттеу болып табылады (ерік-жігер мен қабілеттерді байланыстыру негізіндегі түрлі мәліметтерді түсіндіру). Олай болса, мектептегі бастауыш сынып жасы (1-4 сынып) баланың өте маңызды тұлғалық ерекшеліктерін қалыптастыратын және бекітетін кезең болып табылады. Бұл тұлғалық ерекшеліктер тұрақтала отырып, баланың іс-әрекет түрлеріндегі жетістіктерін анықтайды.

Шет тілін үйренуді бастайтын бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекеті қиын көпдеңгейлі мотивтер жүйесіне сүйенеді және соның негізінде реттеліп отырады. Оқу әрекетіндегі мотивтер оқушының не үшін оқып жүргендігін көрсетеді.

Шетел тілін оқып-үйренуді бастаған балалар қоршаған ортада жаңа орынға ие болу мотивімен байланысты «оқушының ішкі позициясын» көрсететін және осыған байланысты қоғамдық мәнді және қоғамдық бағалы әрекеттерді орындайтын кең әлеуметтік мотивтерге ие болады: «Шетел тілі менің әрі қарайғы оқуыма және болашақ мамандығыма

қажет»; «Әрбір білімді адам шетел тілін білуі керек деп есептеймін». Мектептегі алғашқы кезеңде аталған мотивтер балаларды оқу әрекетін меңгеруге және оған деген қызығушылықты арттыруға итермелейді.

Дегенмен кең әлеуметтік мотивация ұзақ уақыт оқудың негізі болып тұра алмайды, ол уақыт өте келе өз мәнін жоя бастайды. Екінші сыныптың соңына қарай оқушылардың көп бөлігінде ішкі позиция жүзеге аса бастайды және балалардың өзінің мектептегі міндеттеріне жауапкершілігі азаяды. Бұл жағдайды мынадай себептермен түсіндіруге болады: пәннің жаңалығы жойылады, балалар сабақ барысында шетел сөздерін үйренгенімен, шетел тілінде ән салғанымен оны іс жүзінде қолданбағандықтан сабақ қызықсыз бола бастайды, сонымен қатар материалдың қиындауы, барлық балалардың шетел тілінде берілген материалдың көлемін меңгеріп кете алмауы және т.б.

Оқу мотивациясының төмендеуі жалпы оқу іс-әрекетіне және балалық шақта танымдық қажеттілік пен қызығушылықтың табиғи даму барысына кедергісін келтіреді. Бастауыш сыныпты бітіру соңына қарай танымдық іс-әрекеттің күрделі формаларына өтуге мүмкіндік беретін оқу мотивациясы дамуының жаңа деңгейі көрініс алады.

Жоғарыда аталған мәліметтер бастауыш сыныпта танымдық мотивация қажетті деңгейде табылмайтындығын көрсетеді және бастауыш сыныптарда шетел тілін оқыту өте күрделі болып табылатындығын дәлелдейді.

Кең әлеуметтік мотивацияға П.М.Якобсон жан-жақты сипаттама береді: «Кең әлеуметтік мотивация оқу процесінде оқушының Отан алдындағы және өзіне жақын, қымбат адамдар алдындағы азаматтық борышын терең сезінуі, мәдени құндылықтарды меңгеруі, адамдарға жақсылық жасау ниетінің пайда болуы, өмірден өз орнын табуы сияқты көқарастармен тікелей байланысты». Сондықтан оқушылар шетел тілін жастардың түрлі форумдарына қатысу үшін меңгеруі мүмкін..

Сыртқы мотивацияның екінші көрінісі – тар көлемді мотивация болып табылады. Тар көлемді мотивация шетел тілін меңгеруде өзін-өзі бекіту, ал кейде тұлғалық ізгілікті қалыптастыру жолы ретіндегі көзқарасты анықтайды. Бұл жерде кең көлемді адамгершілік жоспар орын алады: азаматтық мотивтен тар көлемді мотивке дейін. Мысалы, «Менің аудармашы болғым келеді, себебі бұл мамандық беделге ие» (Бұл жақсы жұмыс, ол адамдарға қарым-қатынас жасауға көмектеседі), «Қандай да бір шетелдік фирмада жұмыс жасағым келеді: жалақысы жақсы жұмыс». Сонымен қатар жағымсыз мотивация да көрініс

беруі мүмкін: «Маған шетел тілі ұнамайды, бірақ жақындарым оны маған қажет деп есептейді; олар өздері шетел тілін білмегесін менің білгенімді қалайды».

Сыртқы мотивация оқу нәтижесіне жетуге бағытталған алыс мотивация болып табылады. Соған қарамастан оқу процесіне ықпалы өте күшті болып келеді. Ол ең басында, кейде шетел тілін оқытуға дейін оқушылардың «маңызды тапсырмаларды» орындауын көздейді.

Адамның мотивациялық-ынталандырушылық сферасына ішкі мотивация деп аталатын іс-әрекеттің өзі әсер етуі мүмкін. Оны жиі процессуалды мотивация деп те атайды. Ол өте жақын, әрі өзекті болып табылады. Сондықтан оқу процесі оқушылар сабақтың әр кезеңінде қажеттіліктерін қанағаттандыра алатындай, өзін жайлы сезінетіндей етіп құрылуы тиіс. Бұл аталған қажеттіліктер ішкі мотивацияның келесідей әртүрлі көрінісімен сәйкес келеді: коммуникативті, тілдіктанымдық, инструменталдық (С.Т.Григорянның ұсынуы бойынша).


Оқу мотивациясының күрделі жүйесі бірқатар мотивтер топтамасынан тұрады (Кесте 4).

Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын зерттеу оқудың аталған мотивтерінің арасында балаларда кең әлеуметтік мотивтер (33,2) мен өзін-өзі анықтау мен өзін-өзі жетілдіру мотивін («көп білгім келеді, білім болашақта маған көмектеседі»), сонымен қатар бірінші кезекте мұғалім алдындағы жауапкершілікті сезіну мотивін (мұғалімнің тапсырмасын тез әрі бұлжытпай орындауға тырысамын) меңгеретіндігін көрсетіп отыр. Бірақ бұл мотивтер оқуға жалпы мән бергенімен олардың көпшілігі балалардың күнделікті өмірінде шынайы іске аса бермейді. Бастауыш сынып оқушылары үшін дәстүрлі оқыту барысында оқу іс-әрекетінің негізгі мотиві - баға болып табылады (73,8). Оқу мазмұнымен байланысты оқу-танымдық мотивтер бастауыш сынып оқушылары көрсетіп отырғандай жетекші орын алмайды (21,8) және оқу іс-әрекетінің жетекші шынайы әрекеттік ықпалы ретінде көрініс бермейді.

Оқу-танымдық мотивация бастауыш сынып оқушыларының оқуға ынтасын оятатын негізгі фактор болып табылмайтындығына қарамастан, осы мотивтер тобы бастауыш сынып оқушыларында көптеген маңызды өзгерістерді бейнелейді: бірінші сыныптан үшінші сыныпқа дейін оқу іс-әрекетінің мазмұнымен байланысты мотивтердің көлемі өседі («Бәрін білгім келеді», «Сабақта жаңа нәрсе білгенді ұнатамын», «Мұғалімнің қызықты нәрсе айтқан кезі ұнайды»). Бұл

балалардың танымдық қызығушылықтарын дамытады жеке оқу пәндеріне деген қызығушылықты оятады. Атап өтетін жайт, кейбір балаларда бастауыш сыныптың соңына қарай бұл қызығушылық тұрақты мінез-құлық сапасын қалыптастыруға әсер етуі мүмкін.

Кесте 4 - Оқу мотивациясының күрделі жүйесіндегі мотивтер топтамасы



Алайда, бастауыш сыныптың соңына қарай оқу мазмұнына деген өсіп келе жатқан қызығушылықпен қатар, танымдық іс-әрекет процесімен байланысты мотивациясының үлесі төмендейді («Сабақта талдап, ойланғанды ұнатамын», «Қиын тапсырмаларды шешкен ұнайды»). Осыған байланысты сабақтан тыс уақытта көптеген балаларда тапсырмаларды орындау барысында интеллектуалдық іс-әрекеттің процессуалдық жағына қызығушылық арта түседі.

Әдістемелік жұмыстарды зерттеу және оқушыларды бақылау негізінде келесі кесте құрастырылды (Кесте 5).

Кесте 5 - Шетел тілін оқытудағы мотивация түрлері

| Ағылшын тілін оқытудағы мотивация түрлері | Ортақ қабылданған мотив | Практикалық (шынайы) мотивтер, бақылау нәтижесі бойынша |
|---|--|--|
| Сыртқы: | | |
| 1. Кең әлеуметтік мотивация | <ul style="list-style-type: none"> • Әрбір білімді адам ағылшын тілін білуі тиіс (жалпы даму үшін және шетел тілінің әлемде кең таралғаны үшін) • Ата-анам тілді біледі, менің де олар сияқты тілді білгім келеді. • Оқу бағдарламасы болғандықтан оқимын, жақсы баға алғым келеді • Сыныптастарымнан кем болғым келмейді. • Мұғалімді ренжіткім келмейді. | <ul style="list-style-type: none"> • Ағылшын тілін білмейінше шет тілдік жарнамаларды, маңдайшаларды оқу мүмкін емес. • Ағылшын тілі орыс тіліне қарағанда маған көбірек ұнайды себебі онда жана және қызықты нәрсе көбірек. • Мұғалім үшін сабақ ұнайды. |
| Ішкі: | | |
| 2. Жеке тұлғаның даму перспективасымен байланысты мотивация | <ul style="list-style-type: none"> • Болашақта қажет болатындықтан оқимын. | <ul style="list-style-type: none"> • Ағылшын тілі институтта (жұмыста, өмірде) керек болып қалу мүмкін. |
| 3. Коммуникативтік мотивация | <ul style="list-style-type: none"> • Сыныпта шетел тілінде сөйлескенді ұнатамын. • Ағылшын тілі пәні қызықты, басқа мотивтер туралы ойланбаймын. • Ағылшын менің оқудан тыс қызығушылықтарымды қанағаттандыру құралы ретінде қызмет етеді (компьютер, интернеттегі электронды байланыс, видео және қазіргі әуендер). | <ul style="list-style-type: none"> • Ағылшын тілінде хат жазуды үйренгім келеді. • Ағылшынша хат оқығанды ұнатамын. • Басқа елдің балаларымен хат алмасқым келеді. |
| 4. Оқу іс-әрекетінде туындайтын мотивация | <ul style="list-style-type: none"> • Ағылшын тілі сабақ ретінде қызықтырады: мәтін аударғанды, жаңа сөздерді жаттағанды, жаттығу орындағанды, оқудағы сәттілікті сезінгенді ұнатамын . | <ul style="list-style-type: none"> • Ойнағанымыз ұнайды. • Ағылшын сөздері есімде тез жақталады. • Таппақ жаттаған ұнайды. • Сабаққа карточкалар, суреттер дайындағанды ұнатамын. |

Қорыта келгенде, бастауыш сынып оқушыларына ерте жастан шетел тілін меңгертудің оқу-танымдық мотивациясының ерекшеліктері болып:

- бірте-бірте өз мәнін жоғалтып отырған кең әлеуметтік

мотивтерді меңгерту болып саналады. Екінші сыныптың соңына қарай оқушылардың көпшілігінде ішкі позиция жүзеге асады және балалар өздерінің мектептегі міндеттеріне жауапкершілігі азая бастайды.

- жаңа білімді және оқылып жатырған оқу пәндерінің аясында жаңа әрекет тәсілдерін меңгеруге бағытталған оқудың ішкі мотивтерін қалыптастыру (оқу-танымдық) болып табылады. Сыртқы мотивация нақты нәтижеге қол жеткізуді көздейді. Ішкі мотивация оқу процесіне күшті ықпалы бар. Ол үшін жоғарыда айтылғандай, оқу процесінің әр кезеңі қойылған мақсаттаға жететіндей етіп ұйымдастырылуы қажет.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Зимняя И.А. Педагогическая психология. - Ростов н/Д.: Феникс, 1997. - 480 с.
[2] Божович Л.И. Проблема развития мотивационной сферы ребенка. - М., 1972. - 132 с.

REFERENCES

- [1] Zimnyaya I.A. Pedagogicheskaya psikhologiya. Rostov n/D.: Feniks, 1997, 480 s. [in Rus.].
[2] Bozhovich L.I. Problema razvitiya motivatsionnoy sfery rebenka. M., 1972, 132 s. [in Rus.].

ОСОБЕННОСТИ УЧЕБНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ МОТИВАЦИИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Сембина Д., магистрант,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан, e-mail: dina@mail.ru

Ключевые слова: мотивация, учебно-познавательная мотивация, мотивация младших школьников, учебная деятельность, учения, иностранный язык, внутренняя мотивация, внешняя мотивация.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности учебно-познавательной мотивации младших школьников при обучении иностранного языка. Специфическими особенностями учебно-познавательной мотивации младших школьников при раннем обучении иностранному языку являются: преобладание широких социальных мотивов, постепенно утрачивающих свою значимость; формирование внутренних мотивов учения направленных на приобретение новых знаний, освоение новых способов действий в области изучаемых учебных предметов.

Статья поступила 20.02.2017 г.

**SUBJECT – PROCEDURAL ASPECTS OF THE CONTENT OF
COMMUNICATIVE COMPLEXES IN FOREIGN LANGUAGE TEXTBOOKS**

Kyzaibay G.A., master student,
Kazakh Ablai khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulzat.555@mail.ru

Keywords: cognitive – linguocultural complex, intercultural communicative competence, subject – procedural aspects of the content of communication complexes, approaches.

Abstract. This article is devoted to the importance of considering subject and procedural aspects of the cognitive – linguocultural complexes as a basis of a modern foreign language textbook content. Additionally, it points out that the selection and construction of the foreign language textbook’s content should be realized with the use of methodological approaches in order to form intercultural communicative competence of the future specialist. It also examines the formation of intercultural communicative competence on the basis of the foreign language textbooks to improve the level of foreign language skills in the formation of intercultural communicative sub competences, with regard to the teaching methods and technologies.

ӘОЖ 81’1(075.8)

**ШЕТЕЛ ТІЛІ ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ҚАТЫСЫМДЫҚ КЕШЕНДЕР
МАЗМҰНЫНЫҢ ПӘНДІК – ПРОЦЕССУАЛДЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Қызайбай Г.А., магистрант,
Абылай хан атындағы ҚазХКжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: gulzat.555@mail.ru

Тірек сөздер: когнитивтік–лингвомәдени кешен, мәдениетаралық қатысым күзiреттiлiгi, қатысымдық кешендер мазмұнының пәндiк–процессуалдық аспектілері, ұстанымдар.

Андапта. Бұл мақала қазіргі заман арнайы шетел тілі оқулығы мазмұнын құрастыруда когнитивтік–лингвомәдени кешеннің пәндік және процессуалдық аспектілерін негізге алу маңыздылығын қарастырады. Сонымен қатар, болашақ маманның мәдениетаралық қатысым күзiреттiлiгiн қалыптастыру мақсатында арнайы шетел тілі оқулығы мазмұның іріктеп, құрастыруды әдістемелік ұстанымдар арқылы жүзеге асыру мәселесі қозғалады. Студенттердің мәдениетаралық қатысым күзiреттiлiгiн арнайы шетел тілі оқулығы негізінде қалыптастыруда шетел тілін меңгерудің мәдениетаралық қатысымдық деңгейін қалыптастыратын субкүзiреттiлiктерiн, әдiс–тәсiлдерiн және оқытудың технологияларын ескере отырып құрастыру жайы талқыланады.

Қазіргі уақытта мәдениетаралық қатысымдық күзiреттiлiгi жеткілікті деңгейде қалыптасқан, мәдениет диалогының шарттарына лайықты мәдениетаралық қатысымдық мінез құлығы бар, бимәдени тұлға секілді мәдениетаралық қатысым субъектісін дайындау басты мақсат болып табылады. Ал оқулық білім берудің бірден бір құрамдас бөлігі болғандықтан, осы мақсатқа жету жолында шеттілдік білім

берудің жетекші теориясы мен жаңа әдіснамасын қолдана отырып жаңа буын оқулықғын құрастыру өзекті мәселе.

Оқулық мазмұнында Құнанбаева С.С. ұсынған когнитивтік – лингвомәдени кешен бейнелейтін қарым – қатынас үлгісінің пәндік мазмұны когнитивтік – лингвомәдени кешеннің компоненттік құрамы арқылы бірыңғай оқыту блогы ретінде құрастырылуы тиіс. Оның құрамында: 1) типтік қатысымдық салалар; 2) тақырыптық мәтіндік бірліктер құрамы (жалпы тақырып пен мәселеге біріктірілген мәтіндердің композициялық жанрлық түрлері); 3) типтік жағдаяттар және оларды үлгілеу түрлері (қарым – қатынастың стандарттық емес шарты); 4) қатысымдылыққа бағытталған тапсырмалар (мәселелік сипаттағы қатысымдық тапсырмалар, жаттығулар, қарым – қатынасқа түрткі болатын мәселелер, тіл және сөз материалдары қарым–қатынастың лингвистикалық негізі ретінде) болады [1].

Оқулық мазмұны технология, әдістер мен тәсілдердің мақсатты нұсқауларына сәйкес меңгеріледі, олардың ішіне ақпараттық технологиялар, жағдаятты талдау технологиялары (кейс стадилар), жоба, креативтік ойын және т.б. кіреді.

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-де шеттілдік білім беру бойынша дайындалған нормативтік құжаттарда шеттілдік білім берудің пәндік мазмұнының түрлі аспектілерін деңгейлеп құрастыру үлгісінің мысалдары беріледі. Біріншіден қатысымның екі түрі (ауызша және жазбаша) бойынша пәндік мазмұнды деңгейлеп құрастыру, екінші когнитивтік–лингвомәдени кешеннің компоненттік құрамының өзара байланысын үлгілеу, үшінші тілдік және шеттілдік білім берудегі оқу деңгейінің халықаралық бейімделген салыстырмалы үлгісі.

Жаңа когнитивтік–лингвомәден кешендерді меңгеруге бағытталған мазмұнның пәндік аспектісі негізі мазмұнның жинақталған бірлігі болып табылады, ол Құнанбаева С.С. ұсынған әдіс шеңберінде

- «тақырыптық кешен» (Н.К. Стамғалиева) оқу материалын тақырыптық–контекстінде ұйымдастыру, бұл жерде «контекстік оқыту» болашақ кәсіби қызметтің «пәндік» және әлеуметтік мазмұны реінде түсіндіріледі [2].

- «қатысымдықфункционалдық блок» (А.Б. Тыныштықбаева), кәсіби–маңызды білімдер мен қатысымдық дағдыларды қалыптастырады [3].

- «тақырыптық–мәтіндік бірлік» (Д.Н. Кулибаева) оқу материалдарының мағыналы–функционалдық тақырыптық бірлестігі [4].

- «тақырыптық–ақпараттық модуль» (А.Т. Чакликова), ақпараттық–

коммуникациалық технологиялардың техникалық мүмкіндіктері арқылы ақпараттық материалдардың мағыналы–функционалдық тақырыптық бірлестігін ұсыну [5].

- «аймақтық–концепт» (П.К. Елубаева), аймақтанушының мәдениетаралық–қатысым құзіреттілігінің жалпымәдени кәсіби сөздік қорын кеңейтудің негізін салады, бағдарлаушылық негіздер мен меңгерудің шынайы тәжірибесін және мәдениетаралық–қатысым құзіреттілігін білім алуда, квазикәсіби және нақты кәсіби қызметінде жүзеге асыра алуы [6] және т.б. болып анықталады.

Жоғарыда аталған әдістеме ғылымындағы әдістемелік ұстанымдар мен бағыттардың өзгеру үдерісі, педагогикалық мамандарды даярлауға арналған арнайы шетел тілі оқулығының құрылымы мен мазмұнының заңды түрде өзгеруіне септігін тигізеді.

Сонымен, қазіргі заман шетел тілін оқыту әдістемесінің “білім беру мазмұны” категориясында пәндік және процессуалдық екі мазмұн аспектілері бөлініп көрсетіледі [7]. Д.Н. Кулибаева өз жұмысында тұлғаға бағытталған қатысымдық амал кезіндегі қарым–қатынас іс–әрекетін ұйымдастыруға бағытталған білім беру мазмұнының процессуалдық аспектісі келесідей кезеңдерден тұрады:

1) *мотивациялық–болжамды*, қайта бағдарлау арқылы қарым–қатынасқа (тікелей және жанама) деген бейімділік пен дайындық;

2) *орындау кезеңі*, бұл жерде білім алу мен қарым–қатынас іс–әрекетін ескере отырып, келесідей кезеңдерге бөледі: а) орындаушылық–репродуктивті іс–әрекет, репродуктивті (жаттықтыру) деңгейінде оқу материалдарын меңгеруді қалыптастыру; ә) орындаушылық – қабылдау іс – әрекеті, тыңдалым мен оқу дағдыларын қамтамасыз етеді; б) орындаушылық – нәтижелі іс–әрекеті, сөйлеу және жазу дағдыларын қалыптастырушы; сонымен қатар, тұлғаға бағытталған қатысымдық амал негізінде аталып кеткен орындаушылық іс–әрекеттер тапсырмаларды шешуді жоспарлауда, тәсілді таңдауда, олардың бірізділігін және т.б. ұжыммен немесе жекеленген түрде білімдерді қолдану арқылы шешуді ұсынады;

3) *бақылау–бағалау кезеңі*, алынған нәтижеге бақылау және өзін–өзі бақылау жасау, керек кезде бақылау мазмұнына түсініктеме беру;

4) *еркін қарым–қатынас кезеңі*, алдыңғы кезеңдерде қалыптасқан нәтижелі – тілдік дағдылардың қарым – қатынас кезінде бірге қолданылуы.

Аталып өткен білім беру мазмұнының процессуалдық кезеңдерін арнайы шетел тілі оқулығында жүзеге асыру шеттілдік білім берудің түпкі мақсаты мәдениетаралық қатысым құзіреттілін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Соңғы кездегі шеттілдік білім берудегі көпвариантты білімнің даму үрдісіне байланысты шетел тілін оқыту мазмұнының пәндік аспектісі қарқынды түрде жасалуда. Осыған байланысты, шеттілдік білім берудің белгілі бір түрінің мақсатты міндеттеріне жауап беретін шетел тілін оқытудың пәндік мазмұнының басты компоненттері негізінде оны түрлендіру іске асырылуда. Шеттілдік білім берудің заманауи мақсаттарына барынша сәйкес келетін және жалпы қабылданған шетел тілін оқытудың пәндік мазмұнының басты компоненттері ретінде Д.Н. Кулибаева келесілерді атап өтеді:

– өзінің құрамына: а) шеттілдік білім берудің мақсатты міндеттеріне байланысты анықталатын қатысымдық қарым – қатынас сфераларын; ә) қарым–қатынас тақырыбы мен мәселесі; б) қарым–қатынас жағдаяттары кіретін тіл мен қарым – қатынастың пәндік мазмұны;

– тілдік қатысымға дайындық пен шетел тілін қатысым құралы ретінде қолдана алуы қамтамасыз ететін тілдік және сөйлеу материалдары;

– шет тілін оқытудың мақсатты білім беру міндеттеріне байланысты құрылымы анықталатын мәдениетаралық қарым қатынас дағдылар кешені.

Сондықтан, мәдениетаралық қарым–қатынасқа қатысушыларға тең дәрежедегі әріптестікке мүмкіндік беретін, педагогикалық кадрларды дайындауда шетел тілін оқытудың мақсатты мазмұны қатысымдық сфералар санының кеңейуі есебінен қиындайды. Педагогикалық кадрларды дайындаудағы арнайы шетел тілі оқулығына арналған шеттілдік білім берудің пәндік мазмұны мәдениетаралық қатысым күзиреттілігінің ары қарай дамыту мақсатымен, сонымен қатар, кәсіби бағытталған және ғылыми бағытталған шетел тілінің деңгейлі оқытылу міндеттерімен айқындалады.

Д.Н. Кулибаева өзінің «Шетел тілін оқытудың оңтайластырылған деңгейлі үлгісі» жұмысында шеттілдік білім берудің пәндік мазмұның іріктеу ұстанымдарын екіге бөліп қарастырады. Біріншісін қазіргі заман шетел тілін оқытудың әдістемесін көрсететін негізгі ұстанымдар жиынтығы. Шеттілдік білім берудің (біздің жағдайда арнайы шетел тілі оқулығы) мазмұның іріктеудің негізгі ұстанымдары:

– шеттілдік білім берудің қатысымдық – іс–әрекеттік негізі ұстанымы;

– шеттілдік білім берудің мәдениетаралық – қатысымдық бағыттылығы ұстанымы;

– шетел тілін оқытудың тұлғаға – бардарланған ұстанымы;

– білім беру мазмұнының пәнаралық байланысы мен біртұтастылық ұстанымы.

Келесі ұстанымдарды шеттілдік білім берудің арнайы ерекшеліктерін айқындайтын арнайы ұстанымдар деп қарастырып, келесілерін жатқызады:

– шетел тілін оқытудың пәндік мазмұнының түпнұсқалылық ұстанымы;

– “Шетел тілі” пәні мазмұнының мәдениетаралық басымдылық ұстанымы;

– қарым – қатынас пәнің тәжірибеде қолдана алу ұстанымы;

– қарым – қатынас пәні мазмұнының ақпараттық мөлшерді сақтау ұстанымы;

– қатысымның рөлдік сипаты мен интерактивтілікті қамтамасыз етуге арналған мәселелік ұстаным;

– шетел тілін оқытудың пәндік мазмұның ұйымдастырудағы жағдаяттық ұстаным;

– шеттілдік білім беру мазмұны мен білім беру үдерісін ұйымдастырудағы концентрлік ұстаным;

– шетел тілінің пәндік мазмұнының кәсіби бағдарлылық ұстанымы;

– шетел тілін оқытудың мазмұнының ғылыми–тақырыптық бағыттылығы ұстанымы.

С.С.Құнанбаеваның пікірінше, қазіргі шеттілдік білім беру тұжырымдамасын жүзеге асыруда және оқыту стратегиясы мен тактикасын анықтауда өзіндік әдістемелік ұстанымдар қажет делінген. Бұл ұстанымдар «шетел тілі» пәнінің мазмұнын іріктеп құрастыруда және қазіргі шетел тілін оқыту үрдісін үлгілеуде, мәдениетаралық – қатысымдық компетенциялардың мақсаттарын олар анықтаған өзіндік әдістемелік ұстанымдар арқылы жүзеге асыруда қажет, олар:

– дискурсивтік ұстанымы;

– қарым-қатынас пәнін прагматикалық тұрғыдан негіздеу ұстанымы;

– шетел тілінің мазмұнын вариативтік тұрғыдан ерекшелеу ұстанымы;

– интегративтік ұстанымы;

– пән мазмұнының аутенттігі ұстанымы;

– проблемалық ұстанымы;

– жағдаяттық ұстанымы;

Кәсіби құзыреттілікті дамытуда осы ұстанымдарды ескеретініміз сөзсіз. Соның ішінде проблемалық ұстаным мен пән мазмұнының аутенттігі және жағдаяттық ұстанымға аса назар аударамыз.

Айрықша айтқанда, құзіреттілік – жеке тұлғаның құзіреттіліктерін меңгеру ерекшелігі (ерекшеліктерінің жиынтығы), белгілі бір ауанда тәжірибе жинақтай отырып, оны *болашақ кәсіби әрекетінде* қолдана алу қабілеті.

Қазіргі кезде, шеттілдік білім беруде мазмұнның процессуалдық аспекті біріншіден мәдениетаралық қатысымдық субқұзіреттіліктерді атқарушы фаза деп аталатын тақырыптық мәтіндік бірлік (ТМБ) мәнмәтінінде сатылай қалыптастырады.

Атқарушы фазаның ауызша қарым - қатынасқа қажетті үш сатылы құрылымы болады: атқарушы – рецептивтік саты; атқарушы – репродуктивтік саты; атқарушы – продуктивтік саты;

Қарым - қатынастың мәнмәтінге негізделген фазасы – бұл берілген мәнмәтінде мәдениетаралық қатысымдық құзіреттіліктерді көрсету болып табылады.

Сөз әрікетінің атқарушы репродуктивтік сатысында мета тілдік оқу материалын меңгеру мен оны қолдану дағдылары қалыптастырылады, оны өздерінің сөздерінде қолдану жаттықтырылады. Мамандыққа байланысты кәсіби мазмұндағы берілген мәтіндерді өзгертіп, саралау, дамыту, қарапайым талдау жасау секілді мақсатқа бағытталған қатысымдық тапсырмалар жүйесімен қамтамасыз етіледі. Сөз әрекетінің атқарушы – рецептивтік сатысында тыңдап түсіну мен оқу сияқты рецептивтік іскерліктер мақсатқа бағытталған қатысымдық тапсырмалар мен жаттығулар арқылы қалыптасады. Сонымен қатар, ТМК-ге зерттей оқу, таныса оқу, іздене оқу сияқты оқытудың негізгі түрлерін қалыптастыруға арналған мәтіндер енгізіледі. Атқарушы – продуктивтік әрекет сатысы монологтық және диалогтық сөйлеу түрлерінде қатысымдық іскерліктерді, жазу дағдыларын қалыптастырып, дамытуды қамтамасыз етеді.

Жоғарыда аталған үш атқарушы сатыдан тұратын мазмұнның процессуалдық аспектіінде Құнанбаева С.С. сүйенсек мазмұнның пәндік аспектілерінің келтірілген сатылары белгілі бір деңгейде өздерінің функционалды мазмұндық міндеттеріне орай келесідей бөлінеді:

- Ұғымдық – когнитивтік тақырыптық – мәтіндік білік және соған сәйкес сөз әрекетінің атқарушы – репродуктивтік сатысында жүзеге асырылады;

- Ақпараттық–аккумулятивтік тақырыптық – мәтіндік бірлік және соған сәйкес саты барлық деңгейде қамтамасыз етіледі, дегенмен ол сөз әрекетінің атқарушы – рецептивтік сатысында қалыптастырылады;

- Прагматикалық – репрезентациялаушы және соған сәйкес сөз

бен қарым - қатынастың атқарушы – продуктивтік сатысын жүзеге асырады, ТМБ-тің мәнмәтіндік қатысымдық сатысы еркін қатысым деңгейіне жетуді қамтамасыз етеді.

Атқарушы фазалар мен оларды қамтамасыз ететін сатылардығы әрекеттің келтірілген функционалды түрлері білім алушылардық мәдениетаралық қатысымдық құзіреттіліктерін әдістемелік жүйеде қалыптастыруда дайындық сатысынан кәсіби қарым - қатынасқа өтуде болашақ әрекеттің пәндік әлеуметік мазмұнының алғашқы үш сатысы жүзеге асырылады, атап айтар болсақ: ұғымдық – когнитивтік, ақпараттық – аккумулятивтік, прагматикалық - репрезентациялық.

Ақпараттық – аккумулятивтік сатыда кәсіпке байланысты сөздік қорды дамыту үшін және терминологиямен таныстыруға арналған қатысымдық тапсырмалар қолданылады. Олар тілдік жағынан және мағыналық жағынан мәтіндерді түсінуде туындайтын қиыншылықтардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті мағлұматтар береді. Ақпаратты мақсатты түрде іздеуге және жазбаша түрде бекітуге арналған тапсырмалар мәтінді құрастыруды түсіну үдерісін басқаруда маңызы зор. Бұндай тапсырмаларды әртүрлі кестелерді, диаграммаларды толтыру түрінде немесе жоспар құрастыру түрінде беруге болады. Осындай тапсырмалар қатысымдық құзіреттіліктің қалыптасуына септігін тигізеді, себебі олардың мақсаты ерекшеленген кілт сөздерге, тақырыпшаларға, қысқартылған немесе жеңілдетілген мәтіндерге, маңызды сөйлемдерді қайта тындауға байланысты жаттығуларға сүйеніп мәтіннің мазмұның аккумуляциялау болып табылады.

Зерделей оқу мәтіннің фрагменттерін таңдап оқуды білдіреді. Оқудың бұл түрінде оқушыларға кілт сөздер алдын ала беріліп, белгілі бір ақпаратты іздету арқылы белсенді оқуға дайындайды. Сонымен қатар, бұл кезеңде ақпараттық базаны кеңейту арқылы рецептивтік және репродуктивтік лексикалық іскерліктер қалыптасады. Бұл студенттердің назарын белгілі бір тақырыпқа, тақырыпшаларға бағыттайды, пәнге деген танымдық қызығушылығын арттырады, өз бетімен оқу стратегияларын дамытады, мамандық бойынша ақпараттар жиынтығы көбееді, сондай – ақ, когнитивті – қатысымды деңгейде ақпараттарды синтездеп, саралау үшін кәсіби мәселелер жайлы көбірек ақпараттар ауқымын қажет етеді. Аталып өткен тапсырмаларды орындау, өз кезегінде, кәсіби – маңызды ақпараттарды аккумуляциялау мен синтездеудегі қатысымдық іскерліктермен қатар өз бетімен ізденіс нәтижесінде қалыптасқан дағдыларды талап етеді.

Жаңа лексикалық бірліктерді қолдану дағдыларын қалыптастыруға арналған белсенді жаттықтыру жұмыстары мен фрагменттік мәтіндер мазмұнын түсінуді тексеруді ұйымдстырғаннан кейін қарым – қатынас пәні мазмұнының аналитикалық бағалауы өткізіледі. Ақпараттық – аккумуляциялық сатыда студенттер қатысымдық жаттығулар жасау арқылы келесідей қатысымдық міндеттер жүзеге асырылады: қажет ақпаратты іздеу және оның мазмұнын болжау; мәтіннің қысқартылған нұсқасын оқу; монологтық және диалогтық сөйленген сөздерді оқып, талқылау; прагматикалық мәтіндердегі терминологияларды талқылау.

Кәсіби – бағытталған сатыда кәсіби сөздік қорды қалыптастыру үшін мәтінді егжей – тегжейлі оқуға арналған қатысымдық тапсырмалар ұсынылады. Оны тапсырмаларда оқу түрі, орындау жылдамдығы және белгілі бір танымдық – қатысымдық тапсырмаларды шешу нұсқаулықтары беріледі. Егжей – тегжейлі оқу дегеніміз кәсіби – бағытталған аутентті мәтіндерді үйрене оқу мен үсіртін қарап оқудың кешенді бірлігі. Ол аз уақыт аралығында студент бойында мәтінде кездесетін жаңа кәсіби түсініктер жүйесін түсіну және бағалау іскерліктерін, алынған ақпаратты саралау және талқылау іскерліктерін дамытуға мақсатталады. Үйрене оқу кезінде метатілдік дағдыларды қалыптастыру ұсынылады, сонымен қатар жаңа арнайы – терминологиялық материалдар негізінде рецепттік (оқу кезінде түсіну) және репрезентациялаушы (анықтамаларды, мәтіндердің бөлігін немесе толықтай айта алу) іскерліктерін қатар қалыптастыру жөн деп саналады.

Ұсынылған тапсырмалар студенттердің кәсіби ақпараттарды алуына, бекітуіне, материалды терең меңгеруіне, сыни ойлауына және талқылауына бағытталған. Бұл сатыда студент мәтінде жай ғана түсінуден жаңа екінші ұқсас мәтінді құрастыруға бірізділікпен жайлап келеді.

Осы сатында қатысымдық тапсырмаларды орындау арқылы келесідей қатысымдық міндеттер іске асырылады: мамұндық – мәнді ақпаратты өңдеу; негізгі түсініктердің мағынасын айқындау; алынған ақпаратты бағалау мен кәсіби білімді саралау арқылы мәтіндегі негізгі сөйлемдерді қолдану; мәтіндегі басты мәселені қысқа сөйлемдермен жеткізу; материалдың меңгерілгенің ауызша және жазбаша түрде тексеру және бақылау.

Соңғы кәсіби – қатысымдық сатыда прагматикалық аутентті мәтіндер негізінде қатысымдық жаттығулар кері байланысты жүзеге асыру үшін қолданылады. Кері байланыс нәтижелерін қолдану шеттілдік білім берудің жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді.

Қатысымдық жаттығулар, бұл сатыда студенттердің қарым қатынас кезінде өз мәтіндерін құрастыра алуға негіз болады, сондай – ақ кері байланысқа бағытталған қатысымдық жаттығулар кәсіби маңызды мәселелердің шешімін табуға негізделеді. Тапсырмалардың бұндай түрі дискурсивті мәселелерді құрастыру іскерліктерін қалыптастырып қана қоймай, мәселені мақсатты түрде ары қарай талдап, шешімін табуды үйретеді. Осы сатыда қатысымдық жаттығуларды орындау арқылы келесідей қатысымдық міндетер жүзеге асырылады: білімдерді тереңдету және оларды тілік тәжірибеде қолдану; тақырыптық диалогтар, дискуссиялар, ролдік ойындар, дебаттар, іскерлік хаттар және басқа да жазбаша тапсырмалар.

Қорыта келе, арнайы шетел тілі оқулығы құрылымындағы жаттығулар студентті сыни тұрғыдан ойлауға үйрету үшін, шығармашылыққа баулу үшін кез – келген тапсырмалар белгілі – бір мәселені шешуге негізделгені жөн, сонымен қатар студенттер үшін тапсырмалар пратикалық құндылыққа ие болуы, күнделікті өмірмен, қоғаммен байланысты болуы қажет. Шетел тілін оқытуда қатысымдық, әлеуметтік – мәдени құзіреттіліктердің қалыптасуы студенттердің білімді де білікті, мәдениетті тұлға болуына бастама болатын маңызды компоненттердің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы, 2011. – 324 б.
- [2] Стамгалиева Н.К. Методика контекстно-центрированного обучения иностранному языку в неязыковом вузе. – Алматы, 1999. – 123 с.
- [3] Тыныштыкбаева А.Б. Методика формирования умений профессионального общения на иностранном языке у студентов технического вуза. – Алматы, 1999. – 21 с.
- [4] Кулибаева Д.Н. Опыт формирования международно-стандартных уровней владения иностранным языком. – Алматы, 2002. – 216 с.
- [5] Чакликова А.Т. Научно – теоретические основы формирования межкультурно – коммуникативной компетенции в условиях информатизации иноязычного образования. – Алматы, 2009. – 389 с.
- [6] Елубаева П.К. Моделирование компетентностного образования в формировании межкультурно – коммуникативной компетенции регионоведа. – Алматы, 2016, - 143 с.
- [7] Кулибаева Д.Н. Инновационная модель формирования. – Алматы, 2001. - 212 с.

REFERENCES

- [1] Kunanbaeva S.S. Kazirgi zhetildik bilim beruding teoriyasy men praktikasy. Almaty, 2011, 324 b. [in Kaz.].
- [2] Stamgalieva N.K. Metoika kontekstno-tsentrirovannogo obucheniya inostrannomu yazyku v neyazykovom vuze. Almaty, 1999, 123 s. [in Rus.].
- [3] Tynyshtykbaeva A.B. Metodika formirovaniya umeniy professional'nogo obshcheniya. Almaty, 1999, 21 s. [in Rus.].

[4] Kulibayeva D.N. Opyt formirovaniya mezhdunarodno-standartnykh urovney vladeniya inostrannym yazykom. Almaty, 2002, 216 s. [in Rus.].

[5] Chaklikova A.T. Nauchno–teoreticheskiye osnovy formirovaniya mezhhkul'turno. Almaty, 2009, 389 s. [in Rus.].

[6] Yelubayeva P.K. Modelirovaniye kompetentnostnogo obrazovaniya v formirovanii mezhhkul'turno – kommunikativnoy kompetentsii regionoveda. Almaty, 2016, 143 s. [in Rus.].

[7] Kulibayeva D.N. Innovatsionnaya model' formirovaniya. Almaty, 2001, 212 s. [in Rus.].

ПРЕДМЕТНО – ПРОЦЕССУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ СОДЕРЖАНИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ КОМПЛЕКСОВ В УЧЕБНИКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Кызайбай Г.А., магистрант,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан, e-mail: gulzat.555@mail.ru

Ключевые слова: когнитивно-лингвокультурологический комплекс, межкультурно – коммуникативная компетенция, предметно – процессуальный аспект содержания коммуникационного комплекса, подходы.

Аннотация. Данная статья посвящена важности рассмотрения предметных и процессуальных аспектов когнитивно-лингвокультурного комплекса как основы современного содержания учебника иностранного языка. Кроме того, он указывает, что выбор и построение содержания учебника иностранного языка должны осуществляться с использованием методологических подходов с целью формирования межкультурной коммуникативной компетентности будущего специалиста. Рассматривается также формирование межкультурной коммуникативной компетенции на основе учебников иностранного языка для повышения уровня владения иностранным языком в формировании межкультурных коммуникативных субкомпетентностей с учетом методов обучения и технологий.

Статья поступила 20.02.2017 г.

USING INTERNET MATERIALS AS THE WAY OF DEVELOPING DIALOGIC DISCOURSE

Sarsenbayeva D.K., master student,
Kazakh Ablai Khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: dariko_1593@mail.ru

Keywords: discourse, dialogic discourse, information technologies, internet materials.

Abstract. The article is attempted to define the importance of using Internet materials in developing students' dialogic discourse. The use of information technologies is a modern requirement, which, in turn, reveals an excellent opportunity for Internet as the mean of teaching. Learning a foreign language as a mean of communication requires not only real communication, but also a connection with real life situations. The article describes a wide spectrum of the possibilities of Internet materials that provide the development of the dialogic discourse of students.

ӘОЖ 004: 81.42

ИНТЕРНЕТ МАТЕРИАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ - ДИАЛОГТЫҚ ДИСКУРСТЫ ДАМУ ЖОЛЫ

Сарсенбаева Д.Х., магистрант,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: dariko_1593@mail.ru

Тірек сөздер: дискурс, диалогтық дискурс, ақпараттық технологиялар, интернет материалдары.

Аңдатпа. Мақалада студенттердің диалогтық дискурсын дамытуда интернет материалдарын пайдаланудың маңыздылығы анықталады. Қазіргі таңдағы заман талабы болып саналатын ақпараттық технологияларын қолдану өз кезегінде интернеттің үлкен мүмкіндіктерін оқыту құралы ретінде ашады. Шетел тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгерту үшін шынайы байланыс жасаумен қатар, шетел тілін үйретуді өмірмен байланыстыру керек және өмірлік жағдаяттарда қолдану қажет. Сол шынайы өмірлік байланысты қамтамасыз ете алатын интернет материалдарының диалогтық дискурсты дамытудағы мүмкіндіктері кеңінен сипатталады.

Қазіргі заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын пайдалану болып табылады. Оқытудың жаңа технологияларының бірі – ақпараттық технология. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті мамандарды даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді [1].

Қазіргі заманауи қоғамның тиімді дамуының негізгі факторы – жаңа дүниетанымы бар, қоғамның және өзінің жеке даму болашағын көре алатын кадрлардың болуы. Білім беру жүйесі осы талаптарға сай келетін мамандарды кешенді түрде даярлауға және оларға қажет құзыреттіліктерінің қалыптастыруына мақсатталады. Ал бұл ең алдымен оқытудың мазмұны мен әдістерін ескере отырып, білім беру бағдарламасының ең тиімді ақпараттық ресурстарын қолдану есебінен жүзеге асады.

XXI ғасырды қоғамдық ақпараттандыру ғасыры деп бекерге атамаған. Компьютер адам әрекетінің барлық салаларында қолданылады. Бүгін де білім жүйесі күннен-күнге көптеген ақпараттық технологиялар мен компьютерлік телекоммуникацияларды қолдануда. Осының негізінде білім беру үдерісін жаңа мазмұнда ұйымдастыру және жаңа технологияларды пайдалана отырып түрлендіруді негізгі талаптардың қатарына жатқызамыз.

Яғни, қазіргі таңда білім беруді реформалаудың маңызды факторы болып білім берудегі ақпараттандыру саналып отырғаны мәлім. Білім

беруді ақпараттандыру білім беру жүйесінің модернизациялануының басымдық бағытының бірі болып табылады және ол оқыту әдіснамасын, әдістемелік жүйелер, технологиялар, әдістер мен формаларын жасап шығаруға, сонымен қатар қазіргі заманғы ақпараттандырылған қоғамдағы білім беру жүйесін басқару механизмін жетілдіруге бағыттталып келеді [2].

Білім берудегі жаңа ақпараттық технология деп оқу мен оқу-тәрбие материалдарының, есептегіш техника құралдардың оқу үрдісіндегі рөлі мен орнын, оқытушылар мен оқушылардың еңбегін жетілдіруде оларды пайдаланудың түрі мен әдістері туралы ғылыми білімнің жүйесін айтады [3].

Білімді ақпараттандырудың мақсаты – студенттерді ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру болып табылады.

Ақпараттық технологияларды қолдану интернеттің үлкен мүмкіндіктерін оқыту құралы ретінде ашады. Мысал ретінде, оқушылар интернет желісі арқылы өткізілетін тестілеуге, конкурстарға, олимпиадаларға қатыса алады, басқа елдердегі таныстарымен хат алмасып тұруларына болады. Интернетпен қамтылған шынайы тілдік ортада тілдесе отырып, студенттер нағыз өмірлік жағдайларға тап болады. Маңызды, шынайы, қызықты және қолжетерлік көптеген тапсырмаларды шешуге қызыққан студенттер мәселелерді кенеттен, саналы түрде шешуге, өз пікірлерін орынды жеткізе алуына ынталандырады. Яғни, интернет ресурстарын қолдану мүмкіндіктері өте үлкен.

Түрлі интернет-технологияларды білім беру жүйесіне енгізудің артықшылықтары қазіргі таңда еш күмән келтірмейді және қосымша дәлелдемелерді қажет етпейді. Соңғы онжылдықта интернет-коммуникацияның (электрондық пошта, чат, форум, веб-конференциялар, т.б.) түрлерін оқушылардың шеттілдік қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруда қолданудың жағымды әсерлері туралы жазған зерттеушілердің көптеген еңбектері жарық көрді.

Білім берудегі ақпараттандыру мәселелері ресейлік П.В.Сысоев, М.Н.Евстигнеев, Б.С.Гершунский, О.К.Тихомиров, А.В.Хуторский және тағы басқа көптеген зерттеушілер назарында ерекше орын алып келеді.

Өзіміздің отандық ғалымдардың көпшілігі де өз еңбектерінде білім беруді ақпараттандыру мәселесін жан-жақты, тікелей немесе жанама қарастырған. Осыған орай, академик С.С. Құнанбаева мектебін атап

кеткенді жөн санаймыз. Яғни, олар шетел тілін оқытудың теориясы мен әдістемесін ақпараттандыру мәселелерін зерттейді:

- мәдениетаралық-қатысым біліктілігін қалыптастыруда кәсіби жүйені ақпараттандыру (А.Т. Чакликова), елтанымдық біліктілігін қалыптастыру (Ж.А. Түселбаева);

- студенттердің АҚТ-ны пайдалануға әдістемелік даярлау (Д.Е.Сағымбаева);

- шетел тілін оқытуда телекоммуникациялық технологияларды пайдалану (А.Б. Нұров), ағылшын тілін электрондық оқулықтар арқылы оқыту әдістемесі (Ұ.Т. Нұрманалиева), сонымен қатар Г.К.Нургалиева, Д.М.Джусубалиева және т.б. зерттеушілерді атай аламыз.

Кейбір ғалымдар Интернет мүмкіндіктерімен қоса, Интернет ресурстарымен жұмыс істеу формалары да маңызды деп атап көрсеткен. Мысалы, Н.М.Коптюг Интернет ресурстарымен жұмыс істеудің келесі формаларын белгілейді:

- Интернет ресурстарын жаңа тақырып өту барысында қолдану (қосымша материал таңдау);

- Студенттердің Интернет ресурстарымен баяндамалар, мағлұматтар дайындау мақсатында өз бетімен жұмыс істеу (іздістіру жүйелерін белсенді түрде пайдалану);

- Халықаралық жобаларға қатысу (мақсатқа сәйкес жоба тақырыбын таңдау, т.б.);

- Электрондық пошта арқылы хат жазысу (бұл әрекетке дайындық белгілі техникалық даярлықты талап етеді, яғни, әр қолданушының «электрондық поштасы» болуы керек, т.б.);

- Сайттар құру (бұл форма шетелде сәтті қолданылуда);

- Оқытушы мен әріптесінің қатынасуы, тәжірибе алмасуы [4].

Е.С.Полаттың көрсетуі бойынша, қандай да болмасын оқыту құралы, ақпараттық-тақырыптық ортаның қандай да қасиеттеріне ие болғанына қарамастан, дидактикалық мәселелер, білім берудің нақты мақсаттарымен шартталған танымдық қызметтің ерекшеліктері бірінші кезекте болып табылады [5]. Демек, интернет өзінің барлық мүмкіндіктері және ұсынатын қорларымен қоса, осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырудың құралы болып табылады.

Жаңа ақпараттық технологияны адамзат қызметінің барлық саласына енгізілуі ақпараттық қоғамның басты көрінісі болып табылады. Компьютерлік техниканы үздіксіз білім беру жүйесінде пайдалану оқытудың педагогикалық, ақпараттық және компьютерлік технологияларының пайда болуына себеп болды.

Білім беруді ақпараттандыру кезінде түрлі бағдарламаларды, жүйелер мен орталарды кең қолдану кезінде оқытудың формалары мен әдіс-тәсілдері, сонымен қатар білім беру үдерістерінің мазмұны да маңызды өзгерістерге ұшырайды. Сондықтан жоғары оқу орындарының алдында тұрған жаңа мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту тиімділігін арттыруға компьютерлік технологияны қолдану оны жүзеге асыру мен оңтайландыруға тікелей әсерін тигізеді:

- студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру;
- ақпараттың түрлі көздерімен жұмыс істеу біліктілігін қалыптастыру;
- ақпаратты беру, өңдеу, сақтаудың қазіргі заманғы әдіс-тәсілдеріне үйрету;
- олардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- өмірге икемдеуге себеп болатын әлеуметтік қызмет дағдыларын қалыптастыру.

Қазіргі таңда көптеп шығып жатқан басылымдар шеттілдік білім беруді ақпараттандыру жағдайы, әсіресе, әдістемелік зерттеулердің маңызды мәселелерінің бірден бірі екендігін көрсетеді. Шеттілдік білім беруді ақпараттандыруға деген қызығушылық кездейсоқ емес, оның себебі ақпараттық қатысымдық технологиялар (АҚТ) білім беру үрдісінде түрлі оқу және аутенттік электронды материалдарды қолдануды ғана көздемей, сонымен қатар білім беру үрдісінде оқып жатқан тілде шынайы қатысымға түсуге мүмкіндік береді. Яғни, ақпараттық технологиялар шетел тілін меңгеруге жағдай жасайды деуге әбден болады.

Шетел тілі – технологиялық және мәдениет дамуының қайнар көзі екендігін де айтып кеткеніміз жөн. Ал қазіргі кездегі шетел тілін игеруге қойылатын талаптардың бірі – шетел тілінде іс-жүзінде сөйлей алуға үйрету, оны күнделікті өмірде қолдана білу.

Біздің зерттеуімізде қарастырылып отырған ең маңызды мәселе жоғары курс студенттерінің диалогтық дискурсын қалыптастыру болғандықтан, біз оны ақпараттандыру жағдайында қалыптастыруға көңіл бөлеміз.

Шын мәнінде, интернет шетел тілін үйренуде бірталай мүмкіндіктер ұсынып отыр. Оларға келесі мәселелерді жатқызуға болады:

- сабақ мазмұнына желідегі материалдарды енгізу;
- жоба жұмысы бойынша оқушылардың жеке ізденістерін жүргізуге көмектесу;
- әр түрлі деңгейдегі желі материалдарын пайдалана отырып,

оқушылардың оқуға деген икемділіктерін дамыту және жетілдіру;

- өзара хат алмасу нәтижесінде білім алушылардың жазу дағдысын дамыту;

- шетел тілінің заманауи сөздіктерімен сөз қорын көбейту;

- желі арқылы басқа елдердің мәдениеті, әлеуметтік және экономикалық жағдайы туралы мәліметтер табу, оларды талдауды үйрену және т.б. жатады.

Оған қоса, ақпараттық жүйе ретінде интернет өз пайдаланушыларына ұсынатын ресурстарды атайтын болсақ, оларға жатады:

1) электронды пошта (e-mail);

2) телеконференциялар (usenet);

3) видеоконференциялар;

4) өз мәліметтерін енгізу мүмкіндігі, өзінің жеке бетін қалыптастыру (homepage) және оны Web – серверде орналастыру;

5) ақпараттық ресурстарға қолжетімділік;

6) анықтамалық каталогтар (InfoSeek/UltraSmart, Yahoo!, LookSmart, Galaxy);

7) ізденіс жүйелері (HotBob, Alta Vista, Excite, WebCrawler, Open Text);

8) желіде сөйлесу (Chat).

Интернет-ресурстарын қазіргі таңда түрлі мақсатпен қолдануға болады: біреулері мәтіндік және мультимедиялық материалдарды іздеуге бағытталған тапсырмаларды қолданса, басқалары интернетті қолдана отырып тіл үйренушілерімен электрондық пошта, веб-форум немесе блогтарды пайдалана отырып желілік байланыс орнату арқылы жұмыстарын жүзеге асыруда.

Осыған байланысты, ең алдымен оқытушы өзі интернет мүмкіндіктерін және ресурстарын қандай мақсатта қолданғалы отырғанын анықтағаны жөн. Мысалы:

- сабақ мазмұнына желі материалдарын қосу (білім беру бағдарламасына біріктіру);

- жобаны жасау шегінде студенттердің ақпаратты өз бетімен ізденуі;

- студенттердің білім, дағды және іскерліктеріндегі бар олқылықтарын түзету немесе шетел тілдерін өз бетімен тереңдете оқуға бағыттау және т.б.

Интернет желісіндегі түрлі ақпараттық ресурстарды қолдана отырып, оларды білім беру үдерісіне біріктіруге болады және шетел тілі сабағында біршама дидактикалық міндеттерді тиімді орындауға мүмкіндік туады:

а) қиындығының түрлі деңгейіне қарай желідегі түрлі материалдарды қолдана отырып оқу дағдылары мен біліктілігін қалыптастыруға;

б) оқытушылардың өздігінен жасаған немесе интернеттегі дайын аутенттік дыбысты мәтіндерді қолдана отырып тыңдалымды дамытуға;

в) интернет материалдарында берілген мәселелік талқылаудың негізінде оқушылардың монологтық және диалогтық біліктіліктерін жетілдіруге;

г) жазу біліктіліктерін арттыруға;

д) қазіргі заманға сай келетін, әлеуметтік және саяси қоғамда қолданылатын, мәдениеттің даму сатысын көрсететін шетел тіліндегі сөздік қорын арттыруға (оның ішінде актив және пассив сөздік);

е) меңгеріп жатқан тіл елінің мәдениеті мен дәстүрлерінің ерекшеліктерін, қарым-қатынас жағдайындағы түрлі халықтың сөйлеу әдебі мен сөйлеу тәртібінің ерекшеліктерін қамтитын мәдени білімдермен танысуға;

ж) сабақ барысында табиғи материалдарды жүйелі түрде қолдана отырып білім алушылардың тұрақты мотивацияларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Көріп отырғанымыздай, интернет материалдары білім алушыларды жан-жақты дамытып, түрлі білім, білік және дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Қазіргі қоғамдағы ақпараттандыру жағдайында жеке тұлғаны қалыптастырып, оның ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, ақпараттық ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табуына, оларды пайдалану қабілеттігін қалыптастыруда тілдік оқу орындарында ақпараттық-қатысымдық технологияларды, соның ішінде интернет ресурстарын пайдаланудың маңызы зор екендігін байқаймыз.

Сондай-ақ, баршамызға мәлім, шеттілдік ортада болмай, сол елдің тілінде сөйлеу оңай емес, керісінше тілдік ортада болған адамда тілді тез меңгеру мүмкіндігі бар. Сол себепті жаңа мүмкіндіктерді ұсынып отырған интернетті қолдана отырып, оқытушының басты мақсатының бірі етіп шетел тілі сабағында сөйлеудің және басқа қабілеттердің шынайы жағдаяттарын құруды көздеуі керек. Ал Интернет өз кезегінде шетел тілін үйренушілерге аутенттік мәтіндерді қолдануға, тіл өкілдерін тыңдап, олармен қарым-қатынас жасауға қайталанбас мүмкіндіктер береді, яғни ол табиғи тілдік ортаны қалыптастыра алады деп айта аламыз. Шетел тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгерту үшін шынайы байланыс жасаумен қатар, шетел тілін үйретуді өмірмен байланыстыру керек және өмірлік жағдаяттарда қолдану қажет.

Жаңа технологияларды қолдану сабақты тиімді етіп қана қоймай, оны қызықты етеді. Шетел тілін меңгертуді қазіргі заманғы талаптарға сәйкес ұйымдастыру тіл үйренушінің дағдыларын қалыптастыруда ұтымды жолдың бірі болып табылады. Сонымен қатар шетел тілін қазіргі заманғы талаптарға сай өткізу тіл үйренушілердің жаңа пікірлерді тудыра білуіне, жан-жақты, бір ғана салада емес, әр саладан білім мен ақпарат ала білуіне, мәселелердің түйінін бір ғана жолмен шешіп қана қоймай, бірнеше жолмен таба білуіне, сол қабылданған шешімнің салдарын алдын-ала болжай білуіне көп ықпалын тигізеді деп айтуға әбден болады.

Шетел тіліндегі шынайы өмір тақырыбын қамтитын диалогтық дискурстарда сол елдің сөйлеу ерекшелігі молынан қамтылуы тиіс. Бұл тіл үйренушінің сөйлеу тілінде диалогқа тән айтылым мәнерін, диалогқа тән тілдесім дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тілді меңгеру үдерісінде қолданылатын дискурстар сол тілді меңгерту мақсаттарына сәйкес болғаны дұрыс. Бұл орайда еркін сөйлеу дәрежесіне жеткеннен кейін тіл үйренуші қандай ортада, кіммен, қандай салада тілдесетін жағдайын ескергені абзал. Бұл тіл меңгертудің кәсіби бағдарлы және жеке тұлғаға бағытталуына мүмкіндік туғызады.

Диалогтық дискурсты дамытудың бірден бір жолы – интернет ресурстарын пайдалану деп ойлаймыз. Ал осы интернет ресурстарды қарастыру үшін ең алдымен П.В. Сысоев және М.Н. Евстигнеев қарастырған мәселеге тоқталғанды жөн санаймыз. Өздерінің “Использование современных учебных интернет-ресурсов в обучении иностранному языку и культуре” атты еңбектерінде дидактикалық тұрғыда интернет ең кем дегенде екі негізгі компоненттерден тұрады деп атап кеткен, олар – *телекоммуникация түрі және ақпараттық ресурстар*. Ең кең таралған телекоммуникация түрлеріне, яғни интернет-технологиясы арқылы қатысымға электрондық пошта, форум, чат, т.б. жатқызамыз. Интернет желісінің ақпараттық ресурстары түрлі тақырыптар мен тілдердегі мәтіндік, аудио- және видео-визуалдық материалдарды қамтиды. Сонымен қатар, ағылшын тіліндегі әдебиеттерде қазіргі таңда оқыту барысында қолданылатын бес негізгі тізімін ұсынған болатын. Олар: хотлист (*hotlist*), трежа хант (*treasure hunt*), сабджект сэмпла (*subject sampler*), мультимедиа скрэпбук (*multimedia scrapbook*) және вебквест (*webquest*). Әрқайсының құрылымына келетін болсақ, *hotlist* – мәтіндік интернет көздеріне сілтемелер тізімі; *treasure hunt* – тақырыптар бойынша түрлі сайттарға сілтемелер; *subject sampler* және *webquest* – интернет желісінің мәтіндік және мультимедиялық материалдарына сілтемелер;

multimedia scrapbook – мәтіндік, графикалық, аудио- және видео-интернет көздеріне сілтемелерді құрайды. Аталған интернет ресурстар тіл үйренушілерге қызығушылығын арттыратын және уақытын біршама үнемдейтін көмекші құрал ретінде әбдене санала алады. Сондай-ақ, аталған интернет ресурстарды тіл үйренушілер дайын күйінде өздігімен қолдана алады немесе өздері жасай алады.

Осылайша, білім беру барысында дәстүрлі басылған оқу құралдарымен қатар, оқуға арналған интернет ресурстарын қолдануға шексіз мүмкіндіктер бар. Ал оларды пайдалану өз кезегінде студенттердің диалогтық дискурсын, грамматикасын немесе қандай да болмасын басқа дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар оларды меңгеріп жатқан тілдің барынша тілдік және әлеуметтік ортасына енгізе алады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Алматы, 2010. - 48 б.
- [2] Евстигнеев М.Н. Методика формирования компетентности учителя иностранного языка в области использования информационных и коммуникационных технологий. – М., 2012. - 144 с.
- [3] Нұрғалиева Г.К., Тілеуова С.С. Ақпараттандыру – білім беруді реформаландырудың негізгі механизмі. – Алматы, 2006. – 85 б.
- [4] Коптюг Н.М. Интернет-проект как дополнительный источник мотивации учащихся. - М., 2003. – 69 с.
- [5] Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка. - М., 2001. – 78 с.

REFERENCES

- [1] Kazakstan Respublikasynyn «Bilim turaly» Zany. Almaty, 2010, 48 s. [in Kaz.].
- [2] Yevstigneyev M.N. Metodika formirovaniya kompetentnosti uchitelya inostrannogo yazyka v oblasti ispol'zovaniya informatsionnykh i kommunikatsionnykh tekhnologiy. M., 2012, 144 s. [in Rus.].
- [3] Nurgaliyeva G.K., Tileuova S.S. Akparattandyru – bilim berudi reformalandyrudyn negizgi mekhanizmi. Almaty, 2006, 85 b. [in Kaz.].
- [4] Koptyug N.M. Internet-proyekt kak dopolnitelnyy istochnik motivatsii uchashchikhsya. M., 2003, 69 s. [in Rus.].
- [5] Polat Ye.S. Internet na urokakh inostrannogo yazyka. M., 2001, 78 s. [in Rus.].

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРНЕТ МАТЕРИАЛОВ КАК СПОСОБ РАЗВИТИЯ ДИАЛОГИЧЕСКОГО ДИСКУРСА

Сарсенбаева Д.Х., магистрант,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан, e-mail: dariko_1593@mail.ru

Ключевые слова: дискурс, диалогический дискурс, информационные технологии, интернет материалы.

Аннотация. Статья раскрывает важности использования интернет материалов в развитии диалогического дискурса студентов. Использование информационных

технологий является современным требованием, которое, в свою очередь открывает возможности интернета как средство обучения. Обучение иностранного языка в качестве средства коммуникации требует не только общения, но и связь с реальной жизнью и жизненными ситуациями. Статья описывает широкие спектры возможностей интернет материалов, которые могут обеспечить развитие диалогического дискурса студентов.

Статья поступила 18.02.2017 г.

FORMATION OF INTERCULTURAL COMMUNICATION ON THE BASIS OF COMMUNICATIVE SITUATIONS

Kaiyrzhanova N.S., master student,
Kazakh Ablai khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: syrymovnaaa@mail.ru

Keywords: communicative situations, competence, intercultural communication, communicative technologies.

Abstract. The modern lesson of a foreign language should be aimed at the formation and development of communicative competence. First of all, special attention should be given to the development of the language competence of students. The article considers the importance of communicative situations and tips for conducting classes using a communicative situation.

ӘОЖ 378.147:81

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМДЫ КОММУНИКАТИВТІК ЖАҒДАЯТТАР НЕГІЗІНДЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Кайыржанова Н.С., магистрант,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: syrymovnaaa@mail.ru

Тірек сөздер: коммуникативтік жағдаяттар, құзыреттілік, мәдениетаралық қарым-қатынас, коммуникативтік технология, сөйлеу жағдаяты.

Аңдатпа. Заманауи шетел тілі сабағы студенттердің бойында коммуникативтік құзіреттілікті дамытуға және қалыптастыруға бағытталған болуы қажет. Ең алдымен студенттердің тілдік құзіреттілігін дамытуға көңіл бөліну керек. Мақалада коммуникативтік жағдаяттардың маңызы мен коммуникативтік үлгідегі сабақтарды ұйымдастыруға байланысты кеңестер ұсынылған.

Қазіргі таңда елімізде білім беру мазмұнын жаңарту мәселесіне ерекше мән беріліп, оқытудың жаңаша технологияларын еңгізіп, студенттердің білім сапасын көтеру басты міндеттердің бірі болып отыр, яғни білім беру алдындағы басты міндет қазіргі қоғамға жан-жақты білімді, жоғары мәдениетті, өзгермелі жағдайда өз іс-әрекеттерін шығармашылықпен ұйымдастыра алатын субъектті дайындау.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" атты Қазақстан халқына жолдауында "Тілдердің үш тұғырлығы" мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды ұсынды. Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұл дегеніміз қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі ұлт – аралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі екендігін атап айтты. Қазіргі педагогика ғылымында негізгі базалық ілімдердің бірі «құзіреттілік» болып отыр. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында да білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген [1]. Құзіреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл ББД-ның жаңаша жай ғана жиынтығы емес. Құзіреттілік оқыту нәтижесін ғана емес, сонымен бірге ол оқушылардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Шетел тілі сабақтарында студенттердің коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыру мен дамытудың маңызы зор. Коммуникативтік құзыреттілік - екінші тілді үйренуші студенттерге тілдің заңдылықтарын жаттанды үйретпей, сол тілді тілдік және қатысымдық тәсілдерді орынды қолданумен байланыстыру. Студенттер қарым – қатынас моделдерін, мәдениеттік стереотиптерді, мәдениет образдары мен символдарын білулері керек. Бұл студенттердің шетел тілінде емін еркін сөйлесуін қамтамасыз ете алады.

Коммуникативтік технология деп оқуға қатысушылардың барлығын және мүмкін болған құрал-жабдықтар мен ақпараттардың барлығын қатыстыра отырып өзара белсенді тілдік қатынасқа ену негізінде оқу үдерісін құруды айтады. Оның жетекші әдісі тілдік өзара қарым-қатынас. Қолданылатын жұмыс түрлері: ынтымықтастықта оқыту (оқытушы мен студент), жұптық оқыту, топтық құрамда жұмыс істеу, оқу тілдік диалог (өзара пікір алысу). Коммуникативтік технологияда тілдік қарым-қатынас алдыңғы орынға шығарылады да, басқа жұмыстар осы бағдарға бағытталады [2].

Заманауи шетел тілі сабағы студенттердің бойында коммуникативтік құзіреттілікті дамытуға және қалыптастыруға бағытталған болуы қажет. Ең алдымен студенттердің тілдік құзіреттілігін дамытуға көңіл бөліну керек, атап айтқанда берілген тақырып көлемінде оқу, сөйлеу, жазу және тыңдап түсінуде мәдениетаралық қарым қатынас құруға жаттықтыру. Осы мақсатқа жету үшін коммуникативтік үлгідегі

сабақтарды ұйымдастыруға үлкен мән берілуі тиіс. Олар төмендегідей сабақ түрлерін өткізу :

1. Жарыс сабақ
2. Экскурсия сабақ
3. Музыкалық калейдоскоп сабағы
4. Сынақ сабақ
5. Спектакль сабағы және
6. Дөңгелек үстел сабағы
7. Конференция сабақ

Жалпы коммуникативті күзіреттілікті дамытуда рөлдік ойындардың орны ерекше. Себебі ойын студенттердің бір бірімен, мұғаліммен әрекеттесуге деген талпынысын жандандырады және әңгімелесу барысында теңдік шартын тудыру арқылы мұғалім мен оқушы арасындағы дәстүрлі кедергіні жояды. Ойын өз өзіне сенімсіз, ұялшақ студенттерге сөйлеу арқылы сенімсіздік кедергісін жоюға көмектеседі. Ойын арқылы оқушылар әңгімені бастау, оған ілесу, қолдау, әңгімелесушінің сөзін бөлу, оның ойымен келісу немесе келіспеу, сұрақтар қою сияқты қарым- қатынас элементтерін меңгереді. Рөлдік ойын шетел тілінің әлеуметтік қолдануына сезімтал болуды үйретеді. Жақсы әңгімелесуші көбіне тілдік құрылымдарды дұрыс қолданатын адам емес, серіктестердің түскен жағдайын талдап, түсіне алатын және бар мәліметтерді ескере отырып, әрекеттесу үшін ең қолайлы лингвистикалық тәсілдерді қолдана алатын адам болып табылады. Жалпы ойын студенттердің танымдық мүддесінің қалыптасуына жағымды әсер етіп, шетел тілін жақсы игеруіне әсерін тигізеді. Олар студенттің бойындағы дербестік, талапшылдық сияқты қасиеттерді дамытып, ұжымшылдық сезімін тәрбиелейді. Студенттер белсене жұмыс істеп, бір біріне көмектесіп, жолдастарын мұқият тыңдайды; ал оқытушы тек бақылаушы, оқу қызметін басқарушы болады. Рөлдік ойынға қойылатын негізгі талаптарды атап көрсетуге болады:

- Ойын студенттерді ынталандырып, тапсырманы дұрыс орындауға деген ниеті мен қызығушылығын тудыруы керек, және оны адекваттық шынайы қарым- қатынастық жағдаяттар негізінде құрастыру керек.

- Рөлдік ойынды мазмұны жағынан да, формасы жағынан да жақсылап ойластырып, нақты ұйымдастыру қажет. Студенттердің берілген рөлді жақсы сомдаудың қажеттілігіне сенімді болуы керек. Сонда ғана олардың сөздері шынайы және сенімді болады.

- Рөлдік ойын бүкіл топпен қабылдануы керек.

- Ол міндетті түрде мейірбандық, шығармашылық атмосфера-расында өтіп, студенттердің бойында қуаныш және қанағаттану сезімін тудыруы керек.

- Студент рөлдік ойын барысында өзін неғұрлым еркін сезінсе, әңгіме барысында ол соғұрлым белсенді және бастамашыл болады. Уақыт өте оның кез келген рөлді сомдай алатынына деген сенімділігі арта түседі

- Ойын студенттер белсенді тілдік қатынаста өтіп жатқан тілдік материалды анағұрлым тиімді қолдана алатындай етіп ұйымдастырылуы керек.

- Оқытушының өзі міндетті түрде рөлдік ойынға және оның тиімділігіне сенімді болуы қажет. Тек сонда ғана ол жақсы нәтижеге қол жеткізе алады. Ойынға дайындық кезеңінде және ойынның өту барысында оқытушының рөлі үнемі ауысып отырады. Бастапқы кезеңде ол студенттердің әрекетін белсенді түрде бақылап отырса, кейін ол тек сырттан бақылайтын болады.

- Сабақта жанға жайлы жағдай жасап, мейірбандық атмосферасын тудырудың маңызы өте зор [3].

Ойын барысында оқытушы өзіне бір рөлді алуына болады, бірақ ол басты рөл болмауы керек. Ондай жағдайда бұл кәдімгі оқытушының басқаруымен іске асатын жұмыс формасы болып қалады. Ойын барысында тілдік деңгейі жоғары студенттер нашар оқитын оқушыларға көмектеседі. Ал оқытушы көмегі қажет болған студенттерге жақындап әңгімелесу үрдісін басқарады және керек болған жағдайда түзету жасап отырады. Шетел тілі сабақтарында рөлдік ойындарды жиі қолдану практикалық міндеттермен қоса білімділік және тәрбиелік міндеттерді де шешуге ықпал етеді. Студенттер өздерін еркін ұстап кез келген тапсырмаларды орындауда белсенділік танытады. Тіпті нашар оқитын, өз-өзіне сенімділігі төмен балалардың да белсенділігі, өзіне деген сенімділігі артады. Студенттер тіл тасушылармен қарым-қатынас жасауға қорықпай, тіпті бастамашылдық пен белсенділік танытады. Тіл тасушымен әрекеттесудің өзі коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда өте маңызды қадам, өйткені тіпті тілді білетін ересектердің өзі көп уақытта тіл тасушымен тілдесуге бата алмайды. Оның себебі бойында қате сөйлеп қалу, түсіне алмау сияқты үрейдің болуы, яғни уақытында коммуникативті құзіреттілігін дұрыс дамытпаған деп білемін. Сондықтан студенттеріміз жаңа заман талабына сай білімді, жан жақты, мәдениетті, өмірге икемделген тұлға болуы үшін оның бойында жоғарыда аталып кеткен жеті құзіреттілікті дамыту мұғалімнің қолында.

Коммуникативтік біліктілікті дамытуда үлес қосатын тілдік сабақтың бір конференция сабағына тоқтала кетейік. Конференция сабағы студенттердің шығармашылық қабілетін дамытып, олардың шетел тілінде коммуникация жасай алуына мүмкіндік туғызады.

Конференцияға дайындық кезінде оқушылар өз бетімен баяндама тақырыптарын таңдайды, зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында алынған нәтижелер бойынша есеп беруге дайындалады. Конференцияны арнайы бір аудиторияда немесе университетаралық сипатта да өткізуге болады. Конференцияны өткізудің бір түріне симпозиум жатады. Симпозиумда оқытушы жалпыға бір мәселені дайындап, ал оқушылар сол мәселе төңірегінде өз ойларын жазбаша және ауызша даярлайды. Конференция сабағын ұйымдастыруда оқушыдардың сабаққа белсенділігі мен әр студенттің білімін жеке бағалауға мүмкіндік береді [4]. Мысалы, *Конференция сабақ тақырыбы: “ЭКСПО – дүниежүзілік көрмелері тарихынан тағылым. ЭКСПО-2017 Қазақстанның болашағы”*. *Конференция сабақтың білімділік мақсаты: ЭКСПО Халықаралық көрмелерінің тарихы туралы деректермен таныстыру. Көрмелердегі жаңалықтар және ғылым мен техникадағы, мәдениет пен өнердегі нәтижелер мен жетістіктерін көрсету және ақпараттандыру.*

Дамытушылық: Халықаралық көрмелер туралы білімін тереңдете отырып, шығармашылық және дарындылық қабілеттерін шыңдай түсу.

Тәрбиелік: 2017 жылы халықаралық көрменің Астанада өтуіне мақтаныш сезімін ояту.

Күтілетін нәтиже: Конференция қатысушыларына ЕХРО Халықаралық көрмесі жайлы мәліметтерді жарнамалай отырып, өнертапқыш қасиеттері бар адамдарды тарту.

Конференцияның тартымдылығы: ЭКСПО халықаралық көрмелерінің өміршең жоба екенін жастарға ұғындыру.

Конференция сабақтың ғылыми маңыздылығы: ЭКСПО халықаралық көрмелерінің тарихи деректері туралы оқушылардың шығармашылық жұмыстарын таныстыру.

Таныстырылымдық шешім: Конференция сабақты өткізу үшін мектептің мультимедия кабинеті таңдалды.

Конференция сабаққа тілдік ЖОО кез келген курсының студенттері ЭКСПО халықаралық көрмелері туралы зерттеу жұмыстарымен қатысады.

Барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Келген қонақтар мен қатысушыларды сабақ мақсаты және жоспарымен таныстыру.

II. Жоспары:

1. Студент 1: “Бүкіләлемдік көрмелер тарихы бастау алған ел – Ұлыбритания”

2. Студент 2: “Франция Республикасы. Көрмені өткізуден көшбастаушы қала – Париж”.

3. Студент 3: "1873 жылы Вена. Австро-Венгриядағы халықаралық көрме тарихы"

4. Студент 4: "Бельгиядағы халықаралық көрмелер тарихы"

5. Студент 5: "ЭКСПО – 93. Корея: "Дамудың жаңа жолын таңдау"

6. Студент 6: "Испаниядағы ЭКСПО көрмелері"

7. Студент 7: "Германияның Ганновер қаласында өткен ЭКСПО-ның 58-ші көрмесі"

8. Студент 8: "АҚШ -та өткізілген халықаралық көрмелер" және т.б.

III. Қорытынды. Конференция сабақ барысында қатысушылар назарына жас және әдемі елміздің астанасы – Астана жайлы және халықаралық көрмелер жайлы қызықты слайдтар ұсынылды. Сабаққа қатысушылар өздерінің белсенділіктерін көрсетті, сұрақтар қояды және өз ұсыныстарын айтады.

Шетел тілін үйретуде коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру - заман талабы. Сондықтан студенттер жаңа заман талабына сай білімді, жан-жақты, шетел тілінде өзіндік ой-толғамын жеткізе алатын, кез келген адаммен тілдік қарым- қатынасқа түсе алатын, коммуникабельді, мәдениетті, өмірге икемделген тұлға болуы қажет. Ал жоғарыда аталып кеткен коммуникативті үлгідегі тілдік сабақтар студенттердің оқу-танымдық ынтасын, белсендендіру міндеттерін шығармашылықпен шешуге, өз көзқарастарын қалыптастыруға, ойлауға, тұжырым жасай алуға, білімдерін жүйелі түрде толықтыруға, тереңдетуге, ағылшын тілінде қатесіз еркін сөйлеу дағдыларын дамытуға жағдай туғызады.

Әдістемелік оқыту технологияларының ішінде коммуникативтік жағдаяттардың алатын орны ерекше, сол ерекшеліктерді атап көрсетейік.

Коммуникативтік жағдаяттардың білімділік потенциялы келесідей:

- теориялық білімді шынайы өмірдегі жағдаяттар материалына жақын болуы;

- студенттердің танымдық белсенділігін ынталандыруы;

- қажетті құзіреттіліктердің дамуына ықпал етеді, мысалы, ақпарат көздерімен жұмыс жасай алуы, өз бетімен жұмыс жасау;

- әр түрлі практикалық дағдылардың дамуына әсер етуі;

- ұсынылған материал бойынша қажетті білімнің бекітілуі.

Жағдаяттарды ұйымдастырудың дайындық кезеңдері:

- ойын барысында пайдаланылатын тілдік материал мен мақсатын анықтау

- ойынның сценарийін құрастыру

- рөлдерді бөлу,
- тіл үйренушілерді психологиялық жағынан дайындау
Жағдаяттарды өткізудегі қойылатын басты талаптар:
- жағдаят шетел тілін түсінуге жағдай жасауы керек, студенттердің қызығушылығы мен берілген тапсырманы жақсы орындауға деген ынтасын оята білуі керек, ойынды нағыз өмірдегі тілдесу жағдайларына парапар етіп өткізу керек;
- жағдаятты ойнату барысында топтың барлық студенттері қатысуы керек;
- жағдаят сабақ барысында алынып жатқан тілдік материалдарды пайдалана алатындай, студенттер белсенді түрде тілдік байланысқа түсе алатындай етіп ұйымдастырылуы қажет;
- жағдаятты өткізу барысында оқытушының рөлі үнемі өзгеріп отырады, жұмыстың алғашқы сатысында оқытушы студенттердің әрекеттерін тексеріп отырады, кейін бірте-бірте бақылаушыға айналады.

Тіл меңгеруде берілген жағдаяттар, проблемалар анықталғаннан кейін тіл үйренушілердің мәртебесі және олардың коммуникативтік мақсаттары белгіленіп көрсетіледі. Сонымен бірге мұнда қатысушылар сөйлеуші мен тыңдаушы қатынасына байланысты мынадай түрлері болуы мүмкін: ұстаз бен шәкірт; дәрігер мен науқас; сатушы мен сатып алушы; полиция қызметкері мен тұрғын, делегация мүшелері мен қабылдаушы; жүргізуші мен жолаушы; конференцияға қатысушы мен мекеме (елшілік) қызметкері т.б.

Жағдаяттық жаттығулар тіл үйренушілердің белгілі бір жағдаятты диалог арқылы игеруін қажет етеді және оны автоматты түрде орындауын қамтамасыз етеді. «Сөйлеу жағдаяты – бұл қандай бір сөйлеушінің сөйлеу әрекеті актісінің жағдайлары мен шарттарының жиынтығы. Оның бір жағында сөйлеу әрекетінің міндеттері, екінші жағында сөйлеу әрекетінің қажеттіліктері мен мақсаттары тұрады және ол әңгімелесушінің көмегімен міндеттерді шешу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Тұтастай алғанда, жағдайдың барлық жиынтығы мен қалыптасқан сөйлеу әрекеті осы мақсатта қызмет етеді» [5].

Жағдаяттық жаттығулар толықтырмалы, проблемалық, қиялдау, рөлдік болып бөлінеді. Олар үш негізгі және үш факультативтік компоненттерден тұрады. Негізгі компоненттеріне тапсырма беру, жағдайды суреттеу және сөйлеушінің репликасы жатады. Ал факультативті компоненттеріне тірек сөздер, сұрақ және көрнекі құралдар жатады.

Тіл үйренушілердің үйренгенін іс жүзінде қолдануына, тілді терең меңгеруіне ортаның әсері болады. Тақырыптар тіл үйренушілердің тілді оқып үйренуіне, аударма жасауына, сауатты жазуына ыңғайланып жеңілдетіп алынады. Жағдаяттық диалогтарды құруда тіл үйренушілер сұрақ қоюға, жауап беруге, сөйлем құрауға машықтанады. Проблемалық жағдаяттар арқылы тіл үйренушіні өздігінен жұмыс істеуге үйретіп, түсініп оқу және онда баяндалған идеяларды саналы меңгеру шеберліктері мен дағдыларын қалыптастырудың маңызы зор.

Тілді оқыту кезінде көрнекілік оқу проблемаларын қоюдың және проблемалық жағдаят жасаудың құралына айналады. Шетел тілін үйретуде проблемалық жағдаяттарды қолдана отырып көрнекілік құралдарды пайдалану оқытуды ұйымдастыруға септігін тигізеді. Көрнекілік тілді оқыту үдерісінің қайнар көзі қызметін атқарады [6].

Коммуникативтік жағдаят арқылы тіл үйренушінің шетел тілін меңгеруге деген қызығушылығын арттыру маңызды мәселе. Аталған мәселені шешу үшін тіл меңгеру үдерісінде белсенді оқыту формаларын қолдану керек. Бұл формалар екі жақты біріккен әрекетке жетелейтін тіл үйренушіні тіл меңгеру үдерісінде басты субъект ретінде қарастыратын, ал шетел тілін меңгеру үдерісінде әрекетке бағыттайтын тіл меңгертудегі жағдаят болып табылады. Жағдаяттарды қолдану арқылы тіл меңгеруде тіл үйренушілер айналасымен, сонымен бірге шетел тіл иесі ортасымен, қоршаған оқу ортасымен өзара әрекет ете отырып, тілдік қатынасқа түсуге дағдыланады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Орталық Қазақстан. - 2003. – Б. 3

[3] Сысоев П.В. Развитие умений учащихся воспринимать текст на средней и старшей ступенях общего среднего образования. - Алматы, 2007. – 28 с.

[4] Филатов В.М. Методическая типология ролевой игры. - Алматы, 1989. - 39 с.

[5] Бухбиндер В.А. Методика и психология обучения иностранным языкам. – М. Просвещение, 1991. – 132 с.

[6] Хусаинова М.Ж. Қазақша сөйлесейік. – Өскемен, 2007. – 120 б.

REFERENCES

[1] Konceptsiya razvitiya obrazovaniya Respubliki Kazakhstan do 2015 goda. *Ortalyk Kazakhstan*, 2003, 3 b. [in Kaz.].

[2] Myrzahmetova M.Z., Toktamysova G.A., Nalibaeva T.A. Kommunikativti okytu adisinin shetel tili sabagynda alatyn orny. *Almaty*, 2007, B.3 [in Kaz.].

[3] Sysoev P.V. Razvitie umenii uchashihsiya vospriniimat tekst na srednei i starshei stupeniyah obshego srednego obrazovani. *Almaty*, 2007, 28 s. [in Rus.].

[4] Filatov V.M. Metodicheskaya tipologiya rolevoi igry. *Almaty*, 1989, 39 s. [in Rus.].

[5] Buhbinder V.A. Metodika i psihologiya obucheniya inostrannym yazykam. M.: Prosveshenie, 1991, 132 s. [in Rus.].

[6] Husainova M.Zh. Kazaksha soileseik. Oskemen, 2007, 120 b. [in Kaz.].

РАЗВИТИЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ НА ОСНОВЕ КОММУНИКАТИВНЫХ СИТУАЦИЙ

Кайыржанова Н.С., магистрант,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Қазақстан, e-mail: syugmovnaaa@mail.ru

Ключевые слова: коммуникативные ситуации, компетенция, межкультурная коммуникация, коммуникативная технология.

Аннотация. Современный урок иностранного языка должен быть направлен на формирование и развитие коммуникативной компетенции. Прежде всего, следует уделить особое внимание развитию языковой компетенции студентов. В статье рассматривается важность коммуникативных ситуаций и советы по проведению занятий с использованием коммуникативных ситуаций.

Статья поступила 15.02.2017 г.

3 Бөлім
ЭТНОПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ

Раздел 3
ЭТНОПЕДАГОГИКА И ПЕДАГОГИКА ШКОЛЫ

Part 3
SCHOOL OF PEDAGOGICS AND ETHNOPEDAGOGICS

UDC 37.013

DUALISTIC REPRESENTATIONS IN KAZAKH FAIRY TALES

Golovchun A.A., c.p.s., associate prof.,
Kazakh Ablai khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: golovchun@mail.ru

Маргинализацию относят к нежелательным вариантам развития аккультурационного процесса. Однако опыт ДТК, выбирающих эту стратегию, может быть использован для оптимизации аккультурации различных групп населения на современном этапе глобализации. Проблемы, которые возникают у детей экспатриантов, и факторы, приводящие к их появлению, мало типичны для традиционно рассматривавшихся участников межкультурных контактов.

Среди основных проблем, с которыми сталкиваются ДТК,

ориентированные на маргинализацию, можно выделить следующие:

1. Проблема с самоидентификацией. Большинство ДТК сталкиваются с проблемой отнесения себя к конкретной культуре, зачастую они определяют себя как носителей множества культур, «культурных хамелеонов», но не могут отнести себя к конкретной культуре. Согласно многочисленным исследованиям, опросам, интервью ДТК никогда не могут дать однозначного ответа на вопрос «Откуда ты?», поскольку ответов на этот вопрос множество: это и страна родителей, и страна пребывания на данный момент, и страна, в которой был проведен основной период жизни. Именно по причине контакта со множеством культур на протяжении становления и развития личности многие исследователи называют ДТК «культурными хамелеонами» или «глобальными кочевниками». Они усваивают множество моделей поведения, говорят на нескольких языках, обладают чертами представителей различных культур, легко приспосабливаются к различным ситуациям и культурам, но переживают кризис идентичности и не могут ответить на вопрос «кто я?».

Как следствие, велика вероятность развития такого феномена, как «культурная бездомность». Согласно исследованию Р.С. Херстинг, проведенному на 475 респондентах, обладающих кросс-культурной идентичностью, в том числе и на ДТК, культурная бездомность связана с низким уровнем самооценки респондентов, отсутствием чувства принадлежности к определенной культуре.

2. Проблема отчуждения от культуры родителей, как следствие, возникновение непонимания между ДТК и их родителями.

3. Проблемы в межличностном общении со сверстниками, возникновении дружеских отношений из-за постоянной смены страны пребывания, отсюда развитие проблем с эмоциональной привязанностью.

4. Отсутствие устойчивых ценностей, политических взглядов, патриотизма.

5. Трудности в адаптации ко взрослой жизни: смесь влияния различных культур, отсутствие чувства принадлежности к определенному обществу приводят к ощущению постоянного беспокойства, нежеланию находить постоянную работу, создавать семью и т.д.

6. Высокая вероятность возникновения аккультурационного стресса, который впоследствии может привести к депрессии.

Причины специфичности аккультурационных проблем ДТК кроются, на наш взгляд, в особенностях условий, в которых протекает

их контакт с чужой культурой (культурами). Среди факторов, осложняющих процесс интеграции для других социальных групп обычно выделяют:

- физические изменения: новое место проживания, другой тип ведения хозяйства, повышенная плотность населения, урбанизация, повышенная атмосферная загрязненность и т.п.
- биологические изменения: новые диетические особенности, незнакомые заболевания (часто бывают очень разрушительны для организма).
- политические изменения, в ходе которых недоминирующие группы попадают под определенный контроль и теряют часть своей автономии.
- экономические изменения, которые уводят людей от традиционных занятий к новым формам работы занятости.
- культурные изменения: языковые, религиозные, образовательные и технические устои меняются, включая межгрупповые и межличностные отношения.

Значимость этих факторов для ДТК принципиально отлична от их роли в жизни других мигрантов. Культурный фактор здесь выходит на первый план. Кроме того, нам кажется целесообразным выделить дополнительную группу проблем аккультурации ДТК – это психологические проблемы.

К данной группе проблем можно отнести поведенческие сдвиги и аккультурационный стресс. Поведенческие сдвиги проявляются в изучении поведенческих моделей новой культуры и отбрасывании поведенческих черт собственной культуры. В случае аккультурации ДТК поведенческие модели меняются крайне часто из-за постоянной смены страны пребывания. Впоследствии из-за этого появляются мысли о том, насколько следует приспособливаться, ассимилироваться и стоит ли это делать вообще, отсюда велика вероятность развития аккультурационного стресса и выбора маргинализации в качестве стратегии аккультурации.

Пристальный взгляд на развитие процессов глобализации позволяет заметить все возрастающее значение культурно-психологических проблем в межкультурных контактах. Это именно та область, в которой прямое воздействие государственных органов и усилия международных организации не могут дать прямых и немедленных результатов. Это означает, что изучение опыта ДТК имеет несомненную ценность для разработки системы продуманных и долгосрочных мероприятий в культурно-просветительской сфере.

К сожалению, в ходе анализа нам не удалось выявить факторы,

приводящие к выбору стратегии ассимиляции, а также последствия такого выбора для формирования психологической структуры личности взрослых ДТК. Представляется, что эта проблема может стать предметом отдельного исследования.

Стратегия сепарации не была обнаружена ни у одного из респондентов. Данный результат можно объяснить тем, что культурная идентичность большинства детей третьей культуры не сформирована, либо представляет собой своеобразную «смесь» культур, следовательно, выбор стратегии сепарации не может быть для них характерен, поскольку при выборе данной стратегии должно присутствовать противопоставление «родного» и «чужого» в культурной сфере. Таким образом, для изучения механизмов сепарации, включающихся при взаимодействии компактных инокультурных групп с доминирующей культурой, опыт ДТК не представляет особого интереса.

Дети третьей культуры - уникальное культурное явление. Это особая группа людей с характерными личностными особенностями и условиями взаимодействия с различными культурами. Часть из них способствует успешному протеканию процесса аккультурации, другие создают специфические культурно-психологические проблемы. Однако изучение стратегий аккультурации детей экспатриантов представляет большой интерес для исследователей современных межкультурных контактов в целом, так как есть основания считать, что в ДТК, как в капле воды, отражаются возможные достижения и потенциальные проблемы будущего глобализованного человечества.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Ли Ю., Бэйн С.К., Мак Каллум Р.С. Совершенствование творческого решения проблем в выборке детей третьей культуры //Школьная психология International. – 2007. - С. 449-463.

[2] Поллок Д. К. Третья культура детей: опыт взросления среди миров. – М., Межкультурная пресса, 1999. - 333 с.

[3] Кравченко А.И. Культурология: Словарь. - М.: Академический проект, 2000. – 496 с.

[4] Берри, Дж. Аккультурация и адаптация в новом обществе //Международная миграция. - 2009 - Том 30. - С. 69-85.

REFERENCES

[1] Li Yu, Beyn S.K., Mak Kallum, R.S. Sovershenstvovaniye tvorcheskogo resheniya problem v vyborke detey tret' yey kul'tury. *Shkol'naya psikhologiya International*, 2007, S. 449-463 [in Rus.].

[2] Pollok D. K. Tret'ya kul'tura detey: opyt vzrosleniya sredi mirov. M., Mezhhkul'turnaya pressa, 1999, 333 s. [in Rus.].

[3] Kravchenko A.I. Kul'turologiya: Slovar'. M.: Akademicheskii proyekt, 2000, 496 s. [in Rus.].

[4] Berri Dzh. Akkul'turatsiya i adaptatsiya v novom obshchestve. *Mezhdunarodnaya migratsiya*, 2009, Tom 30, S. 69-85 [in Rus.].

Жуплатова Н.А., магистрант,
Лобина Ю.А., к.п.н., проф.,
И.Н. Ульянов атындағы УлМПУ,
Ульяновск, Ресей, e-mail: yulia_lobina@mail.ru

ҮШІНШІ МӘДЕНИЕТТЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСУ СТРАТЕГИЯСЫ

Тірек сөздер: балалар, үшінші мәдениет балалары, өзара ықпалдасу, өзара ықпалдасу стратегиясы.

Андатпа. Мақалада үшінші мәдениеттің ықпалдасу балаларымен сауалнама арқылы жүргізілген (экспатрианат балалары) жүргізілген зерттеудің нәтижесі берілген. Зерттеу 10 мен 21 жас аралығындағы түрлі елдердің әлеуметтік желі арқылы алынған топтарда орындалды. Осы топтарда өзара ықпалдасу үдерісінің өзіндік ерекшеліктері көрініс береді. Қарастырылып отырған топтардың маргиналдық стратегиясының ерекшеліктерімен бірге өзара ықпалдасудың өзіндік мәселелері сипатталған.

Статья поступила 17.02.2017 г.

WAYS OF PERSONAL- ORIENTED LEARNING ENVIROMENT

Kusainova M.A., c.p.s. associate prof.,
Kazakh Ablai Khan UIRandWL,
Esimgalieva.T.M., PhD student,
Kazakh Abai NPU, Almaty, Kazakhstan, e-mail: manshuk61@mail.ru

Keywords: person-oriented training, personality, language and communication, creative search.

Abstract. This article describes the importance of a new type of teacher retraining. Because, a new approach and a new impetus to meet the requirements of the world a new learning experience, ultimately aimed at the development of a comprehensive identity.

The program curriculum is aimed at teaching the person will be considered. Its main symptom is the transition to the 12-year education system. This ongoing work, textbooks and teaching is a complex personality develop a comprehensive direction.

ӘОЖ 378

ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қусайнова М.А., к.п.н доцент,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Есімғалиева Т.М., докторант, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: manshuk61@mail.ru

Тірек сөздер: тұлғаға бағытталған оқыту, тұлғалық қасиеттер, тілдік-коммуникативтік қарым-қатынас, шығармашылық ізденіс.

Андатпа. Мақалада қазіргі кезде жаңа типті мұғалімдерді қайта дайындау мәнділігінің маңыздылығы айтылады. Себебі өмір талаптарына сай, жаңаша көзқарастар мен жаңа серпін, әлемдік жаңаша оқыту тәжірибелері, сайып келгенде жеке басты жан-жақты дамытуға бағытталады.

Тұлғаға бағытталған оқытудың оқу жоспарының бағдарламасы қарастырылады. Оның негізгі бір айғағы 12-жылдық оқыту жүйесіне көшу болып отыр. Бұл жүргізіліп жатқан жұмыстар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер жеке тұлғаны жан-жақты дамытатындай бағытта деуге болады.

Қазіргі кезде жаңа типті оқытуды құрастыру мен модернизациялау өзекті мәселе болумен қатар, мұғалімдерді қайта дайындауда алғашқы мәнділігін сақтап қалады. Себебі өмір талаптарына сай, жаңаша көзқарастар мен жаңа серпін, әлемдік жаңаша оқыту тәжірибелері, сайып келгенде жеке басты жан-жақты дамытуға бағытталады. Олай болса, мұғалімнің жеке басынның шығармашылық ізденісі мен білімінің тереңдігі, педагогикалық-психологиялық жаңалықтарды орынды пайдалана білуімен тікелей байланысты болмақ.

Атақты ғалымдардың еңбектеріне талдау жасайтын болсақ, И.А.Зимняя, А.А.Кандыбович, Е.А.Климова, А.К.Маркова, Э.В.Маруга, Л.М.Митина, А.Б.Орлова т.б. мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіру жүйесіне және олардың педагогтік еңбектеріне қойылатын талаптар мен жеке бастарының үлгілеріне баса назар аударады. Олардың ішінен жүзеге асыруға ең негізгілері деп, төменде көрсетілген бағыттарды белгілеуге болады:

- негізгі пәндік білімдерін жетілдіру;
- мұғалімдердің тілдік-коммуникативтік қабілетін дамыту;
- өз еңбегіндегі кемшіліктер мен жетіспеушіліктерді бағалай білу қабілеттерін дамыту;
- мұғалімнің мамандығына байланысты терең педагогикалық, психологиялық дайындығы болуы.

Мұғалімдердің мамандық дайындықтарына байланысты, авторлар әртүрлі психологиялық тұжырымдар береді. Мысалы, Е.А.Климов «педагогикалық қабілеттіліктің» кешенді жүйесін бере отырып, мынандай ой-тұжырым жасайды:

- ойлау қабілеттері жоғары деңгейлі;
- ойлау идеясы мен моральдық тұлғасы жоғары;
- ұйымдастыру қабілеті жоғары;
- басқа адамның ішкі жандүниесі мен жағдайын тез және дұрыс түсіне білу қабілеті жоғары;
- өзін-өзі жеңе білу қабілеті жоғары;
- адамдарға әсер етуде сөзді дұрыс пайдалана білу қабілеті жоғары;
- бір уақытта бірнеше заттарға бірдей көңіл бөле білу қабілеті жоғары;
- оқушының келешектегі мінез жетістіктері мен дамуын көре білу қабілеті жоғары [1].

И.А.Зимняя мұғалімнің бойындағы төмендегі игі қасиеттерді басшылыққа алуды ұсынады:

- адамның жеке қасиеттерін ескеру, яғни оның «жеке индивид» темперамент, тектік, т.б.
- оның тұлғалық қасиеттері - әлеуметтік ортадағы адами қасиеттері;
- ортадағы тілдік-коммуникативтік қарым-қатынас (интерактивтік) қабілеті;
- ұжымдағы орны мен ролі және маңызды атқаратын қызметі, шені (статустық-позициясы);
- қызметтік (мамандық, пәндік, сабақ өту) қабілеті;
- сытқы-мінездік, әдептілік көрінісі [2].

Дегенмен, жоғарыда көрсетілген бағыттардағы нақты сұрақтар әлі күнге толық іске аспай отыр. Оның себебі, қазіргі таңда баланы мектепке жан-жақты дайындаудың орнына, мұғалімдерді жаңа технология мен жаңа оқыту әдістеріне дайындау, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету, әлемдік оқыту жүйесіне дайындық жұмыстары жүргізілуде. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту жүйесі мұғалімдерден үлкен дайындықты қажет етеді. Бұрынғыдай сыныптағы барлық оқушыны теңестіру, оларға бірінғай талаптар қою, жеке қабілеттерінің дамуын сабақ үстінде шектеу т.б. жаңа типті оқыту жүйесімен үйлеспейді. Баланы шығармашылыққа, ой тұжырымды өздігінен жасауға, авторлық идеяға жетелеу, жаңашыл мұғалімнің міндеті болып қала береді.

Мектеп оқушыларын жеке тұлғаға бағыттап оқыту жүйесі бастауыш мектептен басталатыны белгілі жағдай. Мұғалімдердің баланың бойындағы жеке қасиеттерді зерделеп көре білуі, олардың психологиялық-педагогикалық дайындықтарымен сол білімдер жүйесін дұрыс пайдалана алуларына байланысты. Олай болса, мұғалімдер біліктілігін арттыру институттарында ұйымдастырылатын курстар мазмұны да жаңа педагогикалық технологиялар мен жеке тұлғаға бағытталған оқыту механизмдері негізінде ұйымдастырылуы шарт.

Осы мәселені жүзеге асыру мақсатында «Бастауыш сыныптарда жеке тұлғаға бағытталған оқыту» атты авторлық бағдарламасы ұсынылды. Пән мұғалімдері мен әдіскерлер ізденіс жұмыстарын, жеке тұлғаға бағытталған оқыту негізінде нәтижеге жетуге болатынын дәлелдеуге арнауда. Кафедрада құрылған шығармашылық топтың алдына қойған негізгі мақсаты ғалымдармен бірлесе отырып, мектептегі

білім беру жүйесін жетілдіру, оқытушылар мен оқушылардың қазіргі заман талаптарына сай жан-жақты дұрыс дамуын қамтамасыз ету, ақпараттық цивилизация мен әлемдік мәдениет негізінде азаматтық қасиеттерін қалыптастыру.

Оқу жоспарының бағдарламасына келесі тақырыптары ұсынылды (Кесте 1).

Кесте 1 – Оқу жоспарының тақырыптары

| № | Тақырыбы |
|----|---|
| 1 | Кіріспе. Қазіргі заман талаптарына сай білім беру парадигмасын ақпараттық жүйеге енгізу. Жаңаша білім берудің негізгі мақсаты – оқушының жеке басын жан-жақты дамыту және педагогтың шығармашылық қабілетін жетілдіру. |
| 2 | Бастауыш оқыту сағысы – білім берудің тірегі, іргетасы. Баланың жалпы қасиеттерінің дамуы және оқуға, қоғамға байланысты дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасуы. (сауат ашу, тіл дамыту, математикалық білім негізі, көркемөнер, бейнелеу т.б.) |
| 3 | Оқытудың дәстүрлі бағдарламасына талдау жасау және түрлі әдіс-тәсілдерді салыстыру. Оқытудың типтеріне (П.Я. Гальперин, Дж. Брунер, т.б.) талдау. Оқытудың басқа да типтері және қабілеттілік мәселесі. |
| 4 | Жеке тұлғаға бағытталған оқытудың бағдарламасының құрылысының принциптері және қазіргі психология. «Ашық әлем» жүйесі бойынша орыс тілінде жасалған бағдарламаның психологиялық принциптерін нақтылау. |
| 5 | Жаңа типті оқулықтардың жасалу (құрастырылу) принциптері. Оқу-әдістемелік кешендерді (ОӘК) жасауда, оқытуды мұғалім мен оқушының бірлескен ынтымақтастық «моделі» ретінде беру. |
| 6 | Сабақ құрылымын құрғанда, қойылған мақсат және міндеттердің шешімін шығармашылық жолмен табуға жол ашу. Сабақ-ойын, сабақ-диалог, сабақ-диспут, сабақ-конференция, т. б. мұғалім шеберлігіне байланысты жеке тұлғаға бағытталған сабақтар түрі. |
| 7 | Оқыту мен дамытудың арақатынасы. Даму «зоначынын» проблемалары. Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тәсілдері және оны дамытуды қамтамасыз ету. |
| 8 | Оқушының даму және білімді қабылдау диагностикасы. Оқушының бағдарламалық материалды меңгеру сапасын бағалау тәсілдері және оны қайта түзету жолдары. (коррекциялық жұмыстар түрі) |
| 9 | Оқушының жеке басының, тілдік т. б. дамуын бағалау тәсілдерімен мұғалімді таныстыру, үйрету. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту әдістеріне талдау. |
| 10 | Оқушыларды ұжымдық жағдайда жеке жұмыс жасатуға үйрету арқылы жеке басының өзіндік қасиеттерін дамыту мәселесі. Оқушының психологиялық портретін (кескінін) жасау. (бастауыш сынып оқушыларының жеке мәнділік қасиеттері негізінде) |

Курстық жұмыстарды ұйымдастырғанда дәстүрлі дәрістік, практикалық, семинар сабақтар түрлерімен қоса «шебер-сынып», «мұғалім-шығармашылығы» т.б. алған теориялық білімдерін практикалық-шығармашылық жұмыстармен жалғастырылады.

Курс тыңдаушылары жаңа педагогикалық технология, жаңа оқыту бағдарламалары, жаңа оқулықтармен жұмыс жасайды. Сабақ барысында мұғалімдер өздеріне ғылыми-ізденіс жұмыстар жүргізу үшін тақырыптар таңдайды. Тақырыпты ашу мақсатында келешекте жұмыс мазмұны, жаңаша оқыту проблемасына байланысты жеке тұлғаға бағытталған пәндік оқыту жүйесі пайда болады. Оны сынақтан өткізу мектепте жалғасын табады [3].

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту бағдарламасын таңдаған оқытушылар, «Ашық әлем» жүйесі бойынша практикалық жұмысты (апробацияны) түрлі оқу мекемелерінде жүргізді. Олар:

- жалпы білім беретін орта мектеп оқушылары;
- балабақшалар;
- дарынды балалар сыныптары;
- коррекциялық топтар мен сыныптар;
- білім жетілдіру институт тыңдаушыларымен;
- мектеп оқушыларының ата-аналарымен.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту жүйесі «Шебер-сынып» жағдайында, тек таныстырып қана қоймайды, оның психологиялық негізі - мұғалімдерге шығармашылық жұмыс жасауға, жеке қабілеттерін ашуға мүмкіндіктер береді. Мұндай жұмыстар мұғалімдерге жеке тұлғаға бағытталған оқытуға байланысты іс-тәжірибе жинақтауға және шығармашылық, ынтымақтастық жұмыстар ұйымдастыруға жол ашады.

Бастауыш сынып мұғалімдері және оқушыларына арналған «Біздің әртүрлі және бірлікті әлем» Халықаралық білім беру бағдарламасына мұғалімдерді дайындағанда, ата-аналар мен балалар арасындағы тығыз биологиялық байланысты ескеру, ынтымақтастық педогогикасы принциптерін басшылыққа алу және ұлтаралық қарым-қатынасты (толеранттық) дұрыс үйрету, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге өзіндік көзқараста болу, дүниетанымы дұрыс даму т.б. жеке қасиеттері қарастырылады.

Оқушыларды осы бағдарлама төңірегінде әлемдік білім беру кеңістігіне шығарып, жалпыадамзаттық және әртүрлі ұлттық мәдени құндылықтар негізінде білім негіздерін беріп, жан-жақты дамытуға мүмкіндік болады. Онда, жеке тұлғаға бағытталған оқыту мен тәрбиелеу принциптері жүзеге асырылады. Әлемдік жаһандану жағдайында, білім беру жүйесіне де елеулі өзгерістер мен жаңалықтар енгізілуде. Оның негізгі бір айғағы 12-жылдық оқыту жүйесіне көшу болып отыр. Бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер жеке тұлғаны жан-жақты дамытатындай бағытта деуге болады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Климов Е.А. Основы психологии. – М., 1997. – 295 с.
[2] Зимняя И.А. Педагогическая психология. - Ростов н/Д., 1997. - 480 с.
[3] Айдарова Л.И. Психологические проблемы обучения младших школьников русскому языку. – М.: Педагогика, 1978. – 144 с.

REREFENCES

- [1] Klimov Ye.A. Osnovy psikhologii. M., 1997, 295 s. [in Rus.].
[2] Zimnyaya I.A. Pedagogicheskaya psikhologiya. Rostov n/D: 1997, 480 s. [in Rus.].
[3] Aydarova L.I. Psikhologicheskiye problemy obucheniya mladshikh shkol'nikov russkomu yazyku. M.: Pedagogika, 1978, 144 s. [in Rus.].

Кусаинова М.А., к.п.н доцент,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Есимғалиева Т.М., докторант, КазНПУ им. Абая,
Алматы, Казахстан, e-mail: manshuk61@mail.ru

СПОСОБЫ РЕАЛИЗАЦИИ ЛИЧНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ

Ключевые слова: личностно-ориентированное обучение, качества педагогов, творческий поиск.

Аннотация. В статье рассматривается проблема подготовки педагогов в условиях личностно-ориентированного обучения. Также предлагается программа подготовки педагогов в основанная на программе 12 летнего обучения: где во главу угла ставится личность ребенка, ее самобытность, самооценность, субъектный опыт каждого сначала раскрывается, а затем согласовывается содержимого образования.

Статья поступила 15.02.2017 г.

THE CULTURAL COMPETENCE AS A ELEMENT OF THE BASIC CROPS OF THE OLD SCHOOLS

Zhetekbai Zh.B., master student,
Kazakh Ablai Khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhetekbai@mail.ru

Keywords: general culture of personality, competence, cultural identity, competence, competence approach, general cultural competence, component composition of general cultural competence.

Abstract. The article reveals the essence of the concepts “general cultural competence”, its correlation with the category “general culture of the individual”. Attention is focused on the fact that general cultural competence covers the main spheres of human activity; Its component composition corresponds to the basic elements of the general culture.

The acquisition of personal meanings by schoolchildren and an understanding of the foundations of social processes; Educational, social and ethno-cultural self-identification; Awareness in the field of development and the current state of the national and world artistic culture; Moral culture, speech culture, ecological culture and culture of family relations are considered as the basic components of general cultural competence, which determine the

content of educational work. These components, in the opinion of the author, serve as guidelines for the directions of education of general cultural competence and determine the meaningful content of this process.

ЭОЖ 371.4

ЖАЛПЫМӘДЕНИ ҚҰЗІРЕТТІЛІК - ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БАЗАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚҰРАМДЫ БӨЛІГІ

Жетекбай Ж.Б., магистрант,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: zhetekbai@mail.ru

Тірек сөздер: тұлғаның жалпы мәдениеті, құзырлық, мәдени теңесу, құзіреттілік, құзыреттілік тәсіл, жалпымәдени құзіреттілік, жалпымәдени құзіреттіліктің құрамдық құрылымы

Аңдатпа. Мақалада «жалпымәдени құзіреттілік» ұғымы, оның «тұлғаның жалпы мәдениеті» категориясымен арақатынасы қарастырылады. Жалпымәдени құзіреттілік адам іс-әрекетінің негізгі салаларын қамтитындығына, оның құрамдық құрылымы жалпы мәдениеттің базалық элементтеріне сәйкес келетіндігіне назар аудартылады; оқушылардың тұлғалық мәндерді игеруі мен қоғамдық үдерістер негіздерін түсінуі; білімдік, әлеуметтік және этномәдени сәйкестену; отандық және әлемдік көркем мәдениеттің дамуы мен ағымдағы жағдайы саласынан хабардарлық; адамгершілік мәдениет, тіл мәдениеті, экологиялық мәдениет және отбасылық қарым-қатынастар мәдениеті тәрбие жұмысының мазмұны құрамдары ретінде айқындалады және олар жалпы мәдени құзыреттілікті тәрбиелеудегі бағдарлық бағыттар қызметін атқаратындығы жөнінде тұжырым жасалады.

Мәдениет адамгершіліктілікті қалыптастыру мен дамыту, адамзат тәжірибесін сақтау мен таратудың негізгі құралы болып табылатындықтан адам өміріндегі маңызы аса зор. Бала тұлғасын қалыптастыруда, оны мәдениетке тартуда тәрбие мен оқыту үдерісінде қол жеткізуге болады. Соңғы онжылдықтарда қазақстандық білім беру саласында және жалпы қоғамда да мәдени құндылықтардың маңызы артып, тәрбие мен мәдениеттің тығыз байланысына деген өте зор сұраныс туындай бастады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру басты мақсаттардың бірі ретінде белгіленген [1].

Осыған байланысты өмірдің түрлі салаларындағы жалпы мәдениеттің негіздерін игерген, адамзаттың мәдени тәжірибелерін қабылдай алатын және мәдениетті ілгері дамытуға қабілетті адамды тәрбиелеу білім берудің аса маңызды міндетін айқындайды.

Жалпы мәдениет қоғамның толыққанды мүшесі болу үшін қажет тұлғалық қасиеттер мен сапалардың жиынтығы болып табылады. Ол адамның өмір салты мен ойлау образын анықтайды, адам іс-әрекетінің эталондық үлгілерін қабылдауды немесе қабылдамауды қамтамасыз етеді, мәдениет аралық диалогтық қарым-қатынас қабілетін дамытуға, мәдени құндылықтарды сақтауға, көбейтуге және қайта жаңғыртуға ықпал етеді. Тұлға тәрбиелеуде мұның барлығын құндылық идеалдардан ажырату мүмкін емес: бір жағынан, бала тұлғасы абсалютті құндылық, соның ішінде мәдениет құндылығы ретінде мойындалады; екінші жағынан тәрбие мен білім беру мазмұны бала игеруі тиіс жалпыадамзаттық құндылықтарға, әлемдік және ұлттық мәдениетке бағдарланады.

Бұдан шығарып, *тұлғаның жалпы мәдениеті* дегеніміз жеткіншек ұрпаққа педагогикалық ықпал ету үдерісінде қалыптасатын жалпыадамзаттық құндылықтарды игеру нәтижесі деп тұжырымдауға болады. Жалпы мәдениеттің негізгі белгілері ретінде өзге адамның ар, намысын құрметтеу, әлеуметтік өзара әрекеттестіктегі түрлі ситуацияларда жеке басының абыройын сақтау; мәдени өзара әрекеттестікте этноәлеуметтік мәдени дәстүрлерді, салттарды, нормалар мен әдепті сақтау, жалпы мәдени жеке білім қорын пайдалануға дайын болу; өздігінен тұлғалық әлеуметтік мәдени дамуды жалғастыруға ұдайы қажеттілік; өзіне, өз мінез-құлқына әлеуметтік жауапкершілік; адамның рухани салауаттылығы және көркемдікті қабылдау мен бағалауға қабілеттілікті атауға болады.

Тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруда оның өздігінен мәдени теңесуінің маңызы зор: әрбір адамның елде қалыптасқан құндылықтар жүйесіне мәнді қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының әрі қарайғы табысты дамуының маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Мектеп бітірушілердің өз бетімен өмір сүруге дайындығы, алынған білімдер мен қалыптасқан дағдылар мен біліктерді қоғамдық өмірде қолдана алуы, өзгермелі әлеуметтік-мәдени ситуацияларда адамгершілік бағдарлар мен моральдық принциптерді ұстана алуы қабілеттерін анықтау мақсатында педагогика ғылымында «құзырлық», «құзыреттілік», «құзыреттілік тәсіл» ұғымдары кеңінен қолданылуда.

Жалпы мәдени құзыреттілік ұғымын зерделеу төңірегіндегі пікірталастар осы ұғымда көптеген мәдени мән-мағыналардың интеграциялануына және олардың тұлғалық қасиеттермен байланыстылығына қатысты болып отыр.

Мәселен, бұл жөнінде В.И.Байденко, Г.К.Борозенец, И.А.Зимняя, Г.М.Кождаспирова, Дж.Равен, Н.С.Сахарова, Г.М.Скрябина, Л.Л.Супрунова секілді практик-педагогтар өз ойларын білдірді. Жалпымәдени құзіреттілік мәселелері сонымен қатар, Е.В.Бондаревский, О.С.Газман А.В.Иванов зерттеулерінде қозғалды. Бұл зерттеу еңбектерінде мәдениет адамын тәрбиелеу мен тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыру міндеті адамның өмірдегі өз орнын табуының негізі ретінде қарастырылады.

Б.Н.Боденко, Н.И.Зимняя, Н.А.Морозов еңбектерінде жалпымәдени құзіреттілік тұлғалық-іс-әрекеттік тұрғысынан қарастырылса, А.В.Хуторский, Н.Е.Щуркова, В.А.Караковский, Е.Н.Шиянов және тағы басқа ғалымдар жалпымәдени құзіреттіліктің құндылық құрамын ажыратып көрсетеді. Ал С.Л.Троянский, Н.Ю.Коносова, М.Г.Боровик, И.Г. Самохваловажәне басқалары жастардың жалпымәдени құзіреттілігі қалыптасуының кейбір аспектілерін қарастырады.

Тарихи дамудың қай кезеңінде болмасын мектептік білім берудің басты қызметі мәдени мұра мен заманауи мәдениеттің өзара байланысы жүйесін бейнелейтін мәдени тәжірибені жеткіншек ұрпаққа табыс ету болып табылады. Осы орайда мектептік білім беруден күтілетін нәтижеіс-әрекет пен қарым-қатынастың сан алуан түрлеріндегі мәдениетті игеру және әрі қарай дамыту жағдайларын қамтамасыз ететін тәрбиелілік пен білімділік деңгейіне қол жеткізу болуы тиіс. Мұндай деңгейге құзіреттіліктің жалпы мәдени түрін жатқызуға болады. Оның мәнін оқушылардың мәдениеттің түрлі салалары заттары мен үдерістері жөнінде ойлай алуға және дәлелді пікір білдіре алуға дайын болуы мен қабілеті, түрлі мәдениет өкілдерімен диалог құра алуы, қазақ халқының мәдени құндылықтары мен дәстүрлерін құрметтеуі, табиғатты қорғай алу іс-әрекетіне дайын болуы, адамгершілік бағдарлар мен моральдық принциптерге ие болуы құрайды.

Қазіргі мектепте оқушы тұлғасының өздігінен даму субъектісіне айналуын білдіретін субъект-субъектілік өзара әрекеттестікке бетбұрыс жасалуда. Демек, әрбір оқушы тұлғасын және оның қадыр-қасиетін, өмірлік мақсатын, сұраныстары мен қызығушылықтарын құрметтеу, оның өзіндік айқындалуы үшін жағымды жағдайлар туғызу мұғалімдер мен оқушылардың педагогикалық іс-әрекетіндегі жетекші гуманистік басымдылықтар болуы қажет.

Педагогикалық әдебиетте тұлғаның базалық мәдениетінің негізгі

құрамдары белгіленген, олардың қалыптасуы әрбір адамның қоғамда қызмет етуі ғана емес, оның өз мәнді күш-қуаттарын жан-жақты дамыту үшін де қажет. Бұл өмірлік өзіндік айқындалу мәдениеті, интеллектуальдық, адамгершілік, азаматтық мәдениет, еңбек мәдениеті және экономикалық мәдениет, сондай-ақ экологиялық, эстетикалық, дене және отбасылық қарым-қатынастар мәдениеті. Мәдениеттің базалық элементтерін игеру негізінде оқушыларда жалпы мәдени құзіреттілік шыңдалуы қажет. Сонымен қатар бұл аталған құрамдар мазмұндық тұрғыдан алғанда бастапқы мәндердің күрделі кешені, оларды анықтауды бірқатар зерттеушілер жеке ғылыми-зерттеу міндеті ретінде қарастырады. Себебі жалпымәдени құзіреттілікті тәрбиелеу бойынша педагогикалық іс-әрекеттің мазмұны осы мәндер-құрамдармен байланысты. Бұл өз кезегінде жалпымәдени құзіреттіліктің құрамдық мәндік құрылымын айқындауды қажет етеді.

Мәселен, өз зерттеуін көпэтникалық білім беру ортасында оқушылардың этномәдени құзіреттілігін қалыптастыру мәселесіне арнаған Поштарева Т.В.«қоғамның қазіргі дамуы үшін «өркениеттік үдерістердің амбиваленттілігі: яғни, бір жағынан унификация тенденциясының дамуы, екінші жағынан – халықтардың этномәдени өзгешелігін сақтау тән. Бұл өз кезегінде жалпымәдени құзіреттілікті қалыптастыруда этномәдени құрамды есепке алуды талап ететіндігін» атап көрсетеді [2].

Әрине, өзге этностар мәдениетін меңгерумен қатар, тұлғаның жеке өз мәдени қатыстылығын сақтауын қазіргі уақыттағы мәдениаралық өзара әрекеттестіктің табысты стратегиясы ретінде мойындау құптарлық жәйт. Сондықтан да жастарды көпмәдени ортадағы өмірге даярлау, өз мәдениетіне және сонымен бір мезгілде әлемдік мәдениетке қатыстылығын жете ұғындыру мектептік білім берудің міндеттерінің бірі болып табылатындығы жөніндегі пікірлермен келіспеуге болмайды [3].

Тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, осылайша біртекті емес этникалық орта жағдайында белсенді, табысты өмір сүре алуға қабілетті, этномәдени өзара әрекеттестіктің негіздерін игерген адамды тәрбиелеуді білдіреді.

Интеллектуальдық мәдениет саласындағы құзіреттілік ретінде оқушының мәдениеттер диалогы мен түрлі формадағы қоғамдық санаға негізделген ғылым мен қоғамдық тәжірибенің қазіргі кезеңдегі даму деңгейі жөнінде хабардар болуын айтуға болады. Нәтижесінде оқушы жеке іс-әрекетінің мақсатын өздігінен анықтай алуы және негізгі және

екінші кезектегі міндеттерді жете ұғынып, жоспарлар құра білуі; оқу, оқудан тыс және мектептен тыс іс-әрекетті алдын ала жоспарлап іске асыруы, бақылай алуы және түзетулер енгізе білуі, қоршаған әлеммен өнімді өзара әрекеттесе білуі; сонымен қатар, мінез-құлықтың басты стратегияларын анықтайтын шешімдерді бағалай алуы және қабылдай білуі тиіс. Бастылары ретінде танымдық, оқу-зерттеушілік және жобалық іс-әрекеттерді, сонымен бірге танымдық рефлексияны атауға болады.

Оқушыларда адамгершілік және азаматтық мәдениеті саласында негізгі жалпыадамзаттық құндылықтар мен моральдық нормалар жөнінде түсініктер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен міндеттері, азаматтық борышқа, демократияға адалдық жөнінде ұғымдар қалыптасуы қажет. Заманауи мектеп отансүйгіштік, азаматтық қоғам, халықтар мен мәдениеттің көптүрлілігі, этносаралық бейбітшілік пен келісім, ұлттық тәрбиелік идеал, базалық ұлттық құндылықтар секілді ұғымдарға аса мән бергені жөн. Бұл жалпы ұлттық құндылықтар негізінде оқушының өзін Қазақстан Республикасының азаматы деп сезінуі, сыртқы және ішкі қайшылықтарға қарсы тұра алуы, этносаралық бейбітшілік пен келісім идеясын қолдауы, адам өміріне ұқыптылықпен қарауы және ұрпақ жалғастығы жөнінде қамқор болуы, басқарушы орындарға құрметпен қарауы және елдің игілігіне қамқор болуы, сонымен қатар өз Отанын қорғауы үшін қажет.

Еңбек қоршаған болмыс заттарын қайта құруға және өзгертуге бағытталған, ақыл-ой мен дене күштерін жұмсауды талап ететін іргелі іс-әрекет түрі болып табылады. Әдетте мектептік тәрбиелік-білімдік тәжірибеде, тұлғаны еңбекке даярлаудың оқу еңбегі, еңбекке баулу, қоғамдық пайдалы еңбек, мектептен тыс іс-әрекет еңбегі деп аталатын, еңбекке адам өміріндегі жоғары құндылық ретінде жағымды қарым-қатынас қалыптастыруға ықпал ететін түрлері ажыратылады.

Еңбек мәдениеті мен экономикалық мәдениет саласындағы күзінеттілік адамның өз еңбегі іс-әрекеті нәтижесі үшін жауапкершілігі жайлы, елдегі және әлемдегі экономика құрылымында болып жатқан негізгі экономикалық үдерістер жайлы оқушының хабардар болуын білдіреді. Еңбек технологиясы сабақтарында оқушылардың әрі қарай өздігінен айқындалуына ықпал ететін негізгі жалпы еңбек дағдылары қалыптасады және олар сыныптан тыс жұмыста (сенбіліктерде, жобалық, шығармашылық зерттеулерде) бекиді.

Мұғалім жұмысындағы басымдылық берілетін міндеттердің бірі оқушылардың табиғатқа, адамның тіршілік ету ортасына ізгілікті

қарым-қатынасын тәрбиелеу, экологиялық сана мен табиғатқа сүйіспеншілік сезімін дамыту, табиғатты қорғау іс-әрекеті дағдылары мен біліктерін қалыптастыру. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін педагог жеткіншектерде жоғары адамгершілік-эстетикалық сезімдерді оятуы және жоғары адамгершілікті тұлғалық қасиеттерді, сондай-ақ белсенді табиғатты қорғаушылық іс-әрекетке даярлықты қалыптастыру қажет. Нәтижесінде мектеп бітіруші өзі үшін және өзге адамдар үшін қауіпсіз, салауатты және экологиялық мақсатты өмір салт ережелерін жете ұғынып орындайтын және насихаттайтын болады. Экологиялық ойлау негіздерінің қалыптасуы, қоғамдық адамгершіліктіліктің және әлеуметтік-экономикалық үдерістердің табиғи орта ахуалына ықпалын ұғыну Жер экологиясын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Тұлғаның экологиялық мәдениет саласындағы құзіреттілігі қалыптасуының нәтижесі осындай болуы тиіс.

Болмысты әсемдік заңына сәйкес игеру мен қайта өзгертуге, көркемдікті ішкі байлыққа айналдыруға бағытталған шығармашылық іс-әрекет тұлғаның эстетикалық мәдениетінің негізін құрайды. Эстетикалық мәдениетті игеру ұдайы және жүйелі тәрбие жұмысы, сондай-ақ әдебиет, музыка және бейнелеу өнері салаларындағы отандық және әлемдік туындылармен танысу үдерісінде жүзеге асады. Мұның өзі оқушыларда қоршаған болмыс әсемдігін қабылдауға, сезінуге және тудыруға қабілеттілікті дамытуға ықпал етеді. Эстетикалық мәдениет саласындағы құзыреттілік оқушының әсемдік заңы бойынша өзінің түрлі іс-әрекетін ұйымдастыра білуінен көрініс береді.

Дене мәдениеті саласындағы құзыреттілік оқушының денсаулықты сақтаудың негізгі жүйелері жөніндегі білімдерде, тән мен жанның үйлесімді бірлігі, рухани және дене күштерін дамыту жөніндегі түсініктерде бейнеленеді. Дене мәдениетімен айналысу жауапкершілік, ұқыптылық, жүйелілік, рухани жігерлілік, төзімділік, достық пен өзара көмек секілді жалпымәдени құзырлылық белгілер мен сапаларды қалыптастыруға ықпал етеді, жеке тазалықты сақтауға және еңбек пен демалысты нақты ұйымдастыруға жәрдемдеседі. Нәтижесінде мектепті бітіргеннен кейін түлек салауатты және қауіпсіз өмір салты, денені өздігінен жетілдіруге қажеттілік, денешынықтыру-сауықтыру іс-әрекетімен айналысусекілді құндылықтарды өздігінен іске асыруын жалғастырады. Ішімдікті, есірткіні, темекіні қолдануға жағымсыз көзқарас қалыптасады, өзінің және өзге адамдардың дене және психикалық салауаттылығына ұқыпты, жауапкершіліктілікті және білікті қарым-қатынас орнатады, алғашқы медициналық көмек

көрсете білу, негізгі сауықтыру технологияларын игеру дағдыларын өздігінен жетілдіруін жалғастырады.

Отбасылық қарым-қатынастар мәдениеті саласындағы құзыреттілік оқушының отбасылы-некелік қарым-қатынас негіздері жөнінде, ер адам мен әйел адамның өзара қарым-қатынас аясындағы мінез-құлық мәдениеті жөнінде хабардар болуынан көрініс береді. Оқушылар отбасын құрудың негізін құрайтын негізгі құндылықтарды (сүйіспеншілік, тең құқылық, жақындарға қамқор болу, ата-аналық борыш) меңгеруі тиіс. Тәрбие үдерісінде әйел мен ер адам көркемдігінің рухани-эстетикалық идеалдары қалыптасады, рухани құндылықтар ашылады, ер мен әйелдің пәк таза қарым-қатынасы жөніндегі түсініктер дамиды, адамгершілік ұғымдар мен идеалдар, отбасылық өмірдегі өз мінез-құлқын жалпыадамзаттық құндылықтармен ұштастыра алу біліктері шыңдалады.

Жалпы мәдени құзыреттіліктің негізгі құрамы мазмұнын талдау оқушының жалпы мәдени құзыреттілігі өзіне қазіргі әлемде өзін жүзеге асыруға қабілетті жоғары адамгершілікті, рухани тұлғаның қалыптасуындағы педагогикалық бағдарлардың тұтас спектрін біріктіреді деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдағы тәрбие идеалын іске асыруда оқушы бойында тұлғалық ұстаным, тұлғалық мәндер, іс-әрекеттің барлық салаларындағы мәдени басымдылықтарға тұлғалық құндылық қарым-қатынас қалыптастыру басты назарда болуы шарт.

Мәселен, Е.В.Бондаревская педагогикалық үдерістің мақсаты ретінде тәрбиеге мәдениет адамын және адамгершіліктілікті қайта өркендету талабын қояды және оқушыларды жалпы мәдениетке даярлаудың келесі құрамдарын ажыратып көрсетеді: әмбебап жалпы адамзаттық құндылықтар (адамзаттың рухани тәжірибесін сақтау, түрлі мәдениеттер арасындағы диалог, адам тұлғасын құрметтеу, еркіндік пен жауапкершілік); тіршілік әрекетінің тұлға мен адамдар арасындағы қарым-қатынасты ізгілендіретін негізгі сфералары; жалпы адамзаттық және ұлттық мәдениеттің материалдық және рухани құндылықтары; азаматтық мінез-құлық (азаматтық сезімдерді білдіру, адам құқығын қорғау, адамгершілікке жат құбылыстарға қарсы тұру); ізгілікті мінез-құлық (жақындарға қамқорлық көрсету, өзге адамдардың құқықтары мен ар-намысын құрметтеу) [4].

Бұл қағидалар мектептегі оқыту кезінде негізі қаланатын жалпымәдени құзіреттіліктің қажетті құрамдары және аса маңызды жалпыадамзаттық құндылықтар болып табылады.

И.А.Зимняя базалық мәдениетті белсенді тіршілік әрекеті үдерісі мен өзге адамдармен өзара әрекеттестікте игерілетін және қолданылатын құндылықтар, нормалар мен идеалдар жиынтығы ретінде анықтай келе, базалық мәдениеттің мазмұнындағы алты бағытты ажыратып көрсетеді. Оның көрсетуінде олар жалпымәдени құзіреттілікті үш жетекші аспект (когнитивтік, тұлғалық-мотивациялық және іс-әрекеттік) бойынша сипаттауға мүмкіндік беретін үш негізгі топтан тұрады: 1) іс-әрекет мәдениеті тобы (интеллектуальды және пәндік іс-әрекет мәдениеті); 2) тұлға мәдениеті тобы (қарым-қатынас және өзін-өзі реттеу тобы); 3) адамның өзге адамдармен әлеуметтік өзара әрекет ету тобы (мінез-құлық пен қарым-қатынас мәдениеті) [5].

Мәдениетті анықтаудың бұл принципі оқушының белсенді іс-әрекетіне, оның өзіндік айқындалуына және өз қылықтары үшін жауапкершілігіне бағдарланған. И.А.Зимняя ұсынған бағыттар жоғары мектеп жасына сәйкес келеді.

Қарастырылған жағдайлардан байқағанымыздай, жалпымәдени құзіреттілік адам іс-әрекетінің негізгі салаларын қамтиды; оның құрамдық құрылымы жалпы мәдениеттің базалық элементтеріне сәйкес келеді: оқушылардың тұлғалық мәндерді игеруі мен қоғамдық үдерістер негіздерін түсінуі; білімдік, әлеуметтік және этномәдени сәйкестену; отандық және әлемдік көркем мәдениеттің дамуы мен ағымдағы жағдайы саласынан хабардарлық; адамгершілік мәдениет, тіл мәдениеті, экологиялық мәдениет және отбасылық қарым-қатынастар мәдениеті. Бұл құрамдар жалпы мәдени құзіреттілікті тәрбиелеудегі бағдарлық бағыттар қызметін атқарады және осы үдерістің мазмұнын анықтайды.

Сонымен, жалпымәдени құзіреттіліктің табиғаты мен мәні жайлы педагогикалық зерттеулерді талдау нәтижелерін жүйелеу мынадай анықтама ұсынуға мүмкіндік береді: жалпымәдени құзіреттілік – бұл оқушыдағы әлеуметтік мәдени кеңістікті кеңейтуге, білімділік пен тәрбиелілік деңгейін көтеруге, танымдық және дүниетанымдық сипаттағы проблемаларды шешуде мәдени өлшемдерді бағалау көрсеткіші ретінде пайдалана алуға, көптүрлі мәдениетте еркін бағдарлануға, өз өмірі үшін жауапкершілікті болуға, өзін ұдайы дамытуға ұмтылуға, мәдени құндылықтарды алып жүруші және тудырушы болуға мүмкіндік беретін интегративті қабілеттілік.

ӘДЕБИЕТ

[1] Поштарева Т.В. Формирование этнокультурной компетентности учащихся в полиэтнической образовательной среде // Педагогика. - 2005. - № 3. - С. 35-42.

[2] Васильева А.А. Поликультурное образование в контексте мирового опыта. - Новосибирск, 2011. - С. 20 - 24.

[3] Бондаревская Е.В. Опыт разработки концепции воспитания. - Ростов-на-Д., 1993. - С. 30-3.

[4] Равен Дж. Компетентность в современном обществе. - М., 2002. – 396 с.

[5] Скрябина М.Г. Развитие ключевых компетентностей учащихся во внеурочное время. – Пермь., 2007. - 62 с.

REFERENCES

[1] Poshtareva T.V. Formirovaniye etnokul'turnoy kompetentnosti uchashchikhsya v polietnocheskoy obrazovatel'noy srede. *Pedagogika*, 2005, № 3, S. 35-42 [in Rus.].

[2] Vasil'yeva A.A. Polikul'turnoye obrazovaniye v kontekste mirovogo opyta: akkul'turatsionnyy i dialogovyy podkhody. Novosibirsk., 2011, S. 20 [in Rus.].

[3] Bondarevskaya Ye.V. Opyt razrabotki kontseptsii vospitaniya. Rostov-na-D., 1993, 30 s. [in Rus.].

[4] Raven Dzh. Kompetentnost' v sovremennom obshchestve. M., :Kogito-Tsentr, 2002, 396 s. [in Rus.].

[5] Skryabina M.G. Razvitiye klyuchevykh kompetentnostey uchashchikhsyavo vneurochnoye vremya. Perm', 2007, 62 s. [in Rus.].

ОБЩЕКУЛЬТУРНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ КАК ЭЛЕМЕНТ БАЗОВОЙ КУЛЬТУРЫ СТАРШЕКЛАСНИКОВ

Жетекбай Ж.Б., магистрант,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан, e-mail: zhetekbai@mail.ru

Ключевые слова: общая культура личности, компетенция, культурная идентичность, компетентность, компетентностный подход, общекультурная компетентность, компонентный состав общекультурной компетентности.

Аннотация. В статье раскрывается сущность понятий «общекультурная компетентность», его соотношение с категорией «общая культура личности». Акцентируется внимание на то, что общекультурная компетентность охватывает основные сферы человеческой деятельности; ее компонентный состав соответствует базовым элементам общей культуры.

Обретение школьниками личностных смыслов и понимание основ общественных процессов; образовательная, социальная и этнокультурная самоидентификация; осведомленность в области развития и современного состояния отечественной и мировой художественной культуры; нравственная культура, культура речи, экологическая культура и культура семейных отношений рассматриваются как базовые составляющие общекультурной компетентности, определяющие содержание воспитательной работы. Эти компоненты по мнению автора служат ориентирами направлений воспитания общекультурной компетентности и определяют содержательное наполнение этого процесса.

Статья поступила 18.02.2017 г.

ORGANIZATION OF THE INTERACTION OF FOREIGN LANGUAGE TEACHER WITH PARENTS OF PRIMARY SCHOOL PUPILS

Nurgazy A.R., master student,
Kazakh Ablai Khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: p.s.aminka@mail.ru

Keywords: interaction, foreign language teaching, foreign language education, foreign language, school and parent interaction, information and educational direction, analytical activity, organizational and activity direction.

Abstract. The article examines the ways of organizing the interaction between a foreign language teacher and parents of junior school children. The main structural components of the organized interaction (goal, tasks, principles of interaction, forms of organization and direction of interaction, as well as the analytic activity of teachers and parents) are determined. Details of these components of organized interaction in the context of early-language education are shown. The consistent implementation of the components of interaction considered allows us to successfully solve the difficulties that arise in the process of early foreign-language education and increase its effectiveness.

ӘОЖ 378.147:81

ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ӨЗАРА ӘРКЕТІ

Нұрғазы А.Р., магистрант,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: p.s.aminka@mail.ru

Тірек сөздер: өзара әрекет, ерте жастан шетел тілін оқыту, шетел тілінен білім беру, шетел тілі, мектеп пен ата-аналардың өзара әрекеті, ақпараттық-ағартушылық бағыт, аналитикалық іс-әрекет, ұйымдастырушылық іс-әрекеттік бағыт.

Аңдатпа. Мақалада шетел тілі мұғалімінің бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарымен өзара әрекетін ұйымдастыру жолдары қарастырылады. Өзара әрекетті ұйымдастырудың негізгі құрылымдық компоненттері (мақсаты, міндеттері, өзара әрекет принциптері, өзара әрекетті ұйымдастыру формалары мен бағыттары және педагогтар мен ата-аналардың аналитикалық іс-әрекеті) және олардың өзара байланысы анықталады. Ерте жастан шетел тілінен білім беру аясында ұйымдасқан өзара әрекетті құрайтын мәліметтер жан-жақты ашып көрсетіледі. Қарастырылып отырған өзара әрекет компоненттерін біртіндеп жүзеге асыру ерте жастан шетел тілінен білім беру үдерісінде кездесетін қиындықтарды табысты шешуде көмектеседі және оның тиімділігін арттырады.

Соңғы жылдары шетел тілін ерте жастан (бастауыш мектеп немесе бала бақша) меңгеруді қарастыратын шетел тілінен білім берудің үздіксіз жүйесін жасау тенденциясы байқалады. Бұл мәселе Қазақстан Республикасы білім беру саясатының маңызды бағытының бірі болып табылады.

Шетел тілін бастауыш мектептің бағдарламасына ендіру ата-аналар тарапынан қызығушылық туындатып, қолдау тапты. Олардың бәрі

қазіргі қоғамда шетел тілінен білім берудің маңыздылығын түсінеді және бастауыш сынып оқушыларына оқу үдерісінде қажетті көмек береді. Осылайша білім беру үдерісіне тікелей қатысымды болады.

Әйтседе ата-аналардың, ерте жастан бастауыш сынып оқушыларына шетел тілін меңгертудің тұлғалық мәнісін түсіне бермейтінін ескеру қажет. Бұл өз тұрғысында оқу барысында кездесетін қиындықтарды жеңуге талпыныстың болмауына алып келеді. Мұндай жағдайда баланың оқуға деген жағымды мотивациясын дамытуда отбасының көмегі мен қолдауы қажет болады.

Бұл арада барлық ата-аналар бере алмайтын ересектердің үлгісі туралы, басқа халықтардың тіліне, мәдениетіне және дәстүрлеріне қызығушылығын қалыптастыру, баланың қол жеткізген нәтижесін қабылдау туралы, олардың көңілге қонымды бағасы туралы айтылады.

Білім беру үдерісі тіпті ерте жаста оқушылардың өздік іс-әрекетінің болуын, сонымен бірге бастауыш сынып оқушыларының үй тапсырмасын орындауын болжайды. Бұл жастағы балаларда, қағида бойынша, оқытушылар мен ата-аналар тарапынан бақылау қажеттігі, сондай-ақ өз мезгілінде көмек алу қажеттігі туындайды. Шетел тіліне байланысты бұны қалай орындауға болады, деген сұраққа жауапты көпшілік ата-ана іздестіреді, ал мұғаліммен бұл жағдайда анда-санда байланыс жасау ұдайы көңілден шығатындай нәтиже бермейді.

Жоғарыда айтылғанның бәрі мектеп пен отбасының өзара әрекетіне ақпаратпен алмасу және ата-аналарға кәсіби педагогикалық көмек көрсету мақсатында қажеттілік бар екендігін көрсетеді.

Ерте жастан шетел тілінен білім беру саласындағы ғылыми зерттеулерге берілген талдау, бұл проблеманың әр қырынан зерделенгенін көрсетеді: әдістемелік (Е.И. Негневицкая, З.И. Никитенко и др.), лингвистикалық (М.Р. Львов, А.М. Шахнарович, Л.В. Щерба және т.б.), психологиялық (Л.С. Выготский, И.А. Зимняя, Х.Шерьязданова және т.б.), педагогикалық (Ш.А. Амонашвили, А.К. Маркова, В.Н. Картошова және т.б.).

Педагогика ғылымы үшін білім беретін мекемелер мен отбасының өзара әрекеті проблемасы жалпы жаңалық емес. Бұны осы салада орындалған ғылыми еңбектер дәлелдейді. Мысалы, отбасы әлеуметінің аса маңызды педагогикалық әлеуеті туралы (А.С. Макаренко, А.В. Мудрик, Х. Аргынбаев және т.б.), білім беру мекемелері мен отбасының өзара әрекеті проблемасы туралы (Р.У. Боданова, И.В. Гребенников, Л.И. Новикова, А.Г. Хрипкова және т.б.) және т.б. еңбектер. Кейбір еңбектерде бұл проблеманың жеке

мәселесі қарастырылады, мәселен, отбасын әлеуметтік-педагогикалық қолдау (О.Ю. Арсентыва), ата-аналарды педагогикалық тұрғыда сауаттандыру (Н.А.Бадалян), өзара әрекеттегі шетелдік тәжірибені зерттеу (Е.П. Денисова), проблеманың тарихи және аймақтық саласы (Е.Г. Кожевникова), отбасымен жеке жұмыс жасау тәсілі (Г.И. Куцебо), жоғары сынып оқушыларының кәсіп таңдаудағы өзара әрекеті (Е.В. Малышева) және т.б. Көптеген зерттеулер мұғалімдер мен ата-аналардың балалар тәрбиелеу мәселесіндегі бірлескен әрекетіне арналады, сөйте тұра ерте жастан білім беру мәселесі арнайы зерттеу пәні болған емес.

Осы айтылғынның бәрі бір жағынан, ата-аналардың қажетін қанағаттандырады, екіншіден – екі жақтың да жалпы мақсатқа жетуде күшін біріктіретін білім беру мекемелері мен отбасының өзара әрекетін ұйымдастыру қажеттігін көрсетеді.

Бұл қағиданың көкейкестілігі оқытудың алғашқы сатысында, бала білімінің негізгі салына, дүниетанымы қалыптаса бастағанда арта түседі. Тәрбие мен оқытудың тиімділігі, бұл кезеңде көптеген жағдайда білім беру мекемелері мен отбасының мақсатты бағыттылығы мен іс-әрекетінің келісімділігіне байланысты болады. Алайда білім берудің жаңа мазмұны, оқытудың жаңа технологиялары және т.б. оқушылардың ата-аналарына жақсы таныс емес, ең бастысы – меншікті оқу тәжірибесінен өткізілмеген, оларда көптеген сұрақтар мен мектепке қатысты қосымша қиындықтар туындатады. Бұл, соның ішінде, ерте жастан шетел тілінен білім беру саласына қатысты [1].

Шетел тілінің қоғамдағы сұранысы, бір жағынан, ата -аналардың шетел тілі – білімділіктің ғана куәгері емес, олардың баласының келешектегі әлеуметтік және материалдық аман-саулығының негізі екендігін түсінуі, екінші жағынан, ерте жастан оқытуды бүгінгі таңда аса дәріптеп, өзектендіре түседі. Әйтседе оқушылардың бәрі бұл пәннен бағдарламалық материалдарды тиімді меңгере қоймайды.

Психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиетте бұл құбылыстың әртүрлі себептеріне талдау беріледі. Солардың ішінде: тілдік ортаның жоқтығы; оқу уақытының шектеулі болуы; оқушының үй тапсырмасын жүйелі бірізділікте орындамауы; оқу мотивациясының болмауы және кейбір балалардың жеке ерекшелігіне байланысты бірқатар себептердің (тілдік ерекшеліктері, есту қабілетінің нашарлауы және т.б.) болуы. Біздің пайымдауымызша, туындайтын проблемаларды шетел тілі мұғалімдері мен бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарының өзара әрекеті барысында, ерте

жастан шетел тілінен білім берудің тиімділігін көтере отырып шешуге болады.

Тиімділікті өзара әрекетте жүзеге асыру мақсатында оны ұйымдастыру қажеттігі туындайды, бұл жалпы мектеп деңгейінде және нақты бір мұғалімнің деңгейінде көрініс алады. Осыған орай ұйымдасқан өзара әрекеттің негізгі құрылымдық компоненттерін анықтау (мақсаты, міндеттері, өзара әрекетті ұйымдастыру формалары мен бағыттары және педагогтар мен ата-аналардың аналитикалық әрекеттері) және олардың өзара байланысын айқындау қажет.

Біздің пайымдауымызша, өзара әрекетті туындатушы және ұйымдастырушы шетел тілінің мұғалімі болу керек. Бұл «өзара әрекет» ұғымына ешбір қайшы келмейді. Адамдардың өзара әрекеті жағдайында екі жақтан да белсенділік орын алуы керек, әйтседе оның көрініс мөлшері әртүрлі. Адамның әрекетіне қарай бұл белсенділік инициалды және реактивті болуы мүмкін. И.А.Зимняя әлеуметтік өзара әрекет туралы айта келе: «сонымен бірге өзара әрекеттің ықыласына қарай әрекеттегі агенттің бірі, оны қайталайды, келесі-осы ықыласқа өзінің әрекетімен жауап береді» деп баса көрсетеді [2].

Өзара әрекетке қатысушылар (шетел тілінің мұғалімі мен бастауыш сынып оқушылары) оны нақты мақсатпен жүзеге асырады, бұл негізге алынатын компонент болып табылады. Біздің қарастырып отырған өзара әрекет мақсатының аса бір ерекшелігі: ерте жастан шетел тілінен білім берудің тиімділігін арттыру болып табылады. Аталған мақсат баланың бастауыш мектептегі бүкіл оқу кезеңін қамтиды және бірқатар міндеттерді нақтылайды. Шетел тілі мұғалімі мен ата-аналардың өзара әрекетіндегі міндеттер, біздің пайымдауымызша, шамамен мынадай: бастауыш сынып оқушыларының шетел тілін үйренуге мотивациясын қалыптастыру; ұлттық және әлемдік мәдениет туралы түсінігін дамыту; дербес оқыту принципін жүзеге асыру; шетел тілінен білімді меңгеруде кедергі болатын проблемаларды бірлесе шешу.

Аталған міндеттер педагогикалық үдерістегі барлық қатысушылардың аналитикалық әрекетінің нәтижесі бола тұра өзара әрекет үдерісінде түзетіле береді. Шетел тілі мұғалімінің оқушылар отбасымен өзара әрекеті барысындағы жұмысы, сонымен бірге өзара әрекеттегі міндеттердің қойылымы бірқатар принциптерді тірек етеді: педагогикалық үдерістегі барлық қатысушылардың субъективті көзқарасын қамтамасыздандыру; мұғалімдердің оқушылар мен оның ата-аналарының біріккен шығармашылығын ұйымдастыру; отбасымен өзара әрекеттегі гуманистік бағдар; педагогикалық мақсаттарын,

міндеттерін мен әрекеттерін интеграциялау және дербестендіру [3]. Мұғалімдер мен ата-аналардың мақсатты өзара әрекетінің кезеңі, оқытушылардың отбасынан ақпарат алу мақсатында жүргізілген зерттеу жұмыстары болып табылуы керек.

Оқушылардың отбасын зерттеу барысында алынған ақпараттар, өзара әрекет мазмұнын анықтауға негіз болып табылады, бұл негізгі екі бағытта жүзеге асады: ақпараттық-ағартушылық және ұйымдастырушылық іс-әрекеттік.

Ақпараттық –ағартушылық бағыт хабарлау, ағарту, ата-аналарды оқыту және кеңес беру, ерте жастан шетел тілінен білім беру саласына байланысты мақсат қою мәселелерін қарастырады.

Ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік бағыт сабақтарды оқушылардың үй тапсырмасын ұйымдастыруды, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруды, шетел тілін кабинетін бірлесе жабдықтауды қарастырады.

Әрбір іс-шараларды ұйымдастыруда үш негізгі кезеңді саралап көрсетуге болады: даярлық жұмысын; практикалық іс-әрекетті ұйымдастыруды; аналитикалық іс-әрекетті, бақылау мен ересектердің іс-әрекетін белсендіруді.

Сонымен қатар, аналитикалық іс-әрекет ұйымдастырудағы өзара әрекеттің өзіндік компоненті ретінде қарастырылады. Бұл біріккен іс-әрекеттің әрбір кезеңдерінде және тоқсанның, жартыжылдықтың, оқу жылының соңында жүзеге асырылуы қажет. Аналитикалық іс-әрекеттің мақсаты шетел тілі мұғалімінің оқушылар отбасы мүшелерімен өзара әрекетін жан-жақты қарастыру болып табылады. Әрбір іс-шараның нәтижелілігін талдауда мынаны анықтау қажет: білім беру үдерісіндегі барлық субъекттердің серіктестік сапасын қанағат тұту деңгейі; өзара әрекеттің жағымды нәтижелері; кездескен қиындықтардың себептері; жағымсыз салдардың көрініс алуы; келешектегі бірлескен әрекет жүйесі.

Қорыта айтқанда, шетел тілі мұғалімінің бастауыш сынып оқушыларының ата –анасымен жоғарыда аталған өзара әрекет компоненттерін біртіндеп жүзеге асыруда қарастыратын өзара әрекетін ұйымдастыруы ерте жастан шетел тілінен білім беру үдерісінде кездесетін қиындықтарды табысты шешуде көмектеседі және оның тиімділігін арттырады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Карташова В.Н. Раннее иноязычное образование. Теория и практика. – М., 2001. – 121 с.

[2] Зимняя И.А. Педагогическая психология: учебник для вузов. - М., 2002. – 306 с.

[3] Байбородова Л.В. Взаимодействие школы и семьи. - Ярославль, 2003. - С.29-32.

REFERENCES

[1] Kartashova V.N. Ranneye inoyazychnoye obrazovaniye. Teoriya i praktika. M., 2001, 121 s. [in Rus.].

[2] Zimnyaya I.A. Pedagogicheskaya psikhologiya: uchebnik dlya vuzov. M., 2002, 306 s. [in Rus.].

[3] Bayborodova L.V. Vzaimodeystviye shkoly i sem'i. Yaroslavl', 2003, S.29-32 [in Rus.].

ОРГАНИЗАЦИЯ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ УЧИТЕЛЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА С РОДИТЕЛЯМИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Нургазы А.Р., магистрант,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан, e-mail: p.s.aminka@mail.ru

Ключевые слова: взаимодействие, раннее иноязычное обучение, иноязычное образование, иностранный язык, взаимодействия школы и родителей, информационно-просветительское направление, аналитическая деятельность, организационно-деятельностное направление.

Аннотация. В статье рассматриваются пути организации взаимодействия учителя иностранного языка с родителями младших школьников. Определяются основные структурные компоненты организованного взаимодействия (цель, задачи, принципы взаимодействия, формы организации и направления взаимодействия, а также аналитическая деятельность педагогов и родителей) и их взаимосвязь. Подробно освещаются данные, составляющие организованного взаимодействия в контексте раннего иноязычного образования. Последовательная реализация рассмотренных компонентов взаимодействия, позволяет успешно разрешить трудности, возникающие в процессе раннего иноязычного образования и повысить его эффективность.

Статья поступила 12.02.2017 г.

THE COMPETENCE-BASED APPROACH IN THE EDUCATIONAL – PROJECT ACTIVITIES IN THE CONTEXT OF THE FORMATION OF COMMUNICATIVE ABILITIES OF COLLEGE STUDENTS

Ushkempirov B.M., master student,
Kazakh Ablai Khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: ushkempirov@mail.ru

Keywords: activity, the competence-based approach, educational project activity, project method, the context, college students, the formation of communicative abilities, type of project, the designing, the competence of students, interactive teaching technologies.

Abstract. This article reveals the competence approach in the educational project activity in the context of the formation of the communicative skills of college students: the concept, possibilities and content.

ӘОЖ 377.1

КОЛЛЕДЖ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ІСКЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ОҚУ ЖОБАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ҚҰЗЫРЛЫҚ ТӘСІЛІ

Үшкемпіров Б.М., магистрант,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: ushkempirov@mail.ru

Тірек сөздер: іс-әрекет, коммуникативтік шеберлік, колледж оқушылары, құзырлық тәсіл, оқу жобалық іс-әрекет, жобалық әдістер, жоба түрлері, жобалау, оқушылар біліктілігі, оқытудың интерактивті технологиялары.

Аңдатпа. Мақалада колледж оқушыларының оқу жобалық іс-әрекетіндегі құзырлық тәсілі қарастырылады. Құзырлық тәсілі жобалық оқытуда іске асыру білім алушылардың коммуникативтік іскерлігін екі жақтан қарастыруға мүмкіндік береді: оқу жобалық іс-әрекеттің күтіліп отырған нәтижесі ретінде және оның сәтті ұйымдастырылуына қажетті жағдай ретінде. Басқаша айтқанда, жобаны орындау барысында білім алушы алға қойылған мақсатқа жету жолында жаңа коммуникативтік іскерлікті меңгереді және бойында бар іскерлікті жандандырады.

Қазіргі уақытта құзыретлік тәсілі білім беру мазмұны және нәтижесінің жаңа парадигмасы ретінде ұсынылатын, педагогикалық теория және практиканың айрықша дамып жатқан бағыттарының бірі. Ол көптеген елдерде ұлттық білім беру стандарттары деңгейінде іске асырылған, соның ішінде Қазақстанда да 2001 жылы Қазақстан білім беру жүйесін 2010 жылға дейін жаңғырту үкіметтік бағдарламасында нормативті түрде бекітілген.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі құзырлық тәсілінің негізгі қағидалары “жалпы білім беруді жаңғырту стратегияларында” көрсетілген. Бұл жағдайда құзырлық, интегративті табиғатқа ие және білім берудің интеллектуалды және дағдылық құрамдас бөліктерін біріктіруші, орталық негізгі ұғым ретінде анықталған.

Мемлекеттік білім беру құжаттарында көрсетілгендей [1], құзырлық тәсілінің пәнаралық ғылым мен білім берудің заманауи парадигмасына жүгінеді, білім беру мазмұнын меңгерудің жаппай-репродуктивті технологияларынан жеке-шығармашылық технологияларына көшу шарттарын талап ететін, оқу үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуының басым қағидасына айналады.

Соңғы онжылдықта құзырлық тәсілінің әртүрлі аспектілері бірқатар ғалымдардың (В.И. Байденко, В.А. Болотов, Е.Н. Бондаревская, Ю.В. Еремин, И.А. Зимняя, В.В. Сериков, А.П. Тряпцина, Б.Д. Элконин, И.С. Якиманская және т.б.) еңбектерінде қарастырылады.

Ғалымдардың ойынша, құзырлық тәсілінің барлық мәні мен аспектілері жаңғырту үдерісінің негізгі аспектілерін айрықша тереңдете қамтып көрсетеді (Б.Д. Эльконин), өндіру саласының талаптарына сай жауап береді (Т.М. Ковалева); өзгеру үстіндегі әлеуметтік-экономикалық шынайылыққа жауап беру мақсатында білім беру мазмұнының жаңаруы ретінде танылады (И.Д. Фрумин); хабардарлық, шеберлік, мағыналы бағыт, дағдылану мүмкіндіктері, тәжірибесі және де нақты нәтиже алатын түрлендіру іс-әрекеттер жүйесі кешенінің дамуына бағытталған білім бері үдерісінің логикасын анықтайтын жалпы қағидалардың жиынтығы ретінде көрініс алады (Т.В. Захарова); бірінші орынға білім алушының хабардар болуын емес, мәселелерді шешу шеберлігін, оқу сюжеті мен оқу жағдайларынан тыс, адамның тиімді әрекет ету қабілеттілігін қояды (В.А. Болотов, В.В. Сериков); білім берудің векторлары-мақсатына басым бағыт алады: үйренушілік, өзін-өзі танушылық, маңызданушылық, әлеуметтену және даралық қасиетін дамыту (Э.Ф. Зеер), жоғары, жалпыланған шеберлік пен дағдылар деңгейін құзыреттіліктер орнататын оқу үдерісінің нысаналылығы идеясымен байланысты (А.Г. Бермус).

Ғалымдардың екінші тобы (И.Г. Ибрагимов, Е.О. Иванова, Е.Я. Коган, О.Е. Лебедев және т.б.) құзырлық тәсілінің білім берудегі орны жайлы сұрақты қарастыра отырып, оның дәстүрлі, академиялық тәсілдемені жокқа шығармайтынын, керісінше, оны тереңдетеді, кеңейтеді және толықтырады, өзімен тең дәрежеде айтарлықтай деңгейде тұлғалық-бағытталған, іс-әрекеттілік және тәжірибелік-бағытталған тәсілдемелерді оқу үдерісінде іске асыруға мүмкіндік береді.

Құзырлық тәсіл білім берудің жаңа мақсаттарының көрінісі және нәтижелерді бағалауға бағытталғанымен, білім беру үдерісінің басқа да компоненттеріне – мазмұны, педагогикалық технологияларына, бақылау және бағалау әдістері – өз талаптарын қояды. Құзырлық тәсілде қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары, құзырлықтың іс-әрекеттік бөлігіне сәйкес болуы тиіс, яғни мағлұматпен жұмыс істеу тәжірибесіне ие болу және оны дұрыс бағытта қолдануға мүмкіндік береді, нәтижесінде кез-келген құзырлық шеңберінде тиімді іс-әрекет жасауға керекті жеке қасиеттердің пайда болуына және дамуына мүмкіндік артады. Басым әдістер болып, адамның маңыздануына, дамуын қамтамасыз ететін, өмірлік жағдайларды шешудің өзіне ғана тән амалдарды іздеуге және оны түсінуді қамтамасыз ететін әдістер табылады. Жоғарыда аталып өткен дидактикалық талаптарды, яғни құзыреттілік тәсілдеменің міндеттерін шешу үшін ең көп мүмкіншілігі, зерттеушілердің басым көмшілігінің мойындауынша, жобалық

әдіс, жағдаяттық талдау, портфолио технологиясы және т.б. болып табылады.

Біздің зерттеу барысында да, білім беру технологияларының құзырлық тәсіліне, білім алушылардың шығармашылық үдерісінде тұлғалық және әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге қажетті құзыреттіліктерді дамытуға тұлғалық-бағытталған және тәжірибелік бағытталған жобалық оқыту сай келетіні дәлелденді. Біз, Е.С. Полатпен “құзырлықтың негізгі сипаттамасы оны қалыптастыру әдісімен тікелей байланысты: ол тек іс-әрекет барысында ғана қалыптасады және көрініс алады, ал оның сапасы іс-әрекетке қатысымен анықталады” екеніне толықтай келісеміз [2]. Айта кететіні, құзырлық орындалып жатқан іс-әрекет тек тұлғалық маңызға ие болғанда ғана дамуы және көрініс алуы мүмкін. Сондықтан да, білім беруде жобалық әдіске, оның саналы, тұлғалық маңызды іс-әрекет барысында оқытуды ұйымдастыру, өмірлік маңызы бар мәселелерді шешуге қажетті білімдер, шеберліктер және дағдыларды қолдануды дамыту мүмкіншіліктерінің болуына байланысты орасан зор үміт артылып отыр.

Коммуникативті құзырлықты дамытудағы жобалық әдістің рөлін асыра бағалау қиын. Себебі, оқу жобалық іс-әрекет, жобалаудың барлық кезеңдерінде жобаны орындаушылардың қоршаған әлеуметпен бірге қызмет істеу және жан-жақты коммуникацияны ұйымдастыруды талап ететін, интерактивті сипатта болуымен анықталады. Жобалық іс-әрекетте өзара әрекеттестік қарым-қатынас жүйесі ретінде көп аспектілі және әртүрлі қарым-қатынастардан тұрады: білім алушы – жобаның үйлестірушісі, білім алушы – жұмыс тобының басқа мүшелері, білім алушы – қоршаған әлеуметтік орта.

Жобаның табысты болуы жоба мүшелерінің әрқайсысының жеке табысына байланысты екенін түсіну, колледж оқушыларының сындарлы серіктестік орнатумен бірге өз бетімен оқу белсенділігін, өзгелерге құлақ сала білуді, тұлғаны емес, идеяны сынға алуды, өзгенің ойын құрметтеуді, жоба бойынша әріптестерімен байланыс орнату дағдыларын дамытуға үлесін қосады.

Жобалық әдісті қолдану коммуникативтік құзырлықты қалыптастыруға табиғи орта тудырып қана қоймай, ұжым арасында жобалық топтың көшбасшысы және қарапайым мүшесі ретінде жұмыс тәжірибесінің, ортақ шығармашылық іс-әрекеттің, тілдесудің, қарым-қатынастың, бірлесіп басқарудың субъектісі рөлінің пайда болуын қамтамасыз етеді. Жобамен жұмыс үдерісін жүйелі ұйымдастырудың есебінен жұмыс тобының мүшелерінің арасында жағымды өзара тәуелділік орын алады, ал ол өз кезегінде білім алушылардың жеке жетістіктері мен ортақ жұмыстарының нәтижелері жауапкершіліктің

қалыптасуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, білім алушылар жобамен жұмыс барысында тек іс-әрекет үстінде дамитын коммуникативтік құзырлықты ғана иеленеді. Пікірталас жүргізу, көпшілік алдында сөз сөйлеу, сұрақтарды сындарлы түрде талқылау, шешімін табуда өз позициясын дәйектеу, өз ойын нақты және сауатты жеткізу, өз көзқарасын айналадағыларға жеткізу және керек болған жағдайда оны қорғап шығу шеберліктері жобалық білім берудің іс-әрекеттік негізде болғандықтан, білім алушылар бұл шеберліктерді өз бойына сіңіріп алады.

Оқу жобалық іс-әрекет барысында колледж оқушылары топтық талқылаудың мақсатын анықтауды, онық жетістіктерін бағалауды, алынған кері байланыстан коммуникацияның мазмұны мен мақсатын түзетуді, топтық талқылау рәсімінің тиімділігін бағалауды және жаңа рәсімді ұсынуды, керек болған жағдайда сұхбаттасының сөзін өзінің дәлелін құрау мақсатында қолдану, топтағы рөлін саналы орындауды, топтың жұмысының нәтижесіне әр қатысушының үлесін және рөлдерді үлестірудің тиімділігін бағалауды және т.б. үйренеді.

Әрине, айта кету керегі, жобалық іс-әрекеттің әрбір кезеңінде білім алушының әр түрлі маңызды құзырлығы дамиды, сондықтан да жобалық білім берудің тек қана коммуникативтік құзырлықты қалыптастыруды көздейтіні жайлы айтқан шындыққа үйлеспейді. Мысалы, жобаны ұсыну барысында коммуникативті құзырлықпен бірге ақпараттық (слайд бетіне маңызды сәттерді шығару, ақпаратты жүйелеу, баяндаманы құрылымдау және т.б.), оқу-танымдық (алдынала ойластырылған жоспар негізінде ұсынылатын өнімді даярлау және т.б.), жалпымәдениеттік (слайдтардың дизайнын келтіру, иллюстрацияларды таңдау және т.б.) құзырлықтың дамуы байқалады.

Дегенмен, зерттеу нәтижелері бойынша оқу жобалық іс-әрекеттің әр кезеңін іске асыру барысында, жобаның түріне қарамастан, қойылған міндеттерді сәтті орындауды қамтамасыз ететін, білім алушылардың бірнеше коммуникативтік шеберліктері артады.

Жетілдіріліп жатқан коммуникативтік шеберліктермен қатар, жобалық іс-әрекетті орындау білім алушылардың мақсатқа бағыттанушылығына, әлеуметтік белсенділігіне, қабылдаған шешімдері мен істеген істеріне жауапкершілікпен қарауына, рефлексия, эмоциялық тұрақтылығына дағдыландырады. Жобалық іс-әрекет барысында орындалатын ортақ шығармашылық іс-әрекет, білім алушылар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға, құрдастарымен құрылымдық толерантты қатынас орнатуға әсерін тигізеді.

Құзырлық тәсілді жобалық оқытуда іске асыру білім алушылардың коммуникативтік іскерлігін екі жақтан қарастыруға мүмкіндік береді:

оқу жобалық іс-әрекеттің күтіліп отырған нәтижесі ретінде және оның сәтті ұйымдастырылуына қажетті жағдай ретінде. Басқаша айтқанда, жобаны орындау барысында білім алушы алға қойылған мақсатқа жету жолында жаңа коммуникативтік іскерлікті меңгереді және бойында бар іскерлікті жандандырады.

Коммуникативтік құзырлық пәнаралық, күрделі, көпдеңгелі ұғымдардың қатарына жататынын ескере отырып, құзырлық тәсілін оқу жобалық іс-әрекет аясында қалыптастыруға жүйелік, тұлғалық-бағытталған және іс-әрекеттік тәсілдемелермен интеграциялау қажеттілігі айқын. Олардың бір-бірін толықтырушы зерттемесі колледж оқушыларының коммуникативтік құзырлықты қалыптастыру үдерісінің кешенді зерттеуін жобалық оқыту арқылы қамтамасыз етеді және оның жаңа мүмкіндіктерін анықтайды.

Жоғарыда аталып өткен тәсілдемелердің кешенін анықтай отырып, Н.М. Ковалевская ұсынған, педагогикалық құбылыстар өзінің күрделілігіне және көпаспектілігіне байланысты тек бір ғана тәсілдеме арқылы зерттелуі мүмкін емес деген тұжырымнан тұратын тәсілдемелердің кешенді зерттемесімен толықтырылуы идеясына сүйенуіміз қажет.

Жүйелік тәсіл ұғымын А.Т. Куракин мен Л.И. Новикова берген анықтамаға сүйенеміз: “Жүйелік тәсілдеме – бұл, болмысты ұғынуда зерттеуші объектілерді жүйе түрінде қабылдауға, яғни жоғары деңгейдегі жүйенің элементі болып табылатын, қоршаған ортамен ерекше бірлікте болуын қамтамасыз ететін өзара байланыстағы біртұтас компоненттер кешені” [3].

Бұл тәсіл колледж оқушыларының коммуникативтік құзырлығын қалыптастыру үдерісін үнемі даму үстіндегі құраушы компоненттерінің байланыстары мен қарым-қатынастарының әртүрлілігін біртұтас жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Тұлғалық-бағытталған тәсілдер (Н.А. Алексеев, Ш.А. Амонашвили, Л.И. Божович, Э.Ф. Зеер, Л.М. Фридман және т.б.) білім алушының тұлғалық ерекшеліктерін ескеруді, оның еркін тұлға ретінде зияткерлік-құндылықты дамуына жағдай жасауды, баланың субъектілік тәжірибесін ашу және оны барынша қолдануды қарастырады.

Бұл тәсілдеме білім алушылардың коммуникативті құзыреттілігін, жобаны даярлау барысында даралық, адамгершілік, педагог пен оқушының бірлескен шығармашылығын негізге алып, дамуына жағдай жасайтын технологияны жетілдіруге, лайықты әдіс-тәсілдерді таңдап алуға мүмкіншілік тудырады.

Тұлғалық-бағытталған тәсілдер идеясы іс-әрекеттік тәсілдемемен (Л.С. Выготский, М.С. Каган, Н.В. Кузьмина, В.А. Сластенин және т.б.)

тығыз байланыста. Іс-әрекеттік тәсілдеме білім алушының тұлғалық дамуының басты факторы ретінде арнайы ұйымдастырылған іс-әрекет екендігін мақұлдайды. Бұл тәсілдеме бойынша оқушылардың оқу жобалық іс-әрекеті жобаны даярлау барысында саналы түрде шығармашылық ізденіс арқасында білім алушының жетілуі, тұлға ретінде қалыптасуы, коммуникативтік құзырлығының дамуы тұрғысынан субъект ретінде қарастырылуына бағытталған айрықша іс-әрекет түрінің бірі.

Іс-әрекеттік тәсілдеме білім алушылардың коммуникативтік құзырлығын қалыптастыру үдерісін ұйымдастыруда білім алушылардың тақырыпты, проблеманы, жоба түрін, мақсатын анықтау, мазмұнын құрастыру, жобалық іс-әрекетті жоспарлау, жобаны даярдау және алынған нәтижелердің рефлексивті талдауын жүргізудегі көрініс алатын ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді [4].

Бұл тәсілдер, білім алушылардың оқу жобалық іс-әрекетінде коммуникативті құзырлығын қалыптастыру үдерісі негізінде бірқатар қағидаларын анықтаудағы бастапқы позициялар ретінде қарастырылады:

- мақсаткерлік қағидасы;
- субъектілік қағидасы;
- нұсқалық қағидасы;
- дараландыру және дифференциациялау қағидасы;
- ашықтық және диалогизм қағидасы;
- саналылық және шығармашылық белсенділік қағидасы.

Осылайша, жоғарыда айтылған сөздердің бәрі мынадай қорытындыға келуге мүмкіндік береді, білім алушылардың оқу жобалық іс-әрекетіндегі коммуникативтік құзырлықты қалыптастыру үдерісі, бірін-бірі толықтырып отыратын, құзырлық, жүйелік, тұлғалық-бағытталған және іс-әрекеттік тәсілдемелерді интеграциялау негізінде құралуы және мақсаткерлік, субъектілік, нұсқалық, дараландыру және дифференциациялау, ашықтық және диалогизм, саналылық және шығармашылық белсенділік қағидаларды ұстану тиіс.

ӘДЕБИЕТ

[1] Компетентностный подход как способ достижения нового качества образования. - Алматы, 2002. – 32 с.

[2] Ермолаев С.А. Проектная деятельность социально-экологической направленности как средство обеспечения условий для самореализации старшеклассников – М., 2007. – 104 с

[3] Куракин А.Т., Новикова Л.И. О системном подходе в исследовании проблем. Советская педагогика. 1970. — № 10. - С. 96-106.

[4] Узакбаева С.А., Ушкempiров Б.М. Содержание и возможности учебно-проектной деятельности //Известия КазУМОиМЯ им.Абылай хана. Серия «Педагогические науки». - 2016. -№3. -С.51-64.

REFERENCES

- [1] Kompetentnostnyy podkhod kak sposob dostizheniya novogo kachestva obrazovaniya. Almaty. 2002, 32 s. [in Rus.].
- [2] Yermolayev S. A. Proyektynaya deyatel'nost' sotsial'no-ekologicheskoy napravlenosti kak sredstvo obespecheniya usloviy dlya samorealizatsii starsheklassnikov. M., 2007, 104 s. [in Rus.].
- [3] Kurakin A. T., Novikova L. I. O sistemnom podkhode v issledovanii problem vospitaniya. Sovetskaya pedagogika, 1970, № 10, S. 96-106 [in Rus.].
- [4] Uzakbayeva S.A., Ushkempirov B.M. Soderzhaniye i vozmozhnosti uchebno-proyektnoy deyatel'nosti. *Izvestiya KazUMOiMYA im. Abylay khana*. Seriya «Pedagogicheskiye nauki», 2016, №3, S.51-64 [in Rus.].

Ушкempiров Б.М., магистрант,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан, e-mail: ushkempirov@mail.ru

КОМПЕТЕНТНОСТНЫЙ ПОДХОД В УЧЕБНОЙ ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В КОНТЕКСТЕ ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ УМЕНИЙ УЧАЩИХСЯ КОЛЛЕДЖА

Ключевые слова: деятельность, компетентностный подход, образовательная проектная деятельность, метод проекта, контекст, студенты колледжа, формирование коммуникативных навыков, тип проекта, проектирование, компетенция студентов, интерактивные обучающие технологии.

Аннотация. В данной статье раскрывается компетентностный подход в учебно-проектной деятельности. Реализация компетентностного подхода в учебной проектной деятельности позволяет рассматривать коммуникативные умения с двух сторон: как ожидаемый результат учебно-проектной деятельности и как необходимое условие ее эффективной организации. Другими словами, в процессе выполнения проекта обучающиеся на пути достижения цели осваивают новые коммуникативные умения и совершенствуют имеющиеся умения.

Статья поступила 15.02.2017 г.

CONCEPT OF STEREOTYPE AND ITS TYPES

Almetova A.S., d.p.s., prof.,
e-mail: assipat@mail.ru
Zhienbayeva A.S., master student,
Kazakh Ablai Khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: aynura.89.26@mail.ru

Keywords: Stereotype, types of stereotype, ethnic stereotype, ethnolinguistics, linguoculture, stereotype phenomenon.

Abstract. The article describes the concept of stereotypes and its types. cently, this topic is interesting not only for linguists, but also for sociologists ethnographers, psychologists and ethnopsycholinguists. The article gives definitions to the notion of culture and methodological approaches to the study of the ethno-cultural stereotype. And

also analyzes the types of stereotype. In this article also presented the definitions for the phenomenon of ethnic and social stereotypes, their widespread distribution and duplication, as well as high degree of sustainability.

ӘОЖ 81'1

СТЕРЕОТИП ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Әлметова Ә.С., п.ф.д., проф.,

e-mail: assipat@mail.ru

Жиенбаева А.С., магистрант,

Абылай хан атындағы Қазақ ХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан, e-mail: aynura.89.26@mail.ru

Тірек сөздер: стереотип, стереотип түрлері, этникалық стереотип, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, стереотип феномені.

Аңдатпа. Мақалада стереотип пен оның түрлерінің лингвистердің ғана емес, сонымен қатар әлеуметтанушылар, этнографтар, когнитологтар, психологтар, этнопсихолінгвистердің жұмыстарында кеңінен қарастырылып, зерттеушілер қызығушылығын тудырып отырған мәселе. Сондай-ақ стереотип ұғымына берілген анықтамалар мен этно-мәдени стереотиптерді зерттеудің әдіснамалық тәсілдері айтылады. Стереотиптерді бірнеше түрге бөліп талдайды. Этникалық стереотип пен әлеуметтік стереотип феномені туралы сөз қозғап, олардың кең таралуын және қайталануын, сондай-ақ жоғары тұрақтылық дәрежесін атап көрсетеді.

Стереотип ұғымына берілген анықтамалар этно-мәдени стереотиптерді зерттеудің әдіснамалық тәсілдерін қорыта келе стереотиптерді бірнеше түрге бөледі. Атап айтсақ, оларды әлеуметтік стереотип, этникалық стереотип, этникалық стереотиптердің өзіне тән функциясы, ауызша қарым-қатынаста кездесетін стереотиптер, ұлттық мінез-құлықта туындайтын стереотиптер, әлеуметтік-мәдени стереотиптер, белгілі бір тілге тән стереотиптер және ұлттық ділдің тілдесуге тигізетін ықпалынан туындайтын стереотиптер деп бөледі. Кез келген халық мәдениетіндегі стереотиптер әлемнің этникалық және тілдік бейнесі, этникалық тілдік тұлға, мәдениетаралық қарым-қатынас сияқты негізгі ұғымдардың ара-жігін ашып қана қоймай, оларды түсіндіреді де. Соңғы жылдары «Стереотип және оның түрлері» мәселесі мен әлеуметтік стереотип, этникалық стереотип феномені - лингвистердің ғана емес, сонымен қатар әлеуметтанушылар, этнографтар, когнитологтар, психологтар, этнопсихолінгвистердің жұмыстарында кеңінен қарастырылып, зерттеушілер қызығушылығын тудырып отырған мәселе. Белгілі бір дәрежеде, бұл тәсілдердің көп түрлілігі стереотип термині ауқымына кіретін объектінің көлемділігімен, әмбебаптығымен түсіндіріле келіп, стереотип ұғымын түсіндіруде кеңістік конфигурациясының алатын

орнын көрсетіп, нақты құбылысқа, анық белгілі ұғымға әр түрлі көзқараста қарау мүмкіндігін анықтайды. Зерттеу аясының кеңдігі отандық лингвоелтану, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика салалары ауқымында сөйлеу әрекетінің ұлттық-мәдени құбылыстарын қамти отырып, аталған мәселелер арасынан атап айтуға тұрарлық, этномәдени стереотиптердің ауызша қарым-қатынасқа ықпалы мәселесін толық зерттеуді назардан тыс қалдырып келді. Қазақ тілінде сөйлейтін тұлғаның коммуникативтік мінез-құлық стереотиптері де - арнайы зерттеу нысанына айналмаған мәселе.

Қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымдағы стереотип ұғымы пәнаралық сипатқа ие. Бастапқыда, 1920-шы жылдардан бастап, әлеуметтану және әлеуметтік психология негізінде дамыған стереотип ұғымы кейінірек қарым-қатынас теориясы, этнология, әдебиет және мәдениет тарихы, тіл философиясы тұрғысынан көптеген зерттеулер мен талдаулардың тақырыбына айналды. Аталған ғылым саласы өкілдері зерттеу саласына қарай мәселенің өзекті болуын көздей келе, өзінің зерттеу саласына тән стереотип ерекшеліктерін бөліп қарастыра отырып, зерттеу жүргізіп, талдап көрсетті. Сол себептен де стереотип түрлері - әлеуметтік стереотиптер, этникалық (этно-мәдени) стереотиптер, мәдени стереотиптер, тілдік стереотиптер, қарым-қатынас және мінез-құлық стереотиптері және ділдік стереотиптер деген атпен бірнешеге бөлініп берілді. Этникалық стереотиптердің шетелдік зерттеулерде, атап айтқанда антропологтар мен этно-психологтардың талдап қорытуларында «ұлттық сипаты» көтеріліп және оның түрлі американдық және батыс еуропалық сипаттағы адамдарды кросс-мәдени салыстыру мақсаты үшін жүргізілген зерттеулер екені байқалады. Бұл Р. Бенедикт, Г. Деверо, А. Кардинер, Спингар, М. Р. сияқты ғалымдардың зерттеу еңбектерінде бой көрсетеді [1]. Стереотип термині туралы У. Липпманның еңбегінде «адам санасындағы үлгілер» ретінде пайымдалып, зерттелді. Бұдан әрі стереотиптердің тілдік, философиялық, әлеуметтік-психологиялық (этнографиялық, мәдени және мінез-құлықтық) құбылыс ретіндегі анықтамалары айқындалып және олар стереотип құбылысының түрлі аспектілерін, яғни оның тұрақтылығын, беріктігін, гипертрофиялылығын немесе біржақтылығын оның өзіндік ерекшелігі деп көрсетіп, авторлар оған арнайы анықтама негіздеді [2].

Жалпы стереотип термині У. Липпманның 1922 жылы жазылған «Public Opinion» атты еңбегі арқылы халыққа белгілі болды. Аталған еңбекте стереотиптер «адам санасындағы үлгілер» (the pictures in our

heads) ретінде пайымдалып, зерттелді. Сөйтіп, У. Липпман стереотип дегеніміз «...деректер адам санасына жетпей тұрып, оның сезімдерін оятуға қабылетті болуы арқылы адам ақыл-есін қозғалысқа келтіретін әлемді қабылдаудың ерекше түрі» деп түсіндірді. Ғалымның айтуынша, адам айналасындағы әлемді оның барлық қайшылықтарымен бірге түсінуге тырыса отырып, ол өзі тікелей байқамаған құбылыстарға қатысты «ойында бір бейне» жасайды. Демек, адамның өз өмірінде әлі жолықтырмаған көптеген заттар туралы да айқын түсінігі бар. Мұндай түсінік-стереотиптер жеке тұлғаның мәдени орта арқылы пайымдаған әсері арқылы қалыптасады: «Көп жағдайда біз әуелі көріп, содан кейін анықтама бермейміз, біз алдымен өзіміз үшін сол құбылысты анықтаймыз, содан кейін оны бақылаймыз. Біз сыртқы әлемнен біздің мәдениетіміз міндеттеген нәрсені аламыз және бұл ақпаратты стереотип түрінде қабылдаймыз және бұған негіз де жоқ емес» [2]. Стереотиптер адамға тұтастай әлемнің идеясын жасауға, тар, әлеуметтік, географиялық және саяси орта шекарасынан шығуға мүмкіндік береді. У. Липпман стереотиптер ұрпақтан ұрпаққа тұрақты түрде беріліп, болмыс пен шындық түрінде, биологиялық дерек ретінде қабылданады деп жазды. Егер тұлғаның жеке тәжірибесі стереотипке қайшы болса, онда мына мәселелердің біреуі орын алады: қандай да бір себептерге байланысты өз көзқарастарын өзгерткісі келмейтін, икемсіз адам бұл қайшылықтарды байқамайды немесе оны ережені дәлелдейтін ерекшелік деп қарастырады және көп жағдайда, оны ұмытып та кетеді. Алғыр, білімқұмар адам стереотип шындықпен қатар келген жағдайда өзінің әлемді қабылдауын өзгертеді. У. Липпман стереотиптерді жалған ұғымдар деп есептемейді. Оның пікірінше, стереотип шынайы немесе ішінара шынайы немесе жалған болуы мүмкін. Зерттеуші ғылыми айналымға «стереотип» терминін енгізіп қана қоймай, оған анықтама да берді, сонымен қатар бұл құбылыстың маңыздылығын да атап өтті. «Стереотиптер жүйесі, бәлкім, біздің жеке дәстүріміздің өзегі болып табылады, ол қоғамдағы орнымызды қорғайды ...» - деп жазды ол [2].

Стереотипке бұлайша анықтама беру бұл ұғымның екі маңызды ерекшелігін анықтауға алып келді: 1) стереотиптер белгілі бір этностың мәдениетіне тәуелді, сондықтан стереотиптің шығу, пайда болу себебін белгілі бір этностың мәдениетінен іздеу қажеттілігі және 2) стереотиптер сөйлеу үшін, тілдесім үшін, ойды тиімді, дәл, анық жеткізу үшін қажет, сонымен бірге стереотиптер ойды жеткізуде сөзді үнемдеуге үйретеді. «Егер математикалық есептерді шешу

алгоритмдері адамның ойлауын үнемдесе, стереотиптер жеке тұлғаның сөйлер сөзін «үнемдейді» [2]. Осылайша, У. Липпман стереотиптерді адамның ойлау деңгейі мен мінез-құлық мәдениетінің көрсеткіштері деп түсіндіреді. 1920-1930-шы жылдары Америкада қоғамдық пікір мәселелері мен дамып келе жатқан стереотип туралы теорияларға арналған бірқатар жұмыстар жарияланды. Осылайша, элеуметтанушы стереотипті – ойды жинақтау, оған жалпылама қорытынды жасау деп атады. Ғалымдардың айтуынша, стереотиптер мен олардың пайда болу, шығу себептерін түсіну қарапайым адамға тым күрделі, себебі оның мазмұны адамның қызмет аясынан тым алыс болып табылатын саяси жағдайдан тұруы да мүмкін. Демек, стереотипті дұрыс, қажетті деңгейде түсіну үшін әуелі саяси жағдай туралы тиісті білім болуы керек.

У. Липпман стереотиптерді зерттеудің теориялық негізін қаласа, 1933 жылы американдық ғалымдар кейіннен кеңінен таралған және көптеген жылдар бойы ұлттық стереотиптерді зерттеудің негізіне айналған әдістемені ойлап тапты. Олар жүргізген тәжірибеге Принстон университетінің жүз студенті қатысты. Студенттерге сексен төрт сипаттаманы қамтитын тізімнен, олардың пікірі бойынша, он этникалық топ (африка-американдықтар, немістер, еврейлер, итальяндықтар, британдықтар, ирландықтар, америкалықтар, жапондар, қытайлар және түріктер) үшін маңыздыларын таңдау ұсынылды. Тәжірибе барысында алынған нәтижелер көп жағдайда студенттер осы немесе өзге этникалық топқа тән сипаттамаларды анықтауда бір пікірде болып шықты. Тәжірибе нәтижелерін талдай келіп, ғалымдар стереотипке мынадай анықтама береді: «Этникалық стереотип – бұл елестетуге тырысқанмен, табиғи өмір құбылыстарына сәйкес келе бермейтін және адамның алдымен құбылысты анықтап алып, содан кейін оны бақылау қасиетінен туындайтын тұрақты бейне» [2].

1940 жылдың аяғынан бастап этникалық стереотиптерді зерттеуге деген қызығушылықтың жаңа толқыны басталды. Сондықтан ЮНЕСКО-ның бастамасы бойынша бір елдің өкілдері өзге ел адамдарын қалай қабылдайды және қандай факторлар олардың қабылдауын анықтайтынын білу мақсатында кең ауқымды зерттеу өткізді. Этникалық стереотиптерді зерттеу мәселелеріне арналған, бұл жұмыстардың көпшілігі сауалнама материалдарына негізделген еді. Психолог Ю.А.Клейнердің айтуынша этникалық стереотипті «... өз ұлты мен өзге ұлттық топтарға байланысты қалыптасқан халық санасындағы бейне. Әдетте мұндай суреттер немесе түсініктер қоғамда

кең тарауға бейім, соған сәйкесінше, стереотиптер өте қарапайым және объективті шындыққа сенгіш келеді» деп түсінеміз [3].

Ресейде стереотиптер мәселесін зерттеу 1960-1970 жылдардан бастау алады. Мұндай зерттеулердің тұтас ауқымын мынадай бағыттарға бөлуге болады.

1) Топаралық өзара іс-қимыл стереотиптері;

Бұл стереотиптер жүйелі этнопсихологиялық зерттеу тақырыбы ретінде біршама ғалымдардың еңбектерінде бой көрсетті. Атап айтқанда, В.С. Агеев, Г.А. Андреева, А.О. Бороноев, В.Г. Крысько, И.С. Кон, Г.У. Солдатова, Е.Л. Березович, Ю.П. Платонов атты ғалымдардың еңбектерінде әлеуметтік, мәдени және, әсіресе, этникалық стереотиптер мәселесі жиірек айтыла бастады[4].

2) Ел, топ, этникалық тұрақтылық, ұлттық сипат және түрлі этникалық топтар мен олардың сөйлеу тілінде кездесетін стереотиптер;

Мұндай стереотиптердің арасынан поляк, түрік, армян, орыс, фин тілдерін бөліп қарайтын болсақ, осы тілдердегі стереотиптер мәселесін зерттеумен Е. Бартминьский, С.В. Лурье, Е.Е. Коптякова, Е.Ю. Горшунова, М. Пайсерт атты ғалымдар айналысып жүр [5].

3) Мәдени стереотиптер; Стереотиптердің бұл түрін Н.В. Уфимцева, И.А. Седакова, Н.Н. Запольская, Т.Н. Молошная атты ғалымдар зерттеп жүр [6].

4) Әлеуметтік стереотиптердің түрлі аспектілерін зерделеумен Т.Г. Стефаненко, О.Ю. Семендяева, Е.В. Орлова, Р.В. Базиков, Н.П. Суходольская сынды ғалымдар айналысып жүр [7].

5) Қарым-қатынас кезіндегі этномәдени стереотиптер динамикасы; Бұл тақырыпқа Е.С. Пак өзінің диссертациясын арнады [8].

6) Діндегі стереотиптер мәселесін зерттеу И.В. Налетова, О.В. Белова, М.М. Гордус сияқты ғалымдардың еншісінде [9].

7) Гендерлік стереотиптерді Е.А. Азарова, Т.Б. Рябова, Т.Е. Ломова, Ж.Б. Баинова, В.Б. Поповская, Н.С. Соловьева сияқты зерттеушілер қарастырып жүр[10].

Сонымен бірге лингвомәдениеттанудағы стереотиптерді зерттеу мәселесінің өзін бірнеше зерттеу саласына бөлуге болады.

1) Мәдениетаралық қарым-қатынас стереотиптері ;

2) Этнолингвистикадағы стереотип;

3) Тілдесу кезіндегі және ділдік стереотиптер.

4) Мінез-құлық стереотиптері мәселелері;

5) Ым-қимыл, ишара арқылы тілдесу кезінде көрініс табатын стандартты мінез-құлық үлгілері;

- 6) Стереотипті отбасы номинациялары;
- 7) Нормативтік кеңістіктегі ауызекі вариациялар;
- 8) Орыс әскери байланыс стереотиптері;
- 9) Журналистердің сөйлеу мінез-құлқы стереотиптері;
- 10) Лингвомәдени концепт ретіндегі стереотиптер;
- 11) Әлемнің тілдік бейнесінің (ӘТБ) компоненттері ретіндегі этностереотиптер

Қазақ халқы этникалық стереотиптерінің мазмұны мен типологиясын зерттеуге арналған арнайы еңбек болмағанымен, фольклор зерттеушісі С.Қасқабасовтың еңбектерінде қазақ фольклорлық стереотиптерінің ерекшеліктері туралы айтылады [11]. Қазіргі кезде отандық тіл білімі ғылымында жалпы энोलингвистика, этнопсихология мен лингвомәдениеттану саласына арналған біршама еңбек бар. Атап айтар болсақ, Ә.Қайдардың қазақ халқының ұлттық ділдік ерекшелігін көрсететін «Қазақтар қандай халық?» атты көлемді еңбегі бар [12]. Онда этностың болмысына қатысты мыңдаған, тіпті миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы мен синтезін танытуға тырысады. Осы мағыналық бірліктер арасынан этникалық стереотиптерді де кездестіруге болады. Сондай-ақ А.Сейдімбектің «Қазақ әлемі» атты ғылыми-танымдық еңбегінде де қазақ халқының жаратылысынан туындайтын көптеген сөз мағыналары талданады. Олардың қатарында стереотиптер де бар [13]. Қазақ сөздерінің лексикалық қабаттарын зерттеу Ж.Манкееваның үлесіне тиген тәрізді. Ғалым «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты монографиясында халық зердесінде ұялап, санасында сақталған көне тамырлы этномәдени атаулардың ұлттық табиғатын ашып, ұлттық құнары мен әрін, ұлттық нақышы мен мазмұнын түсіндіруді мақсат еткен. [14]

Гуманитарлық ғылымда стереотип ұғымын анықтауға (әлеуметтану, мәдениеттану, психология, когнитивистика, лингвистика) және осы сияқты ғылым салаларындағы олардың дамуына қатысты стереотип түрлеріне сипаттама беруге тырысады. Кейбір ғалымдар өз ғылыми идеясының бағыты негізінде стереотип туралы жалпы ұғымнан (этникалық, әлеуметтік, мәдени) ауызша қарым-қатынас стереотиптеріне дейін жүріп өтуді мақсат етеді, осы бағытта стереотиптерді талдап-талқылайды. Өз кезегінде, «ауызша қарым-қатынас стереотипі» ұғымының құрылымы (сөйлеу, тілдік, ділдік және тілдік қарым-қатынас стереотиптері) тілдік қатынас және мінез-құлық үлгілерін қамтиды. Этникалық стереотиптер талдауын негізге ала отырып, стереотип тек тіл үшін ғана емес, сондай-ақ жалпы мәдениет

үшін маңызды ұғым ретінде соңғы жылдары ұлттық мәдениет бейнесін қалыптастыратын және этномәдени сәйкестендіргіш рөліндегі сөйлеу және ділдік стереотиптерді зерттейтін мәдениеттану объектісіне айналып келе жатқанын ескереміз.

Әдетте, этникалық (этномәдени) стереотиптер дәстүрлі мәдениет жүйесіндегі фольклор туындылары мен аңыздар негізінде қалыптасқан бейнелер негізінде жасалады. Этникалық стереотиптерді зерттеу ерекше зерттеу саласы ретінде анықталған әлеуметтік көзқарас аясында пайда болды, қазіргі уақытта бұл саланы этнографтар, этнологтар, мәдениеттанушылар, фольклористер, этнолингвистер жақсы игерген. Этномәдени стереотиптер бағыты бойынша этноәлеуметтік стереотиптерге ұқсас, алайда оларға қарағанда неғұрлым жалпы сипатқа ие. Этникалық (этномәдени) стереотип - тілде орын алған (номинативтік үлгілер, паремия) «бөтеннің» бағалауы емес, ол сол тілде сөйлеушінің өзіндік тілдік әлемінің, оның әлем бейнесі туралы түсінігінің құрамдас бөлігі. Этникалық стереотип ұғымы үшін тілдік құзыреттілік (сөздің «этникалық» мағынасы) қана емес, сонымен қатар прагматикалық (қарым-қатынас) құзыреттілік (әлем, сыртқы шындық туралы білім) те маңызды. Заманауи этнолингвистикалық және әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулердің нәтижелерінің көрсетуі бойынша бұл стереотиптер тобы этностың өзіндік сана-сезімі және өзін-өзі тануы үшін маңызды құрылым түзуші және этно түрлендіруші рөлдерін («өзінің» және «бөтен» адамдар туралы, «өзінің» және «бөтен» ел құндылықтар жүйесі туралы ұғым) атқарады.

Этномәдени стереотиптер сипаттамалары туралы сөз қозғағанда, олардың кең таралуын және қайталануын, сондай-ақ жоғары тұрақтылық дәрежесін атап өтеміз. Мысалы, әрбір мәдениет «өздерінің» наным мен құндылықтары жүйесі негізінде «бөтеннің» портретін жасайды. Осыған байланысты, этникалық стереотиптер «бөтенге» қатысты ырым-жоралғылармен және ырымшылдықпен байланысты көптеген қате түсініктерді жинақтауы мүмкін. Осы қате түсініктер негізінде әр мәдениеттегі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың алуан түрлері жатады.

В.А. Маслованың пікірінше, этномәдени стереотиптер - бұл қандай да бір халықты сипаттайтын ерекшеліктер туралы жалпыланған көрініс болып табылады. Мысалы, әр ұлт өкіліне қатысты қолданылатын тұтас халық туралы стереотиптер бар: немістің мұқияттылығы, орыстың «мүмкіні», қытай рәсімдері, африкалық темперамент, итальяндықтардың қызбалығы, финдердің қырсықтығы, эстондардың асықпауы, поляктардың сыпайылығы [15.].

«Этникалық стереотип» ұғымының құрылымына автостереотип және гетереостереотип ұғымдары кіреді. Автостереотиптер адамдар өздері туралы не ойлайтынын көрсетеді, ал гетереостереотип басқа халық туралы көзқарасты білдіреді және ол сыншыл болып келеді. Мысалы, бір халықта есептей білу, басқа халық үшін сараңдық көрінісі болып саналады. Адамдар этномәдени стереотиптерді «елден ерек» болмау үшін қажетті үлгілер ретінде қабылдайды. Сондықтан, стереотиптер адамдарға күшті әсер етеді, стереотипте жеке адамда, жалпы ұлт бойында көрініс табатын қасиеттар бой көрсетеді. Этномәдени стереотиптерді зерттеумен айналысатын этникалық психология бойынша мамандар мынадай қызық мәселені анықтаған: Мысалы, экономикалық дамуы жоғары деңгейдегі халықтар, адам бойындағы ақылдылық, жинақылық, іскерлік, өнімділік сияқты қасиеттерді бағалайды, ал экономикасы төмен ұлт мейірімділік, ақпейілділік және қонақжайлылықты жоғары санайтынын атап өтеді. Бұған С.Г. Тер-Минасованың зерттеуі дәлел бола алады: оның нәтижелері бойынша, ағылшын қоғамында кәсібилік, еңбекқорлық, жауапкершілік сияқты қасиеттер жоғары бағаланса, ал орыс ұлтында – қонақжайлылық, коммуникабельділік, әділдік жақсы қасиет ретінде бағаланады. [16].

Сонымен, қорыта келе біз бұл шағын мақалада стереотип және оның түрлері деген мәселеге тоқталып, гуманитарлық ғылымда стереотип ұғымын анықтауға талпыныс жасадық. Тілдесім стереотиптерінің типологиясы мен ерекшеліктері, қазақ мәдениетіндегі қатысымдық стереотиптер - мәселесі тереңірек талдауды қажет ететін күрделі мәселе.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Спингар, М. Р. Изменения стереотипов в коммуникативной компетенции иностранца //Русский язык за рубежом. - 2009. - № 1. - 258 с.
- [2] Липпман, У. Общественное мнение. - М.:Институт Фонда «Общественное мнение», 2004. – 357 с.
- [3] Клейнер, Ю. А. Формулы и клише. Речевые и ментальные стереотипы в синхронии и диахронии : материалы международной научной конференции. - М., 2010. -345 с.
- [4] Агеев. В. С. Психологические и социальные функции полоролевых стереотипов. //Вопросы психологии. - 1987. - № 2. - 278 с.
- [5] Лурье С. В. Историческая этнология. - М: Гаудеамус, 2004. - 250 с.
- [6] Уфимцева, Н. В. Этнические и культурные стереотипы: кросс-культурное исследование, 2007. – 236 с.
- [7] Стефаненко, Т. Г. Социальные стереотипы и межэтнические отношения. – М., 1987. – 245 с.
- [8] Пак, Е. С. Динамика этнокультурных стереотипов в коммуникации: Россия и Испания, XX–XXI век : автореф. дис... к.к.н. – М., 2009. - 195 с.

[9] Налетова, И. В. Новые православные в России: тип или стереотип религиозности. //Социологические исследования. - 2004. - № 5. – 147 с.

[10] Азарова, Е. А. Функционирование моральных гендерных стереотипов в современном коммуникационном пространстве. - Санкт-Петербург, 2000. – 378 с.

REFERENCES

[1] Spingar, M. R. Izmeneniya stereotipov v kommunikativnoy kompetentsii inostrantsa. Russky yazyk za rubezhom. M., 2009, № 1, 258 s. [in Rus.].

[2] Lippman, U. Obshchestvennoye mneniye. M.: Institut Fonda «Obshchestvennoye mneniye» ,2004, 357 s. [in Rus.].

[3] Kleynyer, Yu. A. Formuly i klishe.Rechevye i mentalnye stereotipy v sinkhronii i diakhronii : materialy mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii. M., 2010, 345 s. [in Rus]

[4] Ageyev. V. S. Psikhologicheskiye i sotsialnye funktsii polorolevykh stereotipov. Voprosy psikhologii, 1987, № 2, 278 s. [in Rus.].

[5] Lurye, S. V. Istoricheskaya etnologiya. M., 2004, 250 s. [in Rus]

[6] Ufimtseva, N. V. Etnicheskiye i kulturnye stereotipy, 2007, 236 s. [in Rus.].

[7] Stefanenko, T. G. Sotsialnye stereotipy i mezhetnicheskiye otnosheniya. M., 1987, 245 s. [in Rus.].

[8] Pak, Ye. S. Dinamika etnokulturnykh stereotipov v kommunikatsii: Rossiya i Ispaniya, XX–XXI vek : avtoref. dis... k. k. n.: 24.00.01 .M., 2009, 195 s. [in Rus.].

[9] Naletova, I. V. Novye pravoslavnye v Rossii: tip ili stereotip religioznosti. Sotsiologicheskiye issledovaniya, 2004, № 5, 147 s. [in Rus.].

[10] Azarova, Ye.A. Funktsionirovaniye moralnykh gendernykh stereotipov v sovremennom kommunikatsionnom prostranstve. Sankt-Peterburg, Sankt-Peterburgskoye filosofskoye obshchestvo, 2000, 378 s. [in Rus.].

ПОНЯТИЕ СТЕРЕОТИПА И ЕГО ВИДЫ

Альметова А.С., д.п.н., профессор

e-mail: assipat@mail.ru

Жиенбаева А.С., магистрант,

КазУМОиМЯ имени Абылай хана,

Алматы, Казахстан, e-mail: aynura.89.26@mail.ru

Ключевые слова: стереотип, виды стереотипа, этнический стереотип, этнолингвистика, лингвокультурология, феномен стереотипа.

Аннотация. В статье описываются понятия стереотипы и его виды. В последнее время эта тема интересно не только лингвистам, а также социологам этнографам, когнитологам, психологам и этнопсихолнгвистам. В статье даны определения к понятию культуры и методические подходы исследования этно-культурного стереотипа. А также анализирует виды стереотипа. Представляется определения к феномену этнического и социального стереотипа, их широкого распространения и повторение, а также высокой степени устойчивости.

Статья поступила 15.02.2017 г.

CULTURAL VALUES AND THEIR PECULIARITIES

Uzakbayeva Z.A., master student,
Kazakh Ablai Khan UIRandWL,
Alматы, Kazakhstan, e-mail: zam-29@mail.ru

Keywords: culture, value, cultural values, language, tradition, material and spiritual values, customs.

Abstract. The article is devoted to the definition and peculiarities of cultural values. And also the place of cultural values in the methodology of teaching foreign languages. Mastering of a foreign language, forming the consciousness of a second language, in other words, the course of the second socialization in the mind of a learning language is a problem that is realized only with a deep assimilation of culture and cultural values. Therefore, it will be described that the uniform development of the subject of intercultural communication depends on the assimilation of cultural values.

ӨОЖ 81'1

МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ұзақбаева З.Ә., магистрант,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан e-mail: zam-29@mail.ru

Тірек сөздер: мәдениет, құндылық, мәдени құндылықтар, тіл, дәстүр, материалдық және рухани құндылықтар, әдет-ғұрып.

Аңдатпа. Мақалада мәдени құндылық ұғымы мен оның өзіне тән ерекшеліктері сөз болады. Сонымен қатар мәдени құндылықтардың шетел тілін оқыту әдістемесіндегі орны сөз болады. Өзге тілді меңгеріп, екінші тілдік сананың қалыптасуы, басқаша айтқанда, тіл үйренуші санасында екінші әлеуметтенудің жүруі - мәдениет пен мәдени құндылықтарды терең меңгеріп игергенде ғана жүзеге асатын мәселе. Сондықтан мәдениетаралық қатысымның тең дәрежелі субъектісінің дамып жетілуі осы мәдени құндылықтарды игеруге тәуелді екендігі айтылады.

Қазіргі кезде ел мен елдің жиі араласуы, мемлекеттер арасындағы тығыз халықаралық қатынас әлемдік әдістеде шетел тілі мен сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін бірлікте қарастыра отырып оқыту мәселесін алдыңғы орынға шығарып отыр. Қазіргі өзгерісі тез заманға сай мәдени деңгейге қол жеткізу үшін студенттер үйреніп жатқан өзге тіл иесі халыққа тән лингвомәдени ерекшеліктермен танысып, сол халықтың дәстүрлері мен салттарын үйреніп, оларды құрметтей білуге, бір-бірінің мәдениетінен ортақ қызығушылықтарды табуға дайын болуға және өздерінің ұлттық мәдениеті туралы білімдерін кеңейтуге машықтануы тиіс. Яғни, білім берудегі мақсат - тек білімді кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны

қалыптастыру екені де баршаға аян. Тіл үйренуші сол үйренетін тілдің ұлттық мәдениетін, сол ұлттың ділінен туындайтын тілдік ерекшеліктерді терең меңгерген кезде ғана өзге тілде сөйлей алады немесе өзге тілді меңгеруге мүмкіндік алады [1].

Ал қазіргі заманға сай мәдени деңгейге қол жеткізу үшін студенттер үйреніп жатқан өзге тіліесі халыққа тән лингвомәдени ерекшеліктермен танысып, сол халықтың дәстүрлері мен салттарын үйреніп, оларды құрметтей білуге, бір-біріне ортақ қызығушылықтарды табуға дайын болуға және өздерінің ұлттық мәдениеті туралы білімдерін кеңейтуге машықтануы тиіс. Шетел тілі көптеген жаңа мүмкіндіктерге ие бола отырып, жаңа үлгідегі жоғары мәдениетке ие, жалпы адами құндылықтар жүйесін меңгерген, тез өзгеріп отыратын көп мәдениетті әлемде өмір сүруге қабілетті, біліктілері мен іскерліктері қалыптасқан, алған білімін сол сәтте қолданып және әсерлі түрде жұмыс істей алатын мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісін қалыптастыруды мақсат етеді. Ал, қазіргі заманға сай мәдени даму үшін студенттер үйреніп жатқан тіл иесі халыққа тән мәдени құндылықтармен танысып, ол елдің салт-дәстүрлерін үйреніп, оларды құрметтей білуге, бір-біріне ортақ қызығушылықтарды табуға дайын болуға және өздерінің ұлттық мәдениеті туралы білімдерін кеңейтуге үйренулері керек [2].

Құндылық - мәдениеттің құрамдас бөлігі. Мәдениеттің құрамдас бөлігі болуы себепті құндылық адамдардың өзін ұстауын реттейді, олардың шынайы тәртібін айқындайды. Әрбір мәдениеттің өз құндылықтар кешені бар. Құндылықтар адам болмысының әртүрлі формаларына деген қатынасты білдіретін адамзат мәдениеті болып табылады. Құндылықтар өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адамгершілікке, еркек пен әйел арасындағы байланысқа, адам өмірінің мәніне бағалаушы қатынасты көрсетеді. Құндылықтар – материалдық және рухани қажеттіліктерді өтеу процесіндегі қалыпты нәрселер. Қалыпты мәнге қайырырымдылық, сұлулық, әділеттілік, идеалдары ие болуы мүмкін. Құндылықтар дүниетанымның ықпалымен қалыптасады, өйткені адам әрқашан өзінің әлеуметтік тәжірибесі барысында әр алуан көзқарастарды біріктіруге ұмтылады. Біз құндылық бағдарлардың қайта бағаланып жатқан өзгерістер дәуірінде өмір сүріп отырмыз. Құндылықтардың алмасу процесі әдетте ұзаққа созылады. Құндылық бағдарлар, идеалдар жаңа мәнге ие бола отырып, қайта түлеуі мүмкін. Бұл тұрғыдан алғанда мәдениеттің өз нормалары, рәміздері мен стандарттар қоры бар. Алайда мұнан адамзаттың рухани тарихында тек бір идеалдар ғана үнемі қайталанып келіп отырады деген

ой туындамауы тиіс. Мәдениет, әрине өркениетті, өйткені ол үнемі белгілі бір құндылық бағдарларды өндіріп отырады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптардың, нормалар мен мағыналардың қызметін өзіне бағындыра отырып, оны реттейді. Әлемнің барлық алуан түрлілігінің құндылықтың сипаттамаларының бастаулары қайырымдылық, инабаттылық, әсемдік болып табылады [3].

Адамдардың, дәуірлердің, мәдениеттердің, адам қоғамдарының арасында қаншалықты айырмашылық болғанымен, олардың барлығы құндылықты-мәнді диспозициялардың жекелеген жағдайларынан туындайды және оны өз бойында тасымалдайды. Бұл ділдің барлық деңгейлерінен көрінеді: жеке тұлғалық және ұжымдық саналылықтан, дүниетаным жүйелерінен, ұйымдасқан күрделілігі мен өзіндік ерекшелігі бар этностық нормалар мен өзгешеліктерге дейін ұлттық ділдің ықпалы болуы мүмкін. Құндылықтар мәселесі қоғамның идеологиялық тұғырлары дискредитацияға ұшырап, мәдени дәстүрлері құнсызданған кезде, әрбір табу үшін өзінің өткен тарихы мен мәдениетіне бет бұрған кезде, тарихтың өтпелі дағдарыстық кезеңдерінде, қоғамның өткір мәселесі ретінде күн тәртібіне шығады. Мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі, адамның нақтылықты рухани-практикалық игеруінің негізі және реттеушісі ретіндегі құндылықтардың теориялық талдануы философиялық ой тарихында әртүрлі бағыттармен сипатталады. Құндылықтар өмір сүріп қана қоймайды, сонымен қатар бір-бірімен салыстырыла отырып өзіндік құндылық қатарларын құрайды, құндылықтық сатысын реттейді. Бізге белгілі барлық құндылықтар адамға бағытталған және шындығында, кез-келген құндылық өзінің нақты тарихи пайымдалуы мен іске асуында салыстырмалы. Алайда мұнда тек нақты тарихи өмір сүретін адамдар мен әлеуметтік топтардың қажеттіліктері мен мүдделерін өтейтін игіліктер ғана құнды және барлық өзге құндылықтардың өлшемі болып табылатындай адам алдында категориялық талап ретінде қойылатын құндылықтар – мақсаттар жоқ деген пікір туындамайды [4].

Әдебиеттерде құндылықтардың жіктелу әдетте былайша беріледі: витальды (өмір, денсаулық, игілік, экология және т.б.); әлеуметтік (әлеуметтік статус, жағдай, байлық, отбасы, тәуелсіздік және т.б.); діни (кұдай, сенім, ғұрып, шіркеу және т.б.); моральдық (қайырымдылық, достық, сүйіспеншілік, парыз, адалдық, әділеттілік және т.б.); эстетикалық (сұлулық, идеал, үйлесімділік және т.б.); саяси

(зандылық, мемлекеттік, ата заң, азаматтық еркіндіктер және т.б.). Осылайша құндылықтар жалпы динамикамен сипатталған мәдени реттеушіліктің қозғалмалы саласын білдіреді. Тұлға мәдениетінің негізі оның жалпы адамзаттық құндылықтарға қатынасынан көрінеді. «Құндылық» термині болмыстың белгілі құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мән-мағынасын білдіру үшін қолданылады. Адам қызметінде заттар, қоғамдық қатынастар және олар қамтыған табиғат құбылыстары құндылығы бар қатынастар ретінде танылған бағалы заттар сипатында іс-әрекетке қосылады, яғни бұлардың бәрі де жақсылық пен жамандық, шындық пен жалғандық, әсемдік пен ұсқынсыздық, әділдік пен әділетсіздік және өзге құндылықтар тұрғысынан пайымдалады. Белгілі құбылыстарды бағалауға негіз болған тәсілдер мен өлшемдіктер субъектив баға түрінде қоғамдық сана мен мәдениетте бекиді де адам әрекетін бағыттаушы құралдарға айналады. Сонымен, заттай және субъективті құндылықтар адамның өзін қоршаған дүниеге ие болған құндылықты қатынастардың екі қарама-қарсы шегін аңдатады [5].

Құндылықтардың мазмұны қоғамның мәдени жетістіктерімен шарттастырылған. Құндылықтар әлемі - сөздің кең мағынасында, мәдениет әлемі деген сөз. Ол адамның рухани қызмет аясы, оның санасының дұрыстығын айғақтаушы, адамның рухани байлығының өлшеуіші іспетті. Құндылықтарды мүдделердің қарапайым жалғасы немесе бейнеленуі ретінде қарастыруға болмайды. Құндылықтар адам мүддесінің объектісі бола тұра, әлеуметтік, заттық ортадағы күнделікті тіршілікте бағыт беру рөлін атқарады.

Адам өзін қоршаған заттық және рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалайды. Оның шынайы өмірге құндылық тұрғысынан қатынасы тек сана негізінде болуы мүмкін. Құндылық заттың біз үшін қаншалықты бағалы, оның құндылығы неде екенін зерттейді. Сонымен қатар құндылық тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар. Оларға: меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылдық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Мәдениетті қалыптастыратын құндылықтардың арасында, екі негізгі топты ерекшелеуге болады – материалдық және рухани. Біріншісі зияткерлік, көркем, діни шығармашылықтың танымал туындыларын: сурет өнері, әдебиет тундыларын, сәулет өнері ескерткіші, колөнер бұйымдарын және т.б. қамтиды. Екіншісі қоғамның әлеуметтік

тәжірибесіне, «өз-өзін айрықша ақтап шыққан және өмірлік іс-әрекетті жүзеге асыру қағидаларының: әдет-ғұрып, дәстүр, мінез-құлық және сана-сезім таптаурыны, үлгілер, бағалар, бейнелер, пікірлер, түсіндірулер және т.б., яғни қоғамдастықтың әлеуметтік бірігуінің артуына, адамдардың арасындағы өзара түсіністіктің өсуіне жетелейтін мінез-құлық және пікірдің негізді ережелерінің әлеуметтік тиімділігін айрықша көрсеткен құндылықтар...» [6]. Басқаша айтқанда, бұл қоғамның әлеуметтік тәжірибесі, адамдардың арасындағы өзара түсіністіктің қалай құрылу қажеттігі, және адамның қандай болу қажеттігі жайлы түсініктердің жүйесі.

Адамзаттың өмір бойы жинақтаған көптеген құндылықтары жан-жақты (эмбебап) болып келеді. Дегенмен, сол немесе басқа құндылықтардың маңыздылығы, олардың әртүрлі мәдениеттердегі құндылық шкаласындағы сатысы әртүрлі. Дәл осының өзі әр мәдениеттің түпнұсқалығын, оның өзгешелігін және бірегейлігін анықтайды. Мәдени құндылықтардың және дәстүрлердің тілмен қатар ортақтығы этностың маңызды белгілерінің бірі болып табылады [7]. Кез келген мәдениеттің негізінде басты өмірлік бағдар болып табылатын және, ақыр соңында осы қоғамның мәдениетін анықтайтын өзіне тән құндылықтар жүйесі жатыр. Шығыс дәстүрі үшін, мысалы, қоғам және адам бірлігі, отбасы, ата-анаға және үлкендерге құрмет, тұлғаның өзін-өзі кемелдендіруі, өзара тәуелділік, тұлғааралық қарым-қатынас үйлесімділігі, қарапайымдылық сияқты осындай құндылықтар тән. Батыс дәстүріне – тұлға және қоғамды қарама-қарсы қою, жеке құндылықтардың қоғамдық құндылықтардан басымдылығы, тәуелсіздік, жеке бас бостандығы, тепе-теңдік және басқалары тән болып келеді.

Басқа мәдениетті тану арқылы, адамдар, қағида бойынша, құндылықтар жүйесіндегі айырмашылықты ауыр қабылдайды, өздерінің сол немесе басқа құндылықтар туралы түсінігіне сүйене отыра, кейде айтарлықтай асығыс пікірлер айтып, баға беруі мүмкін.

Әрбір тілді үйренушілер тек сол тілдің жүйесінде кездесетін ерекшеліктерге ғана емес, сондай-ақ сол тілді қолданушы елдің мәдениетіне тән үлкен ерекшеліктерге де жолығады. Жат мәдениетті түсініп, өз мәдениетін меңгеру, басқа мәдениет өкілдерінің әрекеті мен сөзін түсіне білу үшін өз мәдениеті мен басқа мәдениетті салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырата білуге үйренеді. Ал, кейде екі мәдениет өкілі арасында белгілі бір дәрежеде қиындықтар болуы мүмкін. Ол, әрине, тілдегі ерекшеліктер ғана емес, мәдениетке

тән өзгешеліктерге де байланысты болып келеді. Өйткені, әрбір тіл мен оны қолданушы тіл иелерінің өздеріне тән ерекшеліктері болады. «Тіпті адамдар бір тілде сөйлесіп жүріп, әрқашан бірін-бірі түсіне бермейді» деп көрсетеді Е.М.Верещагин [8].

Адам және мәдениет мәселесін тереңдете түсетін тағы бір жайт адамның қабілеттілігіне, жан-жақтылығына, шексіздігіне байланысты. Американ ғалымы К. Поппер айтқандай, адам бірдей үш дүниеге: физикалық, ментальдық (психикалық) және идеалдыққа жатады [9]. Сонда мәдениет осылардың қайсысымен көбірек анықталады деген заңды сұрақ туады. Егер біз мәдениетті тек материалдық және рухани бөліктерге бөлудің қарадүрсін шеңберінен шыға алсақ, онда мәдениеттің өзінің ішкі мағынасында идеалды екендігіне көзіміз жетеді. Себебі, адамды қоршаған заттар, дүние — бұл мәдениеттің сыртқы көрінісі ғана, оның мәні — руханилықты адам әрекетінің нәтижесінде заттандыруда жатыр. Мәдениеттің ішкі мәні қоғамдағы өмір сүріп жатқан адамдардың өзіндік санасында, парасаттылық сезімдерінде, рухани ізденістерінде айқындалады. Жалпы адамзаттық құндылық қасиеттер ұлттық тәрбие мен ұлттық мәдениеттің дамуындағы қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихы тіршілігі мен өзіндік рухани тәжірибесі бар.

Қазақстанда шетел тілдерін оқыту басқа да әлеуметтік тұрмыс аясы сияқты түпкілікті қайта құру мен құндылықтарды қайта айқындау, мақсат міндеттерді, әдіс пен материалдарды қайта қарастыру негізінде күрделі де қиын кезеңді бастан кешуде. Жалпы орта білім беретін мектепте шетел тілін оқыту практикалық мақсат пен бірге білімдік мақсатты да көздейді, яғни, шетел тілін оқыту барысында оқушылардың филологиялық білімін арттыру және жалпы дүниетанымын кеңейту мақсаты жүзеге асады. Шетел тілін үйрену арқылы сол тілді үйреніп отырған елдің мәдени мұраларымен, көркемөнерімен танысады. Сөйтіп шетел тілі пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға да мүмкіндік жасайды Осыған орай тілге үйретуде тіл тек қана қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге мәдениетке тарту құралы ретінде де қарастырылады [10].

Қорыта келгенде, мәдени құндылықтардың белгілі бір тәртіппен таңдалған және ұйымдасқан жиынтығын, сөйлеуді тудыру мен қабылдаудың коммуникативтік үдерістерінің ұлттық ақыл-ой мен әр тілдің мәдени құндылықтарға қатысты дербестігінің маңызы зор. Соның ішінде тұрмыс мәдениеті қарым-қатынасқа қажетті құндылықтарды тудырумен ерекшелендіріледі. Мәдениеттің тарихи

естеліктері бізге тұрмыс арқылы жетеді, өйткені ол идеологиялық және діни мәдениеттен анағұрлым орнықты, тұрақты және оларға қарағанда баяу өзгереді. Сондықтан тұрмыстық мәдениет өз бойынша жалпыазаматтық, этникалық, «мәңгілік» құндылықтарды сіңіреді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: "Аруна Ltd." ЖШС, 2005. – 340 б.

[2] Нысанбаев Ә., Есім Ғ., Изотов М., Жүкешев К., т.б. Қоғамдық білім негіздері: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006. - 210 б.

[3] Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. - М., 2004. - 285 с.

[4] Өтешова Б. «Ұлт ұрпағының дүниетанымын халық тағылымдары арқылы дамыту. - Алматы, 2007. – 185 б.

[5] Сластенин В.А., Каширин В.П. Психология и педагогика. – М.: Академия, 2001. - 480 с.

[6] Флиер А.Я. Культурология для культурологов. - М.: Академический Проект, 2000. - 496 с.

[7] Караулов Ю.Н. Русский ассоциативный словарь как новый лингвистический источник и инструмент анализа языковой способности. - М., 2002. - 780 с.

[8] Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. - М.: Индрик, 2005. - 1038 с.

[9] Поппер К. Знание и психофизическая проблема: В защиту взаимодействия. - М.: Издательство ЛКИ, 2008. - 256 с.

[10] Гальскова Н.Д. Межкультурное обучение // Иностранные языки в школе. – 2004. - №1. – 255 с.

REFERENCES

[1] Kazak madeniyeti. Entsiklopediyalyk anyktamalyk. Almaty: Aruna Ltd, 2005, 340 b. [in Kaz.].

[2] Nysanbayev A., Esim G., Izotov M., Zhukeshev K., t.b. Kogamdyk bilim negizderi: Zhalpy bilim беретin mekteptin kogamdyk-gumanitarlyk bagytyndagy 10-synybyna arналган okulyk. Almaty: «Mektep» baspasy, 2006, 210 b. [in Kaz.].

[3] Minasova S.G. Yazyk i mezhkulturnaya kommunikatsiya. M., 2004, 285 b. [in Rus.].

[4] Oteshova.B. Ult urpagynyn duniyetanymyn khalyk tagylymdary arkyly damyту. Almaty, 2007, 185 b. [in Kaz.].

[5] Slastenin V.A., Kashirin V.P. Psikholojiya i pedagogika. Ucheb. posobiye dlya stud. vyssh. ucheb. zavedeny. M.: Akademiya, 2001, 480 s. [in Rus.].

[6] Fliyer A.Ya. Kulturologiya dlya kulturologov. Uchebnoye posobiye dlya magistrantov i aspirantov, doktorantov, a takzhe prepodavateley kulturologii. M.: Akademichesky Proyekt, 2000, 496 s. [in Rus.].

[7] Karaulov Yu.N. Russky assotsiativny slovar kak novy lingvistichesky istochnik i instrument analiza yazykovoy sposobnosti. Russky assotsiativny slovar: M., 2002, 780 s. [in Rus.].

[8] Vereshchagin Ye.M., Kostomarov V.G. Yazyk i kultura. M.: Indrik, 2005, 1038 s. [in Rus.].

[9] Popper K. Znaniye i psikhofizicheskaya problema: V zashchitu vzaimodeystviya.

М.: Izdatelstvo LKI, 2008, 256 s. [in Rus]

[10] Galskova N.D. Mezhhkulturnoye obuchenije. *Inostrannye yazyki v shkole.* – 2004. №1. 255 s. [in Rus.].

КУЛЬТУРНЫЕ ЦЕННОСТИ И ИХ ОСОБЕННОСТИ

Узакбаева З.А., магистрант,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан, zam-29@mail.ru

Ключевые слова: культура, ценность, культурные ценности, язык, традиция, материальные и духовные ценности, обычаи.

Аннотация. В статье описываются понятие и особенности культурной ценности. А также место культурных ценностей в методике обучения иностранным языкам. Осваивание иностранного языка, формирование сознания второго языка, иными словами, ход второй социализации в сознании изучающего языка – это проблема которая реализуется только при глубоком осваивании культуры и культурных ценностей. Поэтому будет описываться то что равномерное развитие субъекта межкультурной коммуникации зависит от осваивания культурных ценностей.

Статья поступила 17.02.2017

CONCEPT OF CULTURE AND ITS NOTIONS

Almetova A.S., d.p.s., prof.,
e-mail: assipat@mail.ru
Suiisheva G.Kh., master student,
Kazakh Ablai Khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: 6442233@mail.ru

Keywords: culture, intercultural communication, notions of culture, ethnic culture, individualism and collectivism.

Abstract. The article deals with the concepts of culture and its notions. And also there have been noticed notions of culture, and have been given explanations separately. The article defines information about the culture given by the researchers and gives examples for each of them.

ӘОЖ 008

МӘДЕНИЕТ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЛШЕМДЕРІ

Әлметова Ә.С. п.ғ.д., проф.,
e-mail: assipat@mail.ru
Сүйішева Г.Х., магистрант,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан., e-mail: 6442233@mail.ru

Тірек сөздер: мәдениет, мәдениетаралық қатысым, мәдениет өлшемдері, этникалық мәдениет, даралық және ұжымдық мәдениет.

Аңдатпа. Мақалада «мәдениет» ұғымы туралы және оның өлшемдері туралы айтылады. Сонымен қатар мәдениет өлшемдері жеке-жеке анықталып, әрқайсысына түсініктеме берілді. Осы өлшемдер бойынша зерттеуші ғалымдардың айтып кеткен анықтамаларына мысалдар келтірілді, және осыған байланысты кең ауқымды түрде түсініктеме берілді.

Қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымда мәдениет ұғымы маңызды ұғымдардың бірі болып саналады. Мәдениет ауқымды ұғым болғандықтан, оған біркелкі анықтама беру мүмкін емес. Соған қарамастан мәдениет ұғымына берілген айқындамалар көп-ақ. Дәлдігі мен түсініктілігі жағынан Клакхон берген айқындама мәдениетке берілген өз ерекшелігі бар айқындама сияқты. Онда: «Қоғам үшін мәдениет – бұл адам үшін жады мен пара пар», - дейді [1]. Осыған ұқсас ойды Д.С. Лихачев: «Тұлғалық мәдениет бір адамның жадының нәтижесінде, отбасы мәдениеті – отбасылық жады нәтижесінде, ал ұлт мәдениеті ұлт жадының нәтижесінде қалыптасады» десе [2], Ю.М.Лотман: «...семиотика тұрғысынан мәдениет ұжымдық сана мен ұжымдық жадыны қарастырады, яғни белгілі бір хабарларды немесе жана хабарларды беру және оны сақтау механизмі», - деп түсіндіреді [3].

Г. Хофштеде мәдениетті бағдарламалық ақылды қамтамасыз ету деп сипаттап, «...мәдениет адамның санасын анықтайды және оның қызметін басқарады», - деп көрсеткен [4].

Мәдениетаралық қатысымда оған берілген анықтама емес, мәдениетаралық қатынас кезіндегі мәдениеттер сұхбаттастығында тілдесуші жақтардың өзге ел мәдениетін қаншалықты түсінетіні маңызды. Мұнда мәдениет адам әрекетінің негізгі реттеушісі екенін ескерген маңызды. Л.С. Выготский атап көрсеткендей «мәдениет мінез-құлықтың арнайы нысандарын жасайды және адамның психикалық функцияларының қызметін өзгертеді» [5]. А.Я. Флиердің пікірінше, әлеуметтік нормалар жүйесі мәдениеттің әлеуметтік тәжірибесінің жинақталуы мен шоғырлануы барысындағы әрекетті жүзеге асыру мен сананы көрсетудегі дәлдікті беретін мазмұн (квинтэссенция) болып табылады [6].

Мәдениет – дерексіз ұғым, және оны сипаттау өте қиын, алайда оны сипаттаудағы, жіктеу мен өлшеудегі қазіргі ғалымдардың (G. Hofstede, E. Hall, C. Kluckhohn, F. Strodtbeck және т.б.) ғылыми әрекеттері жеміссіз дей алмаймыз.

Хофштеде мәдениетті жіктеуге негіз болатын негізгі төрт өлшемді бөліп көрсетеді: даралық / ұжымдық; қашықтан билік (power distance); төзімділік / белгісіздікке төзімсіздік (Uncertainty Avoidance) және

әйелдер және ерлер принципі (masculinity/ femininity) [4]. Алғашқылары қоғамның әлеуметтік сипатымен байланысты, және біздің ойымызша, мәдениетаралық қатысымға тікелей қатысы бар.

Мәдениетті даралық және ұжымдық деп бөлудің негізінде қоғам мүшелерінің арасындағы тарихи қалыптасқан нақты қашықтық жатыр. Даралық мәдениетте қашықтық көбірек те, ал ұжымдық мәдениетте азырақ. Бұл айырмашылық өзіндік «менді» қабылдауда, қоғам мүшелерімен өзара қатысым түрінде, білім беру жүйесінде, мәдени құндылықтар мен өмір салтында, сондай-ақ қатысым тәртібі идеологиялырында көрініс табады.

Даралық мәдениетте жеке тұлғаның қызығушылығы басым, «мен» ұғымы «біз» ұғымынан жоғары тұрады жеке мақсаттары ұжымнан маңыздырақ болып келеді. Отбасы ата-ана мен балалардан тұратыны белгілі. Бала тәрбиесіндегі отбасы мақсаты – оны дербес, тәуелсіз ету, соның ішінде ата-анасынан да. Отбасы әл-ауқатына қарамастан балалар ерте бастан ақша табады және ата-ана баспанасынан ерте көшіп кетеді, соның салдарынан ата-анамен қарым-қатынас минимумға дейін жетеді. Адам мансабы оның жеке қасиеттері мен жетістіктеріне байланысты. Өзара қарым-қатынас тәуелсіздік пен теңдік нәтижесінде құрылады.

Ұжымдық мәдениетте, керісінше, ұжым (отбасының, одақтың, ұжымның) қызығушылығы басым, мұнда «біз» «меннен» жоғары тұрады, ұжымдық мақсат жеке мақсаттан маңыздырақ. Отбасы көптеген адамдардан құралады және отбасы пікірі маңызды роль атқарады. Жеке адам өмірінің мәні төмен және жиі топтың мүдделеріне құрбан болады. Жеке мансап тек оның жеке қасиеттері, мүмкіндіктері мен жетістіктеріне ғана емес, оның қарым қатынас құра алу қабілетіне байланысты. Ұжымдық мәдениеттерде топ мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас даралық мәдениетке қарағанда айтарлықтай тығыз, және олар өзара тәуелділіктен, өзара көмектен және бағынушылықтан тұрады.

Аталған мәдениет түрлерінің өкілдері «өзіндік бейнені» әртүрлі қабылдаумен сипатталады: даралық мәдениетте – бұл «мендік бейне», ал ұжымдықта – «біз бейнесі». Көптеген ұжымдық мәдениет өкілдерін, көп жағдайда жапондық, қытайлық, жеке тұлғаға қарағанда ұжым бірінші орында тұратындықтан жеке адамды ұжымнан бөлу қиын болып табылады. Бір қызығы, зерттеушілер қытай және жапон тілдеріндегі «мен» сөзін білдіретін иероглифтерде теріс мағына барын көрсетеді; егер адам белгілі бір топқа тиесілі болса ғана ол «біреу» болып табылады. Ал ағылшындарда керісінше, «мен» есімдігі бас әріппен жазылады, және ағылшын мәдениетіндегі жеке тұлғаның маңызын

көрсетеді. Ал қазақ тілінде, білетініміздей, «сіз» есімдігі бас әріппен жазылғанымен, басқаның өзіне тән қасиеттерін бүркемелемейді. Тілде индивидуалист көбіне «мен» есімдігін, ал коллективисттер «біз» есімдігін қолданады.

Аталмыш мәдениет түрлерінде әртүрлі құндылықтар бар. Даралық мәдениетте жеке тұлға бостандығы, тәуелсіздік, теңдік, адам құқығына құрмет, даралық, прагматизм, жеке бастама, бәсекелестік, бәсекеге қабілеттілік және адам өмірі жоғары дәрежеде бағаланады. Ұжымдық мәдениетте маңызды құндылықтар ретінде өзара тәуелділік және өзара көмек, өзін-өзі құрбан ету, үйге және туған жерге деген құштарлық, өзара түсінісу, үлкенге құрмет, иерархия сақтау саналады.

Мәдениетті негізіне қарай «даралық / ұжымдық» ретінде бөлумен қатар, оған ат үсті қарауға болмайды деп ескертеді зерттеушілер, себебі даралық мәдениетте коллективисттер, ал ұжымдық мәдениетте индивидуалисттер болуы мүмкін, көптеген мәдениеттер даралық және ұжымдық ерекшеліктердің қосындысынан тұрады, алайда кейбір үрдістер басым болуы мүмкін.

Қашықтықтан билік (Power Distance) - мәдениет классификациясындағы қоғамның әлеуметтік құрылымына қатысты екінші негізгі өлшем. Билікке ие адам мен билігі жоқ адамның арасындағы қашықтық әр түрлі мәдениетте әр түрлі болып келеді және мұнда тік дистанция (қашықтық) туралы сөз етіледі. PD көрсеткіші (Power Distance) билігі аз қоғам мүшелері теңсіздікті қаншылықты деңгейде қабылдайтынымен есептеледі [4].

Мәртебелі қашықтық адам өміріндегі барлық өзара қарым қатынаста көрініс табады: балалар мен ата-аналар, оқушылар мен мұғалімдер, студенттер мен оқытушылар, бастықтар мен жұмысшылар. Мәртебелі қашықтық бойынша кейбір елдерде ата-аналар мен балалар, студенттер мен оқытушылар тең дәрежеде араласады, бастық жұмысшының тек тапсырманы орындағанын ғана емес, жеке бастамасын да күтеді. Ал кейбір елдерде отбасындағы үлкенге құрмет үлкендерге бағынышты болу тәртібін орнатады. (Қазақ отбасыларында көп естуге болатын сөздерді еске алсақ: Саған әкең не деді? / Сен анаңмен қалай сөйлесесің? / Сен қалай ата-анаңмен ерегесесің?). Қайсыбір мұсылман елдерінде үлкендер өздеріне өте көп мәртебе, тіпті билікке ие болуды тілейтіндей. Мұны кішінің үлкенге бағынуы десе де болады. Балалар ата-анасының рұқсатынсыз өзінің өмірлік жарын таңдай алмайды, мұғалімнің мәртебесі жоғары, кәсіптік аяда басшы – үлкен құрметке лайық және шебер ұйымдастырушылығы мен біліктілігі емес, бәрінен бұрын оның сол ортадағы мәртебесі бағаланады.

Әлеуметтік қашықтық пен мәртебелі қашықтық бір бірімен өзара байланысты екендігін ғалымдар дәлелдеп-ақ келеді. Даралық мәдениетте билік дәрежесі төмен де, ал ұжымдық мәдениетте бұл деңгей жоғары болып келеді [4].

Төзімділік / белгісіздікке төзімсіздік (Хофштеде терминдерінде (Uncertainty Avoidance) – мәдениетті бөлудің үшінші өлшемі осылай аталады. Бұл өлшемнің мәні әр адамның белгісіздік пен екі ойлылықтан ыңғайсыздық сезімі туындайтынын көрсетеді және оның да өз шегі бар. Белгісіздіктің салдарынан адам өзін қалай сезінеді? Мұнда адамның өзін еркін сезіне алатын деңгейі және еркін сезіне алмайтын деңгейі бар. Сондықтан ол бірнеше мәдени нұсқалы болып табылады. Ол біреуде жоғары, ал біреуде төмен болуы мүмкін.

Аталған өлшемдер арқылы ажыратылатын мәдениет әртүрлі құндылықтарға ие. Сонымен, белгісіздікке төзімді мәдениетте тұрғылықты орнын, жұмыс орнын ауыстыруға тәуекелділік, туған жерге деген сезімтал ынтықтықтың жоқтығы немесе бірінші орында – прагматикалық ұмтылыстар: мансап құруға жағдай жасалған жерде өмір сүруге ұмтылыс бағаланады. Айқындылыққа ұмтылатын мәдениет өкілдері тұрақтылықты, салт-дәстүрді ұнатады, теуекел етуге қорқады, өзгерістерді ұнатпайды.

Г.Хофштеде өмірдің әртүрлі аясына қатысты мәдениет деректерін ажырататын қызықты, әртүрлі жоспардағы сипаттамалар қатарын атап көрсетті.

Мысалы, белгісіздікке төзімді мәдениетте белгісіздік қалыпты жағдай ретінде қабылданады: әдеттегіден ерекшелетін нәрсе қызығушылық туғызады; балаларға көп нәрсе рұқсат етілетін жұмсақ ережелер бар; студенттер дұрыс жауапқа қарағанда қызықты талқылауларға қызығады; оқытушы «мен білмеймін» деп айта алады; аталған мәдениет өкілдері эмоция білдіруде ұстамды [4].

Қатысымдық тәртіпке келер болсақ, мұнда эмоция білдіруден басқа қызықты ерекшеліктер байқалады. Белгісіздік мүмкіндігі төмен деңгейдегі мәдениетте бейтаныс адамдармен қарым-қатынаста әдетте адамдар бұл белгісіздікті азайтуға көмектесетін стратегиялар қолданады: сұрақтар қояды, байланыстың ортақ нүктелерін табуға тырысады, алғашқы таныстықта әдетте жұмыс орны, тұрғылықты орны, отбасы, жасы және басқа да оның жай-жапсары жөнінде сөз қозғайды. Ал белгісіздік мүмкіндігі жоғары деңгейдегі мәдениетте әңгімелесуші аталмыш ақпаратпен алмасуға мұқтаж емес, олар жеке дербестікті жоғары бағалайды. Тіпті 10-20 жыл бірге жасаған ұжымдастар отбасы жағдайы туралы, балаларының бар-жоғы және өзге де мәселелерден хабарсыз болуы мүмкін. Әлбетте, мынадай ақпараттар оларды

қызықтырмайды, және іскерлік қызметіне ешқандай қатысы жоқ.

Белгісіздіктен алшақтанатын мәдениетте адам «өзі» және «өзгені» деп бөліп қарап, қарама-қарсы қоюшылық кездеседі. Бұдан «өзім» және «өзге» дейтін ұғымдардың өзара қарым-қатынасында айтарлықтай айырмашылықтар бар екені білінеді. «Өзімнің» қатынасы үлкен жақындықпен, ал «өзгенің» қатынасы алшақтықпен, өзара салқынқанды қатынаспен ерекшеленеді. «Өзгелерді» сирек байқайды, оларға ережеге сәйкес, күлмейді де.

Белгісіздікке төзімді мәдениетте «өзімнің» және «өзгенің» ұғымдарына бөлу жоқ: топ мүшелері мен «аутсайдерлердің» арасындағы қатынас бірдей – бірқалыпты және жылы жүзді, бірақ сонымен қоса қатты жақын емес. Бұл мәдениетте барлығына бірдей қарайды, үнемі мейірімді және күліп жүруге тырысады. Адамдар бейтаныс адамдармен амандасады, оңай қарым-қатынасқа түсе алады, бірақ қатынас көп жағдайда жалғасын таба бермейді, қатынаста белгілі ара-қашықтық сақталады.

Осылайша әртүрлі мәдениетке тән адамдардың тәртібінде ешқандай кездейсоқтық жоқ. Көзге бірден түсетін кейбір әрекеттер таңқалушылық пен түсініксіздік тудырады, ал шындығында ол белгілі бір мәдениетке тән қалыпты жағдай болып табылады.

Әйелдер және ерлер принципі (masculinity/femininity) – жыныстық айырмашылықтар ішінара ғана маңызды болғандықтан, мұны сәтті алынған өлшем деп қабылдау қиындау. Бұл терминді таңдаумен, Г.Хофштеде қандай сипаттар ерлерге, қандай сипаттар әйелдерге – қандай мәдениетте тән екеніне назар аударды.

Ерлер басқаруындағы мәдениетте ерлерге тән құндылықтар, амбициямен байланысатын сипаттар, мақсатқа жетушілік, ерік күші, ақшаға билік басым болады, материалдық заттар жоғары бағаланады. Бұл мәдениеттің өкілдері күшпен және көп жұмыс жасауға бейім, жұмысынан өмірінің мәнін көреді, табысқа жетуге деген ұмтылыс, бәсекелестік маңызды болып саналады. Бұл түрдегі мәдениетте әйел мен ерлер арасында үлкен айырмашылықтар кездеседі: ерлер көш бастайды, әйелдер бағынышты болады, көбіне балалар өз жынысының өкілдеріне сәйкес сұхбаттасады/сөйлеседі. Мысал ретінде Г.Хофштеде Жапоняны, Австрияны, Венесуэла, Мексика, Ирландияны атап көрсетеді.

Әйел басқаруындағы мәдениетте көбіне-көп әйелге тән құндылықтар: әлсіздерге жаны ашу басым болады (ерлер мәдениетінде жаны ашу кемсіту деп есептелінеді), жылы шырайлы қарым-қатынас бағаланады, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлінеді. Қолданыстағы нормалар мен құндылықтар ерлер мен әйелдерге тең дәрежеде

қатысты. Бұл мәдениетте рухани құндылықтарға көп көңіл бөлінеді. Жыныстар теңдігі жарияланады, ерлер бала тәрбиесін өз мойнына ала алады, ерлер мен әйелдер үй жұмыстар бөліп алады (Скандинавия елдері, Нидерланды).

Сонымен, мәдениетті жіктеудегі ұсынылған өлшем түрлерін өзгермейтін тұрақты немесе өте орынды деп айту қиын. Дегенмен, аталмыш өлшемдер мәдениетаралық қатысымда кейбір бағыт-бағдарлар бере алады. Мәдени ерекшеліктерді білу туындаған қиыншылықтарды жеңуге, жаңа жағдайға тез бейімделуге көмектеседі.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Kluckhohn C. Culture and behavior. Handbook of social psychology. - Cambridge, 1954. – P. 921–976.
- [2] Лихачев Д.С. Раздумья. - М., 1991. – С. 45-46.
- [3] Лотман Ю.М. Семиосфера. - СПб.: Искусство, 2004. - 465 с.
- [4] Hofstede G.H. Culture's Consequences: International Differences in Work-Related Values. - Beverly Hills CA: Sage Publications, 1984. – 84 с.
- [5] Выготский Л.С. Развитие высших психических функций. – М., 1960. – С. 245-248.
- [6] Флиер А.Я. Культурология для культурологов. – М.: Академ. проект, 2000. - 78 с.

REREFENCES

- [1] Kluckhohn C. Culture and behavior. Handbook of social psychology. Cambridge, Mass.: Addison-Wesley (V. 2), 1954, P. 921–976.
- [2] Likhachev D.S. Razdumya. M., 1991, S. 45-46 [in Rus.].
- [3] Lotman Yu. M. Semiosfera. SPb.: Iskusstvo-SPB, 2004, 465 s. [in Rus.].
- [4] Hofstede G. H. Culture's Consequences: International Differences in Work-Related Values. Beverly Hills CA: Sage Publications, 1984, 84 p.
- [5] Vygotsky L.S. Razvitiye vysshikh psikhicheskikh funktsy. M, 1960, S. 245-248 [in Rus]
- [6] Fliyer A. Ya. Kulturologiya dlya kulturologov. M. Akadem. proyekt, 2000, 78 s. [in Rus]

ПОНЯТИЕ КУЛЬТУРЫ И ЕГО ПАРАМЕТРЫ

Альметова А.С., д.п.н., проф.,
e-mail: assipat@mail.ru
Суйишева Г.Х., магистрант,
КазУМОиМЯ имени Абылай хана,
Алматы, Казахстан, e-mail: 6442233@mail.ru

Ключевые слова: культура, межкультурная коммуникация, параметры культуры, этническая культура, индивидуализм и коллективизм.

Аннотация. В статье рассматриваются понятия культуры и его параметры. А также были определены параметры культуры, и даны разъяснения в отдельности. В статье определяется информации о культуре данной исследователями и даны примеры для каждого из них.

Статья поступила 17.02.2017г.

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ
ХАБАРШЫСЫ
“ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ” сериясы

ИЗВЕСТИЯ
КазУМОиМЯ имени Абылай хана
серия “ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ”

BULLETIN
of Ablai khan KazUIRandWL
Series “PEDAGOGICAL SCIENCES”

1 (44) 2017
ISSN 2412-2149

e-mail: pedagoginyaz@mail.ru

Директор издательства: *Есенгалиева Б.А.*

**Технический редактор,
компьютерная верстка:** *Кынырбеков Б.С.*

Подписано в печать 29.03.2017 г.
Формат 70x90 1/16. Объем 11,32 п.л. Заказ № 337. Тираж 300 экз.
Отпечатано в издательстве “Полилингва»
КазУМОиМЯ имени Абылай хана



Издательство “Полилингва” КазУМОиМЯ имени Абылай хана
050022, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200
Тел.: +7 (727) 292-03-84, 292-03-85, вн. 24-09
E-mail: kazumo@ablaikhan.kz, ablaikhan@list.ru